



1921 жылғы
қыркүйектен
шыға бастады

АҚИҚАТ

ҰЛТТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ – САЯСИ ЖУРНАЛ

Журнал 1976 жылы Халықтар Достығы орденімен, 2002 жылы Қазақстан Журналистика Академиясының «Алтын Жұлдыз», 2008 жылы Қазақстан Журналистер Одағының сыйлығымен марапатталды

№7, ШІЛДЕ, 2015

МАЗМҰНЫ

ЗАМАНХАТ

Мұстафа ШОҚАЙ. Ресейдегі ұлттық мемлекет мәселесіне орай.....3

ЕЛБАСЫ ЖӘНЕ ЕЛ МҰРАТЫ

Уәлихан ҚАЛИЖАНОВ. Құрыш қалай шынықты?!.....5

Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ, Алмагүл ҚҰРМАНБАЕВА. Елбасыға деген ел сенімі.....17

ЖЕҢІСТІҢ 70 ЖЫЛДЫҒЫНА

Нұрмахан ОРАЗБЕК. Өткенге өкпе жүрмейді.....20

АШЫҚ ӘҢГІМЕ

Дина ИМАМБАЕВА. Қазіргі қазақ нигилизмі.....30

Жарас СЕЙІТНҰР. Қазақта пассионарлар қалды ма?.....37

Әбдірашит БӘКІРҰЛЫ. Бұл «құлдық сана» емес «сақтық сана» болуы мүмкін.....40

САРАПТАМА

Сейілбек МҰСАТАЕВ. «Экономикалық соғыс» пен «мүдделер қақтығысында» мүлт кетпеуіміз керек.....48

ҰЛТТАНУ

Үмбетхан СӘРСЕМБИН. Қайта құру саясаты қазаққа не берді?.....53

НАРЫҚТЫҢ ЖҮГІН НАР ТАРТАР

Құрманғали АШАНҰЛЫ. Уақытша қиындықтан қалай шығуға болады?.....56

МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

Аян-Сейітхан НЫСАНАЛИН. Жалған тарих жарға жығады.....62

ТІРШІЛІК ТҮЙТКІЛДЕРІ

Маржан СӘБЕТ. Ас ішіп ауырғанша.....68

ТАНЫМ

Бейбіт ИСХАН. Өзгетілдік атаулар ұлттық таным жүйесіне бейімделіп айтылып-жазылуы қажет.....72

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ	
Раушанбек ӘБСАТТАРОВ. Транзитология – жаңа саяси ілім.....	75
ӘДЕБИЕТ ӘЛЕМІ	
Гүлзия ПІРӘЛІ. М. Байғұттың әдебиеттегі әлемі.....	82
Айдын БАЙЫС. Жасын-ғұмыр қос талант.....	87
ЖАҚСЫНЫҢ ЖАҚСЫЛЫҒЫН АЙТ	
Рабат ЖӘНІБЕКҰЛЫ. Ел сенімінен шыққан азамат.....	90
ЕСКЕ АЛУ	
Сағатбек МЕДЕУБЕКҰЛЫ. Ақын ұлын асқар тауы жоқтайды.....	94
МӘДЕНИ МҰРА	
Тұрсын ҒАБИТОВ, Ғизатгула ХАЛИДУЛЛИН. Қазақ бейнелеу өнерінің мәдени ерекшеліктері.....	102
ҒАЛЫМ МІНБЕРІ	
Алтынай АДЕНОВА. Қазақстандағы қазақ музыкалық білім берудің тарихи-психологиялық аспектісі.....	109
Алтынай ДЖУМАҒАЛИЕВА, Ерасыл ҚАУМБАЕВ. Домбыра аспабының шығу тарихы және арт индустриядағы даму деңгейі.....	113
Журналдың орысша, ағылшынша мазмұны.....	116

ҚҰРЫЛТАЙШЫ ЖӘНЕ ШЫҒАРУШЫ:

«Қазақ газеттері» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор – Редакторлар кеңесінің төрағасы Жұмабек КЕНЖАЛИН

БАС РЕДАКТОР: Аманхан ӘЛІМҰЛЫ

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ: Жания ӘБДІБЕК, Ораз ҚАУҒАБАЙ, Қыдыралы ҚОЙТАЙ (редактордың орынбасары – жауапты хатшы), Серікқали ХАСАН.

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС: Сарбас АҚТАЕВ, Есберген АЛАУХАН, Әділ АХМЕТОВ, Бүркітбай АЯҒАН, Өмірхан ӘБДИМАНҰЛЫ, Раушанбек ӘБСАТТАРОВ, Ғарифолла ЕСІМ, Әбіш КЕКІЛБАЕВ, Уәлихан ҚАЛИЖАН, Ғалымқайыр МҰТАНОВ, Нұрлан НЫҒМАТУЛИН, Серік ПІРӘЛИЕВ, Кенжеғали САҒАДИЕВ, Қуаныш СҰЛТАНОВ, Ерлан СЫДЫҚОВ, Кеңес ҮШБАЕВ, Әбдісағит ТӘТІҒҰЛОВ, Бектұр ТӨЛЕУҒАЛИЕВ, Зарема ШӘУКЕНОВА.

«ҚАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІ» ЖШС-нің облыстардағы өкілдері: Жанғабыл ҚАБАҚБАЕВ (Ақтөбе облысы) – 8-713-2-55-31-48, Батырбек МЫРЗАБЕКОВ (Қарағанды облысы) – 8-710-2-90-19-73, Толымбек ЫБЫРАЙЫМ (Астана) – 87013457938 Оразалы ЖАҚСАНОВ (Қостанай облысы) – 87772307184.

Мұстафа ШОҚАЙ

РЕСЕЙДЕГІ ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТ МӘСЕЛЕСІНЕ ОРАЙ

«Кеңестер Одағындағы ұлттық мемлекет мәселесі» жөнінде Славинский жасаған баяндамаға орай жазған мақаламызда («Яш Түркістанның» 91-санында) осы баяндамадан соң Керенский ортаға қойған бір мәселе бойынша сөз болып отырған тақырыпқа қайта оралатынымызды ескерткен едік. Керенский осы тақырыпқа жазған мақаласында «Кеңестер Одағы аумағында өмір сүріп жатқан ұлттарды тең құқықты ету үшін өткізілетін келіссөздердің негізгі шарттары» деп төмендегі екі мәселе төңірегінде ойлануға шақырады: 1. Келісімге қатысушы тараптар өздерінің көзқарастарын негіздеген дәлелдер мен дәйектер арасынан қару қолдануды шығарып тастауға тиіс. 2. Келісімге қатысушылардың бәрі де ұлттық мемлекетін, саяси тәуелсіздігін қорғауда тең жағдайда болуы, бірінің ұлттық мүддесіне дұшпан болып отырған әрқалай күшпен екіншісі келісім жасамауы шарт етілуі لازым. Керенский осы ұсынысында одан әрі «орыстар, орыс еместер, тіпті, сталиншілдер де (сол кезде) Лондонда жиналатын Британия халықтар одағы империумы конференциясынан ғибрат алуы керек» деп есептейді және оларды соған үндейді.

Керенский мен біз бір-біріне қарама-қарсы екі майданда тұрмыз. Біздің атамекеніміз Керенскийдің ұлты тарапынан бодандыққа түсіріліп, қазір соның тепкісінде жатыр. Егер бүгін Ресей өз атымен аталмай, Кеңестер Одағы деп аталып отырған болса, бұл істің мәнін өзгерте алмайды. Біздің еліміз қазір де бұрынғы патшалық Ресей шекарасының ішіне алынғаны сияқты, сол Ресей патшасы құрған мемлекеттің езгісінде қалып отыр. Басқаның желкесінде отырған адам астындағы адамның азабын түсіне бермейді. Сол тәрізді халықтарымыз бастан кешіріп жатқан қасіреттерді Керенский де жете сезінбеуі әбден табиғи. «Тең құқықты ұлттар» туралы айтылған талай сөздердің желге ұшып кеткені және

бұдан соң да солай бола беретіні, міне, осыдан. Қашан біздің мойнымыздан орыс империализмінің жүгі лақтырылып тасталғанша, басқаша айтқанда, біздің еңсемізді езіп, бойымызды жаздырмай келе жатқан орыс үстемдігі жоғалғанға дейін бұл жағдай осы күйінде қала беретін болады. Керенскийдің «Кеңестер Одағы шекарасы ішіндегі тең құқықты ұлттар» деп отыруының өзі бұл тақырыпта онымен пікір сайысын жасауға ешқандай бір орын қалдырмайды. Біздің халықтарымыз Кеңестер Одағының болсын немесе бұрынғы Ресейдің болсын шекараларына қатысты мұндай әңгімелерге әсте құлақ аспайды. Кеңестер Одағының шекарасы туралы айтқан пайымдауымен Керенский өзінің басқа бір жағдайлар астында кейбір өткір мәселелерді негіздеуге мүмкін болатын, әр түрлі талқылауларда басшылыққа алынуы тиіс деп есептеген «негізгі шарттарының» да құнын жойып жіберді.

Біздің қарсы алдымызда тұрған орыстар, бүгін ол большевик болғанымен де, бәрібір орыс. Қызыл диктатор Сталин, орыстың мұғажырияттағы көрнекті өкілі Миллюковтар өз тұжырымдамаларында Россияның «тарихи жеңістері һәм мемлекет шекаралары» қару күшімен құрылды және қару күшімен сақталды деп отырған жағдайда, Керенскийдің біздің өз дәлелдеріміз бен дәйектерімізден қару күші мәселесін шығарып тастауды талап етуі ақылға сия қояр ма екен?! Айталық, Керенский біздің атамекеніміздегі халықтарымызға кеңестік Ресей билеушілері тарапынан ешқандай қару қолданылмайтыны жөнінде кепілдік бере алар ма? Мұндай сұрақтың жауабы ешқашан екі ұшты болуы мүмкін емес.

Бұл күнде орыстардың бұғауында отырған біздің халықтарымыз орайы келген тұстарда қолына қару алатыны шүбәсіз. Егер орыстарға Құдай ынсап беріп, біздің атамекенімізден өз еркімен шығып кетсе, онда әңгіме басқа. Амал қанша ондай күнді қиялдау қиын. Демек, қару

күші мәселесі өз күшінде қала беретін болады. Біздің атамекеніміз Ресейдің қол астына қару күшімен енгізілді. Және де оларды Ресей қару күшімен ұстап отыр. Ендеше оған қайтарылатын жауап сол қару күшімен берілуі әбден табиғи. Енді Керенскийдің ұсыныстарындағы екінші мәселеге – саяси құқық, ұлттық тәуелсіз елдердің мүдделерін тең тұрғыдан құру және біреуінің өмірлік мүддесіне жау күштермен екінші біреуі келісім жасамау жөніндегі тұжырымдамасына келейік.

Тарихи дамуымыздың қазіргі кезеңінде орыс емес халықтардың мемлекеттігі мен тәуелсіздігіне жау жалғыз ғана ел – Кеңестер Одағы. Ендеше біз онымен ешқандай келісімге келе алмайтынымыз өз-өзінен түсінікті. Ол – ол ма, біз Кеңестер Одағының жыртысын жыртып, оның шекараларының мызғымастығы жөнінде сәуегейсіп жүрген кез келген елмен, мейлі ол батыстық болсын, мейлі шығыстық болсын, келісе алмаймыз. Бұл күндері біздің мемлекеттерімізде ұлттық тәуелсіздік мәселесі былай тұрсын, саяси және ұлттық бостандықтың ең қарапайым нышандары туралы сөз болуы мүмкін емес. Біз бостандық пен тәуелсіздікті жеңіп алуға мәжбүр болып отырмыз. Содан соң біз ұлттық тәуелсіздігімізді құрметтеп қана қоймай, бізбен тең тұрғысы келетін күштермен ғана келісім жасау жөнінде пікір алысулар өткізуге әзір екенімізді мәлімдейміз.

Өз ұсынысында Керенский біздің алдымызға көлденең тартқан «Британия халықтар одағы» түрінде бірдеңе құру мүмкіндігі болғанда, ол туралы әңгіме қозғауға тұрар еді. Ресей шекарасы ішінде Ресейдің өзімен бірлесе отырып, Британия одағы тәрізді одақ құру, сірә, мүмкін бола қояр ма екен?!

Біз оны мүмкін емес деп үзілді-кесілді теріске шығарамыз. Біздің халықтарымыз отаршылдарының езгісінде отырған және оған қарсы күрес жүргізіп жатқан кезде мұндай қиялдарға берілу орынсыз болып қана қоймай, аса залалды да. Егер Ресейде шынымен Британия халықтар одағы тәрізді бірдеңе құру мүмкін болса, онда кейбір халықтар үшін ұлт-азаттық күресі күн тәр-

тібінен түсіп қалған болар еді. Өйткені, Британия империясында Канаданың жағдайын алсақ, бұл ел қай жағынан алғанда да, Еуропа мен Америкадағы шағын мемлекеттерді былай қойып, Австрия мен Чехословакия тәрізді іргелі мемлекеттерден де әлдеқайда жоғары. Ресеймен Британия халықтар одағы тәрізді құрылым жасау мүлде мүмкін емес. Мұндай қиялға берілгендер Британия халықтар одағына біріккен елдердің бәрі дерлік англо-саксон нәсілінен екенін естерінен шығарып алады. Канада, Австралия, Оңтүстік Африка, Жаңа Зеландия – олардың бәрі де англо-саксон нәсілі мәдениетінің ошағына айналып гүлденген жерлер. Британия халықтар одағы – Британияның мемлекеттік және саяси мәдениетін таратады. Ал, мұндай мәдениет орыс халқында жоқ.

Ағылшындар мен орыстардың ұлттық мемлекеттігінің мәнінде, менталитетінде, құрылымында өзгешеліктер көп. Ағылшындар, ең алдымен, саны онша көп болмаған саудагер халық. Олар өздері бодандыққа айналдырған халықтарының жерлеріне көшіп барып, ол жерлерді біржола қосып алуға ұрынбайды. Ағылшындарда миллиондаған жұмыссыздар барын білеміз. Ағылшын үкіметі осы жұмыссыз жүрген тұрғындарының бірде-бірін өз отарларына еріксіз апарып қоныстандырған жоқ.

Ресей – мүлде басқа. Орыс халқының басым көпшілігі шаруалар. Орыстардың саны да көп. Олар көшуден де жалықпайтын көшпенді – мұғажыр отаршылдар. Қашан да орыс солдаттарының соңынан орыс мұжығы ілесіп отырады. Басып алынған жерде орыс билігі орнаған соңақ, пұшайман халықтың жері тартып алына басталады.

Британия халықтар одағы құрылымындағы басты фактордың бірі – еркін сауда байланысы болса, орыс халқының әдеті – басқалардың жерін басып алумен қоймай, оны орыстың жеріне айналдырып жіберуді көздейді. Сол себепті осындай жолмен біріктірілген мемлекет ішінде ұлттардың ерікті түрдегі тең құқықты одағын құруға ешқандай орын қалмайды.

1937 ж., № 92-93



Уәлихан ҚАЛИЖАНОВ,
М. Әуезов атындағы Әдебиет
және өнер институтының
директоры, филология
ғылымдарының докторы,
Ұлттық ғылым академиясының
мүше-корреспонденті

Жас өседі, жетіледі, кемелденеді. Сөйтіп, кейбір Алланың нұры түскен адамдар ұлтының ұраны болып, ірі саяси тұлғаға айналады. Жас ұрпақ сондай ұлы тұлғалардың, заманның ағысын өзгерткен адамдар туралы көбірек білгісі, түсінгісі келеді.

Жақында Қазақстан Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өмірдің мәні туралы толғанып, жүрекжарды сөзін айтты. Енді, міне, іле-шала Нұрсұлтан Назарбаевтың «Өмір өткелдері» сұхбат кітабы қолыма тиді. Сұхбатты жүргізуші – журналистика майталманы, ғалым, «Егемен Қазақстан» газетінің президенті Сауытбек Абдрахманов.

Еналдымен «Кітап не үшін қажет? Бұл мемуарлық кітап несімен ерекшеленеді? Оның архитектурникалық құрылымы қандай?» деген сауалдарға үңілгенім рас. Өйткені, кезінде өзімнің «Президент. Көзбен көргендер мен көңілге түйгендер» атты кітабым жарияланып, ол үш мәрте қайта басылып еді. Кітаптың жекелеген тарауларын «Егемен Қазақстан» газетінен оқығанмын. Енді, тұтастай кітап қолыма түскенде Елбасы мен журналистің жаңа пішін тауып, кітаптың құрылымдық, тарихи, деректілік жағынан ешкімнің қолына түсе бермейтін ұтымды жолын тапқанына қызыға қараймын. Өйткені, өмірде көрген, өзі бас болып жүзеге асырған, өмірбаянының жұрт біле бермейтін тұстары туралы, үлкен саясаттың жұрт көзінен таса қалатын жағдаяттары туралы Н. Ә. Назарбаев сыр шертеді. Ал, сол әңгімелер дәйектеме арқылы

ҚҰРЫШ ҚАЛАЙ ШЫНЫҚТЫ?!

(Н. Ә. Назарбаев. «Өмір өткелдері» сұхбат кітабы
Астана. «Фолиант» баспасы, 2015 жыл)

нақтыланып, тарихи сипат алып отырады. Бұл кітап авторына да, сұхбат алушыға да кең тыныс береді. Бұл мемуарлық кітап қана емес, ол Елбасының халқымен сыйласуы мен сырласуының, «Әділеттің ақ жолы» сияқты ойтолғау кітабының заңды, байытылған, жаңартылған, кеңейтілген, толықтырылған нұсқасы сияқты әсер береді. Кітапқа кіріспе сөзінде Н.Ә.Назарбаев: «...1991 жылы, Тәуелсіздік жарияланғанға дейін Мәскеудің «Молодая гвардия» баспасынан жарық көрген «Әділеттің ақ жолы» деген кітабымда өмірбаянымның өткелдері жайында біршама әңгімелеген едім. Одан бері де ширек ғасырдай уақыт өтті. Өмір өзгерді. Сана өзгерді. Кейінірек шыққан «Ғасырлар тоғысында», «Қазақстан жолы» кітаптарымда негізінен экономикалық, саясаттану мәселелері қозғалды. Оларда өзім туралы әңгімелеп жатуды артық көрдім. Сауытбек ұсынған сұхбат жанры өз бетінше қозғаудың кілтін таба бермейтін жайларды айтуға жақсы мүмкіндік жасайды екен. Ал, дұрысында, айтатын жай жеткілікті», – деп жазады.

Бұл Елбасының, Мемлекет басшысының жан сыры, жан толғанысы. Ақын Қасым Аманжолов жырлағандай, «Өзге емес, өзі айтатын» бұрмасыз, бүркеусіз өмірбаяны. Кітаптың құрылымдық ерекшелігі Елбасын мазалайтын, алаңдататын, қуантатын мәселелерге назар аударуға, ұғынуға, сараптауға мүмкіндік береді. Ашық саясаттағы адамның қызметі, өмірі әркез жұртты қызықтырады. Сондықтан да, Елбасымен, журналиспен бірге Н.Ә.Назарбаев өмірінің өзекті, өрнекті шақтарына саяхатқа шақырамын.

* * *

Ұшқан ұя ұлағаты. Бұл – Президенттің балалық, жасөспірім, саясаттың алғашқы

жылдарындағы ізденістері мен іркілістері туралы өмірбаян беттері. Бұл туралы белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Мұхтар Құл-Мұхаммед екеуіміздің «**Халықтан жасыратын ештеңе жоқ**» деген сұхбатымыз, жазушы-журналист Бейбіт Сапаралының «Президенттің балалық шағы» атты кітабында біршама жайттар қамтылған еді. Содан бері он сегіз жыл өте шықты. Бірақ Президент жадынан ештеңе қалыс қалмайды. Нұрсұлтан Әбішұлының қай жылы, қай кезде, кіммен және қандай мәселелер жөнінде әңгіме болғанын сол күйінде бүгінгідей жеткізетін таңғаларлық есте сақтау таланты бар. Ол «**Үшқан ұя ұлағаты**» бөлімінде беймәлім қандай жайларды айтты? Міне, бұл сұрақтар мені де қызықтырып әкетті.

...Ұлыбританияның танымал саясаткер-қаламгері Джонатан Айткен «Шамалған» атауы қазақтың «шам», яғни, «жарық» деген сөзінен шыққан деп жазған. Міне, осыған Н. Ә. Назарбаев төмендегіше түсініктеме жасайды. «**Айткен оны қайдан білсін? Сөйлескен адамдарының біреуі солай деген. Естігені бойынша жаза салған. ...Бізде топонимика әлі де онша дамымай келеді. ...Жеріңе қойылған ат еліңнің ұрпақтарға қалдырған хаты...**»

Иә, осы жерде сәл-кем шегініс жасап алғым келеді. «Жастар» газетінің бас редакторы болып жүрген кезімде Н. Ә. Назарбаев Наурызбай батырдың Жоңғардың Шамалғанын да, Қаскелеңін де жекпе-жек ұрыста шаншып өлтіргенін айтып, бұл туралы «газет неге үндемей отыр?» деген-ді. Кейін газетте бірнеше материал жарияланып, Қаскелең ауданы Қарасай батыр ауданы болып өзгертілген еді. Н. Назарбаевтың өз халқының тарихын көптеген тарихшылардан көп білетініне талай көз жеткізгенмін. «**Мен Қазақстан мемлекетінің басшысы ретінде өз халқымның кемінде бес мыңжылдық тарихын білуге тиіспін**» деген сөзі өмір шындығымен үндесіп жатыр. «Тарих толқынында» кітабы мен Ұлытаудағы сұхбаты осы деректерді айшықтай, айқындай түседі.

Нұрсұлтан Әбішұлының «Шұбарат» атты өлеңі шығуының тарихы да тартымды оқылады. Бұған кейін Шәміл Әбілтай ән жазып, оны Досымжан Таңатаров орындап жүр. Кейде, әзіл сөз шындыққа айналып кетеді. Нұрекең бір журналиске бала күнінде Үшқоңырдың биігінен алысқа қарайтынын,

«Мүмкін, Теміртауды көрген болармын» деп әзілдейді. «Сол кезде астананы Алатаудан Сарыарқаға көшіруді ойлаған шығар» деп асыра мактап жазса керек журналист әріптес. «Әр нәрсенің қисыны болуы керек», деп Нұраған жөнсіз мадақтау қажет еместігін айтады. Бұл, әрине, кісілік келбет қой.

Сұхбат барысында Нұрсұлтан Әбішұлы әкесі Әбіш пен анасы Әлжанның өнерге жакын екенін, өз бойындағы өнерге құмарлық, әсіресе, анасынан жұққанын ерекше ықыласпен әңгімелейді. Тортай Сәдуақасов кезінде «Назарбай би және туған өлке тарихы» атты кітап шығарып, сонда Назарбай бидің де ақындықтан құралақан болмағанының дәлелі ретінде Алпысбай төреге айтқан базынасын жариялайды. Әңгіме барысынан Н.Ә.Назарбаевтың ата-анасын қалай сыйлайтынын, жақсы көретінін сезінесің. «Ауылдағы той атаулы менің анам бармай басталмайтын, бәрі «Әлжан келсін» деп күтетін. Әкем Әбіштің де суырып салмалығы барын тұтастары айтып отыратын».

Ал, Әлжан ананың тегіне келсек, ол кісі – ұлы Төле бидің, Ноғайбай, Кебекбай деген би-шешендердің тікелей ұрпағы. Мұны Нұрсұлтан Әбішұлы ертеректе берген сұхбатында айтқан-ды. Әрине, оқырманды Н. Ә. Назарбаевтың Жамбыл бабаны көрген сәттегі көңіл-күйі бей-жай қалдырмайтынына сенімдімін. 4-5 жастағы бала Нұрсұлтан зеректігімен, есте сақтау қабілетімен ерекшеленеді. Сондықтан да, Алғадайдың қайтыс болғанына көңіл айта келген Жұмабай Шаяхметовті, Сәбит Мұқановты көргенін еске алады. Және бір қызық дерек келтіреді. Ол – Сәбит Мұқановтың «Колхозды ауыл осындай» деген өлеңінің соңғы шумағы Әбіш Назарбаевтың үйінде жазылуы. Зерек Нұрсұлтан жадында бұл такпақ болып қалып қойыпты.

*Түнгі дауыл тым алысқа кетеді,
Жаңғырықтырып, тауды дірілдетеді.
Жайлауында жаздай думан қайнаған,
Қандай ғажап малышлардың мекені!*

Нұрсұлтан Әбішұлы өз бабасы Назарбайдың би болғанын бала кезінен білген. Бірақ аумалы-төкпелі замандар келіп, біреулер «пролетарлық» тегінен қашып, аксүйектер ұрпағымыз деп жатқанда, сол баяғы колхозшы-шаруа әулетінен шыққанында қала бергені несі? Сөйтсек,

казакта ақсүйектер әулеті атадан балаға мирас болып қалмайды екен. Сондықтан да Нұрсұлтан Назарбаев үшін мәселенің басы ашық.

«...Әркім өз бақытын өзі жасауы керек. Әркім өз несібесін өзі теруі керек. Кімнің нешінші ұрпағы болғанымда да мына жайдың басы ашық. Менің әкем Әбіш – қарапайым өмір сүрген, тұмыр бойы жұмыс істеген адам... Отбасын өзінің ақ-адал еңбегімен асыраған». Міне, бұл Н.Ә.Назарбаев үшін үлгі, өмір сүру кодексі.

Есею жылдары атақты Магниткада бас-талды. Елбасы өмірінің бұл құрыштай мінез қалыптастырған жылдары есею ғана емес, азаматтық көзқарасын қалыптастырды. Біз Н.Ә.Назарбаев өмірінің осы тұсын тереңірек білетін де сияқтымыз. Бірақ, кітап оқып отырғанда бұрын көп біле бермейтін деректерге толы екеніне көз жеткізесіз. Шынында, «ғасырлық құрылыс» атанған Магнитка түтіні бұрқырап жатқан шойынды көргендей болатынбыз. Сол кезде жас Нұрсұлтан Назарбаев не көрді дейсіздер ғой. **«Теміртауға барып түскенде мен кеңестік идеологияның жоқты бардай, барды нардай етіп көрсететін сипатымен алғаш рет бетпе-бет келдім десе де болады. Баспасөз бетінде дүрілдетіп, дүңкілдетіп жатқан алып зауыттың орнында құрылыстың жұрнағы ғана бар екен...»**

Міне, бетбұрыс кезең. Тар кезең. Жап-жас, сұп-сұлу, күміс медальді мектеп бітіруші үшін армандар шытынаған сәт туды. Кері бұрылып, «Алматы қайдасың?» деп тартып отыруға болады. Кез келген оқу орнының есігі айқара ашық екені күмән тудырмас. Бірақ, сындарлы сағатта Н.Ә.Назарбаев аттың басын кері бұрмады. Атасы жаудан қайтпаған, Қарасай, Наурызбай, Сұраншы мен Саурық батырлардың рухы оны қиындыққа қасқая тұруға шақырғандай. Ол металлург мамандығын алатын жастар легіне қосылып, Украинаға – Днепродзержинск қаласына аттанды. Ал, мұнда нағыз өндірісе екен. **«Балқыған шойынарлықтағы суша ағады... Міне, осындай тозақта бүкіл өміріңді өткізуге тура келетінін ойлаудың өзі де бізді сораптап шығарып жібере алмады». Кейбіреулер қиындыққа шыдамай кері қайтуға бел байлапты. Бірақ, Н. Назарбаевты намыс жібермеді. Өзге халық үйренген мамандықты казак**

неге үйренбейді? Топшыл, көпшіл жігіт спортпен, балуандықпен айналысып, алғашқы жеңіске жеткенде қарсыласы «Жарайсың, Қазақстан!» депті. Қазақстан намысы қазақтың намысы екенін жас Нұрсұлтан осылай түйсініп еді. Осы ұлттық намыс оны талай сыннан сүріндірмей өткізді, талай өмір тай таласында жеңімпаз етті. Есіме мына сәт оралып отыр.

Бірде Н. Ә. Назарбаев Теміртауға барды. Нұрекең айтқан «тозақ» сияқты от шашқан, арықтан суша аққан шойынды, 80-90 градус ыстықтағы цехты көргенде қара терге түскеніміз есімде. Сонда, Нұрсұлтан Әбіш-ұлы: «Міне, осындай от-тажалға шыдау үшін тұз қосылған су ішетінбіз», деген-ді.

Шойын балқытушы ғана емес, Н. Ә. Назарбаев еркін күрестен спорт шебері де атанды. Лев Рудольфович Ежевский жаттықтырған еді. Кейін, 1996 жылы Л. Р. Ежевскийді Нұраған Қазақстанға шақырып, елін, Шымбұлақты көрсетеді және «Қазақстан Республикасының еңбексіңірген жаттықтырушысы» деген атақ берілуіне себепкер болады. Н. Ә. Назарбаев әркез сөзге ұста. Көп ойланбай сөзбен орып түсіреді. Мұндайда атам қазақ «Сөз тапқанға қолқа жоқ» деп жатады.

– Лев Ежевский Қазақстанда ешкімді жаттықтырған жоқ қой?

– Неге? Президентті жаттықтырғаны, мемлекеттің басшысын шынықтырып бергені елге еткен еңбегі емес пе?..

Жақсылық ешқашан ұмытылмайды. Ұмытатын да кез болар. Бірақ, Н. Ә. Назарбаев ешқашан жақсылықты ұмытпайды. «Сол мектептің тағылымы әлі күнге маған күш қосып келеді». Н. Ә. Назарбаев ұстаздарымен, кластарымен, теміртаулық достарымен байланыс жасап, кездесіп тұратыны сол ұлттық қасиетінде жатыр. «Ұлық болсаң, кішік бол» деген осы!

Құрыш құйып бірге өмір мектебінен өткен достары М.Нәрікбаев, Т.Сүлейменов, С.Ибрагимов сияқты азаматтар Қазақстанда ірі саяси-қоғамдық жұмыс атқарды. Оларды достастырған қазақы мінез, ұлттық намыс, кеңпейілді ата салты. Осыған дәлел болатын деректер дәйектемелердегі қысқа мысалдармен қамшы өрім болып, кітаптағы оқиғаға, әңгіме желісіне қатыстырылып отырады. Металлург мамандығын алған Днепродзержинскідегі жылдар үшін Н. Ә. Назарбаев «Жастық жылдарымда жолық-

қан жандардың бәріне қарыздармын» деп есептейді.

Таным мен түйсік, талап пен бақ қатар жүреді. Н.Ә.Назарбаев өмірінің Теміртаудағы жылдары толысу мен тағылым кезеңі болды. Кітаптың «Теміртау – алты бесік» атты үшінші бөлімі де оқырман үшін біршама таныс. Көптеген мақалалар, сұхбаттар, мәліметтер жарияланған. Бірақ, кейбір мәлім-беймәлім сәттерді Елбасының өз аузынан есту басқа әсер береді. Өйткені, Н.Ә.Назарбаев 1960 жылғы 3 шілдедегі Қарағанды металлургия комбинатының салтанатты ашылуына қатысты. Бірінші рет Қазақстанда шойын құйылыпты. «Бұл – тарихи оқиға». Иә, сол тарихи оқиғаның сыртында қандай мәселелер бар. Мұны бүкпесіз айту үшін жүрек керек. Бір жыл ішінде Нұрсұлтан Әбішұлы кіші көмекшіден аға көмекшіге, одан газшының көмекшісінен аға газшыға ауыстырылды. Тағы бір жыл өткенде аға горновойшы болады. Мұнда да зауыттың ауыр жұмысы мен талабына шыдамаған жас мамандар болған. Кейбір жігіттерді зембілмен цехтан көтеріп әкетіп жатады екен. «Бұлар мал бағу үшін ғана жаратылған ғой!». Бұл сөздер Нұрсұлтан Назарбаев жүрегіне тікенше қадалды. Өз сөзі: «...Мен өзіме ант етіп едім: осы жерде өлермін, өртеніп те кетермін. Бірақ, мен туралы әлгіндей сөз айтылмайды!».

Теміртау мінезді ғана шындаған жоқ, көзқарасты да қалыптастырды. Нұрсұлтан Назарбаев партия қатарына өтті. Бірақ кітапта кейбір дәйексіз деректерге жауап бере кетеді. «...КПСС мүшелігіне кандидатқа қабылдандым. Кейбір кітаптарда менің бұл қадамымды мансап сатысы үшін жасалды деп те түсіндіреді». Президент осы мәселенің мәнін түсіндіреді. Бұл – шындық. Өйткені, партия қатарына ең алдымен алдыңғы қатарлы жұмысшылар тартылатын. Екіншіден, партия мүшелігіне сенім артылатын, жауапты жұмыстар, лауазымды жұмыстар тапсырылатын. Үшіншіден, олар қоғамның қозғаушы күші деп есептелетін. Сондықтан да, Н. Ә. Назарбаев коммунистік қоғам тәрбиелеген заманның ұрпағы. Бірақ ол жүйенің құндылықтарынан да жоғары ұлттық мүдде барын ерте сезінген ренесанстық тұлға екені

де рас. Білім мен ғылымға, қоғам дамуының заңдылықтарына сүйене отырып, кейін ол егемен елдің нарықтық экономикасын құрды. Бұл басқа тарауларда кеңінен тартылып айтылатындықтан, сол дәуірге сараптама жасау барысында бұл кезеңге қайта оралатын боламыз.

«Махаббат, қызық мол жылдар» да осы Теміртаумен тығыз байланысты. Бүгінгі Қазақстанның бірінші ханымы Сара Алпысқызымен Нұрсұлтан Назарбаевтың кездесуі, келісуі, шаңырақ көтеруі жеке бір деректі, болмаса көркем әңгіменің желісі боларлық жайт. Көру мен танысудың арасы қаншалықты ыстық, қаншалықты қызық? Бүгінгі күннің биігінен сол жылдарға оралсақ, не көрер едік? Әрине, Н. Ә. Назарбаев болашақ жары Сара Алпысқызын би кешінде көріп танысады. Ал, Сара Алпысқызы би алаңына кімді іздеп келді? Әлбетте, Нұрсұлтан Әбішұлын ол хорға қатысқан кезінде көрген. Нұрағанның тамаша қасиеті осы сұрақтар кезінде де айқын көрінеді. «...Сараны түсіну де қиын емес. Болашақ күйеуімді алдымен өзім барып көріп едім деуге ыңғайсызданған да шығар, кім біледі? Әйелдерді ұғу да оңай емес қой өзі».

Хош делік. Жас Нұрсұлтан партиялық «темір» тәртіптің ызғарын сезді. Теміртау қалалық комсомол комитетінің бірінші хатшысы қызметінен бас тартқаны үшін есеп карточкасына жазылған сөгіс алды. Нұрсұлтан Әбішұлы үшін партиялық жаза қоғамдық-саяси жұмыстың есігін тарс жапқандай еді. Сол кездегі Теміртаудың бірінші хатшысы Л. Катковтың жұмыс стилі оған түрпідей тиіп еді. Кейін өзі президенттікке дейінгі қызметінде адам тағдырын шешуде Катковтың стилін қайталамауға тырысатын. Адамды келісімінсіз, зорлап жұмысқа қоюға болмайды. Бірақ Н.Ә.Назарбаев кейін қалалық партия комитетінде өндіріс бөлімін де басқарады. Николай Григорьевич Давыдов Л.Катковты ауыстырып, Теміртау қалалық комитетінің бірінші хатшысы болған кез еді. Бұл мүлдем бөлек жұмыс стилі-тін.

Н.Ә.Назарбаев үшін Комсомол болашақ қызметтерінің баспалдағы болды. Комсомолдағы жарқын күндердің бірнеше парасын, Ю.Гагаринмен суретке түсу тарихын, Дүниежүзі жастар фестиваліндегі шетелдік журналистің сұрағына тосқауыл

жауап бергенін «Егеменде» «Бірінші» деген мақалада егжей-тегжейлі жазып едім. Сондықтан да, бұл сәттерді айналып өтіп, оқырманды партиялық жұмыстағы жағдаяттар туралы естелік беттеріне шақырғым келеді. Сонымен, Н.Ә.Назарбаев Теміртау қалалық партия комитетінің екінші хатшысы болып сайланады. Мұндай өсу бұрын-соңды болмаған шығар. Сол кездің тілімен айтсақ, жоғары номенклатуралық қызмет. Бәрі өзіне байланысты. Бұл жол сені не өсіреді, не өшіреді. **Партияға бір жағы принципшіл тұлғалар, екінші жағынан мәселені жоғарыға жеткізбей «жабулы қазан жабулы» принципін ұстанатын адамдар қажет-тін.** Ал, Карметкомбинаттың партком секретары болу одан да жоғары. Партком секретары КПСС Орталық Комитетінің номенклатурасы. Ал, шешілмеген мәселе көп. Не істеу керек? Н.Ә.Назарбаев «Правда» газетінің тілшісі Полтаранинге қордаланған мәселенің бәрін тәптіштеп түсіндіреді. Мақала жарияланысымен Теміртауға КПСС Орталық Комитетінің хатшысы В.И.Долгих келіп кетеді. Артынша комиссия келіп үлкен шешім қабылданды. Кейін В. И. Долгих: «...Қазақстан магниткасы Одақтағы озық кәсіпорынға айналып қана қойған жоқ, металлургия саласындағы үлгілі комбинат қатарына қосылды.

Сөз жоқ, Нұрсұлтан Әбішұлының сол кездегі еңбегі ересен. Ол Қазақстан магниткасын аяғынан тік тұрғызды!» – деп еске алады.

Несін жасырамыз, егер де, Назарбаев сияқты батыл партком хатшысы болмай, жалтақ, жағымпаз біреу кезіккенде, қазақтың маңдайындағы жалғыз комбинат әлдеқашан жабылып қалар ма еді? 2011 жылы Владимир Иванович Долгих айтқан бұл пікір Н.Назарбаевтың Карметкомбинаттағы партком қызметінің қандай жауапты әрі қауіпті болғанын айғақтайды. Бұл жол, бұл тағдыр Нұрсұлтан Назарбаевты Алматыға, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы қызметіне алып келді. 1980 жыл еді. Кремльде КПСС Орталық Комитетінің хатшысы М.А.Суслов «Міне, Сізді өсіріп шығардық!» дейді. Бұл қаншалықты шындық? Журналист С.Абдрахманов та бұл сұрақтан аттап өте алмайды. «Әділеттің ақ жолы» атты

кітапта «Сіз мені басқа адамдар өсіріп шығарды» дегендей ой айтыпсыз? Мұны қалай түсіндірер едіңіз?» дейді. Бұған жауап бәрімізді қызықтырады деп білемін. Н. Ә. Назарбаев Теміртауда комбинат директоры болған Л.Тищенко, қалалық партия ұйымының басшысы В.И.Давыдов, Қарағанды облысының сол кездегі атқару комитетінің төрағасы С.Досмағамбетовтің атын атайды. Және «...**Мұндай жоғары лауазымды қызметке жастай көтерілуіме республика басшысы Д.А.Қонаевтың маған деген ықыласты қабағының да белгілі бір дәрежеде әсері бар деп ойлаймын**», – деп ағынан жарылады. Яғни, Н.Ә.Назарбаевты өсірген КПСС Орталық Комитетінің басшылары емес, халық, республикалық өндіріс және саяси элита.

Константин Устинович Черненконың жағдайы да адам күлерлік сәттерге толы. «Черненко күтпеген жерден орнынан көтерілді де, маған қарай жүрді. Бірақ, кенеттен теңселіп құлап бара жатқандай болды. Жанындағы әлеуетті жігіт зорға дегенде сүйеп үлгерді.

...Мұндай кездесулерден кейін еріксіз ойға қаласың. Аса ірі мемлекеттің басында осындай адам да отырады екен-ау». «Әділеттің ақ жолында» жазылған бұл деректердің әңгімеге сыналап кіргізілуі Нұрағанның пікіріне мысал ретінде алынып, қабысып отырады.

Республика жұртшылығын, қаламгерлерді Д. А. Қонаев пен Н. Ә. Назарбаев арасындағы қызметтік, адами қарым-қатынастар әрі қызықтырып, әрі алаңдатынын жұртшылық пікірінен аңдайтын едік. Қазақтың екі марғасқа ұлдарының арасындағы қарым-қатынас қалай өрбіді? Олар қалай бірге жұмыс істеді? Түсінісе алды ма? Екеуінің арасына сызат неге түсті? деген сауалдар, қаңқу-саңқу сөздер әлі де ара-тұра естіліп қалады. Н. Назарбаевтың «Өмір өткелдерінде» бұл сұраққа жауап бар ма екен? деп шұқшия оқығанымды да жасыра алмаспын. Жоқ, Нұрсұлтан Әбішұлы бұл сұрақтардан да айналып өтпейті.

«...Жалпы, бұл тақырып – Қонаевпен қарым-қатынас күрделі тақырып. Бір жағынан, біз жасы үлкенді сыйлаған, олардың алдынан қия өтпеуге тырысатын халықтың баласымыз, оның үстіне Дінмұхамед Ахметұлы – бүкіл елге сыйлы тұлға. Димекеңнің халық үшін ет-

кен еңбегі жөнінде Қонаевтың туғанына жүз жыл толуына арналған іс-шаралар кезінде айтқанымды өзін білесін».

Иә, Д. А. Қонаевтың 100 жылдығына арналған салтанатты жиында «Қазақ елінің тағылымды тарихында заман жүгін арқалаған талай толағай тұлғалар болды. Аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев – сондай біртуар болмыс иесі» – деген сөздері жадымызда жаңғырып тұр. Әңгіме барысында Н.Ә.Назарбаев ағынан жарылып, Д.А.Қонаев туралы былай дейді: «Дінмұхамед Ахметұлы... орталықтандырылған жүйенің қыспағында тұрып та ел үшін көптеген іргелі шаруалар атқара алды. Мұны ол кісінің Брежневпен көңілі жақындығымен ғана түсіндіре салатындар мәселенің бетінен қалқитындар».

Сонда мұның сыры неде? Н.Назарбаевтың ойы төмендегідей: «Мәскеуде жыл сайын бірінен кейін бірі ауысқан басшылардың тұсында жаңа уақыт талабына бейімделе алмай қиналған кездерінен және социалистік даму жолын таңдаған жүйенің өзге қоғамдық жүйемен бәсекеде жеңіліске ұшырай бастағанын дер кезінде тани алмағаны деген дұрыстыққа келетін шығар». Бұл ойын келесі бір пікірінде нақтылай түседі «...Ол кісінің қалыптасқан жағдайды жөндеуге ұмтылыстың бәрін өз беделіне нұқсан келтіру әрекеті деп қабылдағаны менің жанымды қатты жабырқататын». Н. Ә. Назарбаевтың жанын қатты «жабырқатқан» мәселелер Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Төрағасы Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан Компартиясының XVI съезінде жасаған баяндамасында тұр. Сол баяндаманың үзіндісі кітапқа енгізілген.

Ілгері-кейінді оқиғалар ішінде қазақ халқы үшін 1986 жылдың Желтоқсаны ерекше орын алады. Бұл қанды қырғын қазақ тарихында алтын әріптермен жазылған. Алтын деп отырғаным, біздің алтындай қыздарымыз бен ұлдарымыз КПСС Орталық Комитетінің шешіміне тұңғыш рет қарсы шықты. Ұлттық сана-сезім өсті. Ұлттық намыс оянды. Жергілікті биліктің, халықтың пікірімен санаспай жоғарыдан кадрларды тоғыту саясаты енді жүрмейтіндей еді. Кеңес Одағы билеген 70 жыл ішінде Қазақстан

Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшылығына үш-ақ адам сайланған екен. Бұл қалыпты жағдай сияқты көрінетін. Бірақ, Горбачевтің қайта құру саясаты кешегі тұншығып жатқан ұлттық намысты оятты. Қонаев тақтан кетіп, Қазақстанға бірінші басшы болып аты-жөні белгісіз Г.В.Колбиннің келуі және оның қанды қырғынға ұласуы халықтың кәріне ұшырады. Қазақ Жастары Орталық алаңда қан жоса болып, «Менің Қазақстаным» әнін айтып шеруде жүрді. Кімнің кім екені айқындалған күндер еді бұл. Осы Желтоқсан көтерілісінің азасы мен наласы айқындалып болды ма? Бұл ұлттық патриоттарды ғана емес, бүкіл қазақ халқын әлі күнге толғандырады, әлі күнге ойландырады. Міне, осы мәселелер Н.Назарбаевтың «Өмір өткелдерінде» қаншалықты көрініс тапқан. Шырылдап шындық жетті ме екен?! Сондықтан да, Н.Назарбаев кітабының «Сын сағаты соққанда» тарауын ерекше мән беріп, шұқшия қарап, сөйлемдердің астын сүзгілеп оқығанымды жасыра алмаймын.

...Сонғы ширек ғасыр – Қазақстан ғасыры болды десем жаңылыспайын, сірә! Бәрінен де Тәуелсіздік қымбат! Бірақ, «Егемендіктің елең-алаңы» да баршылық. Н. Ә. Назарбаев кітабының алтыншы тарауы осылай деп аталады. Саяси әдебиетте, қоғамдық ортада егемен ел атанған Қазақстан саясатын қалай құру керек? деген Н. Ә. Назарбаев саясатына ерекше мән беріліп жүр. «Ал-дымен – экономика, сонан кейін саясат» деген тұжырым орныққалы да біршама болды. Әуелде түсінбеушілік те орын алды. Елбасы ұсынған Кеден Одағы, Еуразиялық одақ дегенді бұра тартып, Н. Назарбаев бұрынғы СССР-ды аңсайды дегенді айтушылар да, жазушылар да табылды. Бұл өліара шақ еді. Егемендікті алу бар да оны ұстап тұру бар. Тұралаған экономика, құлдыраған ауылы бар елдің еңсесін қалай көтеру керек? «Балық берме, балық аулайтын қармақ бер» деген нақыл сөздің айтылғаны да осы тұс.

Ал, осы кездегі Қазақстан экономикасы қандай жағдайда еді? Қазақстан өнімінің 97 пайызы орталыққа ыңғайластырылған екен. Сондықтан да, билікті бөлу саясаты қолға алынды. Жоғарғы Кеңесті кәсіби Парламентке ауыстыру қажет болды. Сөз арасында айта кетейік, 13 шақырылған Қазақстан

Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаты едім. 1995 жыл. Күні бойы айтыс-тартыс. Министрлер сағаттап депутат кабинетінің алдында отыратын. Бір жылға жетер-жетпес уақытта, ұмытпасам, бір ғана заң қабылданды. Бар мәселені Н.Ә.Назарбаев Жоғарғы Кеңеске келіп өзі шешіп отырды. Ал, бұл жедел басқару жүйесіне кедергі болды, реформаларға кедергі келтірді.

Жоғарғы Кеңес таратылғаннан кейін Президент қол қойған заңдық күші бар 190-нан астам заң қабылданды. Бұл Қазақстанды экономикалық тығырықтан алып шықты. Сол кезде О.Сүлейменовтің «Танк пен Танька» деген юморы айтылғаны есімде. Бірақ, уақыт бәрін орнына қойды. Ол шешім – дұрыс шешім! Мен – куәгермін! Сол күндердегі халық сабырлылығын Н. Ә. Назарбаев ашық жазады, рахмет айтады.

«...халқымыз, айналайын халқым сол бір қиын күндерде де даналығынан таймады, сабырлылығынан айнымады. Зарығып көрген тәуелсіздігінің алғашқы белесінде, тіпті, ашқұрсақ жүруге де бейілді болды. Қазақстандықтар маған сенді. Сайлауға дейін де өйтемін де бүйтемін, үлде мен бүлдеге ораймын дегенімді, қайта қиындыққа қарсы қайрап салғанымды бағалады. Алда қиын күндер тұрғанын айтқанымды ескерді. Ақыры бұл елеулі проблеманы да елді ереуілдетуге жеткізбей еңсеріп шықтық». Міне, Президенттің жан сыры. Сол кезеңдегі Қазақстандағы жағдай алақанға салынғандай ашық көрсетілген. Біреулерді «мазалайтын», біреулердің «ұйқысын» алатын жағдаяттар осы. Президенттің халқынан жасырар сыры жоқ. 1991 жылы 16 желтоқсанда ел Тәуелсіздігі жарияланып, инаугурация өткізілді. Сол ұлы оқиғаның ішінде болғанымыз үшін біз де бақыттымыз. Сахна жабыларда Тәуелсіздік Туы орнатылған тұғыр қозғалып, Ту жантая бастағанда Н.Ә.Назарбаев оны жедел барып ұстап, орнына нығарлап бекітіп қойды. Біз соны көрдік. «Тәуелсіздік Туы берік қолда екен» деп біз де Салтанат сарайынан кеудеміз көтеріліп шықты. Іштей «Ұзағынан сүйіндірсін» деп тіледік.

Халқы Президентіне, Президент халқына сенген осы тұста жұрт көзінен таса жұмыстар жүріп жатты. Қазақстан теңгесін шығару қолға алынды. Ұлттық валюта «теңге» болады деген сөзге қарсы болып,

«сом» қала берсін деген дауыстар шығып жатты. Тіпті, қазақта «теңге» деген сөз жоқ деп даурыққандар да болды.

...Президенттің Шығыс Қазақстан облысына сапары басталған. Үлбі комбинатында шығарылып жатқан тиындарды көрдік. Онан соң баспасөз мәслихаты өтті. Өңі қазақ тілі орыс журналист осы жерде Н.Ә.Назарбаевқа:

– Нұрсұлтан Әбішұлы, қазақта теңге деген сөз жоқ. Соны білуіңіз керек қой. Рубль деп төл валютамызды атаудан неге қашасыз? – деп сұрақ қойды.

Нұрсұлтан Әбішұлы әсте эмоцияға беріле бермейді. Сабырлы, салмақты сөйлеп, әсем юмормен күрмеулі сөздің түйткілін шешіп жібереді.

Журналист сөзі жақпады, шымбайына батты, намысына тиді.

– Сіздің қазақ фольклорынан хабарыңыз бар ма еді, өзі? «Айман-Шолпанды» оқып па едіңіз? Егер, оқысаңыз, сонда мынандай жолдар бар емес пе? «Базарда теңге болсаң, пұл боларсың, Көтекемнің айтқаны рас болса, қолыма су құятын күн боларсың». Қазақта теңге сөзі болмаса, баяғы фольклорлық мұрамызда қайдан жүр?

Тыныштық. Біз ду қол шапалақтадық. Камерасын сүйреткен журналист топтан жарылып шыға берді. Ал, ұшаққа мінгенде Н.Ә.Назарбаев төмендегіні айтты.

– Ұлы Жібек жолы бойымен мыңдаған керуен Шығыстан Батысқа, Батыстан Шығысқа қарай ағылып жатты. Сауда қазақ даласында бір сәт тоқтаған емес. Сөздер сіңіп, бірін-бірі байытып жатты. Ал, теңге – кірме сөз. Бірақ, қазақ оны қабылдап, төл сөзге айналдырған. Теңге – таңға – тілге – талер – доллар.

Бұл сөз менің әлі есімде. Сондықтан да, дәйектеме ретінде осы бір сәтті оқырман біле жүрсін деген ниетпен жазып отырмын. 1993 жылдың 15 қарашасынан бастап бүкіл Қазақстан аумағында теңге енгізіліп, Ұлттық валютамыз әлемдегі ақша айналымына қосылды.

Егемендіктің елең-алаң шағының үлкен саяси белестері бар. Ол Қазақстан Қарулы Күштерін құру, жана тұрпаттағы Сыртқы істер министрлігін жасақтау, егемен елдің Конституциясын жасау және қабылдау, әлемге тарыдай шашырап кеткен қандастарымызды туған жерге шақыру сияқты ұланғайыр жұмыстар

атқарылды. Бұл оңайлықпен келген жоқ, оңайлықпен жүзеге асырылған жоқ. Оны оқырман осы тараулардан біле алады.

Кеңес Одағы тұсында Қазақстан ядролық сынақтар алаңына айналып еді. Бірінші атом бомбасы да Семей полигонында жарылды. Одан кейін де қаншама жарылыстар болды. Қазақ адам төзгісіз экологиялық апатқа тап болды. Бірақ, туған жерін, кіндік қаны тамған жерді қазақ тастай ала ма? Полигон зардаптарын көре жүріп, халық сол өңірде өмір сүрді. Жер, ауа ғана емес, адамдар мен малдар да сол сынақ нысанына айналғандай. Гендік өзгеріске ұшыраған мал мен жан ше? Не істеу керек? Осы кезеңде акын О.Сүлейменов құрған «Семей-Невада» қозғалысы жұмысын бастады. Бірақ, бұл мәселелер алаулатып-жалаулатқан шерулермен шешілмейтін. Бұған тек қана саяси шешім қажет еді. Сол шешімді ел Президенті 1991 жылдың 29 тамызында жариялады. Өз Жарлығымен Н.Ә.Назарбаев Семей полигонын жапты. Бұл кезде Одақ әлі «тірі» еді. Орталық омақаса құлады. Мұндай шешімге келу үшін жүрек қана емес, білек те, тілек те қажет-тін. Сондықтан да, Н.Ә.Назарбаевтың Семей полигонын жабуы әлемде теңдесі жоқ оқиға болды.

Кітапта Семей полигоны неге таңдалғаны жөнінде құнды ақпарат бар. Осы күнге дейін мұның саяси астарын бағамдағанмен, геофизикалық-географиялық астарын білген емеспін. Және ондай ақпаратты бұрын-соңды оқып көрмеппін. Білсе, миллионның бірі білген шығар. Осы себептен «Өмір өткелдеріндегі» деректі оқырман назарына ұсынамын.

«...ең бастысы – болашақ полигон орнының алып құрлықтың ортасында болуы. Нақты айтқанда, полигон тұрған жер Тынық мұхит жағынан да, Солтүстік мұзды мұхит жағынан да, Еуропа беттегі НАТО әскери кешендері жағынан да ең қашық жерде, континентаралық ядролық зымырандар жете алмайтын жерде болуға тиіс еді. Әлемдік мұхиттарда атом сүңгуір қайықтарының жағалауға жақындап келе алатыны, кемеден ядролық зымырандарды ата алатыны белгілі. Семей жері полигон үшін солай таңдалған. Мұның өзі баяғы Наполеонның «Елдің саясаты үшін оның тарихынан да гөрі географиясы көбірек маңызды» деген сөзінің дұрыстығын көрсетеді. Мәскеудегілер осындай ойдың өзін

халықтан жасыратын. Ондағылар бұл жер Кеңес Одағының ең адам аз қоныстанған жері еді, оның үстіне негізгі коммуникация желілерінен оншалықты қашық емес еді деген сияқты сөздерді алдымен көлденең тартатын. Сөйтіп, облыс орталығынан небәрі жүз елу шақырым жерді таңдап алыпты.

...Ядролық жарылыс жасалатыны жөнінде сондағы халыққа ескерту 1953 жылдан ғана басталған. Соған дейін, яғни, тұтастай төрт жыл бойы адамдарға алдын ала хабарлау да, оларды жарылыс орнынан алыс жерге уақытша алып кету де ойластырылмаған. Әсіресе, алғашқы жарылыстың зардабы ерекше болған. Радиоактивті заттектер сол маңайдағы барлық елді мекендерді жауып қалған. Не болып, не қойып жатқанынан атымен хабары жоқ ауылдардағы тұрғындар радиациялық сәуленің өте үлкен дозасын алған. Сұмдық емес пе?».

Иә, сұмдық... Сол сұмдықтың үнін жапқан Н.Ә.Назарбаевты қалай ұлтжанды, басын бәйгеге тіге алатын тұлға демеске?! Енді, Абай, Әуезов, Шәкәрім, Қозы Көрпеш-Баян сұлу, Еңлік-Кебек елінің тыныштығын бейбітшілік, келісім бесігі тербетіп тұр. Бірақ, бұл оңайлықпен келген жоқ. Сынақ жабылғанмен мол ядролық қаруды не істеу керек? Міне, осы тұста Н.Ә.Назарбаевтың нағыз кемел саясаткерлігі көрінді. Ол Қазақстанның ядролық қарудан бас тарту үшін, ядролық қаруы бар елдердің Қазақстан қауіпсіздігіне кепілдік берілуін талап етті. Міне, осындай ядролық державадан бас тарту мәселелерінің қалың жұртқа мәлім-беймәлім тұстарын білгісі келетін оқырманды осы тарауларды талдап оқуға шақырамын.

...«Өмір өткелдерінде» Президент пен Жоғарғы Кеңес арасындағы «кикілжін», «текетірес» деген теңеулерге толы мақалаларға, пікірлерге де жауап алуға болады. Жоғарыда Жоғарғы Кеңестің XIII шақырылымы туралы, ондағы жұмыс барысы туралы оқырманды хабардар еткенмін. Дегенмен, күні бүгінге дейін оппозициялық басылымдарда сол кезеңнің саясат «серкесі» Серікболсын Әбділдиннің мақалаларында, сұхбаттарында басы ашылмаған мәселелер туралы көптеген пікірлер айтылып жатады. Осы кітапта Н.Ә.Назарбаев саяси біліктілік, қазақы азаматтық ұстаным танытып, аға жағасына жармаспай, сол «текетірес» ту-

ралы байыпты ой қозғайды. Мәселе жаңа Конституциядағы Президенттің, Парламенттің, Үкіметтің құзіретіне байланысты туындағаны белгілі. Бақсақ, келіспеушілік мында екен...

«...Қазақстанның бүкіл халқы атынан билік жүргізуге республика Жоғарғы Кеңесі мен Президентінің ғана құқы бар екенін жазу арқылы Парламент елдің сипатын парламенттік-президенттік республика түрінде белгілеген болатын. Бұл арада мәселе «Кім бастық?» дегенде емес. Мәселе, Жоғарғы Кеңестің Президентке және Үкіметке реформаларды, әсіресе, экономикалық сипаттағы реформаларды жүргізу ісінде кедергі келтіретін орынсыз кең биліктілігі жөнінде. Мұны кейінге қалдырмай шешу керектігіне көп ұзамай-ақ көзім жетті. Ол кездегі ай сайын құбылып тұрған экономикалық күрделі жағдай кей заңдарды шұғыл қабылдауды қажет ететін...»

Расы осы. Мен сол кездегі Жоғарғы Кеңес депутаты ретінде Президент сөзін растаймын. Сондықтан да, көзіқарақты оқырманды сол күндердің қарым-қатынасын, саяси күштердің ара салмағын білу үшін Н.Ә.Назарбаев кітабының осы тұстарына кеңірек назар аударуға кеңес берер едім. Бәрін білгің келеді. Бәрінен хабардар болғың келеді. Тәуелсіз елдің бекемдігі оның шекарасының мықтылығына байланысты екендігі даусыз. Мұны Н.Ә.Назарбаев қадап айтады.

«...тәуелсіз елдің басты белгісі – заңды түрде белгіленген өз территориясы болуы. Бәрі де осыдан басталады. Демократиялық қағидаттар халықаралық қарым-қатынастарда орныға қоймаған өткен замандарда бір елдің бір елге басып кіруі, сол жерді өз иелігіне айналдыра салуы қалыпты жайға айналып кеткен. Есте жоқ ескі кезеңдерді қозғамай-ақ қояйық, бергі уақыттың өзінде шекаралас елдердің арасында жер үшін қаншама қанды қырқыс болғанын білеміз. Сондықтан да, мен 1992 жылдың өзінде-ақ, Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болғаннан кейінгі Бас Ассамблеяның алғашқы сессиясында қалыптасқан шекараларды қайта қарауға шақырудың қандайлық зардаптары болуы мүмкін екенін айтқан едім».

Иә, шекара мәселесі оңтайлы шешілді. Бірақ бұл оңайлықпен келген жоқ. Атақ-

ты жазушы Солженицынның, Ресей Думасының депутаты Жириновскийдің сөздері әлі ұмытыла қойған жоқ. Осы ретте бүгінгі Сенат төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөзі кітапқа өте икемді кіргізілгенін ескерте кеткім келеді.

«...Ұзындығы 13 мың шақырымнан артық мемлекеттік шекараны делимитациялау мен демаркациялау – Елбасымыздың стратегиялық тұрғыдан ойлау қасиетінің тағы бір дәлелі. Шекараның халықаралық-құқықтық тұрғыдан ресімделуі және Қытаймен, Ресеймен, Өзбекстанмен және басқа да көршілес елдермен шарттарға қол қойылуы әлемдегі қазіргі жағдайды ескере келгенде жер көлемі бойынша дүниежүзіндегі тоғызыншы орында тұрған біздің мемлекетіміздің аумақтық тұтастығы мен қауіпсіздігі тұрғысынан ерекше маңызға ие. Тәуелсіздік алғаннан кейін-ақ Президент дипломатиялық қызметтің алдына стратегиялық тұрғыдан маңызды міндетті – шектес мемлекеттердің бәрімен шекаралық шептерді анықтап, құжаттау міндетін қойды. Нұрсұлтан Әбішұлы бұл міндетті қойып қана қойған жоқ, бұл жұмысты өзі басқарды, әрбір детальға мән беріп, жоғары деңгейдегі келіссөздер кезінде табандылық танытты, әр мәселе бойынша біздің көзқарасымызды сенімді түрде негіздеп отырды. Шекараны делимитациялау ісінің аяқталуының Қазақстан үшін маңызына сөз жетпейді.

...Сыртқы саясат – толықтай Мемлекет басшысының құзыретіндегі іс. Президенттің бұл салаға жасаған қамқорлығының арқасында тәуелсіздіктің таңсәрі шағында-ақ Қазақстанның дауысы барлық көпжақты форумдарда естіле бастады. Кеңестік кезеңде Қазақстанда дипломатия іс жүзінде болмаған да еді. Республикалық СІМ тек консулдық және хаттамалық шаруаларды ғана атқаратын. Тәуелсіз мемлекеттің Сыртқы істер министрлігі Қазақстанның Сыртқы саясат тұжырымдамасының негізгі қырларын талдап-жасау барысында ең алдымен Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» атты іргелі еңбегінде Президент елдің сыртқы саясатының бағыттарын да айқындап берген болатын».

«Дәуір тудырған Елбасы»,
«Егемен Қазақстан», 2014, 4 шілде».

Бұл сөздерге 100 пайыз қосыламын. Өйткені, Қазақстан мен Өзбекстан, Қазақстан – Қырғызстан, Қазақстан – Қытай шекараларының географиялық нүктесін анықтау жөніндегі заң жобаларын Парламент Мәжілісінде жүргізген депутат едім. Президент «қазақтың бір шаршы метр жері шетке кетпесін» деген талап қойды. Және соған өзі бар күшін салып қорғады. Үлкен саясатта келісімдер болып тұрады. Бірақ, ол ел мүддесіне қайшы болмауы тиіс. Өзбекстанмен жер алмасуы болды, бірақ одан қазақ мемлекеті еш ұтылған жоқ. Өйткені, айырбасқа қазақтар жиі қоныстанған шекаралас елді мекендер тең көлемде алмастырылды. Сол күндерде Парламентте қас қарайғанша жатып жұмыс істеген марқұм Мұрат Атановты, Жер комитетінің сол кездегі төрағасы Бақыт Оспановты ерекше ілтипатпен еске аламын.

Тіпті, мына дерек те оқырманды бей-жай қалдырмас. Ұмытпасам, 1996 жыл еді. Мәскеуде, Кремльде Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев пен Ресей Федерациясының Президенті Б.Н.Ельцин арасында келіссөз жүрді. Таңертеңнен басталған келіссөз қас қарая бітті. Небір алып-қашпа сөздерді естідік. «Қазақстан мен Ресей мемлекеттері арасындағы қалыптасқан мәселеде екі ел Президенттері бір шешімге келе алмапты» деген сөз тарады. «Комсомольская правда» газетінің тілшісімен жастар баспасөзінде қызмет істеген жылдары таныс едім. Соның аузынан естідім. Біз күні бойы Кремльде саудырап жүрдік те қойдық. Бір кезде қос Президент журналистерге шықты. Мен «Егемен Қазақстанның» бас редакторы едім. Бірінші болып сұрақ қойып үлгердім.

– Сіздер күрмеуі қиын жіптің түйінін шеше алдыңыздар ма?

Борис Николаевичке бұл сұрақ ұнаған болуы керек.

– Қазақстанның Нұрсұлтан Назарбаевтай табанды Президенті болса, мәселе шешілмей қалушы ма еді? Шештік. Енді біз «нольдик» жағдайда жұмыс істейміз.

Дуқол шапалақталды. Бұл Қазақстанның Ресейге, Ресейдің Қазақстанға берешегі жоқ, шекарасы да осы қалыпта қалады деген сөз еді.

– Борис Николаевич бәрін айтты ғой,

– деп Н.Ә.Назарбаев Қазақстаннан барған журналистермен қол алысып амандасты. Бұл Президенттің де, біздің де бақытты шағымыз еді...

Сыртқы саясат – ел Президентінің ең басты жұмыс бағыты. Мемлекеттің ішкі және сыртқы саясаты үйлесім тауып жатқанда ғана кез келген мемлекеттің әлемдік саясаттағы орны айқындалатыны белгілі.

Н.Ә.Назарбаев болашақты болжайтын, өткенді ойлайтын ірі саяси тұлғаға айналды. Оның сөзіне Батыс пен Шығыс, Еуропа құлақ түреді. Терезесі тең, керегесі кең Қазақ елі тыңнан түрен жол салды. Қазақтың есіктегі басы төрге шықты. Бұл қалай мүмкін болды?! Мұны бағамдау үшін Н.Ә.Назарбаевтың «Өмір өткелдері» кітабының «Сыртқы саясат соқпақтары» бөліміне соқпай кете алмайсыз. Өйткені, бұл Қазақстанның сыртқы саясатының шарықтау шегі ғана емес, бағамдар тұсы да. ЕҚЫҰ-ға жетекшілік ету ілуде бір мемлекеттің басына ғана қонады. 55 жылда бір айналып келетін жетекшілікке әлемнің қай мемлекетінің қолы жете береді?! Ал, Астана саммиті Қазақстан Сыртқы саясатының үлкен жеңісі ғана емес, толайым табысы да болды.

1999 жылы Н.Ә.Назарбаев БҰҰ мінберінен АӨСШК шақыру туралы бастама көтерді. Ол Азия құрлығындағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталды. «...АӨСШК-ні құруға бастамашылық ету арқылы біз осы заманғы сынақтарға қарсы тұрудың жаһандық жүйесінің ажырағысыз бөлігін жасауға шешуші үлес қостық» – деген сөздердің астарында қаншама мағына бар. Бейбітшілік, келісім деген ұғымдарды жаһандық жанжалдарды көргенде түйсіне түсесің. Азия – үлкен құрлық. Жер шары халқының жартысы осында тұрып жатыр. Қазір Н.Ә.Назарбаев ұсынысымен құрылған бұл беделді халықаралық ұйым 21 елдің басын біріктірді. Проблемалары да аз емес. «Жалғыз Ауғанстан проблемасының өзі жетеді», деген Н.Ә.Назарбаев сөзінің астарында жаһандық көкейкесті мәселелер тұр.

Еуразиялық экономикалық одақ идеясы бұл күнде іс жүзіне асты. Мұны бұра тартып жүрген топтар да аз болған жоқ. Ал, шындығында бұл Одақ Қазақстан нарығына сыртқа шығу мүмкіндігін берді. Қазақстанның ішкі нарығы байыды. Өнім

сапасы артты. Бәсекелі орта қалыптаса бастады. Осы идеяның Ұлыбританияда басталып, Мәскеуде өрнектеліп жүзеге асу жолындағы іркілістері мен үдерістері туралы Президент өзі әңгімелейді. Сол қалтарысы көп саясат жолындағы атқарылған істер Елбасының имиджін ғана емес, Қазақстанның әлемдік имиджін қалыптастырды. Бұл да оқырманды бейжай қалдырмасы анық. Мұны Президент сөзімен түйіндейік: «...мемлекетіміздің алдынан 170 миллион адамдық байтақ нарық ашып беретіндігінің өзі оның болашағы жарқын екенін көрсетеді».

Лайым солай болсын!

Қазақстан жолы қандай жол? Президент сөзімен айтсақ, «Тар жол, тайғақ кешу». Неге? Осы сауалдар қызықтырып отырады. Сондықтан да, бұл жол «Нұрлы жолға» қалай апарады? Қандай мәселелерді зердеге тоқу керек деген оймен бұл тарауды да зер сала оқып, мынандай ойға келдік. Мұнда Н.Ә.Назарбаев Қазақстанның тәуелсіздік жылдарындағы бес өзекті жолын сипаттайды.

«Біріншіден, кітапты оқи отырып, жастар мемлекеттік стратегия ұстанымдары қалыптасуының, сондай-ақ, өз бетінше және экономикалық тұрғыдан белсенді әрекет етуге қабілетті азаматтың тұлғалану барысын қадағалай алады. **Екіншіден**, онда шешім қабылдаудың президенттік сатылас биліктің бюрократияның күні өткен және басы артық буындарынан арылатындай тиімді жүйесінің эволюциясы мен осы жолдағы ұдайы ізденіс туралы әңгімеленеді. **Үшіншіден**, егемен Қазақстанның жүріп өткен жолы бір кезде аса ірі әлемдік державаның шет аймағы саналған елдің дағдарыстан шығуының жарқын мысалы. **Төртіншіден**, ол кітап елдің экономикалық өсу үрдісін қолмен қойғандай айқын көрсетеді. **Бесіншіден**, кітапта адамдардың жеке қарым-қатынастарының кейбір хикаялары да өз көрінісін тапқан». Міне, осы сауалдарға Н.Ә.Назарбаев ерекше ыждағаттылықпен жауап береді. Бүкіл Қазақстанның мемлекет ретінде қалыптасуының биіктері мен белестері, еңістері мен етектері туралы бүкпесіз әңгімеленеді. Бұл сыйласу мен сырласудан тұратын өмір өткелдері емес, өмір сабақтары.

Шикізатқа тәуелділіктен құтылу, жеке-

шелендіру саясаты тұсындағы карама-қайшылықты жою, нарық реформасының тайталасы, зейнетақы реформасының орнығуы, Ұлттық қор құру идеясы және оны жүзеге асыру жолдары туралы жүрекжарды сөздер ешкімді бей-жай қалдырмайды. Осы жолдарды саралай, сараптай келе, Н. Ә. Назарбаев мынандай түйінді ойға келеді:

«Осының бәрі – өмір. Онда жақсы да болады, жаман да болады. Бірақ, өмірде жамандықтан жақсылық көп. Анағұрлым көп. Өмірде жаман адамдардан жақсы адамдар көп. Анағұрлым көп. Соның арқасында өсіп-өніп, өркендеп отырмыз. Маған жамандық ойлаған адамдардың өзіне кекшілдікпен қараған кезім жоқ. Олардың көбін мына өтпелі кезеңдегі өткінші жағдайлар адастырды деп ойлаймын.

Бәріне салауат. Ең бастысы – ел аман, жұрт тыныш. Еліміз әлемдік көштің кеуде тұсына ілігіп келеді. Көшіміз көлікті бола берсін деп тілейік».

«Өмір өткелдері» – өнегелі өмір жолы. Кітаптың қорытынды бөлімі. «Астана – елдік ерлігі» деп аталуы бірден көңілге қонымды екенін айтуға тиіспіз. Мен осы идеяның алғашқы күндерінен бастап Астанаға айналған сәтінің куәсімін және қатысушысымын.

...XIII шақырылған Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің кезекті мәжілісі еді. Бұл 6 шілде болатын. Президенттің туған күні. Спикер – Ә.Кекілбаев. Мәжіліске Н.Ә.Назарбаев келген. Ол Астананы Алатаудан Сарыарқаға көшіру жөнінде Жоғарғы Кеңестен келісім сұрады. Талас басталды да кетті. «Сұрықсыз», «жері сортаң», «масасы қаптаған» ең далада қала салуды бюджет көтермейді. Талай сөздер айтылды. Қатты кеткендері бар, жұмсақтап, «бәрібір жүзеге аспайтын жоба», қолдайық» дегендер де табылды. Бір депутат: «Бүгін Президенттің туған күні ғой. Сыйлық болсын, қолдайық, бәрібір Астана ширек ғасырсыз көшпейді», – деді. Оның алдында Президент: «Астананы салуға бюджеттен бір тиын да шықпайды», деп мәлімдеген еді. Осылай дауысқа салып, Жоғарғы Кеңес Президент Н.Ә.Назарбаев ұсынысын қолдаған болатын.

...Ақмола еркін аймағы қоры құрылды.

Оған 20 миллион доллардай ақша жиналды. Инвестиция тартылып, астана құрылысы басталып кеткенін білеміз. Астана салу, оны орныққан Алматыдан көшіру неге қажет болды? Н.Ә.Назарбаев кітабынан:

«...Астана – елдің болашаққа салған көпірі. Жаңа қоғамның символы. Біз іс жүзінде жаңа мемлекет орнатуды астанамызды жаңадан салудан бастадық десек те артықтығы жоқ.

Жаңа қоғамды жаңа идея ғана құра алады».

Иә, идея жүзеге асты. Қазақстан Президенті ресми сапармен көк континент – Австралияға барды. Сол топтың ішінде болдым. Бұл континент өз тарихында 4-5 рет астанасын ауыстырған екен. Мельбурн, Сидней. Канберра қаласына келгенде бәріміз таңқалдық. Гүлге оранған шағын қала екен. Президенттен сұхбат алып тұрғанмын.

– Біздің жаңа астанамыз да осындай гүлге оранған көкжелек қала болады, – деді де Президент сұхбатын үзіп, Үкімет басшысына хабарласты.

– Астананы Ақмолаға көшіруді бастаңдар!

Ұлы көш басталды.

Ақмола атауы да көп талқылауға ұшырады. «Мола» деген сөзден бәрі қашты. Газеттер жамырай жазып жатты. «Ақмол», «Бозақ» болсын дегендер де табылды. Бұл пікірталасқа да Н.Ә.Назарбаев өзі соңғы нүктесін қойды. Мен Республикалық ономастика комиссиясының мүшесі едім. Бразилияның астанасы – Бразавиль. Қазақстан Астанасы Астана болсын. «Құлаққа жағымды, шетелдік азаматтардың айтуына да жеңіл», деген Н. Ә. Назарбаевтың сәлемін алдық та, бір кісідей дауыс бердік.

Қазақстан елордасы – Астана бүгінде Президент ойластырған әсем де көкжелек, гүлзар, сәулетіне дәулеті сай қала болды. Осы Астана төрінен Елбасы, Қазақстанның тұңғыш Президенті Қазақ елінің мәртебесін көтеріп, Қазақстан халқының абыройын асқақтатып, қызмет етеді. Тәуелсіздік туы Астана төрінде желбіреп тұр. Астананы Алматыдан көшірудің саяси-стратегиялық мәні бар екенін бәріміз Н. Ә. Назарбаевтың:

«Ашығын айтайын, бұл шешімнің біздің ұлттық қауіпсіздігімізге тікелей қа-

тысы бар. Мыңдаған жылдар бойы ата-бабаларымыз мекен еткен қасиетті қазақ жерінің бір бөлігін – аяулы Сарыарқаны саяси саудаға салып, дарқан даламызды дау-дамайға айналдырғысы келетіндер бар кезде, солтүстіктегі шұрайлы өңірге суық көзінің сұғын қадайтындар бар кезде біз мына жылы жерде, әсем қала – Алматыда тыныш отыра алмас едік.

Біз Алатаудың бауырына сыймай кеткен жоқпыз, қайта жер жәннаты Жетісуды қимай-қимай кеттік. Тарихтың қатал талабы осындай», – деген сөздерінен кейін ғана ұққандаймыз. Ал, баяғыда Жоғарғы Кеңесте байбалам салған көп қайраткер қазір Астанада тұрады, қызмет істейді. Олардың көзқарасын өзгерткен де Президенттің ерік-жігері, болашақты болжайтын қасиеті.

«Қаланы мемлекет салады, ол идеяны құрылысшылар орындайды, архитекторлар, зауыттар, тағы басқалар жұмылады бұл іске. Бірақ, оны іске асыру үшін бір адам – елдің басшысы бар жауапкершілікті өз мойнына артып, табандылық пен жігер көрсетуі керек. Астана ауыстыруға тоқтағанда қандайлық тәуекелге бел байлағанымды айқын түсіндім. Осы шешімім арқылы мен өмір бойы жинаған абырой-беделімнің бәрін де бәйгеге тігетінімді анық ұқтым. Бұл идеямның жүзеге асырылуы көңілдегідей шықпаған жағдайда бүкіл өмірімнің бәсі басқаша бағаланары талассыз еді. Ел тағдырына эксперимент жасауға болмайды. Бәрін де жеті рет емес, жетпіс жеті рет өлшеп барып, бір-ақ кесуге тура келеді. Мен сол қадамға тәуекел еттім».

Міне, кітаптың соңғы парақтары оқылды. «Өмір өткелдері» өзімнің де ширек ғасырлық ғұмырыма саяхат жасатқан тәрізді. Мен Президенттің ашық әңгімесінің біразын ғана ақ қағазға сыйдырғандаймын. Мұнда қаншама деректер бар десеңші! Кітап шынайылығымен баурап алады. Өйткені, Президент жазған алып өзгерістерді өзіміз көрдік, куәсі болдық. Түркі әлемінің ақсақалы атанып, әлемдік саяси лидерлер тобының алдында тұрған Н. Ә. Назарбаевтың «Өмір өткелдерінде» ізгілік ізі жатыр. Құрыштың қалай шыныққанын жүрекке тоқыдық.

ЕЛБАСЫҒА ДЕГЕН ЕЛ СЕНІМІ

Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ, тарих ғылымдарының докторы, профессор
Алмагүл ҚҰРМАНБАЕВА, филология ғылымдарының кандидаты,
доцент

Жарқын болашағына берік сенімді, халқының мығым қолдауына ие болған ел ғана алдына әрдайым үлкен міндеттер қоя алады. Біздің еліміздің көшін Нұрсұлтан Назарбаев ширек ғасырға жуық алға бастап келеді. Соның нақты көрінісін кезектен тыс президенттік сайлаудың нәтижелерінен анық көрдік. Елімізде ерекше жаңа серпін бар. Президент сайлауы ел-жұрттың бұрын-соңды болмаған қуатты қолдауы арқылы өтті. Алматыда Республикалық қоғамдық штаб жетекшісі Мұхтар Құл-Мұхаммедтің сайлауалды үгіт-насихат сөздеріне тікелей куә болдық. Ол АҚШ-тың бірнеше президенті жабылып атқарған жұмыстарды біздің Елбасымыздың жалғыз өзі-ақ атқарғанын тамаша мысалдармен келтіріп айтты. Сайлаудың қорытындысы – Елбасының сөзсіз беделінің, қазақстандық халықтың оның елімізді әлеуметтік-экономикалық жағынан дамытуға және халықаралық аренадағы беделін нығайтуға бағытталған саясатын кеңінен қолдайтындығының дәлелі.

ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының кезектен тыс өткізілген сайлауды Гиннестер кітабына енгізуімізге болады деуін – сайлауға берілген әділ баға деп білеміз. Кезектен тыс өткізілген сайлауда Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қайта сайлануы – Қазақстанның ортақ аспаны астында өмір сүріп жатқан барша халықтың тарихи әрі орынды жеңісі деп бағалауға болады. Сайлаушылардың саяси көзқарасы айқын, тұғыры нық, өздерінің азаматтық парызын, биік жауапкершіліктерін жақсы түсінеді. Екіншіден, «тұрақтылық, татулық, қоғамдық келісім» деген сөздерді Елбасы Тәуелсіздігіміздің бірінші күнінен бері танбай айтып келе жатқанын білеміз. Осы бір қарапайым сөздердің мәні мен маңызын, ақиқаты мен шындығын қазақстандықтар әрдайым дұрыс түсініп, тереннен пайымдаған. Оған себеп – шет елдердегі және көрші мемлекеттерде болып жатқан алуан оқиғалар екені даусыз.

Украинадағы қантөгіс қазақстандықтарға, әсіресе, қазақ ағайынға барынша үлкен сабақ болғандай. Украина мен Ресейдің түп-тарихы бір арнадан бастау алады. Алайда ұлт араздығы екі елдің арасын бордай тоздырды. Бұл жағдай – біздің азаматтарды татулықпен тұрақтылықтың қадірін жете түсіруге итермеледі, өрепкіген талайды сабасына түсірді, ойланбай жүргендерге ой тастады. Тәуелсіздік те, елдің тағдыры, жердің тұтастығы да – ұстараның жүзіндей нәзік мәселе. Бұған халықтың көзі әбден жетті. Өткен сайлау қазақстандықтардың, оның ішінде қазақ ұлтының біртұтас ұлт болғандығын толық көрсете білді. Өйткені, осы сайлауда қазақстандықтар бұрын-соңды болмаған саяси белсенділік танытып, сайлау учаскелеріне барып, Елбасы Н. Назарбаевқа өз таңдауларын жасады.

Халық өзінің Елбасын дұрыс таңдауымен ұлтының тағдырын айқындайды, отбасының амандығын, ұрпағының бай-қуатты келешек өміріне сеніммен қарайды. Тәуелсіздік қолымызға тигелі бері Елбасы «Тәуелсіздікті сәт сайын, сағат сайын қорғауымыз керек» деген сөзді шегелеп айтып келеді. Елбасының дана да көреген басшылығы, сарабал саясаты біздің мемлекетіміздің тұрақтылығы, серпінді экономикалық даму үрдісі дұрыс бағытта келе жатқандығымызды көрсетеді. Осыған дейін жеткен жетістіктеріміздің, алған асуларымыздың барлығы Елбасының көреген саясатының арқасы. Алдымызда атқарылар істер мен алар асуларымыз одан да зор. Осы жолда біз тек Елбасымен бірге жеңіске жететіндігімізге кәміл сенемін. Татулығымызды әлемге тағы бір рет паш етіп, мемлекетіміздің Президентін ұйымшылдықпен сайлап алдық. Халық бірауыздан Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа дауыс берді. Халық тұрақтылықты, бейбітшілікті, орнықты дамуды қамтамасыз етіп келе жатқан Нұрсұлтан Назарбаевты қолдады. Біздің халқымыз «Басшы – біреу, қалғаны – тіреу» деген ұғымды ұстанып келеді. Сайлау бары-

сында халқымызға ел бірлігінен өзге ештеңе керегі жоқ екені түсінікті болды. Қазақстан Нұрсұлтан Назарбаевтың көшбасшылығымен Тәуелсіздіктің 24 жылында бір ғасырға татырлық табыстарға қол жеткізді. Саликалы саяси және экономикалық бағыт Қазақстанға әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің көшбасшысы болуға жол ашты. Татулық пен келісімнің, толеранттылық пен бірліктің қазақстандық моделін бүкіл дүниежүзі ең үздіктердің бірі ретінде таниды. Мемлекет басшысы қоғамды өз төңірегіне топтастырып, барлық ресурстарды жұмылдыра отырып, елді алға қойылған мақсатқа – дамыған экономика мен қазақстандықтардың игілігіне дәйекті түрде бастап келеді.

Үстіміздегі жылдың 29 сәуірінде Қазақстан Президентін ұлықтау рәсімінде Мемлекет басшысы аса маңызды мәселелер көтерді. Елбасының сайлауалды бағдарламасында көрсетілген бес институционалдық реформаны жүйелі түрде жүзеге асыруға қатысты ауқымды міндеттер күн тәртібіне шығарылды. Енді, біз соларды орындауға барлық күш-жігерімізді жұмсауымыз қажет. Президент қазіргі жаһандық сын-қатерлерге қарсы күресуге, соны еңсеруге, 30 дамыған мемлекет қатарына кіруімізге жол ашатын Ұлт жоспарын түзу қажеттігін алға тартып отыр. Бұл бағытта нақты жұмыстар қазірден басталып та кетті. Алдағы 10-15 жылға арналған осы жоспарды орындау үшін тек Үкімет, мемлекеттік органдар ғана емес, бүкіл халық атсалысу керек. Қазіргі таңда комиссия құрылды. Енді, Ұлт жоспары бекітілсе, Қазақстанның тынысы ашыла түседі. Өзіміздің алдымызға қойған орасан өршіл міндет – алдыңғы қатарлы 30 мемлекеттің қатарынан көрінсек деген мақсатқа ел-жұрт болып жұмылғанда ғана қол жеткізе аламыз. Қазақстан халқы барлық әлемге бірліктің, топтасқандықтың және өз Көшбасшысына шынайы берілгендіктің үлгісін паш етті. Бұған тандануға болмайды. Себебі, Мемлекет басшысы жүргізіп отырған саясаттың нәтижелері қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған. Әлеуметтік саланың дамуы әркез ел Президентінің ерекше бақылауында болып келеді. Жаңа балабақшалар, мектептер, ауруханалар жүйелі түрде ашылуда. Қолжетімді баспана құрылысы жөніндегі бағдарлама іске асырылуда. Елде барлық экономикалық көрсеткіштер тұрақты өсуде. Бұл өз кезегінде қазақстандықтардың өмір дәрежесіне оң ықпалын тигізуде. Елде индустриялық-инно-

вациялық дамудың қуатты бағдарламасы іске қосылып, оның шеңберінде жүздеген жаңа кәсіпорын ашылды және жүздеген мың жұмыс орындары құрылды.

Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан Республикасы Президенті лауазымына кірісу рәсімінде сөйлеген сөзінде көрсетілген бес ауқымды ішкі міндет бәрімізге ортақ жоғары жауапкершілік жүктейді. Оны іске асыруға лайықты үлес қосуға белсене атсалысу әрқайсымыздың азаматтық парызымыз болуға тиістігі анық. «Қазақстан-2050» Стратегиясын, «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» Жолдауын халық жақсы біледі. Осы бағдарламалардың аясында нақты-нақты алып жобалар да жүзеге асырылуда. Елдің экономикасын көтеру, әлеуетін, рухани құндылықтарын күшейту, тұрмыс жағдайын көтеру бағытындағы ұзақ мерзімді жоспарлары қандай тамаша! Осы арқылы ол халықтың сапасын, санасын көтеруді мақсат етіп отыр. Осы сөздерден кейін біз «Қазақстан-2050» Стратегиясы мен «Нұрлы Жол» бағдарламасының мақсат-мүддесін тереңірек ұғына бастадық. Сайып келгенде, соның бәрі Мәңгілік Ел идеясын жүзеге асырудың қадамдары. Қазақстан осы өтпелі кезеңде қазақ мемлекетін толық құра алды, бүкіл мемлекеттік институттарын толық орнықтырды. Қазақстан халқы толыққанды біртұтас ұлт ретінде қалыптасты. Сондықтан да, енді алдағы реформаларға көп нәрсе байланысты. Қазақстандықтардың әлеуметтік жағдайын жақсарту үшін Елбасы ұлықтау рәсімінде сөйлеген сөзінде айтқанындай, бірінші кезекте орта таптың жағдайын жасау қажет. Мемлекет басшысы Қазақстанның дамыған 30 елдің қатарына енуі үшін «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы мен «Қазақстан-2050» Стратегиясына, «Нұрлы Жол» бағдарламасы мен «Бес халықтық реформаға» басымдық берілетінін атап өтті. Елбасы бұл жолда мамыражай тірлік болмайтынын, ырғалып жырғалудың жөні жоқтығын, алдағы дамуымызға әлі бес жаңа сыртқы сын-қатерлер қауіп төндіріп отырғанын да жасырмады. Болашақтағы ел алдында тұрған бес ауқымды ішкі міндеттердің тінін тарқата баяндап берді. Соқырға таяқ ұстатқандай анық та айқын бағыт-бағдар белгіленді. «Біріншіден, бізге тұрақтылығымыздың тірегі ретіндегі орта таптың үлесін ұлғайтып, бизнесті дамыту және елге орта табысы бар тұрғындарының

саны басым мемлекет болуға көмектесу керек», – деп атап көрсетті Президент. Бұл қазірдің өзінде біршама қалыптасып қалды. Қазір еліміз ТМД, Орталық Азия шеңберінде ғана емес, сонымен бірге, әлемдік өркениеттің бел ортасынан лайықты орнын ойып алған қуатты мемлекетке айналды. Бұған, әрине, Елбасының көшбасшылық, саясаткерлік, реформаторлық қасиеттері алдымен себепкер болса, ең бастысы – еліміздегі тұрақтылық пен бірліктің оң әсер еткені және даусыз. Жастарымыз еліміздің, тіпті, әлемнің ең озық оқу орындарында жоғары білім алып, отандық экономиканы өркендетуге лайықты үлесін қоса бастады. Мұның бәріне еліміздің басты байлығы – тұрақтылықтың арқасында қол жеткізіп келеміз. Ал, тұрақтылығы шайқалған, ауызбірлігіне сына қағылған елдердің әлеуметтік-экономикалық ахуалының күрт нашарлағанын көру үшін алысқа шапқылаудың қажеті шамалы.

Нұрсұлтан Назарбаев: «Біз қысқа мерзімде өте көп жұмыс атқардық. Бүгінде Қазақстан – Орталық Азиядағы экономикалық көшбасшы. Бірақ, тоқтауға болмайды. Реформалар ұлттық экономиканы білімге негізделген озық экономикаға айналдырады», деді. Бүгінде елімізде барлық мүмкіндік бар. Біліктілік пен кәсіптік деңгейі өскен сайын әрбір қазақстандықтың өз елінің игілігі үшін жұмыс істеуіне толықтай мүмкіндігі бар. Отбасының бірлігі – Отанның бірлігі. Отан – отбасынан басталады десек, небір асылдарымыздың бастау көзі де осы отбасынан басталады. Бұл жөнінде Мемлекет басшысы: «Отбасы – Қазақстан қоғамының діңгегі, экономикадағы, мәдениеттегі, әлеуметтік саясаттағы барлық жаңа жетістіктерінің негізі. Табандылық, еңбексүйгіштік, туған жерді қастерлеу, үлкенге құрмет және қонақжайлылық сияқты халқымыздың ең жақсы рухани-адамгершілік құндылықтары берік отбасылық дәстүрлер арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді» деген еді. Қазақстан Қаржыгерлер қауымдастығының төрағасы Серік Аханов Нұрсұлтан Назарбаевты отандық қаржы-экономикалық жүйесінің басты архитекторы деп атады. Сондай-ақ, Елбасының сарабал саясатының арқасында Қазақстанның қаржы-экономикалық жүйесі бүгінде әлемдегі ең мықтыларының бірі болып табылатынын, осы себепті жаһандық дағдарыстың аса ауыр салдарларына төтеп

бере алып отырғандығын атап көрсетті. Қазақстан халқының таңдауы өте орынды әрі түсінікті. Елбасының саяси бағыты барлық азаматтардың жанына, жүрегіне өте жақын. Әлеуметтік-экономикалық реформалардың көрнекті көріністері қазақстандықтардың өмірін сапалық тұрғыдан көп жақсартты. Мемлекет басшысының этносаралық бірлік мәселелеріндегі сарабал саясаты елдің көпұлтты қоғамында татулық пен келісімді қамтамасыз етуде. **Н.Назарбаев ауқымды инфрақұрылымдық құрылыстың, әлеуметтік жаңғыртудың, бизнесті қолдаудың жоспары болып табылатын «Нұрлы Жол» бағдарламасын іске қосты. Бұл шаралар жаңа – жұмыс орындарын ашу, әлеуметтік жағдайларды жақсарту және барлық салаларда жоғары технологияларға көшу деген сөз. Қазақстанда табысты жүргізіліп отырған саяси бағыт ұзақ мерзімді келешекке арналған, ал, оны іске асыру тек Іс басындағы Президенттің ғана қолынан келеді.**

Ел Президентінің жанынан құрылған Ұлттық комиссия бұрын айтылған 5 реформаны кезең-кезеңмен жүзеге асыруды басқарып, мемлекеттік органдардың, бизнес сектор мен азаматтық қоғамның іс-әрекеттерін үйлестіретін болады. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзі өткізген кеңесте осы комиссияның құрылғанын жариялады. Ұлттық комиссияның жанынан беделді шетелдік және қазақстандық сарапшылардан тұратын консультативтік кеңес құрылатынын да Президент ұлықтау күнгі сөйлеген сөзінде атап өтті. Консультативтік кеңес халықаралық тәжірибенің озық үлгілерін пайдалануға ықпал ететін болады. Комиссия құру туралы Жарлықта оның негізгі бағыттары мен оларды қадағалауға жауапты адамдар да белгіленді. Осының өзі комиссия жұмысының нақты бағыттарын бірден айқындап берді. Әрине, халық бұл комиссияның жұмысына қолдау білдіруі керек деп ойлаймыз. Елбасының қолға алған істері тек халықтың тікелей қолдауымен баянды болып келеді. Сондықтан сайлау науқаны бізді бұрынғыдан да гөрі тығыз топтастырды, ертеңгі күнге деген сенімімізді одан әрі нығайтты. Еліміздің өскен, өркендеген, өскін жайған күндеріне бәріміз бірге куә болайық!

Ел бірлігі нығайған, ұлт бірлігі берік, мемлекетіміздің іргесі нық... Біз Елбасыға сенеміз!



Нұрмахан ОРАЗБЕК,
журналист, қоғам
қайраткері

ӨТКЕНГЕ ӨКПЕ ЖҮРМЕЙДІ

1939 - 1956 жылдары Оңтүстік Қазақстан
облысының құрамында болған
Фрунзе ауданының жылнамасы

ЖЕҢДІК ҚОЙ ЖАУДЫ...

5.11.1945 жыл. Аудан партия акти-
вінің жиналысы. Қаралған мәселе – Обл-
парткомның XIV пленумының қаулысын
орындаудың нақты шараларын белгілеу
және аупарткомның IV пленумы қаулы-
ларының орындалу барысы. Баяндамашы
Қ.Құрманбеков. Обкомның пленумы өткен.
Кемшіліктер, оның себептері көрсетілген.
Кемшіліктердің басым көпшілігі ауданда да
бар. Мына бір мәліметтерге үңіліп көріңіз.

басқаларының да солай ететінінің кұнаһары
– жоспар. Сол жоспарды орындамасақ та,
амалдап орындаған болайық дейді. Бұрынғы
жыртылған жерге бір дақылды еге берудің
сыры – онда жер жырту, тұқым себу,
отау, шабықтау жұмыстарын, тағы
басқаларын бітіру, яғни жоспарды орын-
дадық деп аз да болса құлақ тынышты
оңайырақ. Ал жоспарланған өнім, мемле-
кетке оны тапсыру жоспары орындал-
май қалса, мұның аяғы, сайып келгенде,
колхозшылардың еңбеккүніне төленетін
ақыны төмендетсе, олардың сылтауы та-
былады. Су жетпеді, жаз құрғақ болды,
астық күйіп кетті, мақта өнбей қалды,
тағысын тағылар. Ал, жаңа жер игеру-

Мақта				Дәнді егіс		
Жыл	Егіс көлемі (га)	Өнім жоспары ц	Алынғаны ц	Егіс көлемі (га)	Өнім жоспары ц	Алынғаны ц
1940	1510	9	12	–	–	–
1941	1900	10,5	15,25	5100	9	8,3
1942	2030	11	11,7	5850	11	4,7
1943	1700	10	7,3	7370	13	2,85
1944	1000	9,5	7	7093	11	3,85

Мақтадан, дәнді егістен жылма-жыл
төмен өнім алуымыздың себебі, дейді ба-
яндамашы, ең алдымен колхоз басшы-
ларының мол өнім беретін қыртысты жер-
лерді іріктеп алмай, көптен бері, үздіксіз
егіліп келе жатқан жерлерге егуі. Егіс жерін
белгілеуде колхоздағы қарт мамандармен,
колхозшылармен, аудандағы агрономдар-
мен кеңесіп отырмайды, өздері белгі-
леп, ауылшаруашылық әртелінің уставын
бұрмалап келді, егіннен мол өнім алудың
негізі жер екенін ескермеді. Суды жерге
бағындырудың орнына, жерді суға бағын-
дырып келді (Колхоз басшылары неге со-
лай етеді деген сұрақ жауабына баянда-
машы аялдамапты. Мына жалғандағы
көргендерім мен көңілден өткергендерімнен
түйгенім мынау. Колхоз басшыларының да,

ге күш керек, шығындалу керек, суаратын
арық тарту керек – жұмыс толып жатыр
– **Н.О.**). Бұл жағдайды біле тұра, «аупарт-
ком тек жер бөлімінің планын бекітіп, жал-
пылама басшылық етіп келеді», деп негізгі
кінәні өзі басқаратын органға аударады.
Мұнысы жөн, өйткені жауап берушілер де,
талап етушілер де кінәлі. Нәтиже қандай?
Әңгіме өнім туралы емес, науқандық істің
тамамдалу жайы. 1944 жылы егілген 1000
гектар мақтаның 310 гектары үш жылдан
аса егілген жерге, 203 гектары 2 жылдан
аса, 162 гектары жоңышқалыққа, 315 гек-
тары тыңайған жерге, 10 гектары ғана тың
жерге егіліпті.

Сол секілді 1944 жылы 7093 га дәнді егіс-
тің 2425 гектары тың жерге, жоңышқалық
жерге, 513-і мақталық жерге, 4140 гектары

азған, ескі жерге егілген. Кейбір колхоз басшылары шаруашылықта қыртысы құнарлы жер бола тұра, үздіксіз егіліп келе жатқан, құнары кеміген жерлерге егіп, өнімді аз алады. Солардың бірі «Октябрь» колхозы, оның басшылары Юлдашов, Шерметов 10 жыл бойы егіліп келе жатқан жерден табан тайдырмаған. 1941, 1942, 1943 жылдары 90 гектардан мақта егіп, бірінші жылы 10,89, екінші жылы 10,8, үшінші жылы 7,6 центнерден, ал 1944 жылы 50 гектар ғана мақтаның әрбірінен 6 центнерден ғана өнім жинаған. Дәнді егістің гектарынан алғаны 6,4 центнерден бастап, 2,2 центнерге дейін. «Ақтөбе», «Ворошилов» колхоздарындағы жағдай да осындай. Бұлардың бәрі аудандағы жалпы жағдай. Енді салаларға назар аударайық.

1944 жылы 7093 га дәнді егістің 4280 гектары трактормен, 2863 гектары соқамен айдалуы керек еді. Трактормен 1235 гектары, соқамен 5358 гектары айдалған. 3500 гектары трактор сеялкасымен себілу орнына 1190 гектары ғана себіліп, 5903 гектары қолмен себілген. Әр гектарға 100 кг тұқым себілуі керек, орта есеппен 82 кг, яғни 18 кг кем себілген. Ол – ол ма, «Құмайлықас» басшылары мен қарт мамандар «жеріміз күшті, тұқымды көп сепсек, егіс күйіп кетіп, өнім бермейді» деген желеумен 60 кг-нан сепкен. Мұның үстіне тұқымды трактор сеялкасымен сеппей, қолмен, Ақсай соқасының астына сеуіп, тұқым біркелкі өнбеген. 365 гектар дәнді егісті 3 рет суарудың толық мүмкіндігі бола тұра, 345 гектар бір рет, біразы екі рет су ішкен, 20 гектары мүлдем су ішпеген, 115 гектары ғана бір рет арам шөптен тазартылған да, басқасына «қол тимеген».

Егістің екі түрінің жалпы жағдайы осындай. Ал өткен, алдыңғы жылдың қортындысын бөліп айтсақ, тағы да кеуде қағудың реті жоқ. Рас, контракциялық жоспар, екі жыл қатарынан жерге қараудан кейін, мақтадан 103% орындалған. Сәл де болса көңілге демеу. Бірақ гектарынан түсім жоспары 86,6 процент қана. Судың тапшылығынан болар, мың гектар ғана егілді дедік қой. Сол мың гектардың сүдігер айдалмаған 890 гектарына шит себілген. Соның салдары – гектарынан 11,2 центнер орнына 9,1 центнер.

Мал шаруашылығының аудан абыройын арттырғанын бір емес, бірнеше рет айтқанбыз. Тағы да қайталасақ, мал

санын ұлғайту өткен жылы жалпы 103 процент көбейсе, жылқы 103,8, ірі қара 102,5, қой-ешкі 103% орындалған. Бірақ... «Ақтөбе» колхозы, оның бұрынғы басшысы Исабеков, перме бастығы Қанділлаева 14 жылқының, 11 ірі қараның, 206 қой-ешкінің орынсыз шығынға ұшырауына жол берген. Сондықтан аупартком бюросы Исабековті орнынан босатуды ұсынған. «Ворошилов» колхозында (бұрынғы председателі Абдрахманов, перме бастығы Бейімбетов) 1944 жылы 32 жылқы, 2 түйе, 41 ірі қара, 236 қой-ешкі өлген. Бюро Абдрахманов пен Бейімбетов ісін қарауды заң орындарына ұсынған. Баяндамашы айтпақшы, «орнынан босату бір басқа, заң орнына тапсыру бір басқа».

Мал санын ұлғайту шарты – ұрғашы малдың түгел шағылыстырылып, қысыр қалмауы, түгел төлдеп, оның аман өсірілуі екенін әркім біледі. «Фрунзеде» 15, «Құмайлықаста» 19, ал «Қызыләскерде» 50 бие қысыр қалған. Осындайлардың салдарынан 1944 жылы 1095 орнына 1041 құлын, 412 орнына 211 бота, 1580 орнына 1430 бұзау алынып, төл алу жоспары орындалмаған. Демек, жетістіктің де жетіспейтін жағы болғаны ғой.

Сын неге айтылады? Кемшіліктерді қайталамас үшін. Бұрынғы жылдар олқылықтарын, баяндамашыға сүйеніп, орнымен айттық қой деймін. Енді басталған жылдың жайын алғашқы қадамдарынан емес, былтырғы жылдың күзінен бастайық. Өйткені, күздік егіс, сүдігер жырту 1945 жылдың қамы. Нақты іс былай атқарылған. 3000 га күздік. 1000 га тондырма егілуге тиіс болса, егілгені 3645 га, яғни 95%; 20-24 см орнына 7-10 см тереңдікке жыртылған жерлер бар; 100 кг орнына 80-90 кг тұқым себілген; 400 гектар жерге тұқым мерзімінен тым кеш себілген. Өнімділіктің белді кепілі – пар, сүдігер жыртуға жеткілікті көңіл бөлінбеген, 3000 гектар орнына 2493 га пар (93%), 3500 га орнына 3350 га сүдігер (96%) айдалған. Кейбір колхоздардың жұмысына тіпті қарын ашады. «Октябрь» 71 га (жоспар 130 га), «Қызыләскер» 117 га (250 га), «Абай» 80 га (150 га), «Үлгілі» 45 га (80 га), «Игілік» 60 га (100 га) сүдігер жыртып, жоспарды орындай алмаған.

Енді басталған жылдың өзіне көшейік. Өткен жылдың 1-2-ноябрінде аупарткомның IV пленумы болғанын жазғанбыз. Сол пленумда мақталық жер бригадаларға,

звеноларға, жеке колхозшыларға 25-январьға дейін бөліп берілсін, соқа-сайман жөндеу 15-январьға бітсін, күш көлік күтімі жақсартылып, көң төгу агротехникалық шараларға сай жүргізілсін делінген. Қаулының осы талаптарының орындалуы нашар. Жер әлі бөліп берілмеген. Мақталыққа 1-январьға дейін 43910 тонна көң төгілуге тиісті болса, төгілгені 14590 тонна, құрал-сайманның жөнделуі нашар, күш көліктен 623 аттың 529-ы, 292 өгіздің 239-ы, 225 түйенің 148-і күтімге алынған, тасып алынуға тиісті 3959 ц минералды тыңайтқыштың 1260 центнері ғана тасылған, мақталықтың 467, дәнді егістің 510 гектары ғана қыста суарылған.

Жалпы жағдай кім-кімнің де бейғамдықты жиып қойып, іске шындап кірісуін талап етеді. Бірақ осыны түсінудің өзі кейбір басшыларға қиынның қиындай. «Каганович» колхозының мақта жоспары тоқсан гектар, ал сондағы бастауыш партия ұйымының секретары Төлебаев міндеттемеде оны 50 гектар етіп бұрып жіберген. Мақталыққа төгілген көң 50-60 тоннадан артпаса да, Төлебаев аупартком бюросында оны 430 тонна деп соққан. Колхоз басшылары жазғы егіске құйылған тұқымның 22 центнерін талан-тараж етсе, Төлебаев бюрода дәнді егіс көлемін кемітіп, көк егіс егеміз деп сылтауратқан.

«Куйбышев» колхозының председателі Тошанов күш көліктің күтімін жақсарту орнына, күтімсіздіктен 4 ат өлгенде, соны хабарлау орнына, терісін атқораға тығып қойған. «Құшы» колхозы мақталыққа 1000 тонна көң төгуге тиісті болатын. Мұны 11-ноябрьде бастаған, 1-февральға дейін 350 тонна ғана төккен. 80 күн ішінде. Күніне 6 тонна. Қалған 645 тонна көнді төгу үшін әлгі қарқынмен 107 күн керек. Яғни колхоз председателі Досболов, партия ұйымының секретары Сырымбетова 7-майға дейін көң төгуге тиіс болады. «Қаражон» колхозы партия ұйымының секретары Нүсіпбеков мақталық жерді звеноларға 1,5-2 гектардан бөліп, мол өнім алмақ звеноларға жеке колхозшыларға берілген жерден аз бөлген. Қолынан іс келер деп үміттеніп, аупартком сенім білдірген кейбір кадрлардың тірлігі осындай.

9.ІІІ. 1945 жыл. Аупарткомның V пленумы. Көктемгі егіс, мал өсіру мәселелері қаралған.

Былтыр аудан көктемгі дәнді егістің аяқталғаны туралы 28-февральда рапорт берген. Биыл дәнді егіске кірісу түгіл, әлі жердің тоңы жібімеген. Осындайда не істеу керек? Қ.Құрманбеков шаруашылық, партия ұйымдары алдына бірден мына міндеттерді қойыпты – а) керекті тұқымды толықтырып, жерді 20-22 см тереңдікке жырттып, 6-7 күн ішінде егіп болу; б) ауыл шаруашылық саймандарын, соқаларды, тракторларды жеткілікті дайындап, ремонттан сапалы шығару; в) тракторларды жер айдауға үздіксіз қатыстырып, дәнді егіс жерін айдау мен себу жоспарының орындалуын қамтамасыз ету; г) күш көліктің күтімін мейлінше жақсартып, әбзелдерін жеткілікті дайындау.

Олай етпесек, дейді баяндамашы, көктем егісін ойдағыдай өткізіп, егіннен мол өнім алып, мемлекетке астық тапсыру жоспарын орындай алмайтынымыз, *колхозшылардың еңбеккүніне астық бөліп бере алмайтынымыз айқын*. Өткен жылы көптеген колхоздарда тұқым жеткілікті болмады. *Колхозшылар оны табу үшін астығын да, малын да аяған жоқ. Сөйтіп, дәнді егіс жоспарын кезінде орындауымызға мүмкіндік берді*. Биыл бірсыпыра колхоздарда тұқым дайындау тағы да қанағаттанғысыз. Ақ егіске 3035, көк егіске 160 центнер тұқым керек. 1-мартқа дейін 3026 центнер құйылып 94% орындалды. Оның 2110 центнері тазартылып, 1310 центнері кондицияға жеткізілді.

Бұл, әрине, аудандағы жалпы жағдай. Ал, колхоздарда ше? «Куйбышев», «Шорнактөбе», «Құмайлысқас» басшылары керекті тұқымды толықтыруға мән бермеген, құйылған тұқымды орынсыз жаратқан.

Тығырыққа тұтылмай, қайта одан құтылудың жолы баяндамашы ұсынғандай. Біріншісі күздік тұқымын 2-3 күн ішінде жаздық тұқымға айырбастап алу, екіншісі – қолдағы тұқымды егу сапасына жеткізіп, түгел әрі жақсы сақтау, үшіншісі, әр гектарға 100 кг тұқым себілуі үшін, оны екі рет өлшеу – әуелі қоймадан босатылғанда, содан соң егіс басына жеткізілгенде. Екеуіне де күзет бастығы қатысуға тиісті.

Тұқым жайын тәптіштеп алдық, енді күш көлік аулына аяндайық. «Трактор, трактор» деп қанша тырылдасақ та оның дәурені әлі туа қоймағандықтан. Аудан бойынша 562 ат күтімге алынған екен. Тексере келгенде соның 66-ы семіз, 315-і орташа, 114-і ортадан төмен, 67-сі өте нашар, соңғысының

ішінде 41-қотыр, 17-і жауыр, көтерем болып шыққан. Күтімге қойылды деген 510 өгіздің 31-і ғана семіз, 191-і орташа, 58-і өте нашар, 35-і қотыр екені анықталған. 214 түйенің 10-ы семіз, орташасы 121, ортадан төмені 43, өте нашары 80 екен. Осынау мал күйінің арнайы тексерілуі еріккеннен емес. Күні ертең жер жыртуда да, тұқым себуда де нақ солар негізгі күшке айналатындықтан. Байқап отырсыз, соған жарамайтыны жетерлік. Бұл аудан бойынша алғандағы көрсеткіш. Ал жекелеген, шаруашылықтарды алсақ, ренжітетін жағдай жетерлік. «Ақсарыда» (Қуандықов) 50 аттың 28-і ортадан төмен, 18-і өте нашар (жауыр, қотыр). «Абайда» 20 аттың 11-і жауыр, қотыр, 6 өгіз өте нашар. «Құмайлықаста» 5, «Қызыләскерде» 7, «Куйбышевте» 18 ат, «Жамбылда» 15 түйе жауыр, қотыр.

Сол күш көлік мақта жерін айдауға да керек. «Осы жылдың ішінде мақташылардың мәслихаты екі рет өткізілді, кемшіліктер көрсетілді, түзеу шаралары белгіленді» деп бет бұрыпты баяндамашы мәселеге. Ауданда бұл салада мол өнім алмақ 37 звено құрылып, бір гектардан мықтап көрінуге 32 адам бел байлапты. Дұрыс-ақ. Бірақ біздегі бір дерт – өсе түсемін деп бөсе түсетіндер қай істе де табыла кетеді. Бұл – социалистік жарыстың салқыны. Озып шықсаң – марапат, қалып қойсаң... Сол дерттің шалдығы шығар, «Қызыләскерден» бір гектаршы Диметов 100 центнер, «Фрунзеден» Нұрметов Әбдіқайым, Алтынбекова Болған 80 центнер жинаймыз уәде берген соң, «Ақтөбеден» 68 жастағы қарт Оспанов Төлепберген сөз алып, «Қарттардың ант беріп, онысын іс жүзінде орындамауы өліммен тең» деуі мәслихатқа қатысушылардың бәрін тебрентіпті. Дегенмен, қарияның өзі де 1 гектардан 60 центнер мақта бермекші болыпты. «Фрунзе», «Андреев», «Крупская», «Қызыләскер» гектар басы 20 центнерден мақта алмаққа серт берген. Бәлкім, биыл күзде Қазақ республикасының 25 жылдығы атап өтілетіндігінің дүрмегі шығар.

Колхоздар мақта жерін тегістеуге кірісіпті, бір ай бұрын өткен актив жиналысындағы сынның ықпалы шығар, жер звеноларға, бригадаларға, жеке колхозшыларға бөліп беріліпті. Бірақ... 7-мартқа дейін 44 мың тонна көңнің мақталыққа 22723 тоннасы ғана төгіліп, жоспар 54% ғана орындалған. Бүкіл мақталыққа бір рет су тондыру ұйғарылғанымен, 565 гектарына

ғана тондырылған. 3050 ц тыңайтқыштың 1260 центнері ғана тасып алынған, 102 түптеушінің 30-ы, 98 мақта сеялкасының 60-ы ғана жөнделген.

Аудан Сталин жолдасқа хатында әрбір гектардан 15 центнерден мақта аламыз деп ант берген. Сол уәдені орындау үшін не істеу керек деген сауал қойып, баяндамашы оған өзі мынадай жауап қайтарады: а) мақташы колхозшылардың әрбір гектарға 40 тоннадан көң төгейік дегенін мақұлдап, соны істеуіміз керек; б) мақталықты қысқы сумен бір рет, ерте көктемде, шит себу алдында тағы бір рет суаруымыз керек; в) тиісті жерлерді тегістеп, ұсақ телімдерді кеңейту ісін 25-мартқа дейін толық аяқтауымыз керек; г) өткен жылы кейбір колхоздар мақталықта көп арық жасап, мақта көлемін азайтты, өнімді кемітті. Сондықтан арықтарды осы бастан белгілеп, көп арық жасалуына жол берілмесін; д) мақталықтың тракторлармен 22-24 сантиметр, күш көлікпен 18-20 сантиметр тереңдікте айдалуын қамтамасыз етіп, мақтаның кемінде 80 проценті трактор сеялкасымен себілетін болсын, түтіктер осы бастан жасалсын, ескілері жөнделсін.

Аупарткомның IV пленумында колхозаралық бұлақ көздерін орнату, су тоқтататын тоғандарды жөндеу қажеттігі атап көрсетілген, алайда бірсыпыра колхоздар, су бөлімі мен жер бөлімі одан тиісті қортынды шығармаған. Майдамталөзенінен сол аттас колхоздың жеріне дейінгі арықтың алқымын жарты метр кеңейту керек болса, оған Сауран, Қаражон ауылкентестерінің колхоздары әлі кіріспеген де. Сол сияқты «Ақтөбе», «М.Горький» өзен тоғанын, «Шорнактөбе», «Фрунзе» Батырбай тоғанын, «Қызыләскер», «Куйбышев» тағы бір тоғанды жөндеуге міндеттелген екен, оған әлі кірісе қоймапты. Сондықтан да баяндамашы бұл пленум өткен пленум талаптарының 15-мартқа дейін орындалуын талап етуге тиіс деген ұсыныс енгізді.

Аудан колхоздары 1945 жылы дәнді егістің де, мақта егісінің де көпшілігін тың жерлерге және жоңышқалықтарға орналастырмақ, демек техниканы барынша пайдалануға тура келеді. Техниканың иесі – МТС. Баяндамашының қолындағы ақпарат бойынша жөнделуге жататын 51 трактордың елуі, 38 соқа, сеялалар түгелімен жөнделіпті. Бесбаев, Сапарбаев, Әлметов, Оспанов бригадалары тракторларын, тіркелетін саймандарын ертерек

жөндеп бітіріп, колхоздарға жеткізген. Бірақ... «Майдамталға» белгіленген трактор әлі жөнделіп бітпеген, «Құмайлықасқа» арналған трактор сапасыз жөнделгендіктен, подшипнигітеріпкеткен, 50 трактордың 8-інің магнетосы жоқ, тіркелетін саймандардың жөнделуі де қуанта қоймайды, соқалардың 40 процентіне ескі тіс бекітілген, бесеуінде тіс мүлдем жоқ, екі дән сеялкасының труба-сы жоқ. Дән сеялкасын «Крупская», «Ворошилов», «Үлгілі» әлі күнге алып кетпеген.

Техникаға күмәнімізді айттық қой. 1944 жылы МТС бірқатар колхоздармен жасалған шарттарын орындай алмаған. «Ворошилов», «1-май», «Құмайлықас», «Қаражон», «Майдамтал», «Октябрь» колхоздарымен жасалан шарт 40-50% ғана орындалған...

Бір тәуірі, аудан мал шаруашылығын аяғына тұрғызған сықылды. Төрт түлік түгел асыра орындалып, жылқы 5332-ге, ірі қара 6645-ке, түйе 1300-ге, қой-ешкі 39120-ға жеткен. СССР Халкомсоветі 1944 жылғы 24-июндегі қаулысымен озаттарға қосымша ақы төленуін бекіткен. Сол нұсқаудың негізінде малшыларға 44 құлын, 55 бұзау, 555 қозы-лақ беріліпті. Ал малсыз колхозшыларға, қызыләскер семьяларына, Отан соғысының мүгедектеріне 1459 қой-ешкі берілген. Береке берсін дегеннен басқа не айтпақпыз.

Бірақ... «Ақсары» колхозы Бүкілсоюздық ауыл шаруашылық көрмесіне қатысқан, облатком мен облпарткомның ауыспалы Қызыл туын, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің мақтау грамотасын алған. Ал, 1944 жылы колхоз председателі Қуандықов, перме бастықтары Итаяқов, Пошанов өтірік ақпар беруге әдеттенген. Жоспар түйеден басқасынан орындалмаған, 36 ірі қара, 170 қой-ешкі, 30 жылқы, 5 түйе өлген, 2 жылқы, 5 қой ұрланған, 1945 жылдың алғашқы екі айы ішінде 3 жылқы, 4 қара мал, 1 түйе, 40 уақ мал өлген. «Қызыләскерде» 1944 жылы 9 бие, 3 сиыр қысыр қалған, 9 бие іш тастаған, 6 құлын, 21 бұзау, 25 қозы-лақ өлген. Мал қыстату да мәз болған жоқ. Өйткені малшылар азық-түлікпен, үймен, жылы киіммен жеткілікті қамтамасыз етілмеген. Мал шаруашылығы жөніндегі орынбасар Исмаилов перме жылқысын 7-8 жыл баққан Бабаханды одан босатып, бақша егуге салған. Бастық Үдербаев, партия ұйымының секретары Юлдашов сыннан өтпеген, жат элемент Шаловты перме бастығы етіп тағайындаған, ол ақырында

табанын жалтыратқан. «Жамбылда» уақ мал көп өлім-жітімге ұшыратылады, председатель Бейсембаев оған немқұрайды қарайды. 1944 жылдың ішінде 177 қой-ешкі, соның ішінде 54 қозы-лақ, 12 ірі қара, 6 жылқы өлген. 1943 жылдан бері 216 ешкі қотыр болған. Қыста 15 қой іш тастаған, 20 лақты бит басқан.

Көптеген колхоздарда төл алуға дайындық өте нашар. Әсіресе «Ворошилов», «Будённый», «Қаражон», «Октябрь» колхоздарында.

Туған малды, әсіресе сауын сиырларды бір жерге жиып, сүтінің майын мемлекетке өткізіп, сүтін өте мұқтаж колхозшыларға, қызыләскер семьяларына, Отан соғысының мүгедектеріне беру орнына, колхоздың активтеріне тарату орын алып келеді. «Қызыләскердің» председателі Үдербаев мырзалыққа салынып, Ұзынтаев (бұрынғы председатель), Әзбековтерге бір сиырдан сауып ішуге берген. «М.Горький» сегіз сиырды таратып берген.

Қ.Құрманбековтің баяндама соңына қарай «қойдың 40 процентін қазақы қой тұқымына айналдыруымыз керек. Ол үшін қазақы қойлар іріктеліп, қазақы қошқарлармен шағылыстырылсын. Бұл жөнінде нақты шаралар қолдану Ғұламов, Нәлиев, Бишеев жолдастарға тапсырылсын» деген сөздері жылнамашыңызға ұнады. Мың-мыңдаған жылдар бойы қой баққан қазаққа шетелдік қой бақтырамыз деп жүрген шенеуніктерге бұл ойдың ұнай қоймасына кәміл сенемін де, «Заман-ай, заман-ай» дей бергім келеді...

10.V. 1945 ж. Аудандық советтің XIV сессиясы. Қаралған мәселе – «Көктемгі егіс қортындысында совет ұйымдастыру-көпшілік жұмысының жайы және ондағы міндеттер туралы. Баяндамашы – А.Оразбаев. Ұлы Жеңіс кеше ғана атап өтілді. Демек, жұрттың, оның ішінде депутаттардың да көңіл күйі жақсы. Ел ересен қуанышты.

Баяндама да сол күймен басталыпты. «Аудан бойынша 2504 гектар дәнді егісті, 1800 гектар мақта егісін 10 жұмыс күні ішінде агротехникалық шараларға сай егіп болдық. «Андреев» (Әбдірахманов), «Будённый» (Жайықбаев), «Ынталь» (Әйтпембетов) 6-7 жұмыс күні ішінде егін екті» – депті баяндамашы. Дегенмен Жеңіс күнінде

де «мактанышқа» соның көлеңкесіндей «бірақ» ере жүреді екен. Бірақ... Бірсыпыра колхоздар егісті ұзаққа созып жіберіпті, агротехникалық шараларды қолдана білмепті. «Қызыләскер» (Үдербаев) 15 күн, «Құмайлықас» (Ережепов) 17 күн, «Абай» 15 күн сепкен. Тұқымды нормадан 10-12 кг кем сеуіпті. «Қызыләскер» 150 гектар егіс жерінің 91 гектарын қайтадан айдауға мәжбүр болған.

Осындайлардың салдарынан аудан бойынша 105 га қайта айдалған, 6 кг тұқым нормадан кем себілген. Ендеше келесі жұмыстарда міндет көбейіңкірейді. Әсіресе суару, баптау жұмыстарында. Суаруға 15-майда кірісіп, кемінде үш рет, тұқымдық телімдерді 4 рет суару керек. Арам шөпті отау жұмысына 20-майда кірісіп, кемінде 2 рет, тұқымдықты 3 рет жақсылап тазалау керек. Бұл жұмысқа жегілетін кімдер? Әрине әйелдер, қарттар, балалар. Тұқымдық телімдерді ерекше күтімге алу, оған бөлінген адамдарды ауыстырмай пайдалану, бірінші су алдында жергілікті тыңайтқышты жерге сіңіру қажет. Зиянды жәндіктер мен егіске малдың түсуінен қорғау шараларын әлден қолдана бастау керек. Суды толық, дұрыс пайдалану мақсатында арықтарды жөндеу, шауып бітіру керек. Сушыларды осы бастан белгілеп, кейін басқа жұмысқа ауыстыруға жол бермеу, графиктің орындалуын қадағалау, үкімет пен партия Орталық Комитетінің қаулысына сәйкес оларға күнделікті ет, май, астық, сыйлық беру керек...

Байқаған шығарсыз, ұшан-теңіз жұмыс, бәрі «керек».

Мақтаңыздың жайы да «керек» деп тұр екен. Алдымен гектарынан 15 центнер өнім аламыз деген сертті орындау қамы қапысыз ойластырылуға тиіс. Ендеше аянабай істеу керек. Мен емес, баяндамашының өзі айтады: 928 гектар мақталық бір рет, 97 гектар екі рет қысқы су ішті, 44 мың тонна орнына 36 мың тонна көң төгілді, жоғары өнім алмақ 77 звено, 31 бір гектаршы ұйымдастырылды. Мақта жерін суарып, екі рет айдау іске асырылып, 10 күн ішінде шит себіліп болды. «Құйбышев», «Игілік», «Каганович», «Үлгілі», «Ленин», «Фрунзе» жұмысты жедел атқарды. Бірақ... «Октябрь», «Құмайлықас», «Майдамтал», «Қызыләскер», «Ворошилов» 12-13 күнде әрең аяқтады. Аупартком мен ауатком 1-майға дейін шиттің түгел көктеп шығуын

қамтамасыз етуді талап етсе де, бірсыпыра колхоздар оны орындамаған.

...Қырсық бір айналдырса, шыр айналдырады. Өткен қыстағы қара суықтың салдарынан 3094 гектар күздік шықпай қалған (алдыңғы қыста да солай болып еді), көктегені 571 гектар ғана. Соны суару 1-майда басталған. Су татқаны 327 гектар, яғни 57%-і ғана. Яғни астық тапсыру жоспарының орындалмай қалу қаупі тым зор. Дәнді егістің гектарынан 10 центнер астық аламыз деген аудан міндеттемесін орындауға маңайлаудың өзі мүмкін еместей. Бір ғана амал – көк егісті молырақ егу. Соған сәйкес 798 гектар тары, 527 га жүгері, 95 га күнжіт, 130 га күнбағыс, т.б. – барлығы 1850 гектар межеленген екен, 8-майға дейін егілгені 72 гектар тары ғана. Міндетті орындау үшін ең әуелі керекті – техниканың кәдуілгідей жұмыс істеуі. Оның биылғы жұмысы жылдағыдан бірсыдырғы тәуір сықылды. Ақ егіс кезінде 570 гектар жер айдауға тиісті болса, оны 645 гектар егіп, асыра орындапты, 2000 гектар мақта жерінің 1280 гектарын жыртыпты, шит себу жоспарын 89,4% орындапты. Әрине, жарытпаған тірлігі де жоқ емес. 800 гектарға тұқым себуді 49,9% ғана орындаған.

Адал еңбегімен көзге түскен азаматтарды атамай кету обал. «Құйбышевте» Асылбековтің трактор бригадасы 200 га орнына 329 га, «Андреевте» Бесбаев бригадасы 396 га орнына 638 га, «Үлгіліде» Меңлібаев бригадасы 278 га орнына 327 га, «Фрунзеде» Нұржанов бригадасы 520 га орнына 630 га жер жыртып. Жеке тракторшыларды да атай кету орынды. Айметов, Дағмырзаев сықылды азаматтар 80 гектар орнына 226 гектардан жер жыртып.

Мал шаруашылығында аудан жыл сайын тәп-тәуіп табыстарға жетіп келгенін айтқанбыз. Одақтық, республикалық ауыспалы Қызылтуларсоныңайғағы. Сондықтан, ағымдағы жағдайға ғана тоқталайық. Ауданда биыл 1381 бие төлдеуге тиіс деп жоспарланыпты. Сессияға дейін 544-і төлеп, 559 құлын, 1667 сиырдың 1094-і туып, 1013 бұзау, 222 інгеннің 179-ы туып, 169 бота, 16913 қой-ешкіден 12330-ы төлеп, 14623 қозы-лақ алыныпты.

Бұл жолы да еңбегімен ауызға ілінгендерді атай кетейік. Рас, баяндамашы тек аудандық, ауылдық совет депутаттарын ғана атапты. Сөйтсе де қосынбаңыз. «Ленин» колхозында аудандық совет депу-

таты Құрманбекова Жібек басқаратын мал пермесі 18 биеден 18 құлын, 39 сиырдан нақ сонша бұзау, 670 қойдан 760 қозы (тоқсаны егіз тапқан), 108 ешкіден 117 лақ алып, аман өсіріп келеді. Аша ауылдық советінің депутаты, бұрын сол советті өзі басқарған Жұманова Жібек перме басқаруға тағайындалған екен. Онда 33 інгеннен соншалық бота, 50 сиырдан сонша бұзау, 120 ешкіден (90-ы егіз тапқан) 210 лақ алынған, әрі түгел аман.

Заманды ой елегінен өткізе отырып біртан қалатын нәрсе – білім беру мәселесі ауаткомның да, аупарткомның да назарынан ешуақытта тыс қалмаған. Сессияда баяндамашы сол мәселені естен шығармай, кеңірек тоқталыпты. 1945 жылы бастауыш мектептерді 1491, орталау мектептерді 108, орта мектепті алғаш рет 8 оқушы бітіруге тиіс.

Орта, орталау мектептердің 7, 10 класстарын барлық негізгі пәндерден отлично бағамен бітіргендерді «Алтын, күміс медальдармен наградтау» туралы Қазақ ССР Халкомсоветінің тарихи қаулысы шығуына байланысты оқушылардың ынта-жігері бұрынғыдан да артуда. Оқу жылының 1-2 тоқсанына қарағанда 3-тоқсанның қортындысы мен 4-тоқсанның барысында отличниктер саны өсіп, 219-ға жетті, сабақ үлгерімі 88,9% болды. Тәжірибе алмасу едәуір жақсарды, нәтижесінде сабақты нашар игерушілер саны азайып келеді» деп мәлімдеген баяндамашы. Әрине, кемшіліктерді бүкпеген. Оқу жылының басында 1607 оқушы мектепке тартылса, 3-тоқсанның қортындысында 102 оқушы мектептен себепсіз кеткен. Сабаққа қатыспау әлі тоқталмапты. Сынақты өткізу дәрежесі де қанағаттандырмайды.

Қысқарта баяндағанда, мектептегі оқу жайы осындай. Оқудың ересектерге арналған саяси оқу, білім көтеру, ақырында сауаттандыру деген түрлері де бар ғой. Солардың соңғысына ғана тоқталайын. 1940 жылы республикамыздың 20 жылдығы қарсаңында жұртты жаппай сауаттандыру ұраны көтерілгені белгілі. Ол туралы жазғанбыз да. Бірақ жоба орындалмай қалғаны, келесі жылы соғыс басталып кеткені белгілі. Аталмыш мәселе соғыс аяқталуға айналғанда тағы көтерілген. Сол оқу жылының басында аудан бойынша 458 сауатсыз, 367 шала сауатты адамның

тізімі толық алынып, оларға 36 жерден сауатсыздықты жою мектебі ашылып, баяндама бойынша «оқу қызу қарқынмен жүргізілуде». Мақсат – «1-июльге дейін 100% сауатты болу міндетін іске асыру».

Еңбекшілер депутаттарының советі – өкімет. Ата-бабаларымыздың, әке-ағаларымыздың кезінде, кейінірек болса да, «Барлық өкімет советтерге берілсін!» деген ұранды қолдап шыққаны – ақиқат. Сондықтан совет (кенес) қарайтын мәселе ұшан-теңіз. Сондықтан сессияда, онда жасалған баяндамада да, жарыссөзде де, қабылданған қаулыда да солардың бәрі қамтылғаны – шындық. Бірақ мен сан алуан мәселелердің біреуіне ғана – «Қызыләскер семьялары мен Отан соғысы мүгедектеріне қамқорлық» мәселесіне ғана аз-кем тоқталуды жөн көріп отырмын. Әрі заман рухын асыра мадақтауға немесе сүмірейте көрсетуге тізгін ұстатпау үшін, негізінен баяндама мәтінінен аумағым келеді. Ол мынау: «Көсеміміз Сталин жолдас қызыләскерлер семьяларына берілген жәрдем, ұйымдастырылған көмек соғысқа берілген жәрдемнің тең жартысы деді. БК(б)П Орталық Комитеті 22.1.43 жылы қаулы қабылдап, барлық жерде қызыләскер семьяларының тұрмыс халын мемлекет есебінен ондайтын жәрдем беру бөлімдері ұйымдастырылды. Содан бастап мемлекет есебінен 1945 жылғы 1-майға дейін үш миллион сомға жуық қаржы берілді. Үстіміздегі майдандық айлықта халықтық қамқорлық үздіксіз жүргізілуде. Бірақ кейбір колхоз, ауылсовет, мекеме басшылары халықтық қозғалысқа жетекшілік жасамай келеді. Атап айтсақ, «Фрунзе» (Көшербаев), «Қызыләскер» (Үдербаев), промкомбинат (Қасымов), «Игілік» (Қалдыбаев) мемлекеттен берілген қаржыға бидай алудың орнына тары алып, жерге сеуіп жіберген. Кей колхоздар мұқтаж қызыләскер семьяларына мемлекет тарапынан берілген жәрдемді күні бүгінге дейін ала алмай келеді. Отан соғысы мүгедектеріне 1940 жылғы 16-июньдегі Указға сәйкес биылғы 1-январьдан бастап санаған 4 ай ішінде 64697 сом пенсия берілген, халықтық қамқорлық үздіксіз жасалып келеді. Жағдайына қарай жұмысқа орналастырып, материалдық жағынан көмек көрсетілуде.

Бұл саладағы міндет мынадай болуға тиісті:

1. Қауын, огород, дәнді егіс егіліп және басқа көмек ұйымдастырып беріліп, халықтық қамқорлық күшейтіле беруі керек.

2. Жұмысқа жарайтын семьялар мен мүгедектер колхоздарға, мекеме, өндіріс орындарына қызметке орналастырылып, тұрмыс халы оңдалуы керек.

3. Промкомбинат (Қасымов), промәртел (Әуезов) әр ай сайын майданшылардың семьялары мен Отан соғысының мүгедектеріне арнап, аяқ киім дайындап беру жұмысын ұйымдастыруы керек.

4. Фашист сұмырайларын жоқ қылған ержүрек жауынгерлеріміз өз еліне, семьяларына шаттықпен қосылатын күндер жакын қалды. Сондықтан XIV сессия колхоз, ауылсовет председателдерінен, депутаттардан жауынгерлеріміздің семьяларына, әке-шешелеріне көмек көрсетіп, малы жоқтарына мал беріп, үйлерін жөндетіп, үсті-басын бүтіндеуді жакын күндердің ішінде аяқтауды талап етуі керек».

22.5.1945 жыл. *Ауатком мен аупартком бюросының біріккен мәжілісі.* Киров каналына Қандөз, Балтакөл ауыл кеңестерінің барлық колхоздары көшірілгеннен кейін Қызылқұмды жайылым ретінде игеру күн тәртібіне қойылғанын бұрындары айтқанбыз. Міне сол жұмысты ойдағыдай ұйымдастырған, малды жақсы жайылымдарға орналастырып, күтімін жақсартқан, малды, оның төлін аман сақтап, шығынсыз өсіруде көрнекті табыстарға жеткен еңбеккерлер республикалық наградаларға ұсынылып, мінездемелері бекітілген, ұсынысты бекіту облпартком мен облаткомнан сұралған.

Олар – аудандық жер бөлімінің бас зоотехнигі Ақымбеков, Қызылқұм жайылымындағы зоотехник Б.Сыздықов, «Ынта-лы», «Майдамтал», «1-май», «Ленин», «Будённый» колхоздарының перме бастықтары Орал Өтекова, Молдабергенов, Басығараев, Сауранбаев, Баймұратов, «Игілік», «Андреев», «Құмайлықас», «Фрунзе», «Қызыл-әскер» колхоздарының шопандары Айбеков, Юлдашев, Дүйсенбаев, Әлтаев, Тұрсыметов.

10-11.VI. 1945 ж. *Аупарткомның VI пленумы.* Соғыстың жеңіспен аяқталу сағатынан бастап, тіпті одан бұрынырақта еліміз

сол бұзылған қала, темір жол, транспорт, өнеркәсіп орындарын қалпына келтіру, ауыл шаруашылығы саласындағы кемшіліктерді түзету шараларына кірісті, деп бастаған баяндамашы, ауданымыздың еңбекшілері ауыл шаруашылық жұмыстарындағы және МТС жұмысындағы кемшіліктерді жою, Қазақ республикасының XXV жылдық мерекесі құрметіне социалистік жарыс туын жоғары көтеріп, ауыл шаруашылық өнімдерін арттыруда бірталай жұмыстар істеуде деп жалғастырыпты да, бірден нақты істерге көшкен. Аудан бекітілген жоспар бойынша 2805 гектар дәнді егіс егу керек екен, июньнің бесіне дейін 3483 гектар егіп, жоспарды 123% орындаған. Оның 2521 гектары жаздық бидай, 260 гектары арпа, 700 гектары тары, жүгері. Ауа райының өткен жылдағыдан да қолайсыз болып, қыстың ұзаққа созылуына қарамастан, егіс 8-10 жұмыс күнінде аяқталған. Назар аударатын бір нәрсе – бидайдың гектарына 94,6, арпаның гектарына 98,8 кг тұқым себілген. Яғни тұңғыш рет агротехника нормасына жақындаған. Бірақ 2463 гектарға тұқым қолмен себілгенін ескерсек, техниканың пайдаланылуы әлі де мардымсыз.

Мақта егісінің көлемі былтырғыдан 800 гектар асырылып, 1800 гектарға жеткен әрі Қазақстанның 25 жылдығы құрметіне гектардан 15 центнер өнім аламыз деген уәде берілген. «Сонда жұмысты неден бастау керек?» деген сұрақ қойыпты баяндамашы. Жауап: «Стахановшы колхозшылар – Ленин орденді мақта шебері Жұмантаев Сағындық, комсомол мүшесі, звено жетекшісі Рахия Күзембаева, «Ақтөбе» колхозынан қарт маман Оспанов Төлепберген мақта өнімін арттыру үшін жерді сұрыптап, таңдап алу-дан бастау керек деген ұйғарымға келді». Сондықтан ауданда 1945 жылы егілген мақтаның 315 гектары ескі жоңышқалыққа, 949 гектары тың жерге, 91 гектары екі жыл, 105 гектары үш жыл, 37 гектары үш жылдан көп егілген жерлерге орналастырылған. Мақта жеріне 35345 тонна көң, күл, шит себу алдында 1175 гектарға минералдық тыңайтқыш төгілген. Жер айдау алдында 1545 гектар бір рет, 1763 гектар 2 рет, 300 гектар 3 рет суарылған.

Егістің жайы осылай. Мал шаруашылығында оның санын көбейту жоспары асыра орындалғанын айтқанбыз. Нәтижесінде аудан Қазақ ССР Халық Комиссарлары

кеңесінің ауыспалы Қызыл туына ие болған. Қызылқұмды қысқы жайылым ретінде игерудің арқасы. Баяндамашы бұл марапат төңірегіне тоқталмай, бірден кемшілік жағына көшіпті.

Мына бәр көрсеткіштерге де көңіл аударған жөн. Дәнді егістің 542 гектары трактормен айдалған, 397 гектары трактор сеялқасымен себілген, 2241 гектары күш көлікпен айдалып, 2400 гектары қолмен себілген. Бұл механикаландыру жұмысы әлі де оңалмағанын ғана айғақтайды.

Мақта егісінің алдында ауатком мен ау-партком әрбір колхозда олардың мүшелерінің жалпы жиналыстарын өткізіп, әрбір брига-да, звеноларға, жеке колхозшыларға жер бекітіліп, мақталықты айдаудан бұрын суғару, жаңа арықтар алу, өткормелер жа-сау, жер тегістеу, әрбір алқапты кеңейту, т.б. агротехникалық шараларға сай мақтаның өнімін арттыратын, әр колхоздың жер жағдайының ерекшеліктерін ескеретін нақты қаулылар алған. Алайда бірқатар колхоздардың басшылары сол шаралар-ды дер кезінде жүзеге асырмады, сөйтіп мақта жерін кешігіп айдауға, егу сапасын нашарлатуға, сайып келгенде оның өнімін кмітуге жол ашты.

Аудан бойынша 1800 гектар мақталық жердің 385 гектары қайта айдалды. Трак-тормен айдалғаны 115 гектар ғана. Тіпті 75 га мақта кем себілген болып шықты. «Құмайлықас» 14 га, «Ворошилов» 11 га, «Майдамтал» 7 га, «Ақтөбе» 3,5 га кем ек-кен. Осы секілді кемшіліктер ұшан теңіз. Барлығында барлық түрінен. Ал ауданның бас агрономы Қоқанбаев, МТС агроно-мы Жұмашев басшылық жасау түтілі, өз міндеттерін атқара алмай жүр, депті баян-дамашы.

Ауданда мал өсіру жоспары орын-далса да, күтімнің нашарлығынан орын-сыз шығын көп. «Игілік» колхозында бес ай ішінде (1-июньге дейін) 160 қой-ешкі шығынға ұшыраған. Қалдыбаев, Бекқожаев жолдастардың жұмысы сондай, дейді ба-яндамашы. Елдің алдында деп жүрген «Ақсары» (Қуандықов, Тұрсыметов, Итая-қов) өтірік ақпар берген, ұрлық және шығып отыр. 1940 жылдан бері тексеріліп келе жат-са да, шындық анықталмаған екен, соңғы комиссия 150-дей мал кем екенін, колхоз басшылары олардың бірталайын бас пайда-сына жаратқанын анықтады.

Мал өнімдерін дайындау жерге кара-тады. Май жоспары 572 центнер, 10-июньге дейін өткілгені 181 центнер. 572 центнер брынзаның дайындалғаны 210 ғана, 2144 центнер жүннің өткізілгені 554 центнер.

Тек баяндамашыға сүйеніп келтірген де-ректер осындай. Оларды жарыссөзге қатыс-қандар нақтылай түсіпті. Қабылданған қаулы кемшіліктерден арылу қамын көздеген.

Темняков судың дұрыс пайдаланылмай-тынын тілге тиек етеді, тіпті мақта өнімі жөніндегі міндеттеменің орындалатынына күмәнданады.

Ал мансабы жағынан үлкенірек бас-шылар не дейді? Нәлиев судың дұрыс пай-даланылмауын Темняков басшылығының нашарлығынан көреді, «Қаражонда» 8, «Құшыда» 5, «Ақсарыда» 14 бие құлын тастағанын, малсыз колхозшылардың саны былтырғыдан көбейгенін ортаға са-лады, Омаров 10 трактордың подшипник жетпегендіктен тұрғанын, обком оны, магнетоны Манкент жөндеу зауыты бере-тінін айтқандығын, ол келсе жүретінін, комбайндардың жақсы жөнделгенін, биыл міндетін орындайтынын, Әлпейісов жолдас прокурор ретінде Нұрсейітовтің, Ғұламовтың өтірік ақпар беретінін, су ұрланатынын, «Құмайлықас» мұрабы суды далаға ағызғаны үшін сотқа берілгенін, бірақ халық судьясы Оразметованың су ұрлаушыларға тиісті жаза бермей отырғанын тілге тиек етіпті.

Ауатком председателі А.Оразбаева қаттырақ, атап-атап айтыпты біраз бас-шыларды. «Майдамтал», «1-май» предсе-дательдері Байжанов, Ақылбеков өткен жылы аз табысқа масайрап отыр, Қуандықов, Ергешевтердің ораққа дайын-дығы нашар, Темняков өз пайдасына көшкен, «Үлгілі» өткен жылы бір жөнге келген еді, кәзір қайтадан нашарлай баста-ды, колхозшылар көшіп кете бастады.

14.VII.1945 ж. Біріккен мәжіліс «Армия-дан қайтқандарды қарсы алу туралы» қаулы қабылдаған. Соғыстан аман-су, жеңіспен оралған ұрпақтың өздері болмаса да, ба-лалары, қыздары, немерелері, жиендері біле жүрсін деген ниетпен қаулыны толық келтіруді жөн көрдім.

«1. Қарамағындағы барлық қызыләскер семьяларының жағдайын тексеріп, мұқ-таждарына астық, тағы басқа көмектер

ұйымдастырып, тұрмыс халын оңдау, аяқ, сырт киімдерін, отырықты үйлерін ремонтқа беру жұмыстарын 18 июльге дейін аяқтау барлық ауылсовет, колхоз председателдеріне, мекеме, өндіріс орындарының бастықтарына тапсырылсын.

2. Көпшілік арасында үгіт-түсінік жұмысын кеңінен жүргізе отырып, армиядан қайтқандарға мекеме, колхоз ортасынан және жеке кісілерден сыйлық ұйымдастыру ауылсовет, колхоз председателдері мен өндіріс, мекеме бастықтарына, бастауыш партия ұйымдарының секретарларына тапсырылсын.

3. Армиядан қайтқандарды қабылдау үшін дайындық жұмыстарын жүргізуге және оның жұмысына басшылық етуге комиссия құрылсын. Комиссия председателдігіне ауатком председателінің орынбасары Нәлиев, мүшелігіне ауапартком секретары Салқожаев, НКВД начальнигі Бадыров, аудандық мемлекеттік қамсыздандыру бөлімінің меңгерушісі Тажитдинов, аудандық прокурор Әлпейісов, аудандық военком Жазыбаев, ауапарткомның соғыс бөлімінің бастығы Сыздықов жолдастар бекітілсін.

Армиядан қайтқандарды қабылдайтын үй дайындап, жүргізілетін дайындық жұмыстарын 17-июльге дейін аяқтау комиссия составына тапсырылсын.

4. Қайтқандарды тамақтандыру үшін 31-разъезд жанынан уақытша столовой ашу, оны етпен, үймен, тағы басқа керекті заттармен қамтамасыз ету аудандық тұтыну одағының бастығы Боранов пен жер бөлімінің бастығы Ғұламов жолдастарға тапсырылсын.

5. Армиядан қайтқандарды түрлі дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету үшін қабылдау пунктін жанынан дәрігерлік пункт ашу, моншаның үздіксіз жұмыс істеп, дәрігерлік көмек көрсетуін қамтамасыз ету Қалабаев жолдасқа тапсырылсын.

6. Армиядан қайтқандарды үйіне жеткізу үшін қабылдау пункттерінің жанында 2 ат, 2 көліктік екі арба ұйымдастыру Ғұламов жолдасқа тапсырылсын.

7. Қабылдау пунктін жанынан келгендерді есептен өткізу, түрлі документ тәртібін түсіндіру жұмысын ұйымдастыру Бадыров жолдасқа тапсырылсын.

8. Қызыләскер семьяларына пенсия мен пособие және көмектерді тез күн ішінде беру жұмыстарын аяқтау атком жанындағы

қызыләскер семьяларының тұрмыс халын оңдау жөніндегі комиссия председателінің орынбасары Тажитдинов, аудандық собес бастығы Көкішов жолдастарға тапсырылсын.

9. Армиядан қайтқандарды мамандығына қарай қызметке орналастыру барлық ауылсовет, колхоз председателдеріне, мекеме, өндіріс бастықтарына, ауатком мен ауапарткомның кадр бөлімдеріне тапсырылсын.

10. Армиядан қайтқандардың арасында газет, журналдар оқып беру, халықаралық жағдай туралы әңгімелеу, қабылдау пунктін безендіру, сөткелік дежурство жұмыстарын ұйымдастыру ауапарткомның үгіт-пропаганда бөлімінің бастығы Аседов жолдасқа тапсырылсын.

11. Әрбір ауылсовет жанында армиядан қайтқандарды қабылдау пунктін ұйымдастыру, оны ауқат, қымыз, шай сияқты нәрселермен қамтамасыз ету, оны безендіру, ауылсовет жанындағы қызылбұрыштарды оңдап, газет-журналдармен қамтамасыз етіп, оларда сауатты активтерден дежурлар ұйымдастыру және армиядан қайтқандарды өз үйлеріне көлікпен апарып тастау жұмыстарын қамтамасыз ету ауылсовет председателдеріне тапсырылсын.

12. Осы қаулы барлық бастауыш партия ұйымдарының, комсомол ұйымдарының және колхозшылардың жалпы жиналыстарында талқыланып, бұқараға жете түсіндірілсін.

13. Қаулының орындалуын қамтамасыз ету ауатком председателінің орынбасары Нәлиев, ауапартком секретары Салқожаев жолдастарға міндеттелсін.

Қ.Құрманбеков, А.Оразбаева».

АВТОРДАН: Алда 11 жылға жуық ғұмыры бар аудан жылнамасын осымен аяқтамақпын. Өйткені, жылнама үзінділерін жариялауды журналға ұсынғандағы мақсат – халықтың соғыс жылдарындағы ауыр тұрмысын, соған қарамай оның шын мәніндегі жанқиярлық еңбегін шамамыз жеткенше толығырақ көрсету болатын. Діптегеніміз жүзеге асқан секілді. Оған көңіл қойып, көз жүгірткен оқырманға риясыз алғысымды айтамын.

(Соңы. Басы өткен сандарда)



Дина ИМАМБАЕВА,
әлеуметтанушы

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ НИГИЛИЗМІ

Нигилизм дүниеге көзқарас, әлеуметтік мінез-құлықтың бір түрі ретінде жалпыға ортақ мұраттарды, адамгершілік нормаларын, дәстүрді, мәдениет үлгілерін жоққа шығаруы себепті оның әлеуметтік, адамгершілік, мәдени терең астарлары бар. Бұл өмір сүріп отырған қоғамның, тарихи дәуірдің сипатына байланысты өзіндік ерекшелігі бар құбылыс, әрбір тарихи кезең мен кеңестік халықтық болмысқа, индивидтік қалыпқа ықпал етіп, өз ізін қалдырады, кейде бұл сүйекке сіңіп, мінезден көрініс табады. **Кез-келген құбылыс сияқты нигилизмнің де оң-теріс жақтары бар екенін мойындау керек. Жағымды жағына келгенде, ешқандай бедел мен ережелерге бас ұрмау, өз ұстанымына берік болу, айтқанға көніп, айдағанға жүрмеу, өз пікірін құрметтеу тәрізді дара мінез ерекшелігі тұлға ретінде айшықтай түседі. Және ол субъективті, тәуелсіз, оқшау ойлау көріністерімен астасып жатады.**

Нигилистік көзқарастар әр кезде өзіндік реңктерге ие болып, сол заманның сипатына сай қалыптасып отырды. **Орта ғасырларда христиан дініне қарсы еретиктерді нигилистер деп қуғындаса, 18-19 ғасырларда өмір сүріп тұрған қоғамдық жүйені мойындамай, оған қарсы шыққан нигилистер осы бағытта нақты іс-әрекет жасаумен көзге түсті. Тіпті, бұл қарсылық түптің түбінде қалыптасқан режимді құлатуға алып келді, мысалы, большевиктердің патшалық билікті құлатып, өз үстемдігін орнатуы да сол кезеңде нигилист аталған тұлғалардың (халықшылдардың) идея-**

ларынан бастау алған. Бұл ағымдағы нигилистер негізінен басты идеялар ескіріп, жаңасының туа алмай жатқан тұстары қолдауға ие болып, табысқа жетуі кездейсоқ емес. Бірақ, нигилизм көбінесе бұра тарту, ешкімді де, ештеңені де құрметтемеу, дүниедегінің бәрін мансұқтау, антиәлеуметтік көзқарас іспетті көріністерге ие болды.

Қазіргі қазақстандық қоғамда бұрынғы кеңестік идеалдар әлі де түбірімен жойылған жоқ (әсіресе, сол кезеңде билікте қызметте болғандар арасында) батыстық либерализмді жақтаушылар бар. Бірақ, олар азшылық және кезіндегі батысқа тән нәрсенің бәрін іріп-шіріген, бұзылған деп қабылдау әлі де басым, оған қоса бұл көзқарас қазіргі батыс елдеріндегі адам бостандығына құрметтің шарықтау шегіне жетіп, адамның кез-келген тілегіне қайшы келу оның құқығын таптау деп танылуына байланысты бір жынысты некеге рұқсат беру, азаматтық некенің құпталуы, бала туудың азаюы (өйткені, баланы дүниеге әкелу аса зор жауапкершілік, оған қалай болса солай қарауға болмайды, оны толыққанды тәрбиелей алмасаң, бала туу жауапкершілігін мойнына алу жөн емес), сөйтіп осының бәрі отбасы институтының дағдарысы ретінде қабылдануы одан сайын батысқа деген теріс көзқарасты күшейте түсті. Ал, дәстүрлі қазақи дүниетанымдағы адамдар XX ғасырдың 80-жылдарына дейін негізінен ауылда туған ұрпақ арасында сақталуда, міне, солар бүгінгі күні барша қазақилық атаулының иесі, ұстанушысы, насихатшысы, жоқтаушысы болып отыр.

Бүгін біздер қазақстандық жас ұрпақтың тұтас бір буынының ұлттық құндылықтарды мойындамауы, жат тілде сөйлеуі, дәстүр-салтты ұстанбауы, ұлттық музыканы (эстрадалық емес) қабылдамауы, оны түсінбеуі, сөйтіп

жаһандық стандартталған мәдениет үлгісінің жетегінде кетуі құбылысына тап болдық. Бұлар – ұлттық тәрбиеден тыс қалған ұрпақтың екінші буыны, олардың ата-аналары кеңестік тұста орысша құндылықтармен өсіп, білім алғандар. Бұл жастар қазақтың дәстүрлі құндылықтарын мүлдем түсінбеуі, бала кезінен бойына дарытпауы осыдан. Ал, осы жастардың өздерін түсінетіндер бар ма, жоқ па, бұл оларға қызықты емес. Өйткені, оларға тән жастық максимализм мен эгоизм мұны ойлауға мұрша бермейді. Оларда жасандылық жоқ, солай болуы тиіс деп қабылдайды.

Кешегі кеңестік менталитет адамдардың бәрін бір қаптан, бір саптан шығарып, біркелкі өмір салтын таңды. Ұзақ уақыт бойы осы ұғыммен өмір сүрген адамдар нарықтық қатынастарға әлі де бейімделе алмай келеді. Көпшіліктің адал кәсіппен айналысу, биік мансапқа өз бетімен қол жеткізуден түңіліп, көңілі қалуы негізсіз емес. Кезіндегі әділетсіз жекешелендіру, бизнестегі монополиялар, кірісті салаларды бір қолға шоғырландыруға ұмтылу, пайда әкеліп тұрған біреудің бизнесін «берсе қолынан, бермесе жолынан» алу адалдық, әділеттілік атаулыдан күдер үзгізді. Тоқсаныншы жылдарда рәкетпен, қарақшылықпен айналысқан біреулердің бүгінгі күні лауазымды орында, депутаттық креслода отыруы байлықтың қандай жолмен келсе де, мойындалатынын көрсетеді. Тағы бір нонсенс – халықтың тең жартысы баспанасыз, ал, Швейцариядағы ең қымбат үй қазақтыкі. Бар болғаны 17 миллиондық ішкі нарықты қажетті тауарлармен қамтамасыз ете алмау, тұрғындардың төлем қабілетіне сай келетін өнім өндіруге құлықсыздық бүкіл тауарды шеттен тасуға алып келді, ал, шетелдік тауармен қоса олардың мәдени өнімі сапасы мен қажеттілігіне қарамастан ағылып келіп жатыр.

Адам – жән мен тәннің иесі. Күнделікті қым-қуыт тіршілік, оқу, жұмыс, қызмет, мансапқа ұмтылу және т.с.с. қажеттіліктерді қанағаттандырудан соң әрбір адам жан дүниесіндегі бос кеңістікті толтырудың жолдарын іздейді. Ол әр адамның рухани сұранысына, тәрбиесіне, отбасында

көрген үлгісіне қарай таңдалатыны аян. Ал, енді, қазіргі сәнге айналған ойын-сауық, демалыс орындары негізінен баршаға бірдей стандартталған бұқаралық мәдениет үлгілерін ұсынады. Осы іспетті орындарда бос уақытын өткізгеніне мәз болу, жалт-жұлт еткен дүниеге мастану, затизм, тұтынушылық эгоизмнің асқынуын бір жағынан, күнделікті тіршілік түйткілдерінен бір сәт арылудың көңілін басқа жаққа аударудың тәсілі ретінде ақтап алуға қанша тырыссақ та, бұл арада әлеуметтік нигилизмнің ісі аңқып тұр. Жалпы, адам баласы өз өміріне, қоғамға, айналасына толығымен разы болуы сирек, егер, ол қоғамдық жүйе идеалдан әлі де алыста болса, ол ішкі қарсылықты тіпті үдетеді. Өзі өмір сүріп отырған қоғамның кемшіліктерін көп көріп, оның жақсара қоюы екіталай екендігін сезініп, күдерін үзген индивидтің бойында торығу, түңілу, жалпыға бірдей ережелерді мойындамау көріністері қылаң беруі заңдылық.

Қазіргі уақытта біз тұлғалық қасиеттердің айрықша дәріптеліп, өзін-өзі тану, үздіксіз жетілдіру, түрлі біліктіліктерге ие болу, кәсіби өсуге ынтаның басымдық алуы кезеңінде тұрмыз. Барлығын бәсекеге қабілеттілік шешетін заман. Бәсекеге жарамайсың ба, шетте қаласың. Бизнес бәсекесі, білім бәсекесі бізге там-тұмдап келіп жатыр. Бірақ, осы бәсекенің бәрінің бастауы – біздің қоғамымыз бәсекеге қабілетті ме? Қоғамды дамытатын білім мен ғылым болса, бүгінгі қазақстандық ғылым мен ғалымның беделін кейбір шала сауатты, атағына білімі сай келмейтін, аморальды ғалымсымақтар түсіріп болды, білім орындары коррупцияның ошағына айналып бара жатқан сияқты. Оны күнде көріп жүрген қатардағы студенттер осы ортаға бейімделуге мәжбүр, ол да өз кезегінде сол үрдісті одан әрі жалғастырады, не болмаса, қолын бір сілтеп, күдерін үзеді де нигилистер қатарына қосылады. Осы тәріздес бүкіл теріс құбылыстар қоғамдық құрылымға, ережелерге, қалыптасқан тәртіпке, дәстүрлерге деген қарсылыққа, түңілуге, немқұрайдылыққа әкелмей қоймайды. Өмір сүріп отырған жүйені, ережелер

мен қағидаларды жоққа шығаратын нигилистер бұл құрылымның көзін жоюға ұмтылуы міндетті емес, олар мұндай мақсатты көздемейді. Нигилистер көбінесе дәстүрлі құндылықтардан бас тарта отырып, оны өзгертуге, теріс үрдістерді түзетуге ұмтылмайды. Бірақ, осы қарсылық, немқұрайдылық біртіндеп бір ұрпақтың өмір салтына, қағидасына айналып кетуі ықтимал. Адам үшін осы өмірде қымбатты, қимас, құнды нәрсенің болмауы шетін мәселе. Қимайтын ештеңе болмаса, оны тастап кетуге де, сатып кетуге де болады. Кейінгі кезде жасөспірімдер арасында суицидтің көбеюі тегін емес. Бұл жастар арасында әлеуметтік нигилизмнің бар екенін көрсетеді *(он екінші қабаттан секіріп, өмірін қизан бозбала дүниедегі ең жақын адамы - анасын ойласа, бұл қадамға барар ма еді?)*. Демек, әлеуметтік нигилизм құбылысы бірден пайда болған жоқ, ол осы айналамызда жүріп жатқан үдерістердің санадан көрініс табуы, үздіксіз трансформацияланып жатқан қоғамдық құрылымның, жүйенің ішкі бұзылыстарына берілген жауап, өзіндік таңдау, қорғаныш стратегиясы. Қазіргі нигилизмнің ауқымы кең және ол қоғамның түрлі саласын, жіктерін қамти бастады (саяси, моральдық, философиялық, әлеуметтік нигилизм).

Философиялық нигилизм адам болмысы мен бейболмыстың мәніне үңіліп, бейболмыстың басымдығын мойындап, болмысты жоққа шығарады. Болмыс дегеннің өзі құпия, тылсым, оны толығымен ұғыну мүмкін емес, сөйтіп жүріп дүниенің ұғынуға көнбейтінін терең түсінген кезде жағдаятты өзгертуге болмайтыны туралы ой торығу, күйзеліс туғызады. Осылай бір нәрседен мағына іздеген кезде пайда болатын бұл психикалық ахуал нигилизммен шектесіп жатыр. Осы дүниетанымдық көзқарастың өзінде пессимизм басым: дүниенің жалғандығы, идеялардың иллюзиялылығы, барлық нәрсе уақытша, пайда болады – өледі, бейболмыстан келіп, бейболмысқа кетеді *(Осыдан келіп кейбір адамдардың өмір бір ақ рет беріледі, сондықтан, өзіңді еш нәрседен шектемеу керек деген тәрізді еркіндікке, жауапсыздыққа жол беруі де көп кездеседі)*.

Бейболмыстың арғы жағындағы белгісіздік – міне, осы қоғамды ұстап тұрған күш, өйткені, адам қоғамсыз өмір сүре алмайды, ол – «қоғамдық жануар». Болмысты тұтастай жоққа шығару өзіңнен бас тартумен бірдей, оның салдары адам үшін де, қоғам үшін де қауіпті. Бұл, әсіресе, интеллектуалдық қуаты айқын, ақыл-ойы терең, талантты адамдарға тән құбылыс, өзінің дара қабілеттерімен әлемнің тылсым сырына бой ұру, терең қатпарларына көз жеткізу, өзгенің көрмегенін анық көру, болашақты болжау, осыдан барып айналадағы адамдардың түсінбеушілігі, жаттану – философиялық нигилизмнің көріністері *(«Моласындай бақсының, жалғыз қалдым – тап шыным»)*. Бұл кейбір кезде өкінішті жағдайлармен аяқталады.

Қазіргі біздің қоғамда құқықтық нигилизм өршіп тұр. Бұл бір жағынан, билік органдарындағы коррупцияға қарсылықтың бір түрі, ал, екінші жағынан, құқықтық сананың артта қалғаны, кемістігі, жарымжандығы. Жүздеген жылдар бойы «Жеті жарғы», «Есім ханның ескі жолы», «Қасым ханның қасқа жолы» іспетті ата заңдарымызға бағынып, дала демократиясымен өмір сүрген халықтың жүз жылда құқықтық нигилизмге тап болуы ең алдымен отаршылдықтың салдары. А.И. Герцен Ресейде өмір сүре тұрып, заңды бұзбау мүмкін емес деген екен: *«Русский, какого бы звания он ни был, обходит или нарушает закон всюду, где это можно сделать безнаказанно; совершенно так же поступает и правительство»*. Патшалық және большевиктік отарлау заңды айналып өтудің әдіс-тәсілдерін зорлықпен, қулықпен санаға шегелеп, кіргізіп кетті. Бір кездегі ең намысты халықтың сүйегіне сіңіп, әлі де құтыла алмай келе жатқан дерті, бұл. Қазіргі шенеуніктердің заңды жайына қалдырып, құқықтық ережелерді белден басуы, жеке бас мүддесіне қолдануы - мемлекеттік биліктегі элитаның саяси нигилизмі. Құқықтық нигилизмнің көріністері күнделікті өмірімізде берік орныққаны соншалық, Заңды орындамау әдетке, мінез-құлыққа, өмір салтына айналып бара жатыр ма, қалай?! Халық байлығының халыққа қызмет етпеуі,

тоналуы, әлеуметтік теңсіздік (мысалы, байлар мен жалпы бұқара халықтың жағдайы арасындағы айырмашылық бізде 30 еседен асады, ал, негізінде бұл көрсеткіш 5 еседен аспауы тиіс, мысалы Еуропа елдерінде – 4,8 есені құрайды), тәртіпке бағынбау, ұйымдасуға мойынұсынбау сынды әлеуметтік ауруларға алып келеді. Бүкіл халықтың үштен бірін құрайтын, өмір сүру үшін ең маңызды қажеттіліктерін қанағаттандыра алмай отырған, абсолютті кедейлік шегіндегі тұрғындардан қандай рухани-мәдени құндылықтарды талап етуге болады? «Сананы тұрмыс билейді», бізде бүгін жеңілтек ойын-сауық пен эстрадалық шоулардың дәурені жүріп тұр. Қарапайым адамның құқығы кез-келген жерде – жұмысында, мемлекеттік мекемелерде, қоғамдық орындарда, көшеде тапталып жатса не жорық. Бірақ, әзірге өз намысын, адамдық қадір-қасиетін қорғап заңға жүгіну уақиғалары некен-саяқ және оның нәтижелі аяқталатынына да күдік мол.

Нигилистік әлеуметтік орта мемлекеттік ережелер мен нормаларды елемей, салт-дәстүрден бас тарта отырып, тұлғаның міндеттемелерін де жоққа шығаруға бейіл. Бұл көбінесе адамның өз «менін» жоғалтуы, өзінен өзі қашуы. Көптеген адамдар өмірде мән-мағына жоқ деп торығады, не үшін өмір сүреміз, не істеу керек, ол істе мағына бар ма, нәтиже шыға ма, өмірде ең бастысы не деген сұрақтарға шектен тыс беріліп, шарасыздыққа тап болады. Бұл белгісіздік алдындағы шарасыздық. Ескіні қабылдағысы келмейді, жаңаны жасауға шамасы жоқ. Осылай нигилист үшін ең жоғары құндылықтардың құнсыздануы оның мінез-құлқын, дүниені сезіну формасын қалыптастырады. Айталық, бүлікшілдік те нигилистік көзқарас. Кезінде нигилистер дінге қарсы шықты, атеизмді насихаттады, қоғамдық құрылысты өзгерткісі келді. Сол үшін олар қудаланды, отқа жағылды, кейбір кезде мақсаттарына қол жеткізді, бірақ, еш уақытта нигилизм оң қабылданған емес және қабылданбайды да. Өйткені, нигилист үшін қиял жоқ. Ешкім оған тұлға

емес. Нигилизмнің түбі – тұңғыш, түпсіздік, хаос, бұзылу.

Жалпы, нигилизм туа берілмейді, қанмен келмейді, ол ортаға байланысты туады. Нигилизмге итермелейтін жайттар тым көп. Биліктің, мемлекеттік мекемелердің үшкен-кіші деңгейіндегі көзбояушылық, қосып жазу, сөз жүзіндегі транспаренттілік, мемлекеттік машинаның озбырлығы, сыбайлас жемқорлық, билік органдарының құзыретсіздігі, аморальдылығы – ақыр соңында билікке сенімнің жойылуы, міне, саяси-әлеуметтік нигилизмнің бастау көздері. Халық мемлекетке сенбейді, мемлекеттік билік өз азаматтарына сенбейді, - өкінішке орай, бұл қоғам үшін қалыпты жағдай. Қазақстандық қоғамдағы мемлекеттік нигилизмнің бір белгісі, біздің Конституцияның өзінде кемшін тұстар бар. Негізгі Заң барлық елде қоғамды, халықты ұйыстырушы, біріктіруші, бір мақсатқа жұмылдырушы басты тетік. Ал, бүгінгі қолданыстағы басты заң мемлекеттік тілмен тең дәрежеде қолданылатын ресми тіл туралы 7-баптың 2-тармағы арқылы мемлекетқұрушы ұлт тілінің қолданысын шектеуге, оны елеуге жол беріп қойды. Нәтижесі – мемлекеттік тілге қарсылық, бірін-бірі терістейтін, жоққа шығарушы екі әлем, екі орта, екі мүдде. Бұл бір кездегі саяси ахуалға байланысты қабылданды делінсе де, бүгінгі күн талабына, мемлекеттіліктің болашағына қайшы фактор. Осының салдарынан айқын да дәл азаматтық ұстаным, ұлттық біртектілік қалыптаспай отыр, осындай қайшылықтар негізгі заңды өзінше интерпретациялауға, толыққанды орындамауға ықпал етуде.

Бүгінгі нигилист – өз ортасының жемісі. Тұрмыстың бүкіл әлем бойынша бір қалыптануы, әлеуметтік ортаның ластануы, ақпараттың, медианың зиянды салдары нигилистердің жаңа легін алып келді. Жаһандану нигилизмнің тамырына су құйып, оны нәрлендіретін қуат беруде. Жаңа нигилизм бұрынғыдан да қауіпті, өйткені, ол жойқын күшке ие, - интернет, әлеуметтік желілер, ақпараттың қолжетімділігі оның жылдам таралуына және көпшілікті тартуына ықпал етіп отыр. Ол бұрынғыдан да

ауқымын ұлғайтты, кезіндегі санаулы оқшау ойлар, дербес шағын орталар енді жоқ. Нигилистік көңіл-күй, асқан пессимизмге байланысты сұрақтар, шешілмеген мәселелер көп. Неге бір орыннан жылжымаймыз? Адасып жүрген жоқпыз ба? Біз төмендеміз ғой, жоғарыда не бар? Дүниедегі ең биік құдыретті күшті саяси ойынға араластырудан қалай құтыламыз? Прогрестің арғы жағында не бар? Үздіксіз ғылым мен техникалық даму қайда апаруы мүмкін?

Діни сенім адамның ең қымбат сезімдерінің бірі, ал, соңғы кезде адамның осы бір жанды жері саяси тектірестердің ойыншығына айналып, геосаяси мақсаттарға қол жеткізудің тетігі болып кетті. Түрлі діни секталардың көбеюі, олардың саяси ұйымдармен астыртын қаржыландырылуы, халықты соңынан ілестіру үшін түрлі айла-шарғыларға бару дін атаулыға қарсылық туғызып отыр. Діни сенімдердің қадір-қасиеті кемуіне, сондай-ақ, билік пен парламент дәліздерінде діни ұйымдардың лоббиі кезіп жүруі, осы деңгейде бұрынғы руға, жүзге бөлінушілікке, енді, діни ағымға қатыстылығы бойынша жіктелу қосылып, дүниедегі ең жоғары құндылықтар аталатынның бәріне күмәнмен қарауға алып келді. Кезінде орта ғасырлық батыста дінді мойындамауға байланысты шыққан нигилизмнің қазіргі заманға тән негізгі белгілері – мәдениеттің құлдырауы немесе оның стандартталған, өзіндік бет-бейнесі жоқ жаһандық бұқаралық мәдениетке трансформациялануы, жалған секуляризация салдарынан дәстүрлі діндердің шынайы мағынасы көмескіленіп, өмірлік қуатынан айрылуы, сөйте тұра саяси мүдделердің құралына айналуы және т.с.с. «Құдай өлді» (Ницше), - ендеше ойыңа келгенді істеуге болады. Сөйткен нигилистер кезінде еуропалық мәдениетті дағдарысқа әкеп тірегені мәлім. Егер, Құдай өлсе, онда адамзаттың дүниедегі қасиетті, киелі атаулыдан айрылғаны, рухани әлемінің қаңырап бос қалғаны, - ақыр соңында түпсіз терең кеңістікке құлдырауы. Бұл әлемде ешбір нәрсеге Сенім болмаса, бір құдыретке бағыну болмаса, онда адамның

өмірінде мән де, мағына да жоқ. Ондай қоғамда тәртіп, ережелер үстемдік құра алмайды.

Нигилизм – үздіксіз жүре беретін үдеріс, себебі, адамдар әлсін-әлі ең жоғары құндылықтарды қайта қарауға, кейде қайтып оралуға немесе түбірімен өзгертуге құштар. Осылай үнемі жаңарту әрі қайтадан құнсыздану адамның табиғатына тән болса керек. Тарихи түрдегі нигилизм құндылықтық бағдарларды, этикалық нормалар мен принциптерді, заңдар мен дәстүрлерді, қысқасын айтқанда, кез-келген әлеуметтік-мәдени құрылыстың негіздерін жоққа шығарудан тұрады. Осындай нигилистік көзқарастағы батыс мәдениетінің дағдарысы ХХ ғасыр басында әлемдік апаттарға алып келді, олар: фашизм, коммунизм, либерализм, технократтық ойлау. Бұлардың салдары жекелеген халықтарға ғана емес, барша адамзатқа ортақ қатерлерге ұласты.

Жаһандану жағдайында қалыптасып отырған қазіргі қазақ нигилизмі - рухани-мәдени құндылық, киес, ұлтқа тұғыр тұлғалар, қазақи ережелер мен тыйымдар атаулының барлығын жоққа шығаруға құрылған. Жаңа нигилизм бұрынғы үйреншікті нигилизмнен мүлде бөлек және мұның заманауи коммуникациялық мүмкіндіктерге сүйенуі себепті ықпал ету ауқымы да, салдары да (*экстремизм, ұлтсыздық, агрессия және т.с.с.*) аса қауіпті. Оған қоса, нарықтық экономикалық қатынастар нигилистік үрдістерді одан әрі күшейте түсуде. Кейбір адамдардың мақсатына жету үшін кез-келген құралдан тартынбауы, жамандық жасауға бейілділігі, жауапкершілік сезімінің жойылуы, қалайда табысқа жетуге ұмтылу, пайдакүнемдік, шектен шыққан рационалдылық дәстүрлі құндылықтар мен ережелердің шайқалуынан келген дерт. Осының бәрі жинала келе қоғамның, ұлттың негізін бұзатын, тамырын жалаңаштайтын, оның дамуын тоқтататын жағдайға жеткізеді. Алайда, көпшілік үшін нигилизм әдеттегі, күнделікті тұрмыстық мінез-құлыққа айналуы себепті оның қиратушы қуатын, астарын, зиянының

дәрежесін аңғара алмай отырмыз. Бұл біртұтас деструктивті құбылыс - біртіндеп қоғамды тұрақсыздыққа әкеп соғуы, экстремизмге дем беруі әбден мүмкін. Оған тарихта дәлел көп. XIX ғасыр мен XX ғасыр тоғысындағы орыстың саяси нигилизмі өздері өмір сүріп отырған режимді құлатып тынды, билікке большевиктерді алып келді. Сөйтіп, Ресей мен оның отар елдері да-мудан кемінде бір ғасыр артта қалды. Сол тұстағы революционерлердің бәрі нигилистер қатарынан болатын. Саяси нигилистер өмір сүріп тұрған режимді жоққа шығару, мойындамау арқылы қиратуды жасампаздықтың бір түрі деп есептейді және бір нәрсені орна-ту үшін оған алдымен орын тазалап алу керектігін айтады. Қазіргі нигилизмнің қауіптілігі большевиктік қатерден кем емес, өйткені, біз – қазақстандық қоғам экономикалық дербестікке толығымен қол жеткізбей тұрып, ұлттық мемлекеттілікті мызғымастай берік нығайтып алмастан, бұқаралық нигилистік көңіл-күйдің ауанымен космополиттік белгісіздікке тап болудың алдында тұрмыз.

Жаңа мыңжылдық тоғысында күшейе түскен технократтық өркениет адамды зат деңгейіне түсірді. Бұл құлдық сана тұтынушылық қоғам ұсынған нәрсенің бәрінен бас тарта алмай, талғамсыз жұтып жатыр. Өзінің бұл халіне титтей де күмәні болмауы, сын көзбен қарай алмауы себепті ол осы өмір салтын өзгертуге деген қажеттілікті, тіпті де, сезінбейді. Тұтынушылық қоғам билеген жүйенің мықтылығы соншалық, адамдар өздерінің құлдық жағдайын аңғаруға, саналы таңдау жасауға қабылетсіз болып барады. Бұл арада табиғи «Менді» басып тұрған тұтынушылық мәдениеттен арылып, тәуелсіздікке ұмтылу жөнінде сөз қозғау қиын.

Иә, адамзат қоғамының да-муы білім мен ғылымға қарыздар. Бірақ, әр нәрсенің екінші жағы бар. Өркениеттің қозғаушы күші бола отырып, ғылыми-техникалық прогресс биліктің құралына айналды, оның қоғамды тұрақтандырушы қызметі билікке оңтайлы, өйткені, алуан түрлі

технологиялық жетістіктермен, қажетті-қажетсіз заттармен халықтың басын ай-налдыру арқылы басқа түйткілді проб-лемаларды жылы жауып қою оңай. Ал, жүйемен күресуші жекелеген күштерді жуасытудың өз тәсілдері бар. Осылайша тұтынушылық қоғам саясатқа қызмет етіп жатыр. Біркелкі қоғам, біркелкі ойлау, біркелкі заттарды тұтыну саяси және рухани біркелкіленуге ұласты. Жалған қажеттіліктердің, заттардың құлы болған адамдар өзін заттары арқылы ұсынатын болды, - дүние-мүлік, бренд киім, ең соңғы шыққан гаджеттер-ге қарай бағаланатын адам осы заттар орнатқан заңдылықтарға бағынып, мойын шұлғиды. Мұндай біркелкі ойлау саясаткерлерге өте тиімді және ол бақ арқылы арнайы насихатталады (*шоу-бизнес, ойын-сауық мәдениеті және т.б.*).

Кейбір жағдайларда билікке оппози-циядағы тұлғаларды нигилистер қатарына жатқызады, бірақ, бұл өз мағынасындағы нигилизм емес, өйткені, оппозиция барлық кезде дәстүр мен құндылықтарды жоққа шығара бермейді, керісінше оның жоқтаушысы, іздеушісі, жаңғыртушысы рөлін атқарады. Мысалы, қазіргі қазақ ұлтшылдарының негізгі қасиеті – демо-кратия және либералдық құндылықтар негізінде ұлттық мемлекеттілікті орна-ту, мемлекеттік тілдің өз мәртебесіне ие болуы, халық байлығының дұрыс пайдаланылуы және т.б. талаптарынан байқалады. Жалпы, бұл дүниетанымдық концепция емес, ол саяси ұстаным, қоғамдық өмірдегі түрлі құбылыстарға жауап берудің тәсілі. Әрине, ол кейде үзілді-кесілді талаптармен шектесіп жатады – үстем режимді түбірімен терістеу, жақсы жақтарын көрмеу, сынау, басқа балама ұсыну және т.б. Дегенмен, олар компромиске де қарсы емес, өйткені, ұлт мүддесі үшін тиімді болса, жалтарудың жөні жоқ. Міне, осы-лай әр заманның өзіне тән нигилистері болған, бар, бола да береді. Саяси ниги-лизм түрлі қоғамдық қозғалыстар мен ой-пікірлерден көрініс табуы да заңды. Дегенмен, Қазақстанда қазіргі уақытта шектен тыс оң немесе сол радикалды бағыттар жоқ деуге болады. Саяси

нигилизм көбінесе шығармашылық элитаның, интеллигенция өкілдерінің сөздері мен шығармаларындағы уәждерден бастау алып, көпшіліктің қолдауына ие болып жатады. Мысалы, XX ғасырдың басында көрнекті ұлт қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының «Ақ болсын, қызыл болсын, маған бәрібір. Мен қазақ мүддесін көздейтін үкіметті ғана жақтаймын» деген сөзінде қазақтың саяси нигилистік этикасының басты ережесі тұжырымдалған. Ол осы күні де өз бағытынан тайған жоқ, оны жалғастырушылар бар деген сеніміміз кәміл.

Материалдық құндылықтар бүгінгі кезде асқан жылдамдықпен ескіріп, күн сайын жаңарып, өзгеріп, түрленіп жатыр. Иә, әр заманда ескілік жоққа шығарылып, оның орнына бүтіндей жаңа келеді. Бұл – заңдылық. Бұл үрдіске ешкім қарсы тұра алмайды. Адамзаттың тұрмысы мен өмірін түбегейлі өзгерткен ғылым мен техника жаңалықтары да ескі мен жаңаның күресі. Ескі, кертартпа идеяларға қарсы шығып, жаңалықтың жаршысы болған озық ойлы тұлғалар да кезінде қабылданбаған, мойындалмаған. Бірақ, адамзат баласын алғашқы қауымдық құрылыстан бүгінгі күнге жеткізген, алға жетелеген дәл сол елден ерек тұлғалар, жаңашылдар, бүгінгі тілмен айтқанда, инноваторлар, креативті адамдар. Алайда, ештеңені мойындамай, барша ережелер мен нормаларды қабылдамайтын нигилист пен ескіні жоққа шығара отырып, жаңаны ұсынушы жасампаз – екі бөлек дүние. Жасампазды қолдау керек. Ал, нигилист дүниеде әу бастан жамандықтың басым болуын бетке ұстап, жалпыға қарсы шығам деп, өзін де жарға жығады. Өйткені, оның түп-тамыры жоқ, жасанды, өмірге құштарсыз. Орыс нигилизмінің көрнекті өкілдерінің мінез-құлқын суреттеп берген жазушы И.С.Тургеневтің Базаровы да ақыр соңында өмірін еш нәтижесіз аяқтағаны жазушының жай ғана көркем шешімі емес.

Жалпы, нигилизмге қарсы тұру, оны жою

қажет пе? Қажет – егер де бұл көзқарастар қоғам үшін, мемлекет үшін зиянды болса. Бірақ, мұнда біртұтас майдан жариялаудың, науқаншылдықтың пайдасы шамалы. Бұл құбылыстың көп қырлы және күрделілігіне байланысты осы сипаттағы көңіл күйдің одан әрі тереңдеуіне қарсы шаралар жүргізу үшін оған негіз беретін үрдістерден тазару, арылу керек, дегенмен оны тұтас сылып алып тастайтын керемет панацея әрине, жоқ. Қоғамды сынау, терістеу, «өмірде шындық жоқ, адамгершілік, әділеттілік жоқ» деген сарындағы көзқарастар әрдайым өмір сүреді. Мұнда ескеретін нәрсе, нигилистер қоғамдағы құндылықтарды жоққа шығара отырып, оған мұқтаж – нигилист өзінің айналасындағы әлемнен, қоғамнан мүлдем ажырай алмайды, ол тек өзімен өзі еркін болғысы келеді. Яғни, оның негізінде дәстүрлі ережелер мен құндылықтардан бас тартып, өз еркімен, өз ережелерімен өмір сүруге ұмтылыс жатыр. **Нигилист айналадағы адамдарға, өз отбасына қатысты кез-келген міндеттемеден бас тартуы да мүмкін, өйткені, оның өз әлемі, өз ырқынан туған құндылықтары бар. Бұл үшін, мысалы, ғылымда «терістеуді терістеу» заңы, яғни, нигилистік ұстанымдарға себеп туғызған «барлық құндылықтарды қайта бағалау» жобасын іске асыру, мұнда құндылықтарды ауыстыру міндетті емес, тек оларды бағалаудың тәсілін өзгерту, жаңа қағидалармен ұштастыру, үйлестіру әдістері тиімді сияқты. Құндылықтарды қайта бағалау өміріміздегі барлық нәрселерді ұғынуға және оларға құрметпен қарауға жәрдемдеседі. Әр адам өзіне берілген өмірді сүруі – парыз, ал, болмыс – оның бірден бір негізі, арманың да, мұраттарың да, жеткен жетістігің де – болмыстан, ендеше оған теріс қараудың жөні жоқ. Осылайша, бұрыннан бар, уақыт сынынан өткен ережелер мен құндылықтарды қайта қарау бар нәрсені жаратудың, пайдаланудың, жарамды етудің тәсілі. Осы құндылықтар қоғамның одан әрі қарай дәйектілікпен, сабақтастықпен, үздіксіз дамуына қызмет ететін болады.**



Жарас СЕЙІТНҰР,
психология ғылымының
кандидаты

«Работа выполняемая этническим коллективом, прямо пропорционально уровню пассионарного напряжения»

Л.Н.Гумилев

Кеңес тұсында едәуір шетқақпай көргенімен, кейін мойындалып, бүгінде қалың жұртшылыққа есімі танымал боп отырған ғалым, белгілі этнос зерттеушісі Л. Н. Гумилев өзінің «Этногенез и биосфера Земли» атты іргелі еңбегінде кез келген этностың өмір сүруінің басты шарты ондағы пассионарлардың үлесіне байланысты екендігін айтады. Тұтас бір этностың тағдырын айқындайтын осы пассионарлар деген кімдер?... Кімдерді пассионарлар деп атауға болады? Оларды басқа адамдардан не ерекшелендіріп тұрады? «Пассионарлық» ұғымы латынның *passio* – құмарлық, күшті сезім деген сөзінен шыққан. Л. Н. Гумилев адамдар тобы ішінде кездесетін қуаты, жігері мол, өте белсенді жандарды пассионарлар деп атаған. Бұл адамдар В.И.Вернадский ашқан биосферадағы тірі зат энергиясын, яғни, табиғаттағы биохимиялық энергияны мол сіңіруімен ерекшеленеді.

Жер шары Күннен жарық пен жылу, ішкі қабаттардан (барисфера, аралық зона) радиоактивтік ыдыраудың атомдық энергиясын, ғарыштан түрлі сәулелерді жұтып отырады. Жерде үнемі осы энергиялардың өсімдік, жануар, адамдар қауымы, яки, этностар арасында алмасу процесі жүріп жатады. Оны идеалистер «әлемдік жан» десе, діни ілімдегілер

ҚАЗАҚТА ПАССИОНАРЛАР ҚАЛДЫ МА?

Болса олар қайда?

Құдайдың, Алланың нұры деп атайды. Сол энергия, пассионарлық, күш оларды үнемі әрекетке итермелеп отырады. Олар қандай да бір мақсат жолында өзін құрбандыққа шалыл жіберуге әзір. Жеке адамдағы пассионарлық әр алуан қабілеттілік түрінде көрінуі мүмкін, біреу үшін ол шығармашылық, ал, келесі біреуге билікке не атаққа ұмтылу, болмаса бір идеяға бар ынтасымен берілу (*фанатизм*) т.б т.с.с. Бұлардың мінез-құлықтарының астарында белгілі бір пайданы көздеп әрекет ету (*ақша, түрлі материалдық, игіліктер сияқты*) емес, керісінше, жеке мүдде тұрғысынан мүлде алшақ мотивтер (*түрткілер*) жатады. Әдетте адамдардың қылықтарын ақылға қонымды себептер анықтаса, мысалы, ауырмай-сырқамай өмір сүру, артына ұрпақ қалдыру, жақсы тұрмысқа ұмтылу, жалпы жұртқа қадірлі, сыйлы болу, қоғамға танылу, бір сөзбен айтсақ, өзінің биологиялық өмірінде тіршіліктің қызығын аман есен көру сияқты көпшілікке ұғынықты ойлар билесе, пассионарлар үшін жеке өмірдің рахаты назар аударуға тұрмайтын, тіпті, өмір сүрудің өзі еш құны жоқ нәрсе болуы мүмкін. Олар ештеңеден қорықпайды. Өз еркі бойынша тіленіп соғысқа баратындар да, өзіне-өзі оңай қол жұмсайтындар да, отбасы, балаларын тағдырдың тәлкегіне тастап бір ойдың, идеяның соңына түсіп кететіндер де, жеке өміріне төнер қауіп-қатерлерге қарамай ақиқат, әділеттілік іздеп, шындықты жақтайтындар да – осы пассионарлар. Сонымен, пассионарлық – қоғамды, қоршаған ортаны өзгертуге деген ұмтылыс және қабілеттіліктен көрінетін қасиет. Пассионарлық дәрежесі әр түрлі болуы

мүмкін, алайда, оның тарихи тұрғыда байқалуы үшін пассионарлар саны көп болуы тиіс, яғни, бұл қасиет жеке адамдардан гөрі этникалық деңгейде анық білінеді. Пассионарлықтың дүрпюінен этностың өрлеп, өсуі басталады. Пассионар тұлғалар Ұлт Рухының көтерілуіне себепкер боп табылады. **Өткен ғасырдың басында қазақ қоғамында ұлттық идея жасау міндетін өз мойнына алған пассионарларымыз Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Мұстафа Шоқай және басқалары қоғамдағы белсенділіктің оянуына түрткі болды. Ұлттың озық бөлігін құртып-жою қазақ пассионарлығын қатты әлсіретіп кетті. Антиэгоистік әдепті, моральды ұстанатындар азайды. Дегенмен, Ұлт Рухының түпкілікті жойылмағандығын 1986 жылдың желтоқсаны әйгілеп кетті. Желтоқсан қазақ пассионарлық қуатының көрінісі іспетті құбылыс болды. Сондағы жастарды көшеге алып шыққан күш ҚАЗАҚ деген сөздің құдіреті еді. Кейбіреулер айтып жүргендей, мәселе – оны кімнің ұйымдастыруында емес, ең бастысы – сол көтеріліске қазақ жастарының еруі, белсенді қатысуы. Ал, бүгінгі оппозицияның соңынан жастардың ермеуінің бір себебі – олардың бағдарламаларында негізгі идеяның, ұлттық мазмұнның болмауы. Қазақ ұлтының мүддесі алғашқы орынға қойылмай, кез келген партияға титулды ұлт жағынан қолдау табу өте қиын болады.**

Л. Н. Гумилевтің этногенез теориясы бойынша, әр этностың дамуы төрт кезеңнен тұрады: әуелі **инкубациялық кезең**, сосын **өрлеу** басталады, дамудың орта тұсы – **мертігу фазасы**, ең соңында **инерциялық кезең**. Армян, еврей сияқты көне этностардың қанша тағдыр қиындығын көрсе де жойылмай келе жатуының бір сыры – оларда пассионарлар саны көп болуымен түсіндіріледі. Ал, бұл тұрғыдан қарастырсақ, қазақтар еврейлердің антиподы ма деп ойлап қаласың. Американист Леон Юристтің атақты бестселлерінің бірі «Исход» (Exodus) кітабын оқып, еврейлердің қалай

өз мемлекетін, өлі тілін қалпына келтіргенімен танысқанда, еріксіз қайран қаласың. **Әлемге тарыдай шашыраған осы этносты біріктірген қандай ғажап күш? Ол – ұлттық идея!!! Сондай қуатты идея қазақтарда бар ма?.. Босқапты тұрғызу қандай қиын болса, идеологиясы жоқ мемлекетті аяғынан тік тұрғызу да сондай қиын.** Азаматтарын жұмылдыру үшін де белгілі бір идея керек емес пе?.. Ал, армяндар әлемді несімен таңқалдырып отыр? Армения астанасы – Ереван дүниежүзіндегі ғалымдардың бүкіл теориялық тұжырымдарын жокқа шығарып, іске асырмай тастады. Әдетте, заңдылық бойынша, кенттену (урбанизация) процесі ірі қалалардағы тұрғындардың әр алуан этностардан түзілуіне әкеп саятын. Бұрынғы Кеңес Одағының кез келген қаласын алып қарасаң, тұрғындары әр түрлі ұлттан болып келеді. Ал, миллионнан астам халқы бар Ереван дүниеде тек бір ғана ұлт – армяндардан тұратын моноэтникалық қала болып отыр. Онда барған басқа ұлттың өкілдері өздерін жайсыз сезініп ұзақ тұрақтай алмайды екен. Армяндардың ұлттық иммунитетінің күштілігі сондай, өзгелерді ағзадағы бөгде зат сияқты қабылдамай шығарып тастайды екен. Жалпы армяндар қай елде жүрсе де, өздерінің ерекшеліктерін жоғалтпайтын, жергілікті халыққа араласып сіңіп кетпейтін ұлт. Егер, мүмкіндік болса, өзгелерді өздеріне бейімдеп алатын қасиеті бар көрінеді. Тіпті, ОРТ-дағы КВН-ды «жаңа армяндар» командасының қалай жаулап алғанына телекөрсермендердің бәрі куә. Әрдайым өздерінің ұлттық ерекшеліктерін атап көрсетіп, арнайы назар аудартып отырады. Ал, қазақтардың кенттенуі «**еревандану**» тәрізді сипат алмақ түгіл, керісінше, «**қазақсыздану**» жағына ойысып бара жатқан сияқты. Тек Нью-Йорктегі негрлер геттосы Гарлем тәрізді Алматы қаласының шеткі аудандарындағы Шаңырақ (*символдық мәні бар*) сияқты қазақ геттоларын мысалға келтірмесек. Бұл не, қазақтың этникалық өрісінің әлсіздігі ме?

Байырғы қалалықтарды айтпағанның өзінде Алматыдағы мектептерге күні кеше ғана ауылдан келген қазақ балалары ана тілінде сөйлегеннен гөрі орысша, не ағылшынша сөйлегенді үлкен мәртебе көреді. Ата-анасы оған мээ. Өзге ұлттар туралы әңгіме қозғамасақ та болады. Мемлекеттік тіл олардың өмірінен тыс, еш қатыссыз өтіп жатқан құбылыс. Оның үстіне қазақ тілі мәселесі тек қазақтарға ғана керек деген ұстаным бар. Оның теріс салдарын өзіміз де сезінбеген сияқтымыз. Ең тәуірі – үндемей-ақ қойған жөн еді. Несін айтамыз, қазақстандықтардың мінез-құлқында, көңіл-күйінде мемлекеттік тілді игермек түгіл, тіпті, оған қатысты психологиялық өзгерісті де жасай алмадық. Әзірге, қазақ тілі тек ауылдық қазақ пен оралманның өткір сезінер жеке проблемасына ғана айналып отыр. Кейбіреулердің орыс тіліне мемлекеттік дәреже беру туралы зиянды идеясы қазақ тілін біржолата тұралатады ғой деп ойлаймыз. Егер, қазақ тілінің аяғынан тік тұратынына көзіміз жетсе, тіпті, ағылшын тілін мемлекеттік тіл деп жарияласа да артық етпес еді. Алайда, қазақ тілінің бүгінгі шынайы рөлін біліп отырып, өзге тілді қолдау жайлы әңгіме айту – ұлтқа жасалған опасыздық.

Бүгінгі шенеунігі мен кәсіпкері, зиялысының мінез-құлқына түрткілеріне қарап отырып, қазақ этносы күйреу кезеңіне (*«обскурация» фазасына*) мезгілінен бұрын жетіп қала ма деген қауіпті жоққа шығара алмаймыз. Патриотизм ұғымын этнос деңгейінде комплиментарлық принциптің (*адамдарда көрінетін симпатия, ұнатушылық*) жүзеге асуы деп түсіндірген Л. Н. Гумилев, оған көп мән берген. Әсіресе, ғалымның пікірінше, жастарда ол сезімнің болуы аса маңызды. Мәселен, Осман империясының этникалық тұтастығын Парижде оқыған, Еуропа мәдениеті мен өркениетін өз еліне талғаусыз енгізбек болған жас түріктер (*младотурки*) күйретті дейді. Ұлт табиғатының, дүниетанымының сабақтастығын бұзу қауіпіне тоқталады. Айтпақшы, этникалық шұбарлықтың

өте көп болуы потенциалды жанжалға негіз боп табылады. Зерттеушілердің пікірінше, полиэтникалық (көп ұлтты) мемлекеттен гөрі, моноэтникалық (бір ұлтты) мемлекет анағұрлым орнықты әрі тұрақты боп келеді екен. Ал, мемлекеттің рухы мықтылығының көрсеткіші – патриотизм деңгейі бізде қалай? Оны қалыптастыру ісі қалай жүруде? Ұлт болашағы боп табылатын жастарда отаншылдық сезімі бүгінде қалай қалыптасады, егер, ел тұтқасын ұстап отырғандардың сыбайлас жемқорлығы жайлы әңгімелер жұрт аузына ілінген басты тақырыпқа айналып отырса (*Халықтың көп жайдан қалай хабардар болып, аңзарып отыратынына қайран қаласын*). Тіпті, коррупцияны ақтауға да болар еді, егер, ол ұлт пайдасына жарап, соның мүддесіне қызмет етіп жатса. Оған көз жеткізер қандай дәлел бар? Күн өткен сайын патриотизм сезімі қарапайым адамдарда жойылып барады. Қасиетті ештеме қалмай бара жатқан да сияқты...

Патриотизмнің үлгісін ең әуелі мемлекет қызметкерлері, шенеуніктер керсетуі қажет. Әйтпесе, сенім жойылып, мемлекеті мен қол астындағы азаматтары арасындағы байланыс жібі үзілуі әбден мүмкін. Осыларға қарамастан, жастарға бәрібір сенетін идея, биік мұраттар керек. Ізгіленген сезім – өз мемлекетін сүюдің алғышарты. Оның үстіне, жоғары мотивтерге (түрткі) көбіне жастар психологиялық тұрғыда әзір болады. Сынықтан, басқаның бәрі жұғады дегендей, тек алдыңғы буын психологиямызды бұзып, басқа арнаға бұрып жібермесе болғаны. Біздің ақыл-ойымыз, күш-қуатымыздың елімізге қажет екендігін үнемі сезінуіміз керек. Сеніп іс тапсырмай, тек қосалқы рөлде ойнау әлеует, қарымды толық ашады деп айтуға бола ма? Этнофор қазақ жастары мемлекеттік іске қатыстығын сезініп, оның тағдырына белсене араласуы тиіс. Сонымен, қорыта келе айтсақ. Ұлт тағдырын пассионарлар анықтайды. Олай болса, олар қайда?!



Әбдірашит БӘКІРҰЛЫ,
публицист, философ

БҰЛ «ҚҰЛДЫҚ САНА» ЕМЕС «САҚТЫҚ САНА» БОЛУЫ МҮМКІН...

– Жылда Жеңіс күні қарсаңында сары-қара түсті георгий баулары сәнге айналады. Сән дегеннен гөрі, арнайы науқан десе де болғандай. «Георгий лентасы» шындап келгенде империяшыл көршіміздің идеологиялық қаруына айналып бара жатыр» дейді қоғам белсенділері. Ал, Оралдағы автошеру бұдан да сорақы. Сіздің ойыңызша, георгий лентасын жандандыру – Ресей идеологиясын санаға сіңірудің бір көрінісі ме?

– Әрине, ол лента қыздар тағатын бантик емес – ел аузында «колорада қоңызы» деген атпен әйгілі болды. Мен оған емес, Ресейде 2005 жылы ғана пайда болған «георгий лентасын» кеудеге тағушылардың пиғылына назар аударсақ деймін. Неге десеңіз, Қазақстан үкіметі жұртшылық наразылығын байқап, Жеңіс күніне орай ұлттық нақыштағы, туымыз түстес белгібау ұсынды. Бірақ, қазақстандықтардың біраз бөлігі оны мойындамай, «георгий лентасын» тағып жүр. Сөйтіп, олар осы әрекетімен әлі де Қазақстан мемлекетінің тәуелсіздігін мойындамай отырғанын көрсетті. Негізінде, олар Қазақстан азаматтары ретінде қолға қару алып, Отан қорғауға құқылы. Алайда, ертең Украинадағыдай күн туа қалса не болады? Олар қолдағы қаруды кімге кезенбек? Осы мәселе бізді ойландыруы тиіс. Сөйтіп, 9 май – соғыс құрбандарын еске алу күндері – арамызда қаншама «жансыздар» жүргені анықталды. Оларды Ресейдің барлау қызметі назардан тыс қалдырмасы анық. Өйткені, Украинадағы жағдай көрсеткендей, олар көршілес елдерді Ресей қыспағында ұстаудың сценарийлерін алдын ала даярлап, қағазға қаттап қоюға машықтанған. Ендеше,

ондай қауіптің алдын алушы Қазақстанның «Сырбар» қызметі мына «лента» мәселесіне қалай жауап берер екен? Ол жағы құпия, мүмкін, бір ойлағандары бар шығар... Алайда, әдеттегідей үнсіз қалмаса екен деп үміттенемін...

Енді, «идеология» мәселесіне келейік: *Украинадағы оқиғалар басталар алдында Ресей саясатында «орыс әлемі» деген термин пайда бола кетті. Барлық ақпарат құралдары «Ресей орыс әлемін қорғайды» деп жар салды. Қызды-қыздымен Дума «орыс әлемін» қорғау үшін президент Путинге әскер қолдануға рұқсат деген шешімді қолма-қол шығарып берді. Бірақ, қандай «орыс әлемі» туралы сөз болып отыр? Егер, орыстардың да әлемге тарыдай шашылған, Америкада, Австралияда, Азияда, Еуропада өмір сүріп жатқан халықтың бірі екенін ескерсек, онда бұл – «Путин әскері әлемге қарсы тұрады» деген сөз бе? Оның үстіне, әккі чекистке кез келген нүктеде «орыс әлемін қорғауды» ұйымдастыра салу соншалықты қиын шаруа ма?.. Ал, бұрынғы посткеңестік республикалардың бірқатарында «орыс факторы» әлі де күшінде. Ендеше, «орыс әлемін қорғау» саясаты өзінің мазмұны жағынан «агрессиялық» болып табылады және де, ол жақын көршілермен шектелмеуі мүмкін. Сондықтан, әлем Путинге «неоагрессор» ретінде қарай бастады. Ол аз болғандай, Ресейдің кейбір саясаткерлері «ядролық соғысты» «еске алып» – Путиннің «орыс әлемі» саясатына тұздық құйып қойды. Бірақ, қазіргі заманда бір-бірін қорқытып-үркіту мен елдер арасындағы ашық конфронтация ешкімге жеңіс әкелмейді. Оның үстіне, өздерінде ядролық қаруы бар елдерді ешқандай «ядролық соғыс» деген қоқан-лоқымен қорқыта алмайсың...*

Енді, лентаның *«екінші идеологиясына»* тоқталайық: *бүгінде «орыс әлеміне» жауап ретінде «ағылшын», «үнді», «қытай», «неміс» және т.б «әлемдер» пайда бола кетпесіне кім кепіл бола алады? Былай қарасаң – ол да мүмкін нәрсе. Ұлттық сезім тек орыстарға ғана тән емес шығар?* Сондықтан, «георгий лентасы» баспасөзде біздің кейбір ұлтшылдар айтатындай «жәй шүберек» емес, ол – Қазақстанды бөлшектеудің астыртын құралы. Ал, шегаралас облыстарда, ол – сепаратизмнің қайнар көзі болып табылады. Мәселен, біз діни негіздегі терроризмді заңмен қалай қудаласақ, мұнда да солай болуы керек. Ол «терроризм» мен «бұл терроризмнің» аса көп айырмашылығы жоқ. Яғни, біз «лента идеологиясын» мемлекеттік қауіпсіздік тұрғысынан бағалауға тиістіміз. Оған Тәуелсіз мемлекет ретіндегі статусымыз толық мүмкіндік береді.

– Сіз бір мақаланызда демократиялық және авторитарлық қоғам туралы ой қозғайсыз. Оның сыры неде?

– Жалпы, бұл өзі айта-айта жауыр болған тақырып қой. Иә, мен солай ойлаймын. Авторитаризм қалай пайда болады? Біріншіден, ұлттық факторды атаймыз. Біздің халықтың иерархиялық санасына сай ең жоғарда «Жаратушы», «Құдай», «Тәңір» идеялары тұр. Одан төменгі сатыда «Әруақ» тұр. Одан кейінгі сатыда – «Ақсақал» тұр. Бұдан байқайтынымыз, қазақ жұрты ежелден өз менталитеті жағынан авторитарлы жүйені қабылдауға рухани-мәдени тұрғыдан дайын екендігін көреміз. Бірақ, халықтың бұл ерекше қасиетін «авторитаризмді тудырушы тікелей себеп» деп айтуға негіз жоқ. Өйткені, бұл қасиеттер, ең алдымен, адами қатынас иерархиясын бейнелейді. Әрине, егер, авторитаризмнің бар әлеуеті мемлекетті нығайтуға жұмсалса, онда ол сирек жағдайда онды құбылысқа айналуы да мүмкін. Тарихта ондай ел билеушісі болған, ол – неміс ұлты мен өміршең мемлекеттілігінің негізін қалаған Бисмарк! Биліктің қандай түрі болмасын «әділеттілік» принципі негізінде құрылмаса – билік мағынасы кері сипатқа: пайдақұмарлық, мансапқорлық, қулық, өтірік, аярылық және т.с.с. толып жатқан жағымсыз құбылыстарға ие болып шығады. Ең өкініштісі, уақыт өте келе «әр халықтың билігі өзіне сай» де-

ген принципке сүйене келе, ол жағымсыз мінездің бәрі «ұлт мінезі» ретінде қарастырыла бастайды... Оның қазіргі аты – «боратизм». Сондықтан, қоғам мен мемлекет арақатынасында шындық, әділдік, заңдылық секілді қасиеттер алға шығуы тиіс. Сонда ғана мемлекеттің күшеюіне, бүкіл халықтың бір мақсатқа жұмылуына оның билігі қызмет ететін болады. Ал, оған барудың жалғыз ғана тетігі – демократия!

Қазіргі қазақ елінің арманы – күшті мемлекет құра отырып, аса қиындықпен келген тәуелсіздікті мәңгілік ету! Бірақ, оған кедергі көп. Ендеше, осы мақсатқа кедергінің бәрін «ұлт болашағына қарсылық» деп санап – ол халықтан моральдік бағасын алуы қажет. *Авторитарлық басқару мынадай келеңсіз құбылыстарды тудырады: 1. Мемлекеттік қызметкерлердің жеке кәсіпкерлікпен жаппай айналысуы; 2. Мемлекет ресурстарын өздерінің коммерциялық мақсаттарына пайдалануы. 3. Мемлекеттік қызметкерлердің мемлекет пен халық алдындағы жауапкершілігінің жойылуы. 4. Бірнеше рет жарияланған қаржы амнистияға қарамастан, өздеріне коррупциялық жолмен түскен табысты мемлекетпен бөліскенді қаламауы. Яғни, шенеунік өз қалтасының қамын ойлайды. Сондықтан, ол әрбір мемлекеттік істі тек өз пайдасына кедергі келтірмесе ғана орындайтын болады.* Егер, мемлекеттік іс қандай да бір себептермен шендінің қалтасына түсер пайданы шектейтін болса – ол ешқашан орындалмайды. Мінеки, авторитарлық билік осыған қарсы тұруға қауқарсыз. Ал, оған оның орындалуын қандағалайтын мемлекеттік механизмдердің әлсіздігі, коррупцияның өршіп кетуі мейлінше көмектеседі. Нәтижесінде, мемлекет пен қоғамда орын алып отырған келеңсіз құбылыстардың барлығы жалған ақпараттармен бүркемеленіп, мемлекет те іштен ыдырай бастайды... Сондықтан, авторитарлық билік туралы айтқанда, оны «өзін-өзі іштей жеп жатқан билік» деу – шындыққа мейлінше жақын!

– Жаңа технологиялар мен заман ағымына орай «қара алтынның» дәуірі өтіп бара жатқаны белгілі. Бұл жағдайда ұтылатын ең әуелі біз сияқты шикізатқа қараған елдер емес пе!

– Әрине, оның себептері өте көп. Біз

соның біздің ойымызша маңызды деп есептелетін бірнеше себептеріне ғана тоқталып кетейік: **Бірінші себепі** – мемлекеттік идеологиядан туындайды. Нақтырақ айтсақ: кеңестік заманда қазақта жұмысшы табы болды дей алмаймыз. Ол кезде (қазір де) ауылдарда мал шаруашылығымен айналысқан қазақтар шашыраңқы күйде болды. Міне, оның зардабын индустриализацияны талап еткен қазіргі заманда көріп жатырмыз; **Екінші себеп** – біздің ділімізде жұмыс адамына деген құрмет қалыптаспаған. *Сөз жүзінде «жұмысшы – құрметті атақ» дейміз, бірақ, іс жүзінде әр қазақ өз баласының бастық болғанын қалайды. Бастық болғанда да «ақылымен ел басқаратын басшы» емес, «коррупционер бастық» болса деп дәмеленеді. Сондықтан, қазақтардың өз балаларын қалайда оқытып, «адам қатарына» қоюға ұмтылысы ерен. Әрине, оның еш өрескелдігі жоқ, алайда, біз осы ұмтылысымызбен коррупцияға жем болып бара жатқанымызды ұқпаймыз.* Мысалы, елімізде не көп заңгер, қаржы маманы, экономист көп. Бірақ, осыншама гуманитарлық мамандықты сидыра алатын экономика бар ма бізде? Ол жоқ. Ақыр соңында, жастар жұмыссыздар қатарын толтырады. Бірақ, осыны көре отырып, біз баланы қымбат оқуға беруді тоқтатпаймыз. Кейін, оны жұмысқа тұрғызу үшін мыңдаған доллар пара беріп – тағы да шығынға батамыз. Оның үстіне, қазақ көбіне көп балалы, сондықтан, бірін оқытсақ, екінші-үшіншілеріне шама жоқ... Ал, тәуелсіздіктен кейін бұрынғы білім беру жүйесі қирап, орнына басқа жүйе қалыптасты. Бірақ, жаңа жүйе іргелі ғылымның көсегесін көгертпеді. Керісінше, жалған «ғалымдар» қаулап шықты. Ол аз дегендей – кеңестік заманнан келе жатқан білім берудегі коррупцияны студенттер мен оқушы деңгейіне жеткіздік. Енді – дипломды сатып алуға студент арланбайтын, ақша үшін өтірік баға қоюға мұғалім арланбайтын жағдайға тап болдық. Міне, қарасаңыз – осындай ортада өндірістің шарықтап кетуі мүмкін бе? Ешқашан! Құдайға шүкір, қазір жастар кәсіпкерлікке ден қоя бастады. Кезінде, «Болашақ» бағдарламасы бойынша байлардың балалары, одан соң ақырындап қабілетті жастар шет елдерге оқуға аттанды. Ал, енді, шет елдің озық технологиясын «қолмен ұстап, көзбен көріп» келетін, оны өз

елімізде кәсіпке ұштастыратын жұмысшы жастарды шетелге жіберу болды ма? Болған жоқ, әлі де болмай тұр..

Үшінші себеп – біздің билік, көп жағдайда, «нарықтың өндірісті табиғи түрде реттеу қабілетіне» шексіз сеніп қалды да, кәсіпкерліктің дамуына ықпал ету жауапкершілігін өз мойындарына жүктеуден бас тартты. Алайда, бизнес пен өндіріске бөлінетін қаржыны бөлу тетіктерін өз қолында ұстап қалуды ұмытқан жоқ... Ал, бұған, ғасырға жуық «жоспарлы экономика» аясында үкіметтің қолына қарайлап «патернализм» дертіне шалдыққан қоғам қарсылық танытпады, бастаманы өз қолына ала алмады.

Төртінші себеп – өндірістің дамуы үшін «алғашқы капиталдың» болуы маңызды. *Біз де жүріп өткен алғашқы жеке иелендіруге қол жеткізгендер «жеке иеленген кәсіпорын өз мақсатына сай жұмыс жасауы тиіс» деген «жеке иелендіру талабын» орындамады. Оның орнына кәсіпорындарда сақталған жылжымайтын мүлік пен құрал саймандарды метал сынықтары ретінде Қытайға сатып, ғимараттарды жалға берумен ғана айналысты. Яғни, олар тез пайда табу жолын ғана көре білді. Ал, өз мақсаттарын – мемлекеттің стратегиялық дамуымен ұштастырмады. Оған олардың не – өрелері жетпеді, не оларды «қалтаға түсіп тұрған көк қағаздың» (доллардың) мысы басып кетті. Менің ойымша – осы екеуі де болды.* Сөйтіп, кенеттен пайда болған «ұлттық буржуазия» мен «қаржылық олигархия» формасы жағынан «заманауи» (ақшаны бейберекет шашу, шетелдерге қыдыру, ресторандар, ысырап-понт т.т.) болса да, өнеркәсіпті дамыту мен озық технологияны игеру жағынан – феодалдық заманда қалып қойғандарын көрсетті. Сондықтан, ол ортада «жаңа технология» тақырыбынан гөрі, әлі де «жас тоқал» тақырыбы маңыздырақ болуы жалғасып келеді...

Бесінші себеп – технология үздіксіз дамып жатқан бүгінгі заманда кәсіпкерліктің қайнар көзі ғылым мен білімде. Бірақ, әзірге біз ондай жақсылықты көре алмай, жемісін жей алмай отырмыз. Неге? Себебі, бізде өндіріс пен ғылымның арасындағы алтын көпір қирап қалды. Басқаша айтсақ: «ғылым – күйреді, өндіріс – қирады, өндіріс – қирады, ғылым – күйреді». Енді ғана осы қателікті көре білген, бірақ, кезінде Ұлттық

Ғылым академиясын таратып жіберген Үкімет мәселені реттеуге жанталасып жатыр. Қаншама уақыт текке кетті десеңші! Қазақстан өзінің табиғи жағдайына байланысты – әлемдегі озық ғылым мен замани технологияның авангардында тұратын ел еді ғой – сауатты халқы, қазына-толы байлығы жетіп артылады. Ал, әзірге біз өзге мемлекеттер өндірген тауарлардың тұтынушылары ғанамыз.

Алтыншы себеп – «коррупция астауынан жем жеп үйренген шенеуніктер». Ол туралы көп айтудың қажеті жоқ шығар...

– Сіз ауыл мәселесі туралы көп жерде айтып жүрсіз. Өзіңіз де «ауылдан шыққаныңызға» мақтанышпен қарайтыныңызды интернеттегі жеке парақшаңыздан білдік. Қазіргі ауыл туралы, ауыл шаруашылығы туралы не айтар едіңіз?

– 11 ақпанда Елбасының бастамасымен «Қазақстанда жасалған» атты акцияның басталғанына да үш айдың жүзі өтті. Ол туралы BNews.kz агенттігі «5 мамырда Астанада бастаманы қолдаушы «Қазақстан – 2050» Қоғамдық ұйымының төрағасы Данат Жумин өз зерттеулері туралы мәлімдеме жасады» деп хабарлайды. Данаттың айтуы бойынша, олар үш ай бойы 222 супермаркеттер мен еліміздегі ірі сауда орындарының 60%-ға жуығында бақылау жасапты. Сауда орындарының 80%-ы «Қазақстанда жасалған» атты арнайы сөрелер ашыпты. Алайда, сөрелерде тек қазақстандық тауарлар тұрмағанын айтады. Оның 30%-ын шет ел тауарлары толтырып тұр екен. «Неге бұлай?» деген сұраққа Жуминнің берген жауабы да қызық, оның ойынша – мұндай өрескелдік сауда орындарының акцияға салғырт қарағанынан туындап жатса керек... Шынында да солай ма? Сонда, қазақстандық тауардың болмағанына кінәлі сауда орталықтары болып шыққаны ма? Бұл қаншалықты шындыққа сай?

Елбасымыз Н. Назарбаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында алдағы бес жылда қазақстандық өтімді тауарлардың кемінде үш-төрт түрін әлемдік нарыққа шығару қажет деген тапсырма берді. Осыған дейін Қазақстан әлемдік нарыққа шикізаттан өзге астық сатып келді. Қазақстан бидайы сұранысқа ие. Себебі, климаттық ерекшеліктерге байланысты макорон өндірісінде пайдаланылатын қатты бидай

сорттары Канада мен Қазақстанда өседі. Яғни, бізге бидайды бренд ретінде ұсынуға табиғаттың өзі ықпал еткен. Бірақ, біз табиғаттың берген бұл сыйын дұрыс пайдалана алдық па? Қазіргі жағдайымызға қарасақ – «пайдалана алмадық» десек болады. Шындығында да, біз бидай өсіру технологиясы бойынша Канаданың шаңына ілесе алмаймыз. Мысалы, әлі күнге дейін жауынды жылдары бітік өскен бидайды дер кезінде жинап, қамбаға салуға Қазақстанның техникалық әлеуеті жетпейді. Астық қар астында қалып қояды. Ал, керісінше, екі-үш жылда қайталанып отыратын қуаңшылық кезінде – шаруалар қарызға белшесінен батады. Яғни, Қазақстан жағдайында брендтік тауар өндіру оңай емес. Ол үшін, мысалы, астық өндірісінде, ең алдымен, Қазақстанда машина жасау саласын жолға қою қажет. Кеңестік кезде тың игерумен бірге ауыл шаруашылығы техникасын шығаратын, күрделі жөндеуден өткізетін зауыттар бар болатын. Өсіресе, шынжыр табанды «Қазақстан» Павлодар трактор зауытының және атышулы «Кировец» тракторларын жасайтын зауыттың тигізген пайдасы көп еді. Олардың күйреуі ауыл шаруашылығын ондаған жылдарға артқа шегерді. Ал, қазір біз оның орнына шет елдерден өте қымбат бағаға комбайндар мен тракторлар сатып аламыз. Ол бидайдың және бүкіл ауыл шаруашылығы өнімдерінің өзіндік құнын көтеріп жіберді де, ауыл шаруашылығы интенсивті даму жолына түсе алмауда. Сонымен бір мезетте, сұраныс азайған соң сорттарды жаңалап отыратын ауыл шаруашылығы ғылымы да тоқырауға ұшырады. **Көптеген маңызды ғылыми-зерттеу институттары жойылып кетті. Мысалы, бұрынғы әлемдік брендке ие болған қаракөл елтірісі институты қаракөл терімен бірге жоқ болды. Тағы бір брендті тауар – Алматы апорты еді. Сол – апорт алма бақтарын Алатауды өрлей салған коттедж иелері балталап тастады. Одан өзге де ет комбинаттары, жүн-тері өңдеу фабрикалары, толығымен жұмыс жасап тұрған қант зауыттары, спирт зауыттары көзден бұл-бұл ұшты... Сонымен, біздің қазіргі әкімдер мен министрлер президенттің «брендтік тауар» туралы тапсырмасын орындау алдында «Неге бұлай?» деген сұрақты қоя ма? Оның себептеріне**

талдау жасай ма? Немесе тағы да сөз жүзінде дабыл қағып, ұрандатып, артын сыйырқұймышақтандырып жібере ме?

Қалай десек те, әзірге біздің шенеуніктер мен министрліктердің бұл тапсырманың орындарына күмән көп. Енді, оның ауылға қатысы бар бірнеше себептеріне тоқталайық:

1. Мұның басты себебі деп өндірісті ғана емес, ауылдарды жекешелендіруде де Қазақстанның ерекшелігі ескерілмей, өрескел қателіктер жіберілді. Оның тым асығыс жүргізілгенін де атап айту керек. Сол кезде, бейнебір, жекешелендіруді бүгін жасамаса ауылдар айға көшіп кетердей асықтық! Ал, ауылдың күңгірт болашағын болжаған бір адам табылсашы! **Басқаны қайдам, өзім әлі де ес жия алмай, бүйірін таянып есеңгіреп қалған бұрынғы «Мақпал» деген әдемі атқа ие ауылымды көргенде – осындай ойға келемін. Ауылда су жоқ, газ жоқ, жол жоқ және т.т. Согоан қарамастан ауылдың қара шаңырағын түсірмей, отын өшірмей отырған ауылдастарымды нағыз адамдар дер едім... Олар болмаса мына жер қаңырап бос қалар ма еді, кім білген... Иә, бұрынғы ауылым қандай еді десеңші(!): тау бөктерінде орналасқан көркем табиғаты аясында 60 мыңнан аса қой өрбіткен, 6 жыл қатарынан Қазақстан КП ОК ауыспалы Қызыл туын қолдан бермеген, артезиан құдығы атқылап әр көшесіне бұлақ суы тартылған, клубы, кітапханасы, балабақшасы жұмыс істеген, аудандағы үлгілі мектебі, құрылыс алаңы мен техникаға толы МТС-ы, мал бордақылау алаңы мен механикаландырылған қырманы, қоймалары, шағын комбикорм цехы бар, одан қалды – жайқалған 10 гектар алма бағы бар ауыл еді ғой. Қазір түк жоқ, тып-типыл... Алма бақтың орнында әр жерде сойдаң өскен жабайы бұтақтан өзге түк қалмаған... Екі қолға бір жұмыс та қалмаған...**

2. Ауыл – мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігінің бірден-бір кепілі болып табылады. Сондықтан, оны жеке меншікке берер кезде басымдық ұжымға емес, сол кезде басшылыққа кездейсоқ келіп қалған, партияның нұсқауымен ойдан-қырдан жиналған адамдардың үлесіне берілді. Олар мүліктің 40 пайызына иелік етулері туралы үкімет қаулысын басшылыққа алып, қоғам мен мемлекет мүлкін толығымен иеленіп кетті. **Себебі, жекешелендіру кезінде со-**

вхоз директоры бұл ауылдың тумасы, яғни, осы ауылдың патриоты емес еді. Ол 40 пайыз мүлікке ие болғанның өзінде, ол дүниені өз еліне тасып әкетуге, не қаладан мүлік сатып алып, өз бизнесін бастауға құлықты болды. Енді, совхоз таразасын, оны бұл ауылда ұстап тұратын дәнеме қалмады... Сөйтіп, осы шаруашылықта өмір бойы еңбек етіп, ел байлығын еселеген қарапайым еңбек адамы бөліске түскен қалған-құтқанды: ескі техника мен бесалты уақ, малға малданып қала берді... Егерде, сол кезде ауылды «меншікке айналдыруды», яғни, мемлекетке қиындық тудырған ауылға бөлінетін «дотацияны жоюды» ауыл шаруашылығы ұжымдарын толығымен «шаруашылық есепке» көшіру арқылы іске асырғанда – жағдай мүлдем басқаша болар еді. Олай жасағанда – ауыл өзінің өндірістік әлеуетін жоғалтпай, ұжымды таратпай, ортақ меншігіндегі мүлікті шашау шығармай сақтауға мәжбүр болар еді. Бұл, өз кезегінде, қаржыны мақсатты түрде өндірісті дамытуға жұмсауға мүмкіндік ашар еді. Ал, біз болсақ, дап-дайын шаруашылықты шашып алдық та, жылжымалы-жылжымайтын мүліктің қайда кеткенін, қаржының қай қалтаға түсіп кеткенін білмей де қалдық. Міне, енді қайтадан МТС, ұжымдастыру, фермаларды ірілендіру туралы айта бастадық. Мысалы, дәл осындай жағдайға тап болған Белоруссия мемлекеті мен оның «диктатор» атымен Еуропаға танылған президенті А.Лукашенко ауылдағы ұжымдық шаруашылықты сақтап қалды. Соның арқасында олардың деревнялары азық-түлік өндіру қарқынын жоғалтпай, елді толығымен қамтамасыз етіп отыр. Олардың өндірген азық-түлігін, шығаратын тракторлары мен басқа техникасын қазақ жұрты да қолданып жатыр. Ал, ауылын талан-таражға түсіріп алған біздің еліміз азық-түліктің 50 пайыздан астамын сырттан тасиды. Өз техникамыз жоқ, ауылды жұмыссыздық жайлады, мал басы қысқарып кетті, жастар күнкөріс үшін еліміздің түкпір-түкпіріне шашырап, ата жұрттан кіндігін үзе бастады және т.т. күрделі мәселелерге тап болдық. **Бұл – кез келген мемлекет үшін тек азық-түлік қауіпсіздігі қорғаныссыз қалғанын білдіретін қауіпті көрсеткіш қана емес, ол – мемлекетті демографиялық, әлеуметтік тұрақсыздыққа бастайтын құбылыс.** Біз, сонымен қатар, ол «қателіктің» рухани-

мәдени зардабын да болашақта ұзақ уақыт бойы тартатын боламыз. Ол, енді, басқа әңгіме...

3. Ауыл адамдары табиғи және әлеуметтік ерекшеліктерге байланысты барлық жұрт сияқты емес, ұжымдық өмірге қатты бейімделген. Ол үшін оларды жазғыра алмаймын. Жалпы, қазақ жұрты ғасырлар бойы ұжымдасып өмір сүрумен ғана өзін аман сақтап келді емес пе? Әсіресе, кеңестік кезде өмір сүрудің ол формасы ерекше қарқынмен дамыды. Міне, еліміз енді ол форманы қиратып алған соң, тәуелсіздіктен кейін ондай – «ұжымдасып өмір сүру мүмкіндігінен» бір күнде ажыраған ауыл адамдарына бүгінде «сен қарап отырма, іскер бол, шаруа жаса» деп уағыз айту – таза демагогия түрі. Біздің үкіметтің бұл әрекеті «суға жүзе алмайтын ауыл адамын теңізге тастап жіберіп, содан кейін ғана оған қалай малту керектігін үйреткендей» болып шықты. **Қытайлар айтады: «Балық сұрап келген көршіңе балық берме, қармақ бер» деп. Мен айтар едім: «Сүт сұрап келген көршіңе сүт берме, сиыр сатып алып бер» деп. Осыны айтайын деп отырсам, оны тағы да Қытай жүзеге асырып қойыпты: олар малға икемі бар қазақтың алдына бір отар қой (500 қой) салып беріп: «Мына малға ие бол. Төлін ал, жүнін маған сат» дейді екен. Содан ондағы қазақ екі-үш жылда төл есебінен мал басын отарға жеткізіп, мемлекет малын өзіне қайтарады екен. Бұл – ауылды кредиттеудің «қытайша» бір түрі болса керек. Әрине, коррупцияға қарсы заңы қатал Қытай оған қорықпай барып отыр. Ал, бүгінде біз жеке адам тұрғысынан алсақ – ауылдарда басында кредиті жоқ адам таппайсыз. Бірақ ол ақша қайда кетіп жатыр? Тойға ма? Дәл солай!.. Бірақ, күнкөрісі төмен ауыл адамына «той жасама» деп қалай айтасың, қалай жазғырасың – мінез солай болғасын?! Ендеше, банкілердің ауылға қатысты ауыл шаруашылығы кредиттеу ретін мемлекет өз бақылауына алуы тиіс. Оның «сауда кредитімен» ара-жігін ажыратып, ауылды жеңілдікпен қаржыландыруын қамтамасыз етуі керек. Мемлекеттің бақылау және реттеу әлеуеті оған жетеді. Ал, қазіргі Қорлар арқылы беріліп жатқан қаржының көмегі болса да, оның өзі де жер-жерде тамыр-таныстықпен ұштасып, коррупция көзіне айналып бара жатқаны жасырын**

емес. Олай болса, қытайлар сияқты, қажет болса шаруаға «ақша орнына мал беру» әдісін неге жер-жерде белсенді түрде жасамасқа! Қазақстандағы ауыл қазақтарының жағдайының өзі соған сұранып тұр емес пе: «ақша берме, мал бер!» деп... Ал, әкім-қараларға ақшаны емес, мал басын түгендеп отыру – ол да жұмыс! Сонда оның нәтижесі көп ұзамай-ақ көрінер еді...

4. Қазір ауылдағы егістікке жарамды (айналымдағы) жерді жекешелендіру туралы қайта айтыла бастады. Осы мәселенің болашақта көптеген ауылдарда наразылықтар тудыруы әбден мүмкін. Мысалы, өзім сөз етіп отырған менің ауылымның тұрғындары ЖШС «Қайыңды» ұжымына бірігіп, осыдан біраз жыл бұрын ауылға келіп, уәдені үйіп-төккен қалалық азаматқа сеніп, келісім-шартқа отырып, жерлерін өткізіпті. Бірақ, қалалық фирма шарт бойынша жерді пайдаланса да, жұртқа бір-екі қап ұн үлестіргеннен өзге пайданы өзіне ғана жарата берген. Содан одан күдер үзген наразы ауыл жұрты бүгінде онымен соттасып жатыр екен... Бірақ, қаладағы фирма ауыл адамдарының жер құжатын қайтармай отырған көрінеді. Сөйтіп, көтеріліп жатқан «жерді жекешелендіру» мәселесіне ауыл адамдары елендеп отыр. Себебі, «жеріміз қайдағы бір кездейсоқ адамның қолына өтіп кетпесе екен» дейді. Оның үстіне бұл сенімсіздікті жер бөлісі комитеттері мен әкімшіліктердегі коррупциялық ахуал да еселей түскен... Олар «жерді сырттан келген жаны ашымас біреу менішіктесе – ауылдың болашағы не болады?» деп алаңдайды. Сондықтан, мен жаңадан жекешелендіру туралы дайындалып жатқан бұл заңға, не болмаса, үкімет Қаулысына «Ата қоныс» туралы бап енгізу қажет деп санаймын. Бұл өте маңызды, себебі, қазіргі тоз-тоз болған ауылдарда қалғандарының барлығы дерлік «ата қоныс» деп қалғандар. Олай болса, жерді жеке меншікке алушының да қолында «Мемлекеттік шарттан» өзге, «Ата қонысы» деген статусы болуы тиіс. Сонда ғана, мүмкін, ауыл жағдайы түзеле бастайтын болар... Аман болсақ, оны да көретін күнге жетерміз!

– Бір мақалаңызда «Құлдық санын қазаққа ең түсінікті бастапқы белгісі – «ләпбай» – депсіз. Сіз кейде айтылатын «қазақ құлдық санадағы халық» дегенмен келісесіз бе, әлде қоғам-

ның белсенсіздігі, үнсіздігі ұлттық идеологияның жоқтығынан деп ойлайсыз ба?

– Өте қиын сұрақ. Бұған жауап беру үшін адам өзіне «мен өз ұлтымды қанишалықты танимын?» деген сұраққа жауап беруі тиіс. Сөйтіп, ұлттық танымына көзі жеткесін ғана – ұлт туралы ойлана бастаса болады. Әрине, өмір тәжірибе де маңызды. **Жалпы, адамдар тіл, салт-дәстүр мен әдет-ғұрып мәселелерімен үнемі бетпе-бет келіп отырады – одан ешкім де қаша алмайды. Мысалы, қазір Қазақстан халқының 70 пайызын қазақтар құрайтын болғандықтан, елімізде әркім де – мейлі, қаласын, мейлі, қаламасын – күнделікті «қазақ мәселесіне» тап болады. Біреулер мұны түсініп, өз болашағын соған бейімдейді. Ал, біреулер мұны түсінбей – бұрынғы күйінен ажырамауға тырысады. Міне, ең алдымен сол ортаға қоғамның «қазақтануы» маза бермей тұр. Ондай жағдайда ұлт төңірегінде жағымсыз пікірлердің болуы әбден мүмкін... Мысалы, қазақ тілінің мемлекеттік статусын мойындамайтындар «қазақ тілі бизнес, банк, ғылым тілі бола алмайды» немесе «қазақ тілін үйрену қиын» немесе «қазақ мектептерінде білім беру сапасы нашар» және т.с.с. толып жатқан себептерді алға тартады. Әрине, бұл тек «қорғаныс» емес, кейде, «дерт» деуге болатын көрініс. Ол «дерттің» дәні кеңестік идеологиядан өсіп-өнеді: кезінде ашық жүргізілген «орыстану» саясаты санада «аға ұлт», «кіші ұлт», «азиылық» деген ұғымдарды сіңдірді. Ол текке кетпей, – «кіші ұлттардың» өзі мұны «заңдылық» деуге шақ қалды... Бірақ бағымызға орай «ортақ Отан» қирап, бұрынғы «аз ұлттар» өз Отанының егесіне айналды. Бұл – тарихи әділеттілік болатын. Бірақ, Қазақстан осы тарихи әділеттілікке әлі де толық қол жеткізе алмауда. Нәтижесінде, тарихи әділеттілікті талап етуші ұлтшылар өз халқын «құлдық санадағы» деп айтуға көшті. Бірақ, саясатты жасайтын халық емес қой: саясат халық талабын ескерер, бірақ – үнемі олай емес. Сондықтан, «құлдық сана» туралы айтқанда – билік пен халық арасын ажыратып алу қажет. Оның өзінде – «орыс факторынан» ажырағысы келмейтін биліктің кейбір қадамы «құлдық сана» емес, «сақтық сана» болуы мүмкін. Мұны ескеруге тиіспіз. Құлдық сана өзіне деген сенімсіздіктен туындайды. Ендеше, сенімсіздік – құлдық санаға апаратын төте**

жол, бірақ әлі құлдық сана емес... Бұл – бірінші себеп.

Екінші себеп – мемлекеттік құрылымнан туындайды. Біз төменнен бастап жоғарыға дейін сайланбалы билік жүйесін қалыптастыра алмай келеміз бе, қалай?! Барлық деңгей тағайындалады. Ал, ол болса, қоғамды коррупция ықпалында қалдырады. Қызметке орналасу адамның қарымына қарап емес, тамыр-таныстықпен, кейде, қызметті «сатып алу» немесе «лобби» арқылы жүзеге асады. Соның әсерінен біздегі әр деңгейдегі кейбір мемлекеттік қызметкерлер (өкінішке орай, ол қатарға мұғалімдер де еніп тұр) біліктілік пен мемлекетшілдіктің орнына – жағымпаздық пен көзсіз бағыныштылықты басшылыққа алуға үйренді. Өйткені, ол «мінез» өздерінің «тағдырын шешетін» жоғарыға ұнайды емес пе? Ал, мұның қазақша аты – «лөпбай». Міне, мен сондықтан да «құлдық сана» көрінісін «лөпбай» деп атаған едім. Әрине, «лөпбайшы» – құл емес, бірақ – оған даяр адам. Дегенмен, билік «лөпбайшылармен» билігін баянды ете алмасын біледі. Сондықтан, уақыт өте келе, олар «лөпбай» принципін шектеуге мәжбүр болады. Себебі, «лөпбай» жүрген жерде өтірік пен көзбояушылық қатар жүреді. Үшінші себеп деп «діни факторды» алар едім. Қазіргі соқыр сенімге негізделген дін идеологиясы «құлдық сананы» туындатушы фактордың біріне айналып барады. Ол шексіз, көзсіз авторитаризмге ұласса – зардабы бұдан да артады. Ал, менің жаным «жаратылыс» мағынасында айтылатын «Тәңірдің ұлы!», «Тәңірі жаратқан» деген көне қазақ дүниетанымы әлдеқайда жақын. Өйткені, Қазақ ұлты бүкіл қазаққа тән қазақы болмысын: қазақ ұлтының ділін құраушы «ер-батыр», «жігіт», «ақсақал», «ана», «бауыр-қарындас» және сол секілді көптеген асыл ұғымдар мен түсініктерді сол тарихи замандарда қалыптастырды. Өзіміз көріп отырғандай – онда «құлдық санаға» ешқашандай орын жоқ! Яғни, бұдан «Қазақ ұлттық намысы бар халық. Ол жетімі мен жесірін қорғай алған, тентегін тезге сала алған» деген қорытынды туады. Мінеки, содан кейін қазақ халқын «құлдық санадағы» деуге кімнің аузы бара алады?!.

– Президент жемқорлықпен мықтап күресу керектігін тапсырды. Біздегі күрес қаншалықты дұрыс жүргізіліп жатыр?

– Жемқорлық бізге бір мәселені жалаңаштап берді: ол – **жемқорлық жайлаған**

қоғамда бәріне бірдей ортақ мақсат жоқтығы. Мұнда әркім өз өзіне ғана жауапты, күнделікті тірлікте «сауысқаннан сақ» күймен тіршілік етеді – ешкім ешкімге сырын ашпайды, бұйығы. Себебі, бүгінгі «достығың» ертең өзіңе «қастық» болып шықпайтынына сенім жоқ. Сондықтан, коррупцияға күйрете соққы беруші бірден-бір күш – «мемлекетшілдіктің» мұндай ортада пайда болуы өте қиын. Сол себепті де, біздегі «коррупциямен күрес» дегеннің мазмұны өзгеше, ол – *«коррупция аясында қала отырып, коррупциядан тысқары қалу үшін күрес»* деген сипатқа ие болып шыққан десем – көп қателесе қоймайтын шығармын.

– «Үсенов синдромы», «Әліби оқиғасы» секілді ақшасы барлардың жазадан құтылып кетуі біздің қоғамда жиі кездеседі. Осы жайттар туралы не айтасыз?

– Ол туралы жоғарыда жанама түрде біраз айтылған сыңайлы. Дегенмен, бұл мәселенің еліміздегі сот және құқық қорғау салаларына тікелей қатысы бар. Сот әділ болса, құқық қорғау заңмен қорғалса, Заң алдында барлық азаматтар тең болса – ондай құбылыстар болмас еді. Дегенмен, жағдай түзелетіндей сияқты, ондай үміт ояну да. Мысалы, өткен аптада мұғалімдердің мәселесін ашық көтерген Айман атты жас ұстазды бұрын жұмыстан қуатын болса, қазір мектеп директоры кешірім сұрап жатыр деген хабар тарады. Ал, Астанада жігітті аямай тепкілеген бай сері жігіт ағасы байлығына сенген еді, үміті ақталмай түрмеде отыр. Кеше ғана құдыреті күштілер жемқорлықпен қолға түсіп жатыр... Сондықтан, теңіз тамшыдан тұратындай, қоғам да көзін ашып, ондай синдромнан қауымдасып қорғана білсе – оны жеңуге болады.

– Ел ішінде мемлекеттілікке күмән келтірген мәлімдемелер, шекара болмаған деген «тың жаңалықтар» шулап басылды. Осы жайтқа қазақта мардымды жауап беретін, пікір айтатын зиялы қауым табылмады. Неліктен?

– Оны айтушылар Ресей шовинистері мен имериялық пиғылдағы саясаткерлері.

Мен оларға қарсы сұрақ қояй едім: «Ресейдің шекарасы қай уақытта белгіленген?», «Оның мемлекеттілігі қай уақыттан анықталған?» деген. Тарихтан олардың шекарасын сызып берген де, мемлекетін құрып берген де Алтын Орда екені белгілі ғой. Болмаса, оны оларға шведтер жасап берді ме екен? Қалай десек те, Ресей мемлекетінің құрылуына өзгелер көбірек әсер еткен де, орыстардың өзі олардан төмен тұрғаны рас. Сондықтан, қазіргі «ұлы орыстық» шовинизмге еш негіз жоқ. Ондай «мінез» ұлы халықтарға тән болмауы тиіс. Ал, шалақ ойлы әрі мәдениеті төмен орыс «саясаткерлерінің» ол сөзіне біз жауап бердік: 2000 жылдың басында Тараз қаласының 2000 жылдығын, Түркістанның 1500 жылдығын, 2013 жылы Абылайдың 300 жылдығын атап өттік. Биыл Қазақ хандығының 550 жылдығын атап өткелі отырған жоқпыз ба? Бұл да оларға берген жауаптың бір түрі. Ең маңыздысы – ондайға көңіл бөліп, алаңдамай, біз өз мемлекетімізді нығайтып, мәдениетімізді оздыра беру қажет деп санаймын.

– Бүкіл ақпарат кеңістігімізді жаулап алып, сананы ұлап жатқан Ресейдің ақпарат әлемін айтпағанда, мына өзіміздің ақпарат құралдары неге ұлттық мүддені қорғаудың орнына, олардан асып түсіп, жабыла орыс тілінде ақпарат таратуын қалай түсінесіз? Біздегі ақпараттық қауіпсіздікті күшейту үшін не істеуіміз керек?

– Барлық деңгейде қазақ тіліне көшуіміз керек. Халықтың саяси, құқықтық сауатын арттыруымыз қажет. Ол үшін билігіміз демократияны дамытып, халықты мемлекетті дамытушы субъектіге айналдыруға бет бұруы қажет. Яғни, барлық ақпарат құралдары ұлтымызды толыққанды ұлтқа айналдыруға қызмет етулері тиіс. Осындай жігерлі ұмтылыстың арқасында қазақ ұлты белсенді және жауапкершілікті субъектіге айналса ғана – мемлекетіне де, өзіне де, билігіне де берік қорған, қаласа қалқан бола алады! Бұл сұрағына айтар жауабым – осы.

Сұхбатты жүргізген Мәдина
ЖӘЛЕЛҚЫЗЫ

РЕДАКЦИЯДАН: Журналымыздың белсенді авторы, философ Әбдірашит Бәкірұлының кезекті сұхбатын назарларыңызға ұсына отырып, оны оқырмандарымыздың атынан 60 жасқа толған мерейлі мерекесімен құттықтаймыз. Еңбекте шығармашылық табыс, зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасына бақыт тілейміз!



Сейілбек МҮСАТАЕВ,
саяси ғылымдарының докторы,
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Саясаттану кафедрасының
профессоры

«ЭКОНОМИКАЛЫҚ СОҒЫС» ПЕН «МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫНДА» МҮЛТ КЕТПЕУІМІЗ КЕРЕК...

2015 жылғы 1 қаңтардан бастап Еуразиялық экономикалық одақ нақты шынайлыққа айналып, қызметіне кірісті. Осылайша, Елбасымыздың жиырма жыл бұрын ұсынған интеграциялық идеясы іс жүзіне асты. Бастапқыда Қазақстан, Ресей, Беларусь бірлесіп құрған экономикалық одаққа жыл басында Армения, мамыр айында Қырғызстан қосылды. Посткеңестік кеңістіктегі ықпалдасу процесі жаңаша сипатқа еніп, ерекше қарқын ала бастады. Алайда, Еуразиялық экономикалық одақ жұмыс істегелі бергі жарты жыл уақыт ішінде өзара тиімді шаруа-экономикалық байланыстар дамуымен қатар, одақтас елдерге жат кейбір түсініксіз жағдайлар да орын алғаны жасырын емес. Бұл негізінен одаққа мүше елдердің әрқайсының өзіндік ұлттық мүдделерін қорғауы, серіктесудің орнына бір-бірімен бәсекелесуі, экономикалық ықпалдасуды тереңдетудің орнына түрлі шектеулер мен тыйымдарды қолдану сияқты әрекеттер арқылы көрініс беріп отыр. Мұндай экономикалық теке-тіресу мен өзара бәсекелесу бұдан бұрын Кедендік одақ кезеңінде де болғаны белгілі. Ресей тарапынан болған кейбір шектеулер Белоруссия мен Қазақстан тауарларын ресейлік нарыққа жібермеуге бағытталды. Ресей бастапқыда белорустық ауыл шаруашылық техника-

ларын өз аумағында сатуға тыйым салса, 2014 жылдың соңында Россельхознадзор Белорусь жерінде өндірілген ет, сүт, шұжық, ірімшік сияқты ауыл шаруашылық өнімдері мен балық санитарлық-эпидемиологиялық нормаларға сай емес деген желеумен ресейлік нарыққа жібермей қойды. Тура осындай шектеулерді Ресей Қазақстан тауарларына да қатысты қолданды. Алайда, ресейлік рубльдің құнсыздануы әсерінен экспорт-импорт керісінше өрбіп, 2014 жылдың аяғы мен 2015 жылдың басында Қазақстанға Ресейден енетін импорт күрт өсіп, отандық экспортымыз құлдырап кетті. Енді, ресейлік тауарларға шектеуді Қазақстан қоя бастады, ауыл шаруашылық өнімдерінен бастап, көлік пен жанар-жағар майға дейінгі аралықта түрлі шектеулер қойылып отыр. Одақтас елдер арасында ортақ істен гөрі жекедара ұлттық мүддені қорғау басым, нәтижесінде «экономикалық соғыс» пен «мүдделер қақтығысына» арқау боларлық түрлі түсініспеушіліктер орын алуда. Белоруссия Президенті А. Лукашенко, тіптен, Ресей Президенті В. Путинге өзінің өкпесін ашық білдіріп, Ресей өзара саудаға кесірін тигізетін шектеулерді жоймаса, Белоруссия өздеріне экономикалық тиімсіз одақтан шығатынын мәлімдеп, «қорқытқанын» ұмыта қойған жоқпыз. Сол сияқты, Қазақстан Президенті Н. Назарбаев та Кеден Одағы кезінде де, Еуразиялық экономикалық одақ тұсында да олардың қызметін талай рет сынға алып, кемшіліктерін көрсеткен болатын.

Жоғарыда айтылғандардан қандай ой түюге болады? Ең алдымен, Еуразиялық экономикалық одақ құрылып, іске кіріскенімен, одақтық сана-

сезім қалыптаса қоймағаны байқалады. Одақтас мемлекеттердің әрқайсы өздерінің ұлттық мүдделерін қорғауға тырысып, өз пайдасын жібермеуге тырысып бағуда. Яғни, ұлттық өзін-өзі айқындау (*идентификация*) басым, одақтастық бірегейлену толыққанды емес. Бұған «одақ» деген ұғымға қатысты қалыптасқан жағымсыз пікірі мен стереотиптері басым, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы (КСРО) кезінде коммунистік партияның «кемел» саясатын көрген халықтың психологиялық ұстанымдары да кері әсер етуде. Бұрын КСРО құрамында өмір сүргендеріне қарамастан, тәуелсіздік алғалы бергі ширек ғасырға тақау уақыт ішінде кешегі «бауырлас елдер» оң-солын танып, нарықтық қатынастардың дәмін татып, ұлттықмүддедегенұғымныңқадір-қасиетін түсініп қалғаны байқалады. Әсіресе, Ресей Федерациясы ешкімге өзінің есесін жібермейтінін, ұлы державалық пиғылы да бар екенін жасырмай көрсетіп отыр. Еуразиялық кеңістіктегі терезесі тең тәуелсіз мемлекеттердің еркін экономикалық одағы қағидасын қолынан келгенше өзінің ыңғайына қарай бұрып, консенсустық шешім қабылдау процесінде басымдық танытуға тырысып бағуда. Әрине, бұл Елбасымыздың ұсынған еуразиялық интеграцияның жасампаз идеясына кереғар келетін қылық.

«Ортақ өгізден оңаша бұзау жақсы» демекші, тоталитарлық жүйеден зәрезап болған посткеңестік елдерде «одақтасуға» сақтықпен қарау басым. Оған ТМД, ЕурАзЭҚ, Кедендік одақ, Еуразиялық экономикалық одақ сияқты бірлестіктердің тәжірибесі дәлел. Посткеңестік мемлекеттердің көпшілігі «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаруға» қарағанда тиіп-қашып, бұра тартып, пайда ойлайтын саяси ойыншыларға ұқсайды. Қазақстан ғана ықпалдасу мен серіктестікті дамытуға қатысты ұстанымын өзгерткен емес. Ал, Елбасымыз ғаламдық ауқымдағы бейбітшілік пен ынтымақтың, әріптестік пен ықпалдасудың тұрақты идеялық генераторы іспетті. Қазақстан Президенті Н.

Назарбаев ұсынып, бүгінде іске асып жатқан интеграциялық идеяларының бірі Еуразиялық экономикалық одақ екені даусыз. Бұл бірлестіктің құрылуы мен қызмет етуі жолында қыруар жұмыс атқарылды. Оның жемісіне бүгін бүкіл әлем куә болып отыр. Ендігі мәселе жаңадан құрылып, жұмысын енді бастаған бірлестікті одан әрі нығайту. Шынайы экономикалық одақты дамытып, оның толыққанды жұмыс істеуі үшін одақтық бірегейлік қажет екені даусыз. Ал, одақтық бірегейлік пен ұлттық бірегейлік бір-біріне кереғар келмей ме? Идентификацияның ұлттық және одақтық деңгейлері Еуразиялық экономикалық одақ жағдайында өзіндік үйлесім таба ала ма? Бұл саяси психологиялық құбылыс қазіргі кезеңдегі өзекті мәселеге айналып отыр. Мұндай проблемамен бетпест кездескен интеграциялық бірлестікке Еуроодақты жатқызуға болады. Ондаған ғасырлар бойы бір-бірімен соғысып келген еуропалық елдер XX ғасырдың екінші жартысында одақтасуға бел буды. Еуроодақ елдері үшін одақтық идентификацияға қол жеткізуге жарты ғасырлық уақыт қажет болды. Соған қарамастан, еуропалықтарда одақтық бірегейлік толыққанды емес, евроскептицизм мен дезинтеграциялық көңіл-күй әлі күнге дейін белең алып отыр. Алдыңғы жылдары экономикалық дағдарыстан титықтаған Грекия, Португалия, Ирландия, Шотландия, Испания сияқты бірқатар еуропалық елдер Еуропалық Одақ құрамынан шығып, жеке отау тігуге ниет білдірген болатын. Сонымен қатар, Африкадан ағылған заңсыз мигранттар мәселесін шешуде Еуроодақ елдері арасында ауызбіршілік жоқ. Заңсыз миграцияның ағынынан қатты зардап шегіп отырған Италияның «Еуроодаққа мүше елдер экономикалық әлеуеті мен халық санына қарай босқындарды квоталап бөліп алуы тиіс» деген ұсынысын одақтастардың наразылығын тудырды. Испания «әркім өз қотырын өзі қасысын» дегендей жауап берсе, Германия үндемей құтылды, Франция «өзіміздің мигранттарымыз да жетіп артылады» дегендей

кейіп танытты. Ресейге қарсы қабылданған экономикалық санкцияларға қатысты да Еуроодақ елдері ішінде қарама-қайшы ұстанымдар бар. Әсіресе, Ресейге жақын орналасқан Шығыс еуропалық елдер саясаттың кесірінен экономикалық пайдадан қағылғандарына разы емес.

Жақында Ұлыбритания премьер-министрі Дэвид Кэмерон Еуроодақ құрамынан шығу туралы референдум өткізу идеясын парламент талқысына ұсынды. Ағылшын парламентінде референдум өткізуді билеуші консерваторлар партиясы да, оппозициялық лейбористер де толық қолдады [<http://ru.euronews.com/2015/06/10/britain-eu-membership-comes-into-shape/>]. Ал, Д. Кэмерон болса, Ұлыбританияның Еуроодақ құрамында қалайтынын, бірақ, бұл одақты түбегейлі реформалау қажет екендігін айтады. Көріп отырғанымыздай, жарты ғасыр өтсе де, Еуроодақ ауқымында одақтық идентификация толық қалыптаспаған, оның құрамындағы елдер де ұлттық мүдде үшін күресіп бағуда. Егер, осылай жалғаса берсе, Еуроодақ та КСРО сияқты ыдырап кетпесіне кім кепіл? Әрине, Еуроодақ пен Еуразиялық экономикалық одақтың бір-бірінен айырмашылықтары көп. Еуроодақ экономикалық қана емес, 28 мемлекетті біріктіретін аймақтық саяси сипаттағы бірлестік. Орталық басқару институттары – Европарламенті, Еврокомиссиясы, Еуропалық соты, Еуропалық Одақ Кеңесі, Еуропалық Есеп палатасы, Еуропалық Орталық банкі бар. Ортақ валютасы – евро болғанымен, мүше мемлекеттердің жеке ұлттық валютасы болуына құқығы бар. Сол сияқты ортақ паспорттық режимге мүмкіндік берген Шенген келісім-шарты бар, бірақ оған Еуроодаққа мүше емес еуропалық мемлекеттер де қатысуға құқылы. Ал, Еуразиялық экономикалық одақтың атауынан көрініп тұрғандай, бұл таза экономикалық ұйым, ешбір саяси мақсат-мүддені көздемеуі тиіс. Яғни, таза шаруа-экономикалық, өзара еркін сауда, қаржы және бизнесті дамыту мақсатында құрылған одақ. Бірақ,

іс жүзінде одақтасу қалай өрбиде? Саясаттың ықпалы шынымен де жоқ па? Егер де, саясаттың ықпалы болмаса экономикалық одақ ішінде нарықтық жолмен реттелуі тиіс қарым-қатынастар неге саясаткерлердің ұстанымына тәуелді? Әсіресе, Ресей билігі тарапынан көптеген саяси ықпал ету орын алуда. Украинадағы саяси жағдайдың ушығуы, Қырымды Ресейдің аннексиялап алуы, Шығыс Украинадағы ресейшіл сепаратистердің ДНР, ЛНР сияқты «жаңа мемлекеттердің» туындауы сияқты мәселелерге Ресей жауапты деген АҚШ және Еуроодақ Ресейге қатысты экономикалық санкциялар жариялағалы бері оның зардаптары Еуразиялық одақ мүшелеріне де тиюде. Ресей батыстың санкцияларына қарсы жауап беріп, экономикалық дағдарысқа түскеніне қарамастан қасарысып бағуда. Ресей рублі екі есеге жуық құнсызданды, батыс елдерімен екіарада бұрыннан қалыптасқан көптеген шаруа-экономикалық байланыстар үзілді. Тіптен, Еуразиялық экономикалық одақтың өзге мүшелері арқылы америкалық немесе еуропалық тауарлардың транзитпен Ресейге енуіне дейін толық тосқауыл қойылды. Сол сияқты Ресей батысқа қарай тауар экспорттауды да барынша шектеп отыр. Экономикалық тұрғыда қиын жағдайға ұшыраған ресейлік билік енді өздерінің тауар өндірушілерін қорғау үшін, экономикалық дағдарыстан туындайтын жұмыссыздық, қылмыстың артуы, маскүнемдік, нашақорлық сияқты толып жатқан әлеуметтік зардаптарын азайту үшін протекционистік экономикалық саясатқа бет бұрды. Жалпы, мемлекеттік экономикалық саясатта дәстүрлі саналатын негізгі екі ұстаным бар: **бірі** – протекционизм, **екіншісі** – фритредерлік. Протекционизм (protection – қорғау) жергілікті, яғни, отандық тауар өндірушілерді қорғау мақсатында шетелден импортталатын тауарларға шектеу қою, кедендік баж салықтарын салу, қысқасы, шетел тауарларының бағасын қымбаттатуға ықпал ететін әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы импорттың бәсекелестік

қабілетін төмендету. Сонымен қатар, отандық өнім өндіруді арттыру арқылы импорттың орнын алмастыруға барынша тырысады. Әрбір егеменді ел өзінің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында протекционистік бағыт ұстанады. Ал, бір одаққа біріккен елдердің бір-біріне протекционистік экономикалық саясаттың құйтырқы айла-шарғыларын қолдануын қалай түсіндіруге болады? Өкінішке орай, Еуразиялық экономикалық одақ мүшелері арасында мұндай құбылыс орын алып отыр. Бастапқыдан-ақ, Ресей тарапынан протекционизмге бой ұрушылық анық байқалады. Бұл өз кезегінде өзге одақ мүшелерінің жауап реакциясын туындатып, шектеуге шектеумен жауап беруге апарып соқты. **Егер де, одақтас елдер бір-біріне протекционистік экономикалық саясат ұстануды жалғастыра беретін болса, онда Еуразиялық экономикалық одақтың болашағы қандай болмақ? Мүшелері біродақтың ішінде бір-бірімен күндес болып, өзара шектеу қоюмен айналысатын болса, онда одақтасудың керегі қанша? Егер, одақтық бірегейлік болмаса, ынтымақ та, береке-бірлік те болмайды. Одақтық бірегейлік (идентификация) дегеннің аты қорқынышты болар, бірақ Еуразиялық экономикалық одақтың қызметі онсыз мүмкін емес.**

Фритредерлік экономикалық саясат (*free trade* – еркін сауда) еркін сауда, кәсіпкерлік пен бизнес саласына мемлекеттің араласпауын, сұраныс пен ұсынысқа сай нарықтың өзін-өзі реттеуіне негізделеді. Экономикалық одақтың дамуы үшін оның мүшелері арасында фритредерлік қарым-қатынас болғаны ұтымды, экономикалық одақ құрылуда алға қойылған басты мақсат та осы емес пе? Яғни, экономикалық одақтың ауқымында қаржы, тауар, қызмет түрлерінің еркін алмасуына қол жеткізу, ортақ кедендік шекара, ортақ салық саясаты т.б. арқылы өзара сауданы дамыту көзделді. Солай бола тұра, Еуразиялық экономикалық одақтың мүшелері ара-тұра бір-біріне санкция қолданып, тауарларға тосқауыл қою орын алып отыр. Бұл экономикалық

одақтың дамуына кедергі келтіретін жағдай болып табылады.

Еркін сауда мен шаруа-экономикалық байланыстарды нығайтуға бағытталған Еуразиялық экономикалық одақ осы жылдың басынан бастап жұмысын бастады. Оның тиімді-тиімсіздігін, ұлттық мүддемізге қаншалықты сай екендігін уақыт көрсетер. Алайда, қызметін енді бастаған Еуразиялық одақ аясында қазақстандық тауар өндірушілер, автодилерлер, фермерлер, сауда-саттықпен айналысушы кәсіпкерлер ел билігіне: **«Ресейден енетін тауарлар арзан, бәсекелестікке төтеп бере алмай жатырмыз! Банкрот боламыз, көмектесіңіздер! Шекараны жабыңыздар... импортты шектеңіздер!»**

- деп, ұлардай шулауда. Еуразиялық одақ енді жұмыс істей бастағанда шекараны жабатын болсақ, ондай экономикалық одақты құрып не керек еді? Энергетика министрі В. Школьник те **«ресейлік жанар-жағар майдың бағасы бізден төмен, қазақстандық мұнай өңдеу зауыттары тұралап қалатын болды»** десе, осыған ұқсас пікірлерді **«Атамекен»** ұлттық кәсіпкерлер палатасы, ауыл шаруашылық министрлігі сияқты салалық құзырлы органдар да айтуда. Кәсіпкерлердің ұсынысы: **«Ресейден тек ресми делдалдар ғана тауар әкелсін, жеке азаматтар, қатардағы тұтынушылар тауар әкелуді тоқтатсын»...** Яғни, **«Менің атым шаба тұрсын, сенің атың тұра тұрсын»** дегеннің кері келіп тұр. Сонда қалай, алыпсатар бизнесменге ресейлік тауар әкелуге болады екен де, қатардағы қазақ елінің азаматы табан ақы, маңдай терімен тапқан өз ақшасына одақтас елден өзіне қажетті тауар сатып ала алмай ма? Кәсіпкердің пайда тауып, баюы үшін тұтынушының құқығы аяққа тапталуы тиіс пе? Экономикалық одақ құрғанда, оның ішінде еркін сауда-саттық, ашық алыс-беріс, бизнестің қарым-қатынасы да, жеке адамның жүріс-тұрысы да емін-еркін болады демеп пе едік? Қазақстандық кәсіпкерлер ұсынғандай, мемлекеттік шекараны жауып, халықтың алыс-берісін, өзара сауда-саттығын шектеу проблеманың шешімі емес. Бұл ауру-

ды емдемей, тек жансыздандыратын дәрі ішіп, уақытша өзінді-өзің алдаумен тең. Бәсекелестікке шыдамай, импортқа шектеу қою – «құмға басын тыққан страустың» тірлігі. Біздің кәсіпкерлеріміз одан да өздерінің бәсекелестікке неге қабілетсіз болып отырғандарына ойланбай ма екен? Неге қазақстандық тауарлардың өзіндік құны қымбат? Еліміздегі қызмет ақысы, коммуналдық тарифтер, салық-несие, айыппұл, жанар-жағар май неге аспанға шарықтап тұр? Алып-сатумен айналысатын саудагерлеріміз сататын тауар бағасының өте қымбат болуына не себеп? Жалпы, Қазақстандағы баға саясаты әлемдік қалыптарға неге сай емес? Осы сияқты, бәсекелестіктің аяғына тұсау болатын факторлар мен себептерді айқындап, тиісті шаралар қолданылса, қазақ тауары орыстың ғана емес, шетелдің де тауарларымен бәсекеге түсуге қабілетті болары сөзсіз. Мұның барлығы Қазақстанның экономикалық қауіпсіздігіне қатысты өзекті мәселелер.

Қазақстандық тауарлардың бәсекеге төтеп бере алмауында жоғарыда айтылғандардан басқа да түсініксіз жәйттер көп. Мысалы, Ресейде қосымша құн салығының (НДС) көлемі 18%, Белоруссияда – 20 %, ал, Қазақстанда бұл салық түрі 12 % болса да, қазақстандық тауарлар қымбат. Мұны қалай түсінуге болады? Сапа өз алдына, бірақ, бағасы көтеріңкі болғандықтан, біздің заттардың нарықтағы бәсекеге қабілеттілігі төмен. Биыл 5 мамыр күні Елбасымыз Ақордада Үкімет мәжілісінде қосымша құн салығын тоқтатып, оның орнына сатылған заттарға төменгі пайызбен салық салуды ендіруді ұсынды. Тағы бір айта кетерлік мәселе, Қазақстанның кейбір отандық тауар өндірушілерге жасап жатқан қамқорлығы көпшілікті ойландырады. Мәселен, Ресейден енетін автокөліктерге бәсекелесе алмаған отандық авто құрастыру зауыттары да 2016 жылдың 1 қаңтарына дейін қосымша құн салығынан босатылды. Бұған қоса, отандық автомашина сатып алушыларға мемлекеттік

бюджеттен 20 млрд теңге қаржы бөлініп, жеңілдетілген несиелер де берілді. Қысқасы, қазақстандық машина жасау саласында «Жетектеп салған тазы түлкі алмайды» дейтін жағдай қалыптасып отыр. Осыдан келіп, өзін-өзі ақтай алмаса, бәсекеге қабілетсіз болса, онда бізге автомобиль жасаудың қаншалықты қажеттілігі бар деген күмән де туындайды. Бұл бір жағынан қыруар қаржы-қаражат жұмсалып, қаншама қолдау жасалса да оңбай келе жатқан қазақстандық футболды еске салады.

Алайда, жоғарыда көрсетілген жеңілдік жасау шаралары отандық тауар өндірушілердің белгілі бір саласына қолдау жасағанымен, жалпы проблеманы түпкілікті шеше алмайды. Ресейлік және белоруссиялық тауарлар арзан әрі өтімділігі әлі де жоғары. Қазір Еуразиялық экономикалық одақ ауқымындағы бәсекелестікке төтеп бере алмасақ, Қазақстан биыл үміттеніп отырғандай, жыл соңына дейін Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше болғанда қайтпекпіз? Қазақстандық тауардың өзіндік құны неге қымбат деген сұраққа ойланып, оның шешімін таппай жағдай түзелмесі анық. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың баршаға бірдей, осы заманғы мемлекет құруға бағытталған бес институционалдық реформасының бір тармағы индустрияландыру және экономикалық өсім болып табылады. Осы 100 нақты қадамдардың ішінде 35-тен бастап 85-ші қадамға дейінгі аралықта өндірістік-инновациялық даму мен экономикалық өркендеуге септігін тигізетін, жедел атқарылуы тиіс іс-жоспарлар тұжырымдалған. Әсіресе, Елбасымыз салық саласына, тарифтерді реттеуге, ауыл шаруашылығы мен құрылысқа қатысты көптеген оң нәтиже берерлік қадамдарды айқындап берген. Егер олар нақты іске асатын болса қазақстандық тауарлардың өзіндік құны төмендеп, сапасы жақсарып, бәсекеге қабілеттігі артатын болады.



Үмбетхан СӘРСЕМБИН,
философия ғылымдарының
кандидаты, Қ.Жұбанов атындағы
Ақтөбе өңірлік мемлекеттік
университетінің, Әлеуметтік-саяси
пәндер кафедрасының меңгерушісі

ҚАЙТА ҚҰРУ САЯСАТЫ ҚАЗАҚҚА НЕ БЕРДІ?

Қайта құру жылдары деген тарихи атауды иеленген 1980 жылдардың ортасы мен 1990 жылдардың басындағы уақыт қазақ ұлтының өміріне де зор ықпалын тигізді. 1970-1980 жылдары Кеңестік саяси-экономикалық жүйе тоқырауға ұшырады. Нәтижесінде, саяси-экономикалық реформалар жүргізу қажеттілігі туындады. М.С. Горбачев КОКП ОК 1985 жылғы сәуір пленумында қайта құру саясатын жариялады. Ресей тарихшылары қайта құру жылдарын келесідей кезеңдерге бөліп қарастырады: 1985-1986 жж., 1987-1988 жж., 1989-1991 жж. Қайта құру жылдары туралы алуан-түрлі пікірлер де бар. «Қайта құру» ХХ ғасырдың 80-жылдарының орта тұсында пайда болған саяси-экономикалық атау. Тарихшылар жазып жүргендей қайта құрудың мақсаты КСРО-дағы әміршіл жүйені реформалау болды.

Қайта құру туралы сөз бастамас бұрын, ең алдымен Кеңестік үлгідегі тоталитарлық қоғамның адами дамуға жат болмысын зерделеуіміз қажет. Өйткені, қайта құру кеңестік жүйені дағдарыстан шығаруға жасалған талпыныс. **Қайта құру саясаты Кеңестік жүйенің төл баласы. Қайта құру деген атау сол жылдары халыққа жақсы естіліп, үміт отын жаққанымен, мемлекеттің құлауына**

әкеліп соқтыруы заңдылық еді. Адами, ұлттық құндылықтарды аяқ асты еткен кеңестік жүйе іштей құлдырай бастады. КСРО Конституциясы іс жүзінде адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ете алмады. Конституциядағы барлық халықтар тең деген сөз жүзінде қалды. Сөз бен істің қайшылығы, бюрократизм, конформизм секілді көптеген адам дамуына жат қасиеттер тамырын тереңге жайды. 70 жыл бойы орыс тілі ғана мәртебелі болды. Одақтас республикалардың барлығы шикізат көзі ғана болып, Ресейдің индустриялық алып империяға айналуына амалсыз қызмет етті. Қазақ тілі қазақтар көп шоғырланған аудандарда ғана қолданыста болып, билік қазақ тілін керек етпеді. Қазақ болғаны үшін «ұялатын» ұрпақ қалыптаса бастады. Сөйтіп, орыстандыру саясаты қарқынды жүргізіліп, ұлт тарихы, ұлт мәдениетіне қарсы жойқын шабуыл жасалды. Бауыржан ағамыз «мен қазақ пен қазақтың орысша сөйлесіп тұрғанынан қорқамын» – деп айтқаны өмір шындығынан туындады.

Қазақ елінің әлеуметтік жағдайы да төмен болды. ХХ ғ. 80 жылдары Қазақстанда ұлттық табыс кісі басына шаққанда Одақтық деңгейден 12% артта қалды. Сондай-ақ, республикада үй құрылысы, мектеп, балалар бақшасы және басқа да мәдени-әлеуметтік құрылыстар салуда да ілгерілеу болмаған. Мәселен, 1980-жылдары Одақ бойынша 10 мың адамға жыл сайын 75 пәтер салынса, Қазақстанда тек – 69, Одақта әрбір 10 мың адамға 404 дәрігерден келсе, елімізде тек 352 дәрігерден келген. 1987 жылы мектеп жасына дейінгі баланы балалар мекемелерімен

қамту 53% ғана болды. Экологиялық жағдай өте ауыр болды. Қазақстанның бірқатар аймақтары экологиялық зардап шеккен аудандарға айналды. Табиғи ортаны қорғау жұмысының жеткіліксіздігінен көптеген қалаларда ауаның ластануы өте жоғары деңгейге жетті. Әсіресе, Қызылорда, Ақтөбе, Семей облыстарында экологиялық өте ауыр жағдай қалыптасты. Арал аймағында көптеген аурулар тарап, балалар өлімі өсті. Осындай ауыр жағдайда тұрған елімізге қайта құру саясаты не әкелді деген заңды сауал да туындайды?

Қайта құру жылдарында да Қазақстанның жоғарғы билік органдарына орталықтан басшы кадрлар жіберу өз жалғасын тапты. Мәселен, 1986 жылы 16 желтоқсан күні 18 минутқа созылған пленумда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Д.А.Қонаев орнынан алынып, оның орнына Мәскеуден жіберілген Г.В. Колбин сайланды. Жергілікті халықтың пікірін ескеріп көрмеген өктем саясат қайта құру мен демократиядан үлкен үміт күтіп отырған қазақ жастарының наразылығын туғызды. Желтоқсан көтерілісі қазақ тарихында ұлттық сананың серпілісі ретінде мәңгілікке қалды. Желтоқсан көтерілісінен соң кадрлық тазалау жүзеге асырылып, мәдениет пен баспасөз қатаң бақыланып, жоғарғы оқу орындарына студенттер Қазақстандағы ұлттардың алатын проценттік үлесіне сай қабылданды. «Қайта құрудың» алғашқы кезеңінде қазақ жастарының ұлттық рухының серпілісі өзге одақтас республикаларға үлгі болды. 1986 жылы Алматыда болған Желтоқсан көтерілісінен кейін Тбилисиде, Бакуде, Вильнюсте бірінен соң бірі баскөтерулер орын алды. 1989-90 ж. Орталық және Оңтүстік-Шығыс Еуропа елдерінің (ГДР, Польша, Чехословакия, Болгария, Венгрия, Румыния, т.б.) социалистік даму жолынан бас тартып, нарықтық қатынастарға көшкені белгілі.

1986-1988 жылдары кеңес қоғамын жаңартуға бағытталған реформаларды енгізу әдістері алдымен жасырын басталғанымен, кейін ашық сипат ала бастады. Балама, көп мандатты сайлаулар бірінші кезекте ұлттық, аймақтық мәселелер мен мүдделерді ұсынды.

М.С. Горбачев және оның айналасындағылар өз ұстанымдарын нығайту мақсатында партия органдарына да, кеңестерге де балама сайлау енгізеді. **XX ғасырдың 80-жылдарынан кеңес қоғамында бұрын - соңды болмаған жаңаша ойлау, қоғамдық-саяси өмірді қайта құру реформасы басталды. Қоғамды «демократияландыру» шаралары нәтижесінде, 1988 жылдан бастап Коммунистік партия тарапына сындар айтылып, жаңа қоғамдық ұйымдар құрылады. 1987 жылы тамызда тұңғыш тәуелсіз ұйым – әлеуметтік-экологиялық «инициатива» бірлестігі құрылып, рухани серпіліске жол ашылды.** Тарихшылар сараптағандай қайта құру жағдайында бұқаралық ақпарат құралдары елдегі, соның ішінде Қазақстанда болып жатқан жағдайларды, өзгерістерді ашық айтып отырған. Себебі, жариялылық қайта құрудың ажырамас бір бөлігі деп қабылданған еді. Жариялылықтың арқасында халықтың азаматтық және ұлттық санасезімі жоғарылады. Қоғамда орын алған жұмыссыздық және өзге де әлеуметтік мәселелер төңірегінде әлеуметтік зерттеулер жүргізіліп, оның қорытындылары ашық жарияланған. Сөйтіп, халықтың саяси-әлеуметтік белсенділігі артты. Қайта құру жылдарында халқымыз өзінің төл тарихы, ана тілі, мемлекеттік егемендік алу туралы мәселелерін қоя бастады.

1988 жылғы шілде-тамыз айларында өткен Бүкілодақтық XIX партия конференциясында Кеңес қоғамының саяси жүйесіне реформа жүргізу қажеттігі айтылып, ең басты мәселе – халық депутаттары Кеңестерінің толыққанды өкіметін барлық жерлерде қайтадан қалпына келтіру көзделді. **1988 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің қаулысымен 1930-40-жылдары және 50-жылдардың бас кезінде жазықсыз жазаланған ұлт зиялылары есімдері халқына қайтарылды. Әсіресе, Шәкәрім Құдайбердіұлының, Ахмет Байтұрсыновтың, Мағжан Жұмабаевтың, Жүсіпбек Аймауытовтың, Міржақып Дулатов сынды алаш зиялыларының еңбектері халқына жетіп, ұлттық сананың өрлеуіне зор ықпал етті.** 1989 жылы наурыз айында өткен КСРО халық депутаттарының I

сьезінде Г.В. Колбин одақтық халық бақылау комитетінің төрағасына тағайындалып, Мәскеуге кетіп, оның орнына Н.Ә. Назарбаев сайланады. Сөйтіп, саяси өмірде болған өзгерістер ұлттық сананың серпілісіне одан әрі жандандырды. 1989 жылы қыркүйекте Республика парламенті **«Қазақ КСР-нің тіл туралы заңын»** қабылдап, қазақ тіліне мемлекеттік тіл мәртебесі беріледі. Осылайша, елімізде жүзеге асырылған демократиялық өзгерістер саяси партиялардың құрылуына ықпал етті. Мәселен, 1990 жылы Қазақстан социал-демократиялық партиясы, «Азат» азаматтық қозғалысы, сонымен қатар «Алаш», «Желтоқсан» және т.б. саяси қозғалыстар өмірге келді. Қазақстанда көппартиялық жүйе қалыптаса бастады.

1989 жылы КСРО Ауғанстаннан өз әскерін алып шығып, қазақ елі де үлкен қуанышқа бөленді. Себебі, аман қалған қазақ жігіттері де ауған соғысынан еліне оралды. Айта берсек, қайта құрудың қазаққа әкелген пайдасы көп деген пікірдеміз. Қайта құру саясатының арқасында КСРО құлады. Қайта құру саясаты адамдардың көз жасымен құрылған КСРО-ның ыдырауына әкеліп соқтырды. КСРО тұсында қазақ елі көп қасірет шекті. Біз айтып отырған қайта құру жылдарында да бойларын ұлттық намыс кернеген қазақ жастары көп қиянат көрді. Қайта құру саясаты болмаса да ұлттық сананың серпілісі орын алар еді. Себебі, әділетсіз саясаттың халықтың ашу-ызасының шегіне жетуі, билік пен халықтың арасындағы алшақтықтың әлеуметтік бұлқынысты туындатуы заңдылық еді. Қайта құру саясаты іштен іріп-шіріген жүйенің құлауын жылдамдатты. Алайда, КСРО қайта құру саясаты болмаса да құлайтын ба еді?!

Қайта құру саясатының қазақ халқына әкелген жаман жақтары қандай деген сауал тыңғылықты зерттеуді қажет етеді. Қайта құру саясаты да қызыл империя саясатының жалғасы болғандықтан, қазақ мүддесін басты орынға қоймағандығы белгілі. Қайта құру саясаты КСРО-ның өзін-өзі сақтау үшін жасалынған саясаты екендігі белгілі.

Жұмабек ТӘШЕНОВТЫҢ ел есінде қалған істері

Бірінші хатшы Н.Хрущев еліміздің солтүстіктегі бес облысын (Ақмола, Көкшетау, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан) біріктіріп «Тың өлкесі» деген аймақ құрып оны Ресейге қосуды жоспарлайды. Өлкенің басшылығына Мәскеуден Т.И. Соколов деген өз адамын жібереді. Ол «Тың өлкесін» Ресейге өткізуге бейімдеп, Қазақстан басшылығына бағынудан бас тарта бастайды. Бұл әрекетті білген Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы Ж.Тәшенов 1960 жылы күзде «Тың өлкесінің» орталығы болған Целиноград қаласына шұғыл түрде ұшып келіп, республикалық Жоспарлау комитетіне келесі жылдың бюджетіне қажет мәліметтерді әдейі бермей бассыздық жасағаны үшін Т.Соколовты қызметінен алып 24 сағаттың ішінде Қазақстаннан қуып жіберетінін және «Тың өлкесі» ешқашан Ресейге берілмейтінін қадап тұрып айтады.

Одан кейін Алматыда Үкімет мәжілісінде келесі жылдың халық шаруашылық жоспары қаралып жатқанда мінбеге көтерілген Тың өлкелік атқару комитетінің төрағасының бірінші орынбасары А.И. Козлов: «Жұмабек Ахметұлы! Біз сіздерден ештеңе сұрамаймыз, тек Мәскеудің бергеніне тимесеңіздер болғаны», – деп қыр көрсетеді. Мұндай жүгенсіздікке төзбеген Ж.Тәшенов оны тоқтатып қойып: «Тың өлкесі Қазақстанның құрамында, ал Қазақстанды оның Орталық партия комитеті мен Үкіметі басқарады. Сіз сол партияның мүшесісіз. Мынадай қыңыр мінез бен істі қоймайтын болсаңыз партиядан шығарып орныңыздан аламыз. Сонан кейін баратын жеріңізге барып арызыңызды айта беріңіз», – деп қадап айтады. Н.Хрущевтің қырына ілігіп қызметінен төмендетіліп Мәскеуден Қазақстанға жіберілген А. Козлов зәресі ұшып сол жерде кешірім сұрайды.

1958 жылы 28 шілдеде ҚКП Орталық Комитетінің бюросында «Қазақ әдебиеті» газетінің саяси бағыт-бағдарының коммунистік идеологияға сай келмейтіндігі жөніндегі мәселе қаралып, газеттің жабылып-жабылмауы талқыға түседі. Мінбеге сөйлеуге шығып бара жатқан газеттің бас редакторы Сырбай Мәуленов аяғын сылбыр басып, түсі қашып бара жатқанда, Жұмабек Ахметұлы: «Тайсақтамай батыл сөйле!» деп жігер береді. Жұмабек Ахметұлының әлгі сөзі С. Мәуленовты сескенбей сөйлеуге итермелейді.



Құрманғали АШАНҰЛЫ,
кәсіпкер

УАҚЫТША ҚИЫНДЫҚТАН ҚАЛАЙ ШЫҒУҒА БОЛАДЫ?

немесе кәсіпкерлерге кеңес

Әлемдік қаржы дағдарысы Қазақстан мемлекетіне әсерін тигізіп жатыр. Қазақ елін әлемнен бөліп-жаруға болмайды. Кешегі санақ бойынша, елімізде халықтың саны – 16 миллион 400 мыңнан асыпты. Алтын-валюта қорымыз – 50 миллиард АҚШ долларын құрады. Үкімет қаржылық дағдарысты тежеуге тоқтатуға ІЖӨ-нің 14 пайызын құрайтын 18 миллиард АҚШ долларын бөлді. Ең бастысы, нарықтық жүйе экономикамызда толық қалыптасып, кәсіпкерлер жұмыс істеудің тәжірибесін жинақтауда. Бюджеттен бөлінетін шығындар әлеуметтік салаларға қысқармай, ал, керісінше, мемлекеттік органдар өздерінің шығындарын азайтуда. Бабаларымыз «Көппен көрген ұлы той» демекші, дағдарыстар тарихта болып тұрады. Оны біліп, оқып осы уақытта отандық кәсіпкерлер бастарынан қиыншылықты өткізіп жатыр. Өмір қиындықсыз болмайды, оны жеңе білу керек.

1. Қаржы дағдарысы кезінде мыңдаған адам жұмыссыз қалып, қысқарады (Оларды жұмыспен қамту мемлекеттік органдардың құзырында. Мен бұл проблемаға тоқталмай-ақ қояйын. Әркім өз ісімен айналысуы тиіс).

2. Көптеген шағын және орта кәсіпорындар банкротқа ұшырап, жалға алып отырған офистерін өткізіп, қаланың шет аймақтарына көшуде.

Кәсіпкерлер ұсыныс пен сұраныстың азаюына байланысты қаржылық тапшылыққа тіреліп, жергілікті салық бөліміне барып жағдайын айтып, жұмыс толық жүріп кеткенше демалыс алуға мәжбүр болуда. Мысалы, Алматы қаласында 2008 жылдың соңғы екі айында 595 салық

төлеуші 7 миллиард теңге салық төлемепті. Алкоголь өнімдері 40 пайызға кеміпті. Қонақүй, мейрамхана, шаштараз, халыққа қызмет көрсететін басқа да орындардың клиенттері бұрынғыдай емес, өте аз немесе сирек баратын болыпты. Мысалы, автомобиль жөндейтін В. Шебердің айтуы бойынша, бұрын кәсіпкерлер келіп өз автомобильдерінің ақауын бірден сөзге қарамай жөндететін. Ал, қазір олардың барлығы келіп, автомобильдердің ақауын зерттеткізіп, қанша айға дейін шыдайтынын білген соң көбісі жөндетпей кетіп қалады. Цехта бірігіп жұмыс істейтін С. мен салық бөліміне барып: пеш дәнекерлейтін 5 шеберді тауарға сұраныстың жоқтығынан уақытша демалысқа жіберіп отырмыз. Өзіңіз білесіз, шебер дәнекерлеушілер табу қиын, олардың 20 жылдық тәжірибесі бар деп жағдайымызды айтып едік, салық бөлімінің бастығы түсініп, біздерге жұмыс жүргенше уақытша демалыс берді. Түсінген адамға пештің артында халық тұр, қақаған қыс тұр...Егер, қыста пеш жарылып кетсе, С. екеуіміз жауап береміз. Дана халқымыздың «Сабыр түбі сары алтын» дегеніндей қаржы дағдарысы кезінде кәсіпкерлерге төзім мен сабырлылық керек. Бұрын жұмысын онды-солды жүріп, күнделікті мол ақша тауып отырып, алам деген затыңды сатып алуға ақшаң жетіп, бір уақытта дағдарыстың кесірінен жұмысың жүрмей қалса, кәсіпкердің жан дүниесіне бірден әсер етеді. Оны кәсіппен айналысқандықтан басқа да, кәсіпкерлермен кездескенде бір-бірімізге айтып, ойымызды бөлісеміз. Тауарың бұрынғыдай өтпей, жұмысың алға жылжымай, қаржылық қиындықтар туындап, жұмысшыларыңды уақытша демалысқа жіберу, кәсіпкерге оңайға тимейтінін сезетін шығарсыздар. Мәселен, осы кезде кәсіпкердің ұй-

қысы бұзылып, «не болар екен?» деген күдік, үрей, құлазу сезіміне бой алдырады. Бұрынғыдай белсенділік азайып, таныстарға баруға, кездесуге құлқың соқпай, өзіңмен өзің отырғанды қалайсың. Кейде әртүрлі шығындарға төлем төлегенде жүйкеңе күшті әсер етіп қалатын уақыттар жиі-жиі болып тұрады. Әлемдік экономиканың өсімі төмендеуде. Қазақстан ІЖӨ биыл бақандай 3,2 пайызға қысқарды. Үкімет бюджеттің шығыс мөлшерін 321 миллиард теңгеге қысқартты. Осы мен кейбір жазғыштар мен ғалымдарға түсінбеймін. Олар өз еңбектерінде шетелдік ғалымдардың еңбектерін қолданып, мысалға келтіреді. Қазір бізде де дағдарыс жүріп жатқан жоқ па? Алматы қаласында 62169 шағын және орта кәсіпорын тіркеліпті. Қаржылық дағдарысты өзіміздің отандық кәсіпкерлер басынан өткізіп жатыр емес пе? Сонда деймін-ау, жоғарыда аталғандар қасында тұрғандардан сұрамай, неге шетелдіктерге үйір? Біздің өз қазақстандық менталитетіміз бар емес пе? Неге олар Қазақстан кәсіпкерлерінің жырын жырламады? Бюджетке салық төлеп отырған қазақ кәсіпкерлері емес пе?

Енді, өзінен-өзі сұрақ туады. Қаржы дағдарысы кезінде кәсіпкер өзін-өзі қалай ұстап, не істеуі керек?

1. Кәсіпкер уақытша қиындық кезінде өмірден үмітін үзбей, өзіне нық сенімді болып, жан-жаққа қарап, кімнің не істеп жүргенін, олардың жіберген қатесін, істеп жатқан былықтарына сараптама жасап, салыстырып отырғаны жақсы.

Тапқан табысы маңдай термен, күнітүні жұмыс істеп, адал еңбекпен келгенін жиі-жиі еске түсіруі керек. Сол кезде қорқыныш пен үрей сейіліп, көңіліңіз бір көтеріліп, қалыпты жағдайға түсіп, сізден бақытты адам жоқ екенін сезінесіз... Бір күш пайда болып, жұмысыңызға құлшына кірісесіз. Алланың нұрынан кейін күн шығатыны анық. Дауылдан кейін мамыражай орнайды.

2. Көрші кәсіпкерлермен күнде кездесіп, ой бөлісіп, шер тарқатқаныңыз өте дұрыс әрі пайдалы. Сізді кәсіпкерлер ғана түсінеді. Себебі ол да уақытша қиындықты өз басынан өткізіп жатыр. Басқа саладағылар сіздің жай-күйіңізді

түсінбейді, олармен қысқаша сөйлескен дұрыс.

3. Үйдегі бала-шағаға қаржы дағдарысының уақытша екенін түсіндіріп айтқан жөн. Олар жұмсайтын шығындарын үнемдесе, ұтпасаңыз, ұтылмайсыз. Кейін әрі қарай үнемдеп өмір сүруге қалыптасады.

4. Қаржы дағдарысына кәсіпкер кінәлі емес екенін есіне ұстап, жергілікті салық бөліміне барып, уақытты созбай, жүріп алмай, тезірек демалыс алсаңыз, ұтасыз. Себебі, бір істі бітіріп, көңіліңіз орнына түсіп, кәсібіңізді әрі қарай дамытуға кірісесіз. Жұмыс жақсы жүріп кетсе, салық бөліміне барып ескертесіз.

5. Қаржы дағдарысы кезінде кәсіпкер өте сақ жүруі керек. Осы кезде ұрлық-қарлық, алаяқтар көбейеді. Өз басымда болған оқиғаны айтып кетсем, кәсіпкерлерге сабақ болады. Мысалы, банктің алдында тұрған машинаның дөңгелегін тесіп, алаяқтар соңымнан еріп «мен жөндеп берейін» деп, сөзге айналдырып машинаның ішіндегі бағалы заттарымды ұрлап алып, біраз әбігерге салғаны бар. Осылардан кәсіпкердің сақ болғаны дұрыс.

6. Әр кезде бойыңызды тік ұстап, еңсеңізді көтеріп жүріңіз. Қиындықпен күресе білу қажет. Егер, кәсіпкер уақытша қиындықта өмірдің жүгін көтере алмаса, кәсібі банкротқа ұшырап, кәсіпті ұстап тұра алмай, еңбегі зая болып, кейін өкінеді.

Шығыстың ғұламасы Хафиздің айтқаны қиыншылық кезде кәсіпкерлерге ой салады: шыдамдылық пен бақыт мәңгілік дос. Егер, сенде төзімділік болса, бақыттың өзі сені іздеп табады. Әлемдік қаржы дағдарысына ислам тағылымы не дейді? Соған қысқаша тоқталсақ, кәсіпкерлерге артық болмас. Ислам қиындық болатын кездерде кәсіпкерлерді сабырлылық пен төзімділікке шақырады.

Қасиетті Құран-Кәрімнің Бақара сүресінің 155-ші аятында: Кейде бір қорқыныш – үрей төндіру, таршылық жасау, мал-жандарыңа кемшілік келтіру, өнімдеріңді азайту арқылы Біз сендерді сыңға аламыз.

Осындай тауқымет келген шақта: «Біз Алланың пендесіміз және оның алдына қайта барамыз» депті.

Сабыр сақтаушыларды (ей, Мұхаммед),

Сен қуандыр, – деген екен.

Қаржылық дағдарыс – кәсіпкерлерге осы өмірде сын. Алла адам баласына байлықты мол беріп сынаса, енді бірде байлықты алып, тағы сынады. Кәсіпкер қиындық кезінде сабырлылық көрсете білсе, оның бағы жанады. Ал, кәсіпкер осы кезде сабырлылық пен төзімділік көрсете алмаса, оның ісі жүрмей, банкротқа ұшырап, кәсібінен айырылады. Кім сабыр сақтаса, сол кәсіпкер уақытша қиындықтардан аман-есен өтетінін нық сеніммен айта аламыз. Бұл – Құран-Кәрімнің сөзі.

Қиыншылық кезінде адамның көзқарасы

Қазақстан тәуелсіздік алған соң жаңадан либералдық нарықтық экономикаға бет бұрды. Әлемдік дағдарысқа дейін ұлттық экономикада біраз жұмыстар істеліп, бірнеше экономикалық реформа қабылданды. Сол қабылданған реформалардың арқасында 2001 жылдан 2007 жылдың арасында Ішкі Жалпы Өнім 10 пайыздық өсіммен аяқтап отырды. Соңғы 7 жылда Қазақстан әлемдік экономикаға кіруі былай тұрсын, елдің ІЖӨ 8 есеге өсіп, аяғына нық тұрды. ІЖӨ жан басына шаққанда 8400 долларды құрады. Экономиканың өсуінің арқасында мәдени мұраларға көптеп ақша бөлініп, Еуразияның қақ ортасынан Астана қаласы салынды. Қазақстанның беделі артып, шетел мемлекеттері әріптестері ретінде санасатын болды. Орта Азиядағы экономикасы күшті мемлекетке айналды. **Қазақстанда кәсіппен айналысып, жұмыс істеймін деген адамдарға жағдай жасалған. Инвесторларға жұмыс істеулері үшін шектеу қойылмаған. Бұрын тек салықты төлеп, әлеуметтік салаға ақша бөліп, жергілікті жерде аурухана, т.б. әлеуметтік құрылымдар салумен шектелетін. Қазір басқаша.** Оған қоса материалдарды сырттан әкелмей, жергілікті кәсіпкерлерге тапсырма беріп, солардан сатып алады. Жұмыс істейтін жергілікті кадрларды 60-70 пайызға дейін көбейтіп, оларды өздерінде дайындап оқытуға үлкен қаржы бөлуде. Бүкіләлемдік банк сарапшылары ТМД аймағында Қазақстан эконо-

микасында тұрақтылық белгісі байқалып, Үкімет қиындықтан шығудың жолдарын іздеп, қаржыны нақты секторға бағыттап отырғандығын айтуда. Дағдарысқа дейінгі соңғы 7 жылда халық пен шенеуніктер ақшаның құнын білген жоқ. Мұнай мен металдың бағасы әлемдік нарықта ұшып тұрды. Соған байланысты жеңіл ақшалар көптеп нарықтың айналымына түсіп, құрылыс материалдары, үйдің, пәтердің, жердің, жылжымайтын мүліктің, жеңіл автокөліктің бағасы шексіз түрде уақытша болса, да өсіп тұрды. **Қарапайым халық нарықтың құйтырқы келеңсіз жайын түсінбей, қымбат бағаға несиелер алып, осы жағдай мәңгі болып тұрады деп ойлап, алданып қалғандар қаншама десенізші. Дәл қазір өкінуде. Банкирлер халыққа шексіз қымбат несиелер беріп отырды. Халық олардың қымбат несие пайызының көлеміне қарамай, оның кейін ай сайын қалай төлейтінін ойламай, қандай мөлшерде болса, сондай алып, алған несиелеріне экономикалық есеп-қисап жасамай, пайда беретін нақты кәсіпке салмай, уақытша шығыны бар той жасауға, жер, қымбат жеңілкөлік, пәтер, тағы басқа пайда бермейтін шығысы бар нысандарға салды. Бұл – әрине, шындық.** Сол кездегі баға мен осы кездегі бағаны салыстырып көріңізші. Арасы жер мен көктей. Аталған заттар жоғары бағамен болып тұрғанда несие алғандардың көбісі қандастарымыз. Осы болған жағдайларды сараптап, қорыта келе, елімізде болып жатқан дағдарыстың бір бөлігі деп толық атауға болады. Нақтылап айтқанда, республикадағы өзге ұлт өкілдері банктен несие аларда алды-артын ойлап, «Жеті рет өлшеп, бір рет кес» демекші, несиені тек шағын кәсібін ашуға немесе оны әрі қарай дамытуға алады. Ал, өз қандастарымыз болса ақша қай күні қажет болған кезде қайтарымын ойламай, банктен несие алып, оның пайызының көлеміне қарамай, алдын ала есептемей ала беретіндері қатты қынжылтады. Мысалы:

1. Алған несиелерін шағын кәсіпке салса, сөз жоқ. Шағын кәсіптің қоғамға да, адамға да пайдасы мол. Шағын кәсіпті ешқандай дағдарыс ала алмайды.

2. Ата-ана несиені балаларының оқуын төлеуге алса, ол кейін ата-анаға 100 есе

қайтарыммен келеді. Ақшаны білімнен аямасын.

3. Алған несиені төрт түлікке салса, мал алып көбейтсе, үйде ақ мол болып, береке болады.

4. Үйді, пәтерді банктен несиеге алса, өзін ақтар, жалға берер.

5. Несиеге жер алса, бақша егіп, іске асырады.

6. Көлік алса, жолаушы тасып, өзін-өзі ақтар. Бір банктен несие алып, оны жабу үшін екінші банктен несие алатындар көптеп саналады өз қандастарымыздың арасында. **Кезінде ойланбай бірнеше банктен несиелер алып, оны уақытында қайтара алмай, несиені алардағы жалға қойған үй, пәтерлерінен айырылып қалып, пәтер жалдап жүргендер қаншама десенізші?! Банктің алдында жүріп, келген адамдарды әдейі торып, қолдарына үш-төрт ұялы телефон ұстап «несие алып беремін» деп үстіндегі ақшаларын алып тайып тұратын делдал алаяқтардан сақ болған жөн. Жеке-жеке келгенде әлгі ортада жүрген делдалдарды кейін іздеп таба алмаймыз. Одан да тынышы, несие алады екенсіз, бірден банк қызметкерлеріне шыққан дұрыс. Банк қызметкерлері сізді дұрыс жолға салып, ақыл-кеңес береді. Банктен несие алып, той жасайтындар көбейіп кетті. Дүркіретіп той жасап, артынан айрылысып кетіп жатқандар қаншама десенізші. Сол тойға кеткен ақшаларға екі жасқа үй, жиһаз, машина алып беріп, неге жағдайын жасамасқа?! Той өтеді, кетеді, екі жас қалады өмір сүру үшін. Екі жасқа әрі қарай өмір сүруіне тойға кеткен қаражатты үнемдеп жұмсаса, жас отаудың босағасы берік болып, ажырасу да аз болар ма еді? Қазір заман басқа, жастар көбінесе бірінші ойлайтындары – материалдық жағы. Заманға байланысты олардың жандүниесі, көзқарастары өзгеріп отырады. Бабаларымыз айтпақшы, «Той – құдайдың қазынасы» деп бала шыр етіп жерге түскеннен бастап аяқтанғанға дейін азамат болып, жеке шаңырақ көтеріп, ата-ене болып жасалатын тойларды ретімен жасауға мен қарсы емесмін. Бірақ, халық айтпақшы: «Арсызға алты күн той» демекші, үлкен ақсақалдарымыз 18 жылда ес жиып, етек жинауымыздың орнына өздері бас бо-**

лып, тойды үдетіп, бәсекеге айналдырып жібергенін ешкім жоққа шығара алмас. Жастарға ақыл айтып, үлгі-өнеге көрсетудің орнына саңырауқұлақтай қаптаған ұлттық болмысымызға, ислам дінімізге жат туған күн, күміс той, алтын той, гаухар той, юбилейлердің түрлері, Валентин күні, қыз-келіншектердің толып жатқан халықтың тәрбиесіне де, ой-өрісіне де кері әсерін тигізетін дарақылық, ысырапшылдыққа, имансыздыққа, жалған намысшылдыққа апаратыны белгілі. Қазіргі ұрпақ айрықша тарихи кезеңде өмір сүріп жатыр. Отбасы, бала тәрбиесі қоғамда жіберілген қателіктер болашақта үлкен орны толмайтын зардабын тигізеді. Оны өмірден көріп жатырмыз. Халқымыздың бойындағы нарықтық сана мен сауаттылық толық қалыптаспағандығы. **Қандастарымыз өздігінен нақты кәсіпке бармай, құлдық психологиядан арылмай, нарыққа бейімделмей жатқанын ешкім жоққа шығара алмас. Енді, халқымыздың бойындағы осал тұстарын ислам құндылықтарында да қатаң сыналып, тыйым салынып, жол берілмейді екен. Қазіргі қиыншылық кезеңде халық асылып-шашылатын заман емес. Тек қажетті той, мерекелерді жасайды. Қасиетті Құран-Кәрімнің ӘҒРАФ сүресінің 31-аятында нақты айтылған: Жендер, ішіндер, төгіп-шашпаңдар, ысырапқорларды Алла ақиқатында ұнатпайды.** Мемлекет те бюджетті үнемдеуге көшті. Ретсіз шығындар азайып, қысқартылуда. Шетелдерде шағын машиналарға отыруда. Қаржылық дағдарысқа байланысты бүкіл әлем үнемдеуге көшіп жатыр. Кез келген заттың бір шегі болуы керек қой, бар екен деп шаша беру тек біздің халқымызға тән бе деп қаламын. Қаржылық дағдарыстың пайдасы мен жақсы жағы адам сана-сезімін өзгертіп, үнемдеуге көшіріп, аста-төкке, ысырапшылдыққа жол бермеуінде. Бұдан тәуелсіз еліміз де, халқымыз да ұтпаса, ұтылмайды. Қиыншылық кезеңнен өтіп, жаңа кезеңге халық басқаша көзқараспен қарап, жаңа экономикалық құрылыммен жұмыс істеп, қалыптасатынына толық сенімдімін.

Қиыншылық кезде нарықтан кімдер кетіп, кімдер қалады?

Бүкіл әлем экономикалық дағдарыс

қыспағында тұр. Қиындықтан шығудың жолын іздеп, бастарын қатыруда. Микро-макро экономиканы тұрақтандырып, инфляция қарқынын бәсеңдетуге бар күштерін сарп етуде. Ипотека Үкімет тарапынан бақылаусыз беріліп, сыртқы тауар айналымының көлемінің көбейгендігі сонша, оған тағы көлеңкеде жүрген есепсіз қаржыларды қосыңыз (**Есірткі саудасы, қару-жарак, жезөкшелік, адам саудасы**). Осы кезде есепсіз ақшалар триллиондап жиналып, әлемдік экономика қыздырды. Әлемдік экономикада тепе-теңдік бұзылып, қыза-қыза келіп, үрленген көбікке айналып, шегіне жетіп жарылды. Әлемдік өндірісте өндірілетін өнімнің көлемімен салыстырғанда, айналымда жүрген АҚШ долларының сальдосы есепсіз триллиондап көбейіп кетті. Адам Смиттің «көрінбейтін қолдары» осы кезде жұмыс істемейді. **Нарық өзін-өзі реттемейді. Мемлекеттер нарықтық экономикада либералдық саясат ұстап, банктердің, ипотекалық компаниялардың ішкі ісіне араласпай, қаржыны қадағалау органдары дұрыс жұмыс істемей, дағдарыстың алдын алу мәселелерімен айналыспады. Мысалы: АҚШ конгресі жақында экономиканы дұрыстау үшін 787 миллиард АҚШ долларын бөлді. Мемлекет үлкен-кіші болсын, қиыншылық кездері жұмсайтын алтын-валюта қорынан басқа валюта резервтері болады. Көбінесе әлемдік барлық мемлекеттер өздерінің валюталық резервтерін АҚШ-тың долларымен ұстағанды жөн санайды.** Әлемдік тауар айналымы сауда жасасқанда мемлекеттер тек АҚШ долларымен есептеседі. Қазақстан азаматтарының көбісі өздерінің жиған ақшаларын үйде банктің депозитінде сақтағанда АҚШ долларымен сақтайды. Әрине, бұл – шындық. Қаржы институттарын атап айтсақ, Халықаралық валюта қоры мен Бүкіләлемдік банк өз клиенттерімен АҚШ долларымен есеп айырысады. Мысалы, жақында Қазақстан Қытайдан 10 миллиард долларлық несие алды. Қазақстан әлемде инвестиция құюға неғұрлым тартымды 20 елдің қатарына қосылды. Қазақстан мен Қытай өткен жылғы арадағы сауда айналымы 17,5 миллиард АҚШ долларын құрады. Қытай мемлекеті бүкіл әлемді

өздерінің тауарларымен жаулап алғанын ешкім жоққа шығара алмас. Қытайдың 2007 жылғы сыртқы тауар айналымы 2 триллион АҚШ доллары көлемінен асып түсті. Ақшаның көптігінен ел экономикасын қыздырып жіберді. Мысалы, құрылыс тоқтап, Пекинде былтыр ашылады деген бес жұлдызды отельдің тапсырылуы кейінге шегеріліпті. Алып елде де үлкен проблема болып, аз ғана уақытта 20 миллион адам жұмыссыз қалып, қаржылық дағдарыс үдеу үстінде. Бұдан ұғарымыз, әлемдік қолданыста жүрген қаржы-экономика жүйесінің әлсіздігін білуге болады. Әлемдік өндірісте өндірілетін тауардың көлемі қолданыста айналымда жүрген АҚШ долларымен салыстырғанда, тепе-теңдігі бұзылғанынан болып отыр деп айтуға толық ақылымыз. Әлемде болып жатқан экономикалық өзгерістерді, елімізде болып жатқан қиындықтарды көзбен көріп, оларды сараптай келіп, осы кезде тың идеялар байқалып, кәсіпкерлікте жаңа бір серпіліс, өзгерістер болатыны анық. Дағдарыс кезінде кәсіпкерлердің іскерлік сапасы айқындалып, кімнің жұмыс істей алмайтыны бірден анық білінеді. Біз сөзбен айтқанда, кәсіпкерлер сұрыпталып, табиғи сынақтан өтеді. Көптеген кәсіпкерлер қиындықпен бетпе-бет келген кезде күрделі жағдайларда қалып қояды. Себебі, нарықтың заңы қатал, ол ешкімді аямайды.

Енді, өзінен-өзі сұрақ туады, кім ұтады, кім ұтылады? Көгілдір экраннан кәсіпкерлік тақырыбы жөнінде сөйлескеннен кейін кәсіпкерлер келіп, өз мәселелерін, басындағы кездесетін кедергілерді айтып, өз ойларымен бөлісіп тұру соңғы 5-6 жылда дәстүрге айналды. Мен де оларды жылы қарсы алып, білмегенімді олардан үйреніп отырдым. Көбіне келетіндер шағын кәсіпкерлер өкілі. Мысалы, дағдарысқа дейін жер мен үйдің, пәтердің саудасы қызып тұрған кезде көптеген қандастарымыз уақытша кәсіппен айналысып, жағдайларын жақсартып, түзеп машина мініп, үй алды. Қомақты қаржы жинады. Жинаған қаржысын, алған несиеcін нақты кәсіпке салмай, жер мен үйдің, пәтердің бағасы түсіп кеткен кезде ұтылып қалды. Қазіргі

қиыншылық кезде өкінумен болуда. Неге мен ақша бар кезінде дүкен, мейрамхана алмадым екен деп.

Нақты кәсіп дегеніміз не? Ол кез келген дағдарысқа шыдас беретін, шығыны аз, күнде ақша аздап түсіп тұратын жылжымайтын мүлік: дүкен, дәріхана, монша, дәмхана, шеберхананың түрлері, одан да басқа қарапайым халыққа қызмет көрсететін шағын кәсіпорындар. Ұлттық компаниялар, ірі холдингтер, банктер, құрылыс компанияларына Үкімет қолдау жасап, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры арқылы көмек көрсетсе, әрине, ұтады. Мысалы, Үкімет «Альянс банкті» капиталдандырып, өз қарауына алды. Оны қожайындары әр акциясын 100 теңгеге сатты. Егер, логикамен ойласақ, күлкілі жағдай туғызады. Банктің бұрынғы қожайындары банк жүйесін ұстап тұра алмайтынын алдын ала болжап, артын ойлап, өз клиенттерімен, салымшыларымен, халықтың ақшаларымен (депозиттер) тәуекел жасағысы келмеді. Оның үстіне бұрынғы алған қарыздарын қайтару керек. Бұрынғыдай шетел банктерінен 3-4 пайызбен несие ала алмайды. Қазіргідей дағдарыс жағдайында банктерді тек мемлекет ұстап қалады. Орта және шағын кәсіпорындардың төлейтін шығындары көп болса, ұтылады. Ал, ай сайын төлейтін шығындар аз болса, сол кәсіпкерлер ұстады. **Үлкен кәсіпорынға қарағанда, шағын кәсіпорын тезірек икемделіп өмір сүргіш болады. Шағын кәсіпорындар нарықтың сұранысына қарай икемделіп, реттеліп отыруға өте қолайлы. Ал, алыпты қалай реттейсіз? Үлкен кәсіпорынның проблемасы да үлкен, шығыны да үлкен. Кез келген кәсіпорын ол үлкен бе, ол орташа ма, ол шағын ба, шығындары шаш етектен асады. Мысалы, салықтың бірнеше түрлері – жалақы төлеу, транспорт, күзет, кеңсе тауарлары, банк шығындары, көгалдандыру, қоқыс, жарнама, телефон, одан да басқа тағы да алдын ала болжалмайтын шығындар толып жатыр.** Енді, ең көп төленетін төлемді атап айтсақ: жарық, суық, ыстық су, жылыту жүйесі, канализация тарифтерін монополистер кәсіпкерлерге көтеріңкі бағамен сатып отыр. Осылай

кәсіпорын үлкен болған сайын төленетін ақы миллиондаған теңгеден асып кетеді. Осы кезде кәсіпкерлер шығыны көп кәсіпорыннан құтылуға ұмтылады. Кәсіпкердің жұмысы жүріп жатыр ма, тауары өтіп жатыр ма, онда монополистердің шаруасы жоқ, төле дейді. Уақытында төлей алмасаң, айыппұл мен үстеме ақыны қосып тағы төлетеді. Маусымдық кезеңде кәсіпкерлердің жұмысы тоқтап, жүрмей де қалатын уақыттар болып тұрады. Енді, осы шығындарға қарап, өздеріңіз қорытынды шығарыңыздар. Кәсіпкерлерге үлкен кәсіпорын ұстаған тиімді ме, әлде шағыны дұрыс па?

– **Жылжымайтын мүлікті жалға алып, кәсіппен айналысатын кәсіпкерлер дағдарыс кезінде ұтылады. Кезінде жылжымайтын мүлікті басып қалғандар дағдарыс кезінде кәсіпкердің жұмысы жүріп жатыр ма, онда олардың шаруасы жоқ, кәсіпкер жалға алған кәсіпорынға бөлінген мөлшердегі ақшаны уақытында төлей алмаса, оны тастап, босатуға мәжбүр. Егер, жұмысың жақсы жүріп кетсе, қожайын жалға беру бағасын көбейте қояды. 18 жыл ішінде өндіріспен айналыспай, тек жалға беріп отырғандар шағын кәсіптің дамуына кедергі келтіріп отыр.** Үкімет 18 жыл ішінде өндіріспен айналыспай, тек жалға беретін жекеменшіктің иесіне қатысты мәселесін қайта қарау керек немесе кәсіпкерге де, жалға беретін қожайынға да ортақ қолайлы бір өзгермейтін жалға беру бағасын белгілесін. Сонда барып шағын кәсіп елімізде дамиды. Бұдан қорытынды: дағдарысқа кәсіпкердің кінәсі жоқ, кәсіпкер де 18 жыл күні-түні жұмыс істеп, кәсіппен айналысты, олар да тәуелсіз елімізге өз үлесін аз да болса қосты. **Үкімет шағын кәсіпкерді дағдарыс кезінде қолдамаса, олар алға жылжып, ізденіске бармайды. Бұдан мемлекет те, халқымыз да ұтылады.** Менің ойымша, қиындықтар кезінде дағдарысқа дейінгі жұмыс істеп келген шағын кәсіпкерлерді жоғалтып алмауға күш салу керек. Дана халқымыз айтпақшы: **«Басы ауырмағанның Құдаймен ісі жоқ»** дегендей, жоғарыда айтылған ойларыма Үкімет тарапынан Мәжіліс, Сенатта қарап, бір нәтиже шығарады деген үміттемін.



Аян-Сейітхан НЫСАНАЛИН,
ақын

ЖАЛҒАН ТАРИХ ЖАРҒА ЖЫҒАДЫ

немесе Геродоттың Томириске (Тұмаарыс)

неге бүйрегі бұрды?

(Толғау)

Уақыт желбесігінде тербеліп туған төл тарихымыз тұлпарлар тұяғымен ғана емес ел мен жер үшін басын бәйгеге тігіп еңіреп өткен ата-бабалардың қанымен де жазылды. Солай болса да, біз науқаншылықтан қашан құтыламыз? Бізде бәрі де науқан. Ең аржағы сайлау да. Күлеміз бе? Жоқ, жылаймыз ба? Қашанғыдағыдай елімізде тарихты таразылау іскерлік, кәсіптіліктен гөрі қыпқызыл науқан туғызып, кім болса соған жарыса жазу кәдімгідей сәнге айналып барады. Әркім шолтиған қысқа көрпені өз ыңғайына қарай тартып қызу додаға түсіп жатқандай. Ілгері, кейінгі қазақ тарихында ақтаңдақ - тылсым тұстар аз емес екеніне ешкімнің де дауы жоқ. Маман тарихшыларының тұқшындаған тышқан тіршілігіне қарап қарын ашады. Неде болса Клио тәңірияның (муза) оларға өкпесі қара қазандай шығар. Әйтпесе, қайдағы бір тарихшысымақ Гога Хидаятов көпке топырақ шашып сандырақтағаны несі? «Қазақстан тарихшыларының барлығы жалған айтады, тарихта болмаған оқиғаларды ойлап шығаруда. Мәселен, Астана қаласында Керей мен Жәнібек хандарға ескерткіш орнатылып, оларды қазақ ұлтты мемлекетінің негізін қалаушы ретінде дәріптейді, шын мәнінде олай болған жоқ». Бұл көкіп, арнамысқа тиіп, көпе-көрнеу абыройды айрандай төгіп, жалпақ жалғанды шулатып жатқанда мәу деуге жарамай, жөндеп тойтарыс бермегендерден не үміт, не қайыр? Бұдан артық ары қарай ол қалай-қалай сүмірейтеді: «Қазақ тарихшылары эпостар негізінде тарих жазып жүр, ежелгі араб-парсы тілдеріндегі қолжазбаларды пайдалана алмайды, тек археологиялық

қазба жұмыстарын жүргізіп, сол арқылы тұжырым жасайды». Көлденең көк атты бүйтіп нығарлағанда қайтіп үнсіз қалуға болады? Әй, ұдайы кешігіп жүретініміз-ай!

Орыс саясаткері А.Крутов та отқа май құя түсіп, тағы да жанды сыздатады: «Алақаннан қалдықтарды жалап үйренгендер енді сол қолды тістегісі келеді». Және жым-жырт. Сырттан шок-шок деп үсті-үстіне тоқпақтаса жонарқамызды тосып мәңгірт адамдай қалғып-мүлгіп отыра беру бізге лайықты қылық па? Балапанын қауіптен қорғайтын құс екеш құстай болмағанымыз ба сонда? Африка түйеқұсы да әлдеқалай қауіп-қатер төнгенде қам жасап басын құмға тығып қорғанбай ма? Бәлкім, әлгі секілді жүгенсіздерге бірден шокпар мен гүрзі ала жүгіру керек емес болар. Бірақ, қашанғы есеміз кете береді? Мал да құрбандыққа шаларда тұяғын серіппей ме? Айналаға айбар көрсетіп, андасанда қайрат-жігер жасытпай шындық шамшырағын кім жағады?! Мен тырнақ астынан кір іздеп, ұрынарға қара таппай жүрген жан емеспін. Шындықты айтып шырылдағанда әркім ар мен ақиқат алдында дар ағашында тұрғандай сезінуі перзенттік парыз. Алашорда абыз ақылманы, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Сөздің ең ұлысы – тарихты» айтқанда нені меңзеді? Арнайы кәсіптік мамандығы болмаса да теміржолшы Мұхамеджан Тынышбаев, дәрігер Санжар Аспендияров ұлт тарихына неге барды? Халық алдындағы азаматтық парызы мен қарызын кім қалай өтеп жүр? Қарны қанша қауіптанмен әлсіз тамыры қаңбаққа ызғар ықпалынан амал жоқ ықтасын іздетеді.

1

Санада сәуле жағатын тарих сан тарау: «Біздің Қазақстан тарихы сал ауруына шалдыққан адамның тарихы-

на көбірек ұқсайды. Мәселен, бүгінгі жас ұрпақтың оқып жүрген Қазақстан оқулықтарында Қазақ хандығының пайда болғаны айтылады да, артынша ыдыраудың белгілері жазылады. Бұл дұрыс емес. Сондықтан да, бізге дербес мемлекет ретінде, Ресейді қатыстырмай, тарихымызды өз алдына қайта жазуымыз керек. Ұлтты кемсіту – сол ұлттың шығармашылығын төмендету болып табылады» дейді бірде саясаттың сойылын соғып, енді бірде тарихшы болып тәлімситін Ә. Ғали, «Төл тарихымызды бұрмаламай, қайта жазуымыз керек» атты мақаласында. Басқалар одан қалыссын ба, әншейінде тау қозғалса да қозғалмайтын Қазақстан Халық әртісі Н.Нүсіпжанов та қолына амалсыз қалам алғандай: «Тарихтың тағылымын жоққа шығарып, өзім білемдікке салынған қоғамның алға басқаны жоқ. Санамызда, идеологиямызда ұлттық құндылықтарымызды тү еткен нақты бағыт-бағдар болуы керек. Тіпті, қазір төл тарихымызды да көкпарға салып жібердік». Мәжіліс депутаты Б.Смағұлдың да бұл бас ауруына айналғандай: «Қазіргі «кәсіби» деп мақталып жүрген тарихшылар төбесінен төмен қарай алтын құйсаңыз да шынайы тарихты жазып шыға алмайды» дейді. Шынында, кімді болса да ой қажайтыны рас. Тарихымызды таразылағанда әлі безбен басы теңселіп тұр. Егер, осы салада тығырыққа тірелдік пе, одан шығатын шиыршық жол қайсы? Бір кезде Марат Тәжин Мемлекеттік хатшы болып тұрғанда аталмыш тақырып бір дүркіреп басталды да артынан зым-зия болып, жым-жылас кетіп еді. Енді, оған қайта оралып, жапатармағай күш жұмсап жатқанымызға да шүкір.

Әрине, шын тарих бізден басталып, бізбен аяқталмайды. Бұл жалғасын таба беретін ел-жұрт зердесінде жатқан жағдай. Оны кім, қалай оқиды? Біз тарихтан ащы сабақ алып жүрміз бе? Қазақ хандығының құрылуы хақында теміржолшы-тарихшы М.Тынышбаев: «Казахские ханы ханствовали в такой последовательности: 1) Джанибек (1456-1477), (М.Тынышбаев «История казахского народа» (стр.168) деп жазады. Неге екенін қайдам, кімге сүйеніп айтылғаны көмескі күйі қалды. Өзіне көпшік қоюды онша қаламай, биік азаматтық ұстанымнан мызғмай, айнымай мықтымын дейтін жазушы-тарихшы М.Мағауин ойын сол

төңіректе түйіндейді: «1456. Қазақ Ордасы құрылды. Ел бастаған Керей мен Жәнібек Шу, Талас алқабына ірге тепті.

1456-1470 шамасы. Керей хан билік құрды. Орда орнатты.

1465. Керей ханның туы астындағы жұрттың саны екі жүз мыңға жетті.

1470. Керей мен Жәнібек Сыр бойына қайтып оралды. Түркістан өңірінің біраз аймағы Қазақ Ордасының құрамына қосылды.

1471-1480 шамасы Жәнібек хан билік құрды. Орда іргеленді. Сыр бойындағы кенттер үшін күрес басталды... Асанның шынында да ұзақ жасағанын байқаймыз. Жәнібек, Керейлермен бірге Шуға келерден бұрын, Ұлы Мұхаммедтің құзырында жүрген кезінің өзінде ол егде тартып қалған адам». С.Г. Кляшторный мен Т.И.Сұлтанов бұдан басқаша көзқараста: «...Керей мен Жәнібектің көшіп кеткен, дәлірек айтқанда, ұлыс адамдарымен бірге моғол ханы Есенбұғаның иелігіне көшіп келген уақытын 864/1459-1460 жылдармен белгілеу керек». Тарих ғылымдарының докторы Б.Кәрібаевтың ұстанымы: «Қазақтар туралы «Тарих-и Рашидиде» Мұхаммед Хайдар айтқан мәліметтер бойынша 860 жылдан 944 жылға дейінгі, яғни, 1456 жылдан 1537-38 жылға дейінгі кезеңді қамтиды... Жәнібек ханның билігі 6-7 жылға созылды. Оның тұсында хандық тарихында үлкен маңызға ие бірнеше оқиға болды». Түгел түркі дүниесінің тұтастығын аңсап, шет ел асып, өткір ұстара жүзінде күн кешкен қажымас қайраткер Мұстафа Шоқай айтады: «Тарих рақымсыз. Ол ғұламаны да, білгірді де, өнер иесін де, хандар мен патшаларды да аямайды. Ол өз заңына қарсы келгендердің бәрін езіп-жаншып жүре береді. Тарих заңдары кері қайтуды білмейді және оны жаратпайды». Б.Қойшыбай, жазушы, тарих ғылымдарының кандидаты: «Біз, қазақ ежелден... Өзіңді өзің тану тәжірибесінен» деген жұмысымызда мемлекетіміздің іргетасы 1456 жылы қаланғанын дәйектеуге едәуір көңіл бөлінген еді». Оның сығындысы – «Елімізге – 555!» деген тақырыппен мерзімдік басылымдарда жарияланды. Қазақ Кеңес энциклопедиясы: «1456-1457 жылдарда қалмақтардан ойсырай жеңілуге байланысты күшейе түскен бұқара наразылығын Әбілқайыр дұшпандары – Шыңғыс әулетінен шыққан сұлтандар, Ақорда билеушілері: Орыс хан

мен Барақ ханның ұрпақтары Жәнібек пен Керей шебер пайдаланды». Нұрсұлтан Назарбаев, Елбасы: «Тарихсыз болашақ жоқ! Ұлы далада күллі Еуразия құрлығын уысында ұстаған талай алып мемлекеттер болған. Ұлан-ғайыр кеңістікті ен жайлап, еркін билеп төстеген айбарлы халықтар өмір сүрді. Бүгінгі Қазақстан сол бабалардың заңды мұрагері. Адамзат тарихында қазіргі калыптағы мемлекет үлгісі тек соңғы бірнеше ғасырда ғана пайда болғанын білеміз. Бұл кез біздің халқымыздың бостандықтан айырылып, бодандыққа түскен мезетіне тап келді. Көк түріктер мен Алтынорданың айбарын айтпағанда, Қазақ хандығы – біздің елдігіміздің түп-тамыры!» З.Кинаятұлы, тарих ғылымдарының докторы: «Сыртқы жаулары былай тұрсын, ішкі қақтығыстарын реттей алмай жатқан Әбілқайыр 1456-1457 жылдары Сығанақ (Сығнақ – А.Н.) түбінде болған шайқаста Өз-Темір тәйші қолынан жеңілістауып, Сығанақ қамалына қарай шегініп, Ойраттардың қойған шартын қабылдауға мәжбүр болды». Мұхаммед Хайдар Дулати 1541-46 жылдары, яғни, Қазақ хандығы құрылғаннан тоқсан жылдай кейін Қашмирде жазылған еңбегінде бұл оқиғалардың анық-қанығына өзі де күмілжіп жауап береді: «Сол заманда Әбілқайыр ханның Дешті Қыпшақ даласына түгелдей билік жүргізіп отырған кезі еді. Жошы ұрпағының сұлтандары жорық жасап, Жәнібек хан мен Керей хан одан қашып, Моғолстанға кетіп қалған еді. Есенбұға хан оларды құрметпен қарсы алып, қоныстануға Моғолстанның батыс жағындағы Шу өзені алқабындағы Қозыбасыны берді. Олар бұл аймақта тыныш өмір сүрген. Әбілқайыр хан қайтыс болған соң Өзбек ұлысы бір-бірімен шайқасып, араларында үлкен келіспеушілік туды. Жұрттың көпшілігі Керей хан мен Жәнібек ханның жанына кетіп қалды.

Олардың саны екі жүз мың адамға жетті, оларды өзбек-қазақ деп атай бастады. Қазақ сұлтандарының алғаш билік жүргізуінің басы 870 (1465-1466) жылдардан басталады. (Алла жақсы біледі) 940 (1533-1534) жылға дейін қазақтар Өзбекстанның көп бөлігіне өз биліктерін толық жүргізген еді» («Тарих-и Рашиди» («Хақ жолындағылар тарихы»), Тұран, 2003 жыл, 110-бет).

Ендеше, Мұхаммед Хайдар Дулатидің

жазуларына барлығымыз сілтеме жасасақ, ол қазақ сұлтандарының Моғолстан ханы Есенбұғадан енші жер алғаны рас болса (1462 жылы өлді), қайтыс болған соң ынжық баласы Досмұхаммед таққа отырып, тек 1469 жылы Шағатай үрім-бұтағы Уәйістің үлкен баласы Жүністің ыдырай бастаған ел тізгінін ұстайды. Аңыз бойынша бұл уақытта Бөйдібектің кіші баласы Дулат бек хандықтарда уәзір болып қызмет етті. Қазақ хандары достық, тату-тәтті қарым-қатынас орнатты. Олай болса 1465 жылға дейін Керей мен Жәнібек ай қарап жүрді ме? Егер, М.Х.Дулатидің өзі «Хақ жолындағылар тарихында» күмән келтіріп, «Алла жақсы біледі» деп әрі-сәрі болып отырса, біздің оған да шүбәмен қарауға хақымыз бар. Сонымен, Қазақ хандығы қашан құрылды? 1456 жыл 1460 жыл. Әлде, 1465 жыл. Сонда қалай? Бонн университетінен Нұрлан Кенжеахмет («Қазақ әдебиеті», 121.11.2014 ж.) келтіретін кейінгі тың деректерге сүйенсек, Еуропа елдеріне 1440 жылдан, Қытайдың Мин Шилу жазбаларында 1453 жылдан әлем саяси сахнасына шыға бастаған қазақ хандығы туралы мағлұматтар қайда қалады? Бүгінгі бар, бәрін саралағанда, қоғамдық-әлеуметтік пікірге құлақ аспай қазақ хандығының құрылуын белден басып, құйқылжытып, қолдан уақытын ары-бері жылжытқаннан пайда шамалы. Ол кісіге не үшін қажет екені ойға қонбайды (Ана бір жылы Түркістанның іргесі қаланыңына 2000 жыл бола тұрып, 1500 жыл толу мерейтойы асығыс-үсігіс атап өтілді). Енді, ұлттық мемлекеттілігіміздің түп-тамырын нақты айқындап, қазақ хандығының құрылғанына арнайы күн (Атазаң, Тәуелсіздік, баспасөз күндері сықылды) белгілейтін күн келді. Бәрін саралай келгенде, Қазақ хандығының құрылуын 1460 жылы Тұлпарсазда Керейді хан көтерген көктемнен бастаған жөн сықылды. Ешкімге де обал болмасын. Еті тірі Жәнібектің жөні басқа. «Бабырнамада» Әмір Темір туажатының (бір қарындасы Рукоия Сұлтан бегімнің Жәнібек сұлтанға ұзатылып, одан екі ұл туып, олардың ерте қайтыс болғаны туралы қызық мәлімет бірнеше мәрте кездеседі. Сөйте тұра, өз замандасы Қасым ханның Шағатай әулетінен тағы бір Нигер ханымды алғаны туралы бір ауыз сөз жоқтығы (Заһир ад-Дин Мұхаммедтің шешесі – Құттық Нигар ханым мен Мұхаммед Хайдар Дулатидің шешесі – Құб Нигар ханым – апалы-

сінділер. Екеуі бөлелер) ойға қалдырады. Біз қазақ хандығының түп-төркінін түгел танып біттік пе? Жәнібек ханның жай-күйі әлгідей болса, Керей хан мүлде жұмбақ жан. Астанадағы тарих институтының директоры Б.Аяған оны Ақордадан жүз шақырым жерде жерленді (ешқандай қисынға келмейді), тағы бір танымал тарихшы оның сүйегі Хан тауының үстіне қойылды дегенді ұстанады. Егер, енжарлық сонша етек алып кетпесе екі хан да Созақта тегістеліп кеткен ескі қорымда жерленгенін білетін көнекөз қариялар табылып қалатынын айта кеткен абзал. Дегенмен, нақтылап, дәлелдеп бір тоқтамаға келетін кез келді...

Солардың бәріне қарағанда анау айтқан тарихшы болмаса да ақиқат алдында тақ тұрып, орынсыз көлеңке-тасада қала беретін емші-дәрігер бар. Ол – Өтебойдақ Тілеу- қабылұлы. Еңбегінде 1050 дәрі мен 4577 тапсырыс-ұстанымның таза тізімін келтіріп, қоғамдық-әлеуметтік оқиғаларға сипаттама береді. **«Жиренше шешен, Жәнібек ханның қарашасымын. Жылым-ііртек (қазіргіше жылан), сексен беске келдім. Бойым ұзын, қараторы, қоңқақ мұрынды, кең иықты, қап сақалды, ұзын қасты, кем сөзді жанмын»** деп өзін сыпайы таныстырып өтеді. Өлгенді тірілтіп, өшкенді жандыратын оның мәліметтеріне ден қойсақ, ол 1397 жылы туып, 1465-1466 жылдары Жәнібек ханмен жүздесуге келгенде пайғамбар жасынан асып жетпісті алқымдап қалған болып шығады. Әбусайдтың (Жәнібектің) тілек-жарлығымен «Шипагерлік баянды» жаза жүріп, өз өтінішімен қазақтар жеті атаға дейін қыз алыспауын жүзеге асырғызады. Оның тап бүгінгі нақты нәтижесі мен өмір тәжірибесіне тамаша арқа сүйенгені ғылыми ортаны дерек-дәйектілігімен қайран қалдырады. Өзін жарнамалағанда «жоғары білікті ұстаз» дейтін, тарихшы да емес, басқа да емес Айбол Битуғанов атты азамат «Алматы ақшамындағы» (9 маусым 2015 ж.) мақаласында ешқандай дәлел-дәйексіз **«Ол кезде жасы үлкенді сыйлайтындықтан, алғашқы хан болып Керей Болат Сұлтанды таққа отырған. Өзі хандық құрған 1465-1474 жылдары ол қазақ сұлтандарын өзіне жақын тартып, жерін, елін біріктіріп, бір тудың астына жинауда көп еңбек сіңірген»** деп келеді де: **«Керей ханнан соң оның ағайын-туысы Жәнібек Барақұлы 1474-1480 жылдары хандық құрғанын»** айтып жаңалық ашады. Бүйтіп

сонша даңғазалап жұртты шатастырудың керегі не? Олардың Әбілқайырдан бөлініп, Моғолстан ханы Есенбұғадан (ол 1462 жылы өлді) Қозыбасыдан меншік жер алғаны оның тірі кезінде емес пе еді? Мәссаған. Бұл не? «Әй дейтін ажа, қой дейтін қожа» болмай тұр ма? **Даңғазадүние шат-шәлекейге түсіп, жатқанда жақында екі жүзге тарта мемлекет тұрғындары арасында АҚШ жағрапия қоғамы жүргізген сараптамада 4,57 коэффициентпен қазақтар қан тазалығы мен жан сұлулығы бойынша көш бастап тұр.** Бұдан соңғы орындарда ретімен бразилиялықтар, кубалықтар, италиялықтар мен испандықтар жайғасыпты. Бұдан бұрын қазақтардың хан тазалығы туралы тамсанып, Оңтүстік Корея оқымыстылары да айтқан болатын. Осындайда «Көрмес түйені де көрмейді» дейтін мәтел еске түседі. Құдай күпірлікті өзі кешіріп, біздің тарихшылар, тіпті, аз оқып, түк іздемейді-ау дейтін дүдәмал ой беймазальық туғызады. Әйтпесе, осы «Шипагерлік баянда» тайға таңба басқандай етіп, Жәнібектің сұсты сұрағына Жиреншенің Айбар (Барыс) жылы туылып, жасы қырық беске келгені (яғни, 1420 жылдар шамасы) анық айтылмай ма? (Ел аузындағы Жиренше, Қарашаш және әз-Жәнібек әфсаналары да бұны айқындап тұрғандай). Бұл кезде көші-қон саябырсып, түтіні тіке көкке шаншылып, Тұлпарсазда Керейді ақ киізге көтеріп хан сайлаған сәттер әлдеқашан аяқталып, Жәнібектің таққа нық отырып, кемеліне келген кез. 1475 жылы Өтебойдақ Тілеуқабылұлы бітірген «Шипагерлік баянды» оқыс шапқыншылық салдарынан Жәнібектің өзіне көзбе-көз тапсыра алмайды. Олай болса жүз жылдай бұрын ғұмыр кешкен Алтынорда соңғы ханы Жәнібек пен Қазан хандығының ірге тасын қалаған Ұлы Мұхаммедтің тұстасы әйгілі Асанқайғы мен Жиреншені шатастырудың ешқандай жөні жоқ. Соншама жер жыртқың жасап, қанша ұзақ жасағанмен ол, Асанқайғы Керей мен Жәнібек құрған жаңа мемлекеттің ұраншысы, ақылшысы бола алмайды. Кей дерек көздеріне нанар болсақ, оның ұлы Абат пен Жәнібектің баласы Бердібектің жастары орайлас, құрдастар. 1334 жылы мезгеу (мамыр, басында Бестаудағы (Пятигорск) Өзбек ханның ордасында болған араб жиһанкез-саяхатшысы ибн Баттута: **«Орасан шатыр ортасында алтынмен апталып, қымбат асыл тастармен**

әшекейленіп хан тағы орналасыпты. Оның аяқтары нақыра күмістен жасалғаны көрініп тұр. Өзбек-хан ортасында отыр да, оң жағында бәйбішесі Титиглі (Тәттігүл – А.Н.) ханша мен Кебек қатын, сол жағында – Баялун мен Арашы қатындар жайғасыпты. Тақ алдында Өзбек-ханның балалары: оңында – сүйіктісі әрі мұрагері Тыныбек, ортасында – қызы Иткүшік, сол қол жағында – Шейх ибн Әбді аль-Хамидтің шәкірті – Жәнібек» деп сүйсіне жазды. Алмағайып ол кезде билік басына келу үшін ағасы Тыныбек пен інісі Қыдырбекті өлтіріп, әкесін арандатып ажалына араласқан Жәнібек әлі жасөспірім болатын. Өкінішке қарай, бұл жазбада Асан Сәбитұлы туралы бір ауыз сөз айтылмайды. Жастайынан қулық-сұмдықты сауып, у төккен адам қалайша өз Жәнібек атала алады? Гаммерге сілтеме жасап, жазатайым жаза басқан М.Тынышбаев та, қазақ әдебиеті тарихының өткені, бүгінгі мен болашағына немқұрайлы бей-жай қарай алмаған Сәкен Сейфуллин де 1931 жылғы жазған еңбегінде қатты қателесіп оған сілтеме жасап жүр. Төл тарихқа қатысты үш Жәнібек төбе көрсетеді: алғашқысы Алтынорда соңғы хандарының бірі болса, екіншісі Әбілғазы баһадүрдің «Түрік шежіресінде»: «...Әбілқайыр ханның екінші ұлының аты Қожа. Мұхаммед өзбек оны «Қожығым – тентегім» дер еді. Оның ұлы Жәнібек хан, ол ақылсыз кісі еді» десе, үшіншісі Қазақ хандығының іргетасын қаласқандар қатарындағы – Жәнібек (Әбусайд). Бұларды өзара шатастырып, бір-біріндегі жақсы қасиеттерді әрқайсысына телітіні сол себепті. III Василийге бас иіп, Қажытархан мен Қырымда аз уақыт хан тағына отырып, кейіннен Ковнода қайтыс болатын осы Әбілқайыр немересі.

Жастарға қаншалықты сенгенмен саламатты санаға көр-жерді тықпалай беруге болмайтынын уақыт көрсетіп келеді.

2

Тарих кімдер үшін жазылады? Қараша халыққа ма, жоқ әлде патшалар, корольдер мен хандарға арналған жылнамалар жиынтығы, шежірелер шоғыры ма? Алып сары құрылық Азия біраз халықтарының маңдайынан шертіп шежіресін түзген Иранның әмбебап атақты оқымыстысы Рашид ад-Дин, Фазаллах ибн Абуль-Хайр Ха-

мдани (лақап аты – ат-Табиб – дәрігер) өзі «Жами ат-Тауарихты» Шыңғысхан ұрпағы Абаға-ханның (1265-1282жж.) тұсында оның қолқалап тапсырысымен орындаған жоқ па еді? ХҮІ ғасыр басында ханзада қасындағы қарашасы болған Қыдырғали (Қадырғали) Жалайри «Жылнамалар жинағын» Ресей билігі басындағы Борис Годуновқа: «Барлық христиандардың патшасы жоғары мәртебелі Борис Федорович ұлы Бек, ақ хан Сіз! Барлық отырған, мақтауға лайықсыз. Сенің қайырың таусылмас, қазынадағы малың түгесілмес, төрт тарапқа тарқатып берсең де еш кемімес. Кімде кім сенің шарапатыңа ұшыраса өлсе де өкінбес» деп көпшікті көп қойып, сыйлағаны шығыс шежірешілерінің үрдісін ойға оралтады. Он үш жыл ащы маңдай терін төгіп, көз майын тауысып «Орыс мемлекетінің тарихын» жазған жазушы Н.М.Карамзин: «Всемило-стивейший Государь! С благоговением представляю Вашему императорскому Величеству плод усердных, двенадцатилетних трудов. Европа свободна, и глава Александрова сияет в лучезарном венце бессмертия. Государь! Если счастье вашего добродетельного сердца равно вашей славе, то Вы счастливее всех зем-народных.

История народа пренадлежит Царю.

Николай Карамзин. 8 декабря 1815 год» деген жағымпаздық лебізін жазбаса көңілі көншімейтін бе еді? Арнау сөз неғұрлым жылы болса, соғұрлым жұмыр басты пенденің жүрегін жібіте ме? Н.М.Карамзин кездейсоқ таңдалған жоқ. Таза орыс мүддесі мен ұлттық тұрғыда туған он екі томдық туындыны қауым жылы шыраймен қабылдады. Оның ішінде кімдер жоқ еді. А.С.Пушкин: «История государства Российского» есть не только создания великого писателя, но и подвиг честного человека». Н.В.Гоголь: «Карамзин представляет, точно, явление необыкновенное. Вот о ком из наших писателей можно сказать, что вес исполнил долг, ничего не зарыл в землю. И на данные ему пять талантов истинно принес другие пять». Ізінше ол Еуропаның біраз тіліне тәржімеленді. Шығарма французша аударылғанда оған оскырып, Маркиз Астольф де Костин азар да безер болып, өре түрегелді: «Егер өздері соншалықты әспеттейтін тарихшының еңбегін оқуға қатаң тыйым салуды патшадан жалынып сұрар еді» десе, елші Мари Дани-

эль Корберон да тоқсан ауыз сөздің аяғын тобықтай етіп түйіндеп, тоқ етерін айтады: «Ресейде өмір жақсаратынына сенген адам қатты қателеседі». Бұлар жалғыз жарымның пікірі емес.

Қай кезде де қалам иесі – шындық құлы. Адамзат тарихы атасының ерен еңбегі құрақ көрпедей құрастырылса да замана заңғарында аласармай мәңгілік тұғырында тұр. Өйткені, ол ақиқаттың ала жібін аттаған жоқ. Сонысының өзімен Геродот ғылымға, соның ішінде Клиоға танытып, үздік үлгі мен өзекті өнеге көрсетті. Тақырыпты бұрмаламай, оның Томириске (Тұмаарыс) сонша неге бүйрегі бұрды? Шалғы тасқа шабылып, жүзі майырылып, ұлы тарихшы қыңыр қоғамнан қанша қиянат көрсе де Құдайдан қорыққандай. Бірнеше жыл өздері тағы, жабайы санайтын көшпелілер арасында тұрып, олардың өмірін зерттеп, бассактар (массагеттер) тұрмыс-тіршілігінің тынысын сүйіспеншілікпен баяндап, ұрпақтарға ұсынды. Ел мен жерге, оның түлегіне деген ана махаббатының қандай қарудан да күшті екенін алға тартты. Біздің базбір тарихшылар басын бәйгеге тігіп, ерлікке бара-бар еңбекке бара ала ма?

Бірде тым бейуақытта Ермұхан Халық қаһарманы Баукеңе (Бауыржан Момышұлы) қонырау шалып, шаруалар көтерілісінің көсемі Е.И.Пугачевтың қосағы қазақ қызы болғанына құжат тапқанын қуана хабарлапты. Ол түгілі бас көтеруге белсене қатысқан қазақтар мен башқұрттар туралы зейін қойып зерттелді ме? Жабулы қазан жабулы жүйінде қалған қаншама тақырыптар күтіп тұр. Тарихнаманың қаншама беттері бізден бүркемеленіп жатыр. Орыс рухын көтеретін бір қолжаулық генерал-лиссимус Александр Васильевич Суворов басқарған әскерилер аса қатыгез жауыздықпен қарусыз ноғайларды бала-шағасына қарамай қынадай қырғаны неге айтылмайды? Тарих әр әуесқой естелікке алатын тәбәрік, тағатын бойтұмар емес. Оның өз суасты ағыстары мен тегеурінді толқындары жетіп артылады. Демек, қазақ хандығы мен кешегі күндей күркіреп өткен екінші дүниежүзілік соғыс жайындағы ақтандақтар аз ба әлі?..

3

Бұл өзі не болып барады? Бір шаруа тындыра алсақ үлкен іс бітіріп, жау бетін

қайтарып қайтқандай күпінетін болыппыз. Тарих өзіне жеңіл-желпі ат-үсті қарауды кешірмейді. Қай салада болсын дақпырт (долбар), парықсыздық пен дарақылықтан алдымызға жан салмайтын болып барамыз. Жалған тарих жарға шығады. Тек хандар ғана емес, қалың қарашаның (халықтың) қамын жейтін кез жетті. Сүрең салып той тойлау жақсы, әлбетте, анда-санда ой ойлау да ғанибет. Микеланджело айтпай ма? «Ұйықтау жақсы, тас болу одан артық». Өз алаңғасар құнтсыздығымыздан көп қасиетті құндылықтарымыздан бірте-бірте айырылып бара жатқанымыз жанға батады.

Ежелден әдебиет пен тарих егіз. Олар бірін-бірі толықтырып, қыранның қос қанатындай тұтасып, ел-жұрттың рухани қазынасына айналып келеді. «Илиада», «Одиссея» мен «Тарихты» бір-бірінен бөліп қарауға бола ма? Мұхтар Әуезовтың «Хан Кене» драмасы, Е. Бекмахановтың «Кене-Наурызбай көтерілісінің халықтық сипаты» мен И.Есенберлиннің «Қаһар» романы әр жанрда туса да шындық пен шеберлік туын желбіретті. Ілияс Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасы, Тәкен Әлімқұловтың «Көкқаршыға» әңгімесі мен Сәкен Жүнісовтың «Ақансері» романдары бір-біріне көлеңке түсірмейді. Қожаберген жырау мен С. Сматаевтың «Елім-айы» қандай құбылыс! Оларда өмір мен тарихи тақырып жымдасып шынайы шешіледі. Шабытты шығармалар бір дәуірден сыр шертсе де өзіне тартып тұратын не сиқыры бар? Сол бізде парықталды ма? Мақтанышпен айтуға болады. Қазақ әдебиетінде тарихи тақырыпқа туындылар аз жазылған жоқ. Соларды әзірше көңілге тоқ санап, сараласа қандай! «Әттең, іш қазандай қайнайды, күресерге дәрмен жоқ» деп жылайды екен бір пақыр ертеректе. Сол сықылды. Бізді алда әдеби, тарихи асулар алдарқатып шақырады. Құпия құздар мен жұмбақ жартастардың зәу биігіне екпіндей ұшып қыран да, ерінбей жылжып жылан да шығады. Бір шоқып, екі қарайтын кез көп. ЮНЕСКО мамандарының есептеуінше, қазіргі Қазақстан жер көлемін, әгерки, игілікпен жөндеп игере алсақ, 1 миллиардқа дейін адамды асырап, бағып-қаға алатындай мүмкіндік туатын сынайлы. Қисынды.

Тәуелсіздік – Тәңірдің тарихи тарту-таралғысы. Тойлап жүріп, соны бар жан-тәнімізбен қорғай аламыз ба? Ертенгі күн бізді не күтіп тұр екен?!



Маржан СӘБЕТ,
журналист

Дүкен сөрелерінде таңсық астың сансыз түрі самсап тұр. Тек қалтанда ақшаң болса болғаны, іздегенің эпсәтте табыла кетеді. Алайда, сарапшылар «азық-түлік дүкендеріндегі тауарлардың барлығы дерлік адам ағзасына пайдалы емес» деп дабыл қағуда. Көздің жауын алар қызылды-жасылды, дәруменге бай жеміс-жидектер мен көкөністердің өзі адам ағзасына зиян. Оның үстіне елімізге көп өнімдер сырт елдерден тасымалданатыны тағы бар. Сосын, қазіргі таңда азық-түліктердің сыртынан «ГМО-сыз» деген жазуды әлсін болса да көзіміз шалып қалып жатады. Бірі «ГМО»-ның не екенін түсініп жатса, енді бірі байыбына бара қоймайды. Сонымен...

ГМО дегеніміз не?

ГМО (гендік модификацияланған организмдер) – гендік инженерияның табысты жемісіне айналып отыр. Нақтырақ айтсақ ГМО – бір ағзаның геніне бөтен ағзаның генін енгізу арқылы пайда болады. Мысалы, шет елдерден тасымалданып шие мен қытай қиярына шошқаның гені қосылады екен. Америка 1983 жылы биологиялық қару жасау барысында ең алғашқы гендік модификацияланған өсімдіктерді өндірген. Сосын, гендік модификация 1986 өсімдіктерді үсіп кетуден сақтау үшін пайдаланылған. Бұл ол кездері ғылымдағы үлкен жетістіктердің бірі болатын. 1992 жылы осы әдіспен

АС ІШІП АУЫРҒАНША...

немесе ГМО жайлы не білеміз?

Қытайда зиянкестер залал келтірмейтін темекі өндірілген. 1994 жылы тасымалдау кезінде бұзылмай сақталатын қызанақтар өндірілді. Содан бастап «ГМО мәдениетінің» дәурені жүре бастады. Оған себепші болған Американдық «Monsanto» фирмасы еді. 2006 жылы 22 елдің 10,3 млн. фермері 102 млн. гектар жерге ГМ-өсімдіктің сан түрін алған. Мәселен, осы жолмен өсірілген картоп, алма, мақта, жүгерілерге құрт мүлде түспеген. 2006 жылы 97% трансгендік өсімдіктерді АҚШ (53%), Аргентина (17%), Бразилия (11%), Канада (6%), Индия (4%), Қытай (3%), Парагвай (2%) және Оңтүстік Африкада (1%) өндірген. Бүгінде дүкен сөрелерінде тұрған тағамдардың құрамына ГМ-соя, ГМ-жүгері, ГМ-крахмал, ГМ-ақуыздың қосылатыны белгілі. «Monsanto» фирмасы өндірген ГМ-жүгері АҚШ нарығында көш бастап тұр. ГМО-ның араласпаған жері жоқ. Биологиялық және медициналық зерттеулерде, фармацевтикада, ауыл шаруашылығында, тамақ өндірісінде кеңінен қолданылып келеді.

Аштық ас талғамайды

ГМО-ның пайда болуының себебін ғалымдар жер шарында адам санының кенеттен жыл санап өсіп келе жатқанымен байланыстырады. Статистикаға көз жүгіртетін болсақ 1800 жылы жер бетіндегі адамдар саны 1 миллиард, 1929 жылы 2 миллиард болса, соңғы 50 жылдың ішінде 7 миллиардқа дейін өскен. Енді, 2050 жылға дейін 9,5-11 миллиард адамға көбейеді деген болжам бар. Жер шары осыншама адамды

асырай алмауы мүмкін. Адам дүниеге келіп өмір сүруі үшін жарық, ауа, қорек қажет. Жарық пен ауа өз алдына, жер бетіндегі пенделердің аштыққа шыдамасы анық. Сондықтан да, ғалымдар ГМО арқылы әлем тұрғындарын аштықтан аман алып қалудың жолын тапқан сыңайлы.

БҰҰ-ның статистика мәліметіне жүгінсек, биылғы жылы 795 миллион адам аштықтан зардап шегіп отыр. Бір қуантарлығы, былтырғы жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш төмендеген. 2014 жылы 805 миллион адам немесе әлемнің әрбір тоғызыншы тұрғыны аштық зардабын тартқан болатын. Және де жыл сайын аштықтың салдарынан 5 жасқа дейінгі 11 миллион сәби көз жұмады. Аштық жайлаған елдердің адыңғы қатарында Африка елдері тұр. Африканың аштықтан қырылып жатқан тұрғындарын құтқару үшін «Билл және Мелинда Гейтстердің қайырымдылық қоры» мен ГМО биотехнологиясын өндіруші Дэвид Рокфеллердің «Рокфеллер қоры» бірлесіп жоба жасаған болатын. Олардың қаржыландырып отырған ортақ жобалары «Африкадағы жасыл революция Альянсі» деп аталды. Және оны басқару тізгіні БҰҰ-ның бұрынғы хатшысы Кофи Аннанға бұйырған еді. Жоба аясында ГМ-жүгері өндіріліп, таратыла бастады. Не себептен екені белгісіз, Африка елдері соңғы жылдары ГМ-өнімдерді өз шекараларына тасымалдауға рұқсат бермей келеді. «ГМО жер шарындағы адамзат баласын аштықтан құтқармақ түгілі, ұрпақсыз қалдырып, мүлдем жойып жіберетін жойқын күшке айналуы мүмкін», – деп ғалымдар дабыл қағуда.

ГМО әдіс қалай жүргізіледі?

Әрбір өсімдіктің және әрбір жануардың ағзасында өзіндік белгілері болады. Және оның әрқайсысына белгілі бір ген жауап береді. Егер, қандай да бір белгіге жауап беретін генді алып тастасақ, белгі біржолата жойылады. Ал,

оған жаңа бір генді енгізсек, өсімдікте немесе жануарда жаңа қасиет пайда болады. Мысалы, картопқа сарышаянның генін қосады. Нәтижесінде ешқандай құрт түспейтін картоп алады. Сондай-ақ, қызанақ өндіру үшін полярлық түйетабан (камбала) балығының генін пайдаланады. Есесіне бұл өнім суыққа төзімді келеді. Дәмі тіл үйіретін құлпынай өндіру үшін әртүрлі бактериялардың генін қосады. Сол себепті де құлпынай өте ұзақ уақыт бұзылмай сақталады. Бала кезден барлығымыздың ең сүйікті жемісіміз алманы да бірдей көлемде және біркелкі түсті етіп өсіру баяғыда-ақ қолға алынған. ГМО әдіспен өсірілген алмалар шірігенге дейін өзінің хош иісін жоғалтпайды. ГМ-қызанақтың жаңа түрін тіпті солтүстіктің қақаған аязында да өндіруге болады. Қазіргі таңда гендік өзгеріске ұшырап, кең тарап отырған көкеністер мен жемістерге жүгері, бидай, қызылша, мақта, темекі, құлпынай т.б. жатады. Гендік инженерия көкеністер мен жемістерді былай қойып, жануарлар дүниесіне қол сала бастады. Мәселен, бұлшық етті сиырлар, сирағы денесінен үлкен тауық еттері, жасанды жолмен алынған тауық жұмыртқалары.

Ауру астан...

ГМО-ның шаруашылықтағы пайдасы өте көп. Мәселен, тағамның дәмділігі мен сапасы артады, тез пісіп, жетілуін жеделдетеді, құнарлылығы жоғарылайды, ұзақ уақыт сақтауға болады, құрт түсуден, зиянды ағзалардан сақтайды, ең бастысы жаңаша өсіру технологиясы арқылы жаңа түр алады. Гендік модификацияланған тәтті картоп ақуыз және тағы да басқа қоректік заттармен байытылғандықтан А дәруменінің жетіспеушілігінен емдеуге болады. 2008 жылдың қаңтарында сәбізді де осы әдіспен өзгертіп көрген. Соның арқасында құрамы кальциймен байытылып, «остеопороз» ауруын емдеуге болатыны дәлелденген. Алайда, аты жаман аурудан құлан таза айығу үшін бір күнде 1,5 кг сәбізбен қоректеніп

отырсыз. Бұл, әрине, тиімсіз саналды. Сондықтан, пайдасымен қоса зияны да шаш етектен екенін ұмытпаған жөн болар. **Зияны: аллергия ауруын туындатады, иммунитет әлсірейді, зат алмасу қызметі нашарлайды, рак ауруы пайда болады, белсіздік пен бедеулікке ұшыратады. ГМО тағамдар адамдарды семіздікке ұрындырады. Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше әлемде 1,9 миллиард тұрғын артық салмақтан арыла алмай келеді. Сондықтан да, әр елде ГМО қоспасын тағамда пайдаланудың өзіндік деңгейлері белгіленген. Мысалы, Жапонияда – 5%, кейбір Еуропа елдерінде – 0,9%, АҚШ-та – 10% ГМО қоспасын пайдалануға рұқсат етілген.**

Американдық ауыл шаруашылығы ісінің зерттеушісі, полковник, дәрігер Дон Губердің зерттеулеріне сүйенсек ГМО өнімді жиі пайдалану бедеулік пен белсіздікке ұшыратады. Дон Губер 40 жыл әскери бөлімшеде биологиялық қауіп-қатерді зерттеген ғалым. Оның айтуынша, ГМО өнімді көп тұтынудың салдары адамның ауруға қарсы тұру қасиетін жойып, иммунитетін төмендетеді. Оның қауіп-қатерге толы екенін әлемнің көптеген ғалымдары мойындап отыр. **ГМО-ның салдарынан адам ағзасының мутациялануы ғажап емес. Гендік өзгеріске ұшырап, будандастырылу арқылы алынған жануарлардың жаңа түрлерінен де ұрпақ өрбімейді. Мысалы, жылқы мен есектің буданынан алынған жануар өседі, жетіледі, бірақ, ұрпақсыз. Ғалымдар жылдам көбеюге бейім келетін егеуқұйрықтарға зерттеу жұмыстарын жүргізіп те үлгерген. Нәтижесі көңіл қуантарлық емес. ГМ-өнімдермен жиі коректенген егеуқұйрықтардың балаларының 50%-ы өлі туылған. Ал, тірі қалғандарында түрлі аурулардың белгілері анықталып, ұрпақ өрбітуге қауқарсыз болып шыққан.**

Неміс фермері Годфрид Голумер 1997 жылы алғашқылардың бірі болып,

сиырларды асырау үшін ГМ-жүгеріні егіс алқабында өсірген. Нәтижесі жаман болмаған. Зиянкестерден зиян көрмей біркелкі әрі қаз-қатар тізіліп өскен. Көздің жауын ала жайқалып өнген ГМ-жүгеріні жеген сиырлар апта өтпей бірінен соң бірі ауруға шалдыққан. Осы әдіспен пайда көрмек болған Голумердің артынша 70 бас сиыры қырылып қалған. Тәуелсіз сарапшылар анықтағанда трансгенді жүгерінің құрамында 100% Вt-токсин уы болғаны анықталған. Вt-токсин құрт-құмырсқа, жәндіктерді бірден өлтіріп жіберетін у. Сондықтан Вt-токсиндерді ГМ-жүгері, ГМ-мақта және т.б. гендік модификацияланған ағзалардың құрамынан кезіктіруге болады. ГМ-өсімдіктердің салдарынан бал араларының кейбір түрлері жойылып кетудің сәл-ақ алдында тұр.

Еуропа ГМО-ны азық етуге мәжбүр

Қазіргі таңда көптеген елдер гендік модификацияланған өнімдерден бас тарту туралы заңдар қабылдаған. 2000 жылдың өзінде гендік инженерияның қауіптілігі жайлы барлық мемлекеттің билік өкілдеріне, ГМО өнімдерді тоқтату үшін 84 елдің 828 ғалымы қол қойып, арнайы хат жолдаған. Канада 2005 жылдан бері қарсы шаралар ұйымдастырып келеді. Алайда, еш нәтижесіз. Есесіне, 2008 жылдан бері «ГМО мәдениет» дами бастады. Канада әлемде ГМ-рапс өндіруден алда тұр. Австрия, Грекия, Польша, Швейцария, Венесуэла ГМ-өнімдерден мүлдем бас тартты. Алайда, басқа батыс елдерінің тұрғындары ГМО-ны азық етуге мәжбүр. Өйткені, экологиялық жағынан таза өнімдерді қарапайым халықтың қалтасы көтермейтін көрінеді. Жасанды тағамдарға қарағанда экологиялық таза өнімдердің бағасы екі есе жоғары. Еуропада қымбат әрі зияны жоқ тағамдарды әзірге бай-қуатты адамдар ғана тұтынып отыр.

ИА REGNUM тілшілерінің хабарлауынша, 2015 жылдың сәуір айында Ресей Федерациясының Мемлекеттік

думасында ГМ-өнімді мүлдем шектеу туралы заң қабылданды. Енді, Ресейде ГМ-өсімдіктерді, ГМ-жануарларды өндіруге тыйым салынды. Тек арнайы ғылыми зерттеулер үшін ғана ГМО-ны пайдалануға рұқсат етіледі. Қазақстанда жағдай өзгеріссіз күйінде. 2000 жылы биоқауіпсіздік туралы Картахен келісімі қабылданғаны мәлім. Бұл құжатта көптеген мемлекеттердің ГМО өнімдеріне қатысты көзқарастары белгіленіп, 166 мемлекет қол қойған. Сол елдердің ішінде Қазақстан да бар. Құжатта көрсетілгендей өнімнің зияндылығы дәлелденген жағдайда, кез-келген гендік тұрғыда өзгертілген өнім зиян деп танылады. Алайда, ондай өнімдердің зияндылығын дәлелдеу оңай болмай отыр.

ГМО-сыз

Өндірушілер ешқандай азық-түліктің сыртына «ГМО қосылған» деп жазбайды. Керісінше «ГМО-сыз» табиғи өнім деп тұрады. «ГМО-сыз» деп мөр басылған тауардың бағасы да қымбат болады-мыс. Алайда, ГМ-өнімді қалай ажыратуға болады? Бұны анықтаудың еш қиындығы жоқ. Барлық кондитерлік, әсіресе, кәмпіттер, печенье-лер, ұн, шоколад түрлерінің құрамында трансгендер бар. ГМ-өнімді құрамындағы тағам қоспасының тізімінен анықтауға болады. Сонықтан, тағамды сатып алмастан бұрын мұқият қарап шыққаныңыз абзал. ГМО өнім Е индексімен жасырынып тұрады. Олар былай белгіленеді: E101 и E101A; E150 (карамель); E153 (карбонат); E160a (бета-каротин, ретинол); E160b (аннатто); E160d (ликопин); E234 (низин); E235 (натамицин); E270 (сүт қышқылы); E301-ден E304-ке дейін (аскорбат); E330 (лимон қышқылы); E415 (ксантин); E459 (бета-циклодекстрин); E460-тан E469-ның арасы (целлюлоза); E470-тен E570 (тұз және май қышқылдары); E951 (аспартам); E953 (изомальтит); E957

(тауматин) немесе E965 (малтинол) және т.б. Сондай-ақ, www.placewoman.ru сайтында ГМО-ны өндірісте қолданатын фирмалардың тізімі жарияланған. Олар: Kelloggs, Nestle, Heinz Foods, Coca-Cola, McDonalds, Cadbury, Mars, PepsiCo, Hipp, Nestle, Unilever, «Heinz» соустары, Knorr, Calve, Maggi, Lipton, Nestea, Brooke Bond, Беседа, Nescafe, Corn Flakes, Honey Crunch, Lays, Cheetos, Pringles, Бондюэль, Балтимор, Кампина, Эрман, Чудо-йогурт, Данон т.б. Сондай-ақ, тауарды қай елдің өндіргеніне назар аударған жөн. Мысалы, өндіруші ел Қытай, Америка, Канада, Англия, Норвегия, Франция болса, онда міндетті түрде құрамында гендік өзгеріске ұшыраған ағзалардың бар екені күмәнсіз.

Адамзат баласы сан жылдан бері қалыптасып келе жатқан табиғат заңдылығын өзгертуге құмар-ақ. Мысалы үшін, өсімдік – жарық пен жылуды сүйеді, құрт-құмырсқа – жеміс-жидектерді, өсімдіктерді қорек етеді, ал, құрт-құмырсқаларды құстар азық қылады. Бұл табиғат ананың өзі реттеп қойған заңдылығы емес пе? Біз келіп осы тепе-теңдікті бұзуға тырысамыз. Өзгертпекке тырысып, «артық қыламын дептінің» күйін кешпес пе екенбіз?

P.S. Гендік модификация XX ғасырда емес XVI ғасырда дами бастаған сияқты. Өйткені, күнделікті қолданып жүрген кәдімгі сәбізіміздің түсі алғашында сарғыш емес күлгін түсті болғанын біреу білсе, біреу білмес. Тіпті, күлгін сәбіздерден өзге ақ және сары түсті сұрыптары болған деседі. Ал, бүгінгідей сарғыш түсті сәбіздер голландтық селекционер-ғалымдардың арқасында XVI ғасырда пайда болыпты. Сәбіздер оған дейін тағам ретінде емес, емдік-дәрілік өсімдік ретінде қолданылып келген. Сәбіздің арғы атасы саналатын күлгін түсті сәбіздер жер бетінен мүлдем жойылып кетпесе де, қазір ұмытыла бастаған.



Бейбіт ИСХАН,
Абылай хан атындағы ҚазХҚ
және ӘТУ қазақ филологиясы
кафедрасының доценті

ӨЗГЕТІЛДІК АТАУЛАР ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ ЖҮЙЕСІНЕ БЕЙІМДЕЛІП АЙТЫЛЫП-ЖАЗЫЛУЫ ҚАЖЕТ

Жер беті аймақтарының бір бөлігін ұзақ жылдар бойы мекен еткен адамдардың тұрмыс-тіршілігі, кәсібі, өмір сүру салтының ортақтығына, ортақ мақсат-мүдделеріне байланысты және сан алуан тарихи жағдайларға орай, өзіндік өзгешеліктері айқындалып, белгілі бір ұлттың қалыптасатыны белгілі. Осы қағидаға сүйенсек, қазақ ұлтын басқалардан өзгешелендіріп тұратын өзіндік этностық белгілері – тілі мен ділі, таным-түсінігі, ой-санасы, мінез-құлқы, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, тұрмыс-тіршілігі сияқты т.б. белгілері мындаған жыл бойы қалыптасқаны даусыз. Ал, этностық белгілердің ішінен кез келген ұлтты басқалардан ерекшелейтін басты белгі ұлттық тіл болып саналады. В.Гумбольдт өзінің «Тіл және мәдениет философиясы» деген еңбегінде: «Ұлттың өзіне тән іштей данышпан рухы бар, сол рухтың ерекшелігін сыртқа шығарып, сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа беруші күш – тіл» (*Язык и философия культуры. Москва: Прогресс, 1996, 111-б.*) – деп оның ұлт руханиятынан алар орнын ерекше бөліп көрсетеді. Осыған ұқсас ойды өз қандасымыз Мұхтар Арынның тәрбие туралы толғауларынан да кездестіреміз. Ол: «Тіл дегеніміз – белгілі бір халықтың жинаған рухани қазынасының жиынтығы, соның бәрін сақтайтын қойма іспетті. Қойма дегенде ойға оралады, сол жинаған байлықты ұрпақтан-ұрпаққа тіл жеткізіп беріп отырмаса, әр ұрпақ өзінің рухани өмірін жаңадан бастаған болар еді» (*Бес анық (тәрбие туралы толғаулар). Алматы: Арыс, 1996, 14-15-бб.*) – дейді.

Ал, қазақтың көркем ой жүйесіндегі бейнелі сөздер туралы соңына толымды еңбек қалдырған Тұрағұл Қоңыров қазақ тенеулерінің ұлттық таным жүйесімен тығыз байланысты екенін көрсете отырып, ол жайында мынадай тұжырымды ой айтады: «Әдебиеттегі образдар жүйесі және сөз бейнелеу тәсілдері – ұлттық характердің ең басты көрсеткіштері. ...Тенеу категориясы – бүкіл бейнелеу, көркемдеу тәсілдері ішіндегі ең басты, ең пәрмендісі. Бейнелеу тәсілдерінің барлығы да өз бастауын осы тенеуден алады. ...Тенеу – көркем ойлаудың ұлттық ерекшеліктерінің жиынтығы, дүниетанымның ұлттық өзгешеліктері бас қосқан категориялардың бірі» (*Тенеулер табиғаты. Алматы: «Алаш» баспасы, 2005, 4-б.*). Демек, ұлттық таным-түсінік, ой-сана тілдік мәдениетпен, ал зат, құбылыс, ұғым және олардың атаулары ұлттық таныммен тығыз байланысты.

Зат, құбылыс, ұғым және олардың атаулары арасында жалпы байланыс болғаныменен, ешқандай табиғи, тікелей байланыстың жоғы және олардың (атаулардың) зат пен ұғымға қойылған шартты таңба екені күллі елдердің лексикологиялық оқулықтарында тәптіштеліп жазылғандықтан, бұны тереңнен қаузап жатудың филологтар үшін түкке де қажеті жоқ екенін түсіне отырып, жалпы оқырмандар үшін бұл мәселе жөнінде аздаған мәлімет бере кетейік. Зат немесе құбылыс туралы ұғым дүниежүзінің барша жұртына ортақ болып келеді. Тек соларға қойылатын атаулар ғана әр ұлттың тілінде өзінше бейнеленеді. Бір қарағанда, жаратылыстағы сан алуан заттар мен құбылыстардың түрлі сипаты, мән-мазмұны, қадір-қасиеті туралы таным-түсінік (ұғым) барша ұлтқа ортақ болып келетіндіктен, оларға

телінетін атаулар да бірдей болуы керек сияқты боп көрінеді. Бірақ, бұл – қате түсінік. Өйткені, «ұлттық діл айрықша ойлау жүйесін ұсына отырып, ұжымдық сананың тереңдегімен сипатталады. Әлемнің ұлттық-тілдік бейнесінде әрбір ұлттың өз ұғым-түсінігі тірек ететін сүйеніші – тұжырымдамалары, үлгілері, сол ұлтқа тән басқа да қасиеттер оның ұлттық ділі арқылы жүзеге асады» (Әлметова Ә.С., п.з.д. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2007 жыл, III-б).

Біз өзімізге беймәлім немесе алғаш көрген, танып білген, естіп көңілге тоқыған немесе оқып зерделеген зат пен құбылысқа және оның ұғымына «осыған мен ат қояйыншы» деген саналы ниетпен емес, олардың бәрімізге бірден аңғарылатын сыртқы-ішкі көптеген белгілерін, сыр-сипаттарын санамызға қабылдай отырып, өзіміздің ұлттық таным-түсінігіміз бойынша жандүниемізге жақын басты белгілерін ғана атауға негіз етіп алып, әйтеуір, өз тілімізде айтып-жеткізу үшін ат қоямыз. Бір қызығы – атау қоюға таңдалып алынатын белгілер әр ұлтта әрқилы болып келеді екен. Ат қоюға негіз болатын осы бір уәждемені (мотивизацияны) түсінбеушілік салалық ғылымдардың терминдер сөздігін құрастырушылар мен термин туралы пікір айтушыларды қателікке ұрындырып жүр. Олар қазақтың тұрмыс-тіршілігіне жаңадан енген зат пен ұғым атауларының бөге тілде солай аталуына негіз болған белгілерін ғана ескеріп, соны біреу қазақшалаған жаңа атаудың бойынан іздейді немесе өзі соған атау қоя қалса, соны сіңірмек болып әуре болады. Сөйтіп, қандайлық бір себепке негізделіп қойылғанына қарамастан, кез келген атау – әр ұлттың дыбыстық жүйесіндегі төл дыбыстардың табиғи қалыптасқан өзіндік тіркесіміне сәйкес жасалынатын ұғымның сыртқы жамылғысы, шартты таңбасы екенін қаперден шығарып, көбінесе, мағыналық тура аудармаға бой алдырып, соны өз пайымдауларына дұрыс деп санап, түрлі келеңсіздікке ұрынып жатады. Осы орайда, орыстың көрнекті ғалымы, ф.ғ.д., профессор Л.А. Новиковтың таңба мен мағынаның, ұғым мен заттың бір-бірімен қарым-қатынасы жайында айтқан ғылыми тұжырымын келтірейік. Ол өзінің «Сөз өнері» деген еңбегінде былай дейді: «Зат пен

таңбаның арасында тікелей байланыс жоқ. Олар өзара мағына (ұғым) арқылы байланысады. Қандай да болсын бір затқа атау беру үшін, оны ең әуелі белгілі мөлшерде пайымдап алу керек. Міне, сол себептен бәрімізге ортақ зат немесе нәрсе түрлі тілде түрліше аталады. Мысалы: орыстың «подснежник» (қар асатында өсетін гүл) деген сөзі ағылшынша «Snowdrop» (қарға тамған тамшы), французша «perse-nege» (қар төсетін гүл), немісше «Schneeg-lockchen» (қар қоңырауы) деп аталады» (Искусство слова. М., 1991г., II б.). Бұдан кез келген зат пен ол туралы ұғым барша ұлтқа ортақ болатынын жақсы аңғарамыз. Мысалы, келтірілген өсімдік те бізге таныс. Осы өсімдік туралы біздің ұғымымыз да олардікінен бәлкендей алшақ кетпейді. Бірақ, біз оған ат қоярда оның көптеген сыр-сипатының ішінен біздің өлкеге тән қасиетіне қатысты белгіні ғана уәждеме етіп алғанбыз. Сондықтан да, ол әлбетте, ұлттық таным-түсінік бойынша, тілімізде «бәйшешек» (бәй – алғашқы, шешек – гүл) деп аталады.

Қазақ ұлтын басқалардан өзгешелендіріп тұратын өзіндік этностық басты белгісі – тілі екені ақиқат. Ал, тіл болса, барша құндылықтың негізі. Профессор Ә.С. Әлметова: «Мәдениеттер сұхбатында зерттеушілер екі үлкен мәселеге ерекше назар аударады. Ол: ұлттық мінез-құлық және ұлттық діл. Ұлттық мінез-құлық адамдардың психикасындағы ұлттың өмір сүруіне қажет өзіндік шарттарды бойына жинақтаған ерекшелік, әрбір ұлтқа тән психологиялық айырмашылықтар мен қасиеттердің жиынтығы. Бұл мінез-құлық – белгілі бір ұлтты басқа ұлт өкілдерінен айырып көрсететін сол ұлт өкілдерінің басым көпшілігінің бойынан табылатын қасиеттер» (аталған еңбек, 109-б.), – дейді. Демек, ұлттық мінез-құлық ұлттық ділден шығатын болса, ұлттық діл ұлттық тілмен шарттасады. Сондықтан да екеуінің өзара арақатынасы – өте күрделі.

Т.Қоңыров жоғарыда аталған еңбегінде ұлттық таным-түсінік пен атаулар арасындағы байланысты былайша тұжырымдайды: «Адам өзін қоршаған ортамен тығыз қарым-қатынас жасай отырып, сол ортадағы заттарды, құбылыстарды және процестерді, олардың өмір сүруінің ішкі-сыртқы заңдылықтарын және олардың пайда болуы мен дамуын танып біледі.

Адам санасында осы танып білген заттары, құбылыстары және процестері жөнінде сезімдер, қиялдар, байымдаулар, ұғымдар, ой қорытындылары пайда болады» (*аталған еңбек, 55-б.*). Осы қағидатты басшылыққа алсақ, адам алғаш көрген нәрсесіне ат қоярда оны жан-жақты зерттеп-зерделеп, өзінің өмір бойы жинақтаған дүниетанымдық біліміндегі мәліметтер негізінде санасында бейнелейді. Сосын барып ат қояды. Бұл – тіл білімінде қазіргі уақытта әлемнің тілдік бейнесі деп аталып жүр. Ал, ол болса, әрбір ұлттық тілде әрқилы болып келеді. Мәселен, ата-бабамыз ағылшын тілінде «ostrch», француз тілінде «autrche», ал, орыс тілінде «страус» деп аталатын құсты (орыстар француздардан алған) тұңғыш көргенде оның ең әуелі құс екеніне көңіл аударғаны анық және құс болғанда орасан үлкен екеніне мән берген. Өзінің танып-білген өміріндегі ең үлкен жануар түйе болған соң, соған ұқсатып, екеуінің бейнесін астастырып (ассоциациялап), түйедей құс – «түйеқұс» деп атаған. «Түйетауық (күрке-тауық)», «түйетабан (өсім.)», «түйежапырақ (өсім.)» сияқты т.б. сөздердің де атауында осындай ұлттық таным-түсінік жатыр.

Даму заңдылықтары бойынша жер бетіндегі бүкіл тілдің баюы мен дамуы табиғи жолмен баяу өтеді. Өзінде бұрын болмаған зат пен ұғымға, құбылысқа басқа жұрттың қойған атауын (сөзін) қабылдаушы екінші ұлт өзінің таным-түсінігі бойынша және өзінің сөзжасам мүмкіншілігіне сүйене отырып, дер шағында өзінше ат қояды. Ондай мүмкіншілік болмай қалған кезде оларды (жат тілдік атауларды) ана тілінің табиғи заңдылықтары негізінде өзгертіп алады. Бұл – тіл білімінде жат тілдік атауларды дыбыстық, құрылымдық жақтан игеру арқылы өз сөзіне айналдырып, сөздік құрамын байытудың бір жолы деп аталады.

Ұлттық тілдер басқа жұрттың атауларын өзінің дыбыстық, құрылымдық жүйесінің заңдылықтарына бағындырып қабылдауының басты себебі – олар ұлттық тілге жат дыбыстардан тұрады әрі ол дыбыстардың бір-бірімен тіркесімі де мүлдем өзгеше. Ондай сөздерді ұлттық тілде сөйлейтіндер айтып-жаза алмайды. Өйткені, ұлттық тіл сан мыңдаған жыл бойы өзге тілден

өзгеше болып қалыптасып, сол тілді пайдаланушылардың сөздерді айтуы (*артикуляция*) мен дыбыстауын (*акустика*) бір заңдылыққа негіздейді. Ал, бөтен тілдің сөздері өзгеше дыбыстар мен солардың өзіндік тіркесімінен тұратындықтан, ұлттық тілдің заңдылықтарына сәйкес келмейді. Жоғарыда айтқанымыздай, бөтен тілдік атаулар да шартты таңбаға жатқанымен, оларды сол қалпында пайдалануға болмайтыны сондықтан. Бұдан шығатын қорытынды: тұрмыс-тіршілігімізге еніп, тілімізде аталуға, айтылып-жазылуға тиісті жаңа зат-ұғымдарға дер кезінде қазақша атау берілмей, олармен бірге оның шеттілдік атауы да тілімізге еніп, кең қолданысқа түсіп кететін болса, бөгде тілдік атауларға зат пен ұғымға тікелей қатысы жоқ шартты таңба ретінде қарап, тек дыбысталу жағын ғана қазақшалауға тырысу қажет. Дегенмен, мынаны ескеру қажет сияқты: зат пен құбылыс және ол туралы ұғымды дәл бейнелеп бере алатын қазақша сөз табылып жатса, әңгіме басқа, керісінше, тілімізде бұрыннан бар тілдік материалдар негізінде жасалған жаңа атау өзінің бұрынғы атаулық ұғымына жетелеп, жас ұрпақты шатастырып жатса ше? Мәселен, «түймедақ» «таблетка» сөзін ауыстыра ала ма? Қайсысын айтқанда сол заттың ұғымын санамызда бейнелеп, көз алдымызға келтіре аламыз? Біздің ойымызша, оны «тәбілеткі» дей салған жөн. Сондықтан, дыбыстық жағы өзгертуге көнетін шеттілдік атауларды сәл-пәл түзеп, тіліміздің айтылым-емле (орфоэпия-орфография) ережелеріне сәйкестендіріп пайдалана салу әлдеқайда жеңіл. Ол үшін, ең әуелі, қазақ әліпбиін орысша қалай жазылса, солай жазуға мәжбүрлейтін, тілімізге зорлықпен енгізілген жат дыбыстардан арылтып, сосын шеттілдік сөздерді қазақша қалай айтып-жазу ұстанымын бір ыңғайға келтіріп алу керек. Сонда ғана тіліміздің сөздік құрамын басқа тілдік сөздердің есебінен байыта аламыз. Жаңадан сөз жасау машақатын жеңілдетіп, жас ұрпақтың түсінігіне жеңіл, сапалы оқулық, оқу құралдарын жазуға қол жеткіземіз. Бізге үлгі болып жүрген орыс тілі («autrche» - «страус») және әлемнің басқа да алдыңғы қатардағы тілдері, міне, осы бағытты ұстанып, дамып келеді.



Раушанбек ӘБСАТТАРОВ,
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың
саясаттану және әлеуметтік-
философиялық пәндер кафедрасының
меңгерушісі, профессор

ТРАНЗИТОЛОГИЯ – ЖАҢА САЯСИ ІЛІМ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ғылыми еңбектерінде және Қазақстан халқына Жолдауларында елдердің тоталитаризм мен авторитаризмнің саяси жүйесінен демократия жүйесіне өткендерін және өтетіндерін атап көрсеткен еді. Осы тұрғыдан транзитология мәселесін зерттеу өте өзекті және маңызды. Бұл мәселе саяси ғылымда жете зерттелмегендігін айта кеткен жөн. Әрине, бір мақалада бұл мәселені жан-жақты толық қарастыру мүмкін емес. Сондықтан, осы мақалада транзитология проблемасының кейбір саясаттанулық аспектілері қарастырылады.

Транзитология – тоталитарлық және авторитарлық саяси жүйелерден демократияға ауысуды жүзеге асырып жатқан елдердегі саяси үдерістерді зерттейтін жаңа саяси ілім. Транзитология саяси жаңғырту теориясымен тығыз байланысты. Олар теориялық-әдістемелік жағынан өзара жақын. «Транзитология» термині – латынның «transitus» деген сөзінен шыққан, «өту», «жүріп өту» дегенді және грек тілінде «logos», «ілім» дегенді білдіреді, яғни, екеуін сөзбе-сөз қосып айтқанда транзитология (транзиттану) ілімі болып шығады. Демек, транзитологияның өзіндік ерекше пәні бар. Бұл пән әр түрлі ғылымдардың аясында пайда болғанмен, оларды қайталамай-ақ, транзитология ілімін оқып-үйренуге әбден болады. Транзитология ерекше ғылыми бағыт ретінде екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Еуропадағы демократизациялау үдерістерін зерттеу нәтижесінде қалыптасты. Бұрын да демократиялық режимдер болған

елдерді демократияландыру мәселелері алғаш рет Германия мен Италиядағы тоталитарлық фашистік режимдердің қалдықтарын реттеуге, Жапониядағы авторитаризм мен милитаризмнің салдарларын жоюға байланысты соғыстан кейінгі жылдарда пайда болды. Бұл елдер бұрыннан индустриалды тұрғыда дамыған, сонымен қатар Германия мен Италияда фашистер билікке келгенге дейін бірнеше онжылдар бойы демократиялық типтегі саяси режимдер болған болатын. Кейінірек осыған ұқсас мәселелер Оңтүстік Еуропа елдерінде – Испания, Португалия мен Грецияда авторитарлық басқару кезеңінен кейін демократиялық ұстанымдарға қайта оралу басталған кезеңде туындады. Осы мезгілде Латын Америка елдерінде де дәл сондай өзгерістер болып жатқан. Ол елдерде әскери диктатуралардың орнын сайланған демократиялық үкімет басқан болатын. Бұнда да мәселе афро-азия елдерінің басым бөлігіндегідей демократияны жаңадан қалыптастыру туралы емес, оған қайта оралу туралы болды.

Саяси ғылымда қалыптасқан түсініктерге сәйкес авторитаризмнен демократияға өтудің негізгі формалары мынандай болуы мүмкін: эволюция, революция, күш қолдану арқылы басып алу. Эволюция басқарушы элитаны шұғыл түрде ауыстырмай, демократиялық реформаларды бірте-бірте жүзеге асыруды көздейді. Революция дегеніміз саяси режимді тез және түбегейлі түрде өзгерту. Күш қолдану арқылы әскери жаулап алу жағдайында тоталитарлы немесе авторитарлы режимнің жеңіліс табуынан кейінгі кезеңге демократияны сырттан «енгізу» тән. Мысалы, екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін Жапония мен Германияда осылай болған болатын. Ол елдерде саяси демократияның негіздері соғыстан кейінгі жаулап алу жағдайында қалыптасқан еді. Транзитологияға бай-

ланысты ғылыми еңбектерде демократияға өтуге қолайлы жағдайлар мен алғышарттарға, оның қозғаушы күштеріне, жолдары мен кезеңдеріне өтудің әртүрлі үлгілеріне (модельдеріне) ерекше көңіл бөлінген. Транзитологияға байланысты мәселелерді қарастыруға А. Пшеворский, Ф.Шлиттер, Х.Линц, С.Хантингтон және т.б. ғалымдар үлкен үлес қосқан. Сонымен қатар, транзитология саяси ілім ретінде өз дамуында үш кезеңнен өткенін айта кету керек. **Бірінші кезең** барысында (1950-60-ы жж.) ғалымдар тұрақты демократияның фундаменталды негіздері, өтудің механизмдері секілді мәселелерді қарастырған болатын. Бірінші мәселеге байланысты дәйекті жауаптар құрылымдық мектеп (жаңғырту мектебі) ауқымында қалыптасты (С.Липсет, Г.Альмонд, С.Вебер, Б.Мур, Р.Даль және т.б.). Бұл мектеп өкілдері тұрақты демократияның төрт құрылымдық факторы болатынын айқындады.

Тұрақты демократияның **бірінші құрылымдық факторы** – элеуметтік-экономикалық даму. С.Липсет өте көп, ауқымды мәліметтер негізінде экономикалық әл-ауқат пен тұрақты демократия және нашар экономика мен тұрақты диктатура арасындағы тығыз байланысты анықтаған болатын. Әдетте ұлттық байлықты бөлудегі үлкен алшақтық қоғамдағы тұрақсыздықтың басты себебі болып табылады. Алшақтық үлкен болған сайын, кедейлердің байларға, элитаға қоятын талаптары да радикалды болады, элитаның кедейлерге деген қатынасы да қатал бола түседі. **Табысты экономикалық дамудың өнімі болып табылатын орта тап – демократияны жақтаушы негізгі күш болып табылады.**

Тұрақты демократияның **екінші құрылымдық факторы** – азаматтық мәдениет. Г.Альмонд пен С.Верба тұрақты демократияның осы маңызды алғышартының болу қажеттілігін негіздеген болатын. Олар азаматтық мәдениеттің негізін қоғам мүшелерінің жоғары деңгейдегі өзара сенімі, келісімге деген ұмтылыс пен төзімділік құрайды деп атап көрсетеді. Тұрақты демократияның **үшінші құрылымдық факторы** – саяси күштердің арақатынасы. Б.Мур Ұлыбритания, Франция, Қытай, Жапония мен Үндістандағы жаңғыртуды зерттей отырып, саяси формалардың

антифеодалдық революциялардың сипаты мен «жер иеленуші аристократия – шаруалар – буржуазия» үштігі арасындағы күштердің арақатынасына тәуелді болғанын көрсеткен. Шаруалар табының күші көп жағдайда тоталитарлық және авторитарлық режимдердің (фашистік және коммунистік), буржуазия мен буржуазияға айнала бастаған аксүйектердің одағы демократияның орнығуына (Ұлыбритания) мүмкіндік береді. Тұрақты демократияның **төртінші құрылымдық факторы** – дамыған коммуникативті жүйе. Р.Даль полиархияға арналған өз еңбектерінде демократияның алдында адамдарды саясатқа «тарту» үдерісі іске асатын болса, оның орнығу және нығаю мүмкіндіктері жоғары болады деп дәлелдеген. **Адамдардың саяси өмірге қатысуы демократияның орнығу мүмкіндіктерін арттырады. Егер, авторитарлық режим саяси өмірге қатысуды алдын-ала қамтамасыз етпей, демократия енгізуге ұмтылса, онда демократияның мүмкіндігі күрт төмендейді. Тағы бір нұсқа – бір мезгілде демократияға өту және бұқара халықты саясатқа тарту да полиархия үшін қолайлы емес.**

Құрылымдық мектепті демократияландыру үдерісінің динамикасы мен ондағы саяси айнымалылардың рөліне көңіл бөлмегені үшін көп сынаған болатын. Бұл мәселелермен акторлық мектеп немесе транзитологияның өзі айналысты (кейін бұл атау жалпы ғылыми бағытқа айналды). Кейде бұл мектепті «шешім қабылдау жолдарын талдау», «волонтаризм» деп те атайды. Г.О' Доннелл, Ф. Шмиттер, Т. Карл, Л. Даймонд, Х. Линц, А. Пшеворский, С. Хантингтон секілді және т.б. танымал зерттеушілер осы мектеп өкілдері болып табылады. Осы авторлар демократияға өту кезеңін саяси дамудың дербес кезеңі ретінде бөліп қарастыру қажеттілігін негіздеді, оның динамикасы мен консолидациясын, нығаюын зерттеуге өте көлемді әдіснама қолданды.

1970-1990-шы жылдар транзитология ілімінің дамуының **екінші кезеңі** болып табылады. Бұл кезең 1971 жылы Йель университетінде (АҚШ) өткен семинардан бастау алады. Ол семинар кезекті әскери-саяси режим (1968-1974) кезінде экономикалық дамудың жоғары қарқынын көрсеткен Бразилияның даму мәселелерін қарастыруға арналған болатын. Осы кезең барысында Латын Америкасы елдеріне

арналған, сонымен қатар жалпы дамушы елдердегі демократиялау үдерісі туралы зерттеулерді жинақтайтын көптеген еңбектер пайда болды (мысалы, А.Степанның редакциялауымен дайындалған «Авторитарлы Бразилия» (1973); бюрократиялық авторитаризм тұжырымдамасы қорытындыланған Г.О'Доннеллдің «Жаңғырту және бюрократиялық авторитаризм» (1973) еңбегі). Кейбір ғалымдар демократиялық транзит факторларын жете қарастыра отырып, демократияның пайда болуы жеке елдердің дамуының нақты траекториясына немесе бағытына тәуелді болғанына ерекше мән бергеніне назар аудару қажет екеніне көңіл аударды. **Бағыт теориясының негізгі идеясы мынандай: қандай да бір шешімді қабылдағаннан кейін одан айнуға және оның күшін жоюға болмайды, бәрібір даму үдерісі белгіленген бағытпен жүзеге асады: тарихи траекториялар бағыты, ұзақ тарихи жол, «тарихи жазымыш» (Б.Мур, П.Андерсон, С.Роккан); демократиялық алға басуға сәйкес келетін ажырау стратегиясы (Р.Даль, Д.Растоу, А.Степан). Екінші кезең шеңберінде көптеген жаңа мәселелер кешендері айқындалып, зерделенген болатын, мысалы, контекстуализм (мәдени-өркениеттік контекст) мен универсализм (ортақ заңдылықтар); глобализм мен локализм (ішкі және сыртқы ықпал), өзіндік легитимация мен легитимация және т.б.**

Транзитологияның дамуының үшінші кезеңі (1990-шы жылдардан бастап) ұсынылған бағыттардың көп түрлілігі және әр тектілігімен сипатталады. Осы орайда, консолидология секілді дербес субдисциплинаның негізін қалаушы болып саналатын саясаттанушы Ф.Шмиттердің транзитология теориясына үлкен үлес қосқаны бәріне мәлім. Консолидология демократиялық саяси жүйенің реттелу, нығаю үдерісін зерттейді. Ф.Шмиттер демократияға өтудің бірнеше нұсқасын қарастырды. «Мәжбүрлеген өту» барысында режимнің басшы тобы бүкіл қоғамға өтудің нақты бір үлгісін зорлап міндеттейді. «Пактіленген» (келісілген) өту жағдайында саяси топтар өтудің үлгілері мен жағдайлары туралы келіседі және бұқара халықпен кеңесуге тырысады. Ф. Шмиттер бұндай нұсқа сирек кездеседі деп есептейді. Жаңғыртудың реформалық нұсқасы демократияға өтуді төменнен бастап, жаппай жаңғыртуды ұйғарады. Рефор-

малар тек төменнен қысым көрсету арқылы жүзеге асырылады. Ф.Шмиттер жаңғырту нұсқаларының бірі – демократияға өту ретінде революцияны қарастырады. Ол жоғарыдағылар мен төмендегілердің диалог пен реформаларға, ұйымдасқан іс-әрекетке қабілетсіз болуының нәтижесінде орын алады.

Консолидология ауқымында бірнеше бағыттар қалыптасқан. Элитистік бағыттың өкілдері (Д. Хигли, Р.Гантер, М. Бартон) демократияның нығаю сипатына элитаішілік өзара әрекеттің ықпалын айқындайды. Элиталық консолидацияның төмендегідей формалары қарастырылған болатын: «элиталардың қосылуы» (Ұлыбритания) және «элиталар қауымдастығы» (Испания). Орталық және Шығыс Еуропа елдеріндегі демократиялық транзиттің табысты болуын «элиталар қауымдастығының» қалыптасуымен байланыстырады. Институционалдық бағыт демократияның нығаюына институционалдық таңдаудың әртүрлі аспектілерінің ықпалын талдаумен айналысады. Мысалы, Х. Линц, А. Валенсуэла, А. Степан секілді авторлар жас демократиялар үшін басқарудың парламенттік формасы ең қолайлы деп санаған. Президенттік үлгіні таңдау саяси тұрақсыздықтың өсуіне, билік тармақтарының өзара қарсы тұруына әкеледі. Бірқатар авторлар, керісінше, дәл осы президенттік үлгі ең тиімді деп есептейді. С.Липсет басқарудың қандай да бір формасының тиімділігін елдердің дамуының алдында орын алған саяси мәдениеттің ерекшеліктерімен байланыстырады.

Транзитологияда өту үдерістерінің ақырғынәтижелерін талдау кеңтарағанын айта кету керек. Бұл «авторитаризм» - «демократия» полюстерінің арасында пайда болған, дәстүрлі режимдер элементтерінің үйлесуінің әртүрлі мөлшерлері мен формаларын көрсететін саяси режимдердің көптүрлі нұсқаларын зерттеу, сипаттау және классификациялау қажеттілігімен байланысты. Олар, Ф.Шмиттер гибриді режимдерді төмендегідей жіктеуді ұсынды: диктандтар (жұмсақ диктатуралар, демократиясыз жүзеге асатын либерализация, билік аппаратының өзгеруінсіз азаматтық еркіндіктердің институттануы) және демократуралар (демократиялық диктатуралар, либерализациясыз іске асатын демократизация, авторитарлық режимді бөлшектеу

(демонтаж), құқықтардың институттануынсыз саяси биліктің құрылымын алмастыру). Г.О'Доннелл делегативті демократия тұжырымдамасын қалыптастырды. Ол да өтпелі форма болып табылады, өйткені демократиялық рәсімдер формальды түрде билік басындағы бір тұлғаның еркіне тәуелді. Демократиялық транзитті зерттеу нәтижесінде посткеңестік елдерде «әкімшілік демократия» (С.Фиш); «авторитарлық демократия» (Р. Саква) ұғымдары енгізілді. Ф.Редер посткеңестік елдерінің өтпелі режимдерінің үш идеалды типін айқындайды: билік шағын топтың қолында шоғырланған автократия (Ресей, Қазақстан); билік институттар ауқымында әрекет ететін туысқандар тобының қолында шоғырланған олигархия (Тәжікстан); билік тұрғындардың бір бөлігіне бағынышты болатын, бірақ басқа бөлігінің құқықтары шектелген эксклюзивті республика (Эстония).

Қазіргі кездегі транзитологияда саяси трансформацияның үлгілері мен фазалары белсенді түрде қарастырылатынын айта кету қажет. Күтілетін нәтижелерге байланысты үлгілер жиынтығын шартты түрде үш топқа бөлуге болады: оптимистер (Д.Растоу, С.Хантингтон) демократияға өту мүмкін деп есептейді және оның теориясын дайындайды; пессимистер (Х.Линц) демократиялық режимдердің ыдырау теориясын қалыптастырады; ұстамды пессимистер (Г.О'Доннелл) делегативті демократия теориясымен аралық орынға ие болады. Транзиттің кең талқыланған бірнеше теориялық үлгілерін қарастырып өтейік.

Д. Растоудың үлгісі. Д. Растоудың үлгісі демократияға өтудің кезкелген түрі сыртқы ықпалдың әсерімен (соғыстар, байланыстар және т.б.) деген идеяға негізделген. Демократиялық транзит елдің ұлттық бірлік пен ұлттық бірегейлікке қол жеткізгенінен кейін ғана басталады. Демократияға өту мынандай кезеңдерден тұрады: дайындық кезеңі (мүдделердің поляризациясы, тұрғындардың бұрын жәбір көріп келген топтарын батыл әрекеттерге көтеретін жаңа элитаның пайда болуы); шешім қабылдау кезеңі (демократия пайдасына таңдау жасау бірнеше күштердің бірлескен әрекетінен туындайды); дағдылану кезеңі (демократия құндылықтарын орнықтыру). **А.Пшеворскийдің үлгісі.** А.Пшеворскийдің үлгісі демократияға өтуді және демократияның өзін «белгісіздік патшалығы»

деп сипаттайды. Демократия – өтудің мүмкін болатын жалғыз ғана нәтижесі емес. Ол үдеріс кепілсіз диктатурамен де және кепілді демократиямен де аяқталуы мүмкін, яғни «авторитарлық реставрациядан» «демократиялық эмансипацияға» дейінгі үлгілердің кең шоғырын қамтуы мүмкін. Нұсқалар ойын теориясы мен рационалды таңдауды пайдалану арқылы қарастырылады. **С. Хантингтонның үлгілері.** Хантингтон демократияландырудың жалпы тарихи бес үлгісін тұжырымдаған: циклдық үлгі – авторитарлық және демократиялық режимдердің кезеңді түрде ауысуы (Бразилия); «екінші талпыныс» үлгісі-авторитарлық режимнің орнығу нәтижесінде тоқтап қалған бірінші талпыныстан кейінгі екінші рет демократияландыру (Испания); «үзілген демократия үлгісі» – бұрын тұрақты болған, бірақ авторитарлық режимнің орнығуы нәтижесінде тоқтап қалған демократияны қалпына келтіру (Чили); тікелей өту үлгісі – бұрын демократиялық даму тәжірибесі болмаған мемлекеттерде демократияны орнату (1989 ж. кейінгі Болгария); отарсыздандыру үлгісі – демократияны тәуелсіздік алғаннан кейін орнату (Кариб бассейні елдері). **Сонымен қатар, С.Хантингтон үшінші толқын елдеріндегі демократияландырудың үш нұсқасын айқындайды. Трансформация – үкімет оппозициядан күшті болуы керек және бес кезеңнен (фазадан), яғни, реформаторлардың пайда болуы, олардың билікке келуі, либерализация, кері легитимділік – реформаторларды консерваторлармен ауыстыру, демократияландырудың өзінен тұратын өту үдерісінде негізгі рөлді атқаруы тиіс. Ауыстыру – өткеннен толық бас тарту. Өту үдерісінде үш фазаны бөліп қарастырады: оппозицияның күресі, бұрынғы режимнің ыдырауы, ыдыраудан кейінгі күрес. Трансформаластыру (босату-высвобождение) – элита мен оппозицияның бірлескен әрекеті нәтижесінде жүзеге асатын транзиттің аралас үлгісі.**

Р.Кортарелонның үлгісі. Бұл үлгі қазір классикалық болып есептелінетін Испаниядағы демократияландыру тәжірибесін қорытындылау нәтижесінде қалыптасқан. Ол испандық саяси ғажайып деген атқа бекер ие болған жоқ. Аталмыш үлгіге сәйкес өту үдерісі алты кезеңнен тұрады: диктатураның дағдарысы – ішкі және

сыртқы себептерден туындайды; тұлға мен мемлекеттің өзара қатынасының ізгілікті-құқықтық негіздерінің түбегейлі түрленуі—диктатураның легитимділігінің орнына демократиялық құндылықтарды мойындау келеді; бұрынғы кадрларды басқару ісінен аластату және бұрынғы режимнің рәміздерін ауыстыру; бірінші консенсус – өткенге байланысты келісім, диктатураның қылмыстарына қатысты тұлғаларды жазаға тарту мәселесіне шынайы карау кезіндегі ұлттық келісім; екінші консенсус – болашаққа байланысты келісім – жаңа саяси жағдайда ойын ережесін анықтау мақсатында барлық мүдделі күштердің арасындағы демократиялық диалог; үшінші консенсус – демократияға байланысты азаматтық келісімді орнықтыру. Осыған орай алты кезеңнің барлығында да баламалы шешімдерді қабылдау мүмкін болуы салдарынан реставрациялауға бет бұру қаупі жоққа шығарылмайтынын айту қажет. Сонымен, демократиялық транзиттің, саяси жаңғыртудың көптеген теориялары нақты болмыстағы, әртүрлі мәдени-саяси ерекшеліктері бар түрлі елдердегі осы үдерістердің сан алуан формалары мен нұсқаларының бар болуын бейнелейді. **Жетілген, толыққанды демократия бірден пайда болмайды, бір-екі ұрпақ ауысқаннан кейін, саяси мәдениетте маңызды өзгерістер жүзеге асып, қақтығыстарды реттеудің демократиялық тәсілін қолдау дәстүрге айналған кезде қалыптасады. Тарихи алғышарттарды, қолданыстағы әлеуметтік-экономикалық құрылымды, субмәдениеттер плюрализмінің деңгейін, қоғамдағы әртүрлі топтардың саяси мәдениетін ескерусіз реформаларды іске асыруға талпыныс үкіметтің беделін түсіреді және демократияның легитимді болуын қиындатады.**

Негізгі мүдделі топтардың ниеттес болуын қамтамасыз ету және ниеттес саяси оппозицияның пайда болуы демократияның орнығуы кезеңінде қалыптасқан демократиялық механизмді іске қосуға, демократия институттарының қызметін нақты мазмұнмен толықтыруға мүмкіндік береді. Әртүрлі елдер мен аймақтарда демократияға өтудің тәжірибесін жинақтау негізінде саясаттанушылар осындай өтудің заңдылықтары туралы мынандай тұжырымдар жасады: нарықтық экономика мен саяси демократия арасында табиғи және берік байланыс бар; демократияға

өту үшін технологиялық, әлеуметтік-мәдени және әлеуметтік-экономикалық дамудың нақты деңгейі қажет; қоғамда жетекші орын алатын орта тап демократиялаудың әлеуметтік базасын құрайды; азаматтық қоғамды құрусыз демократияның қалыптасуы мүмкін емес. Постсоциалистік қоғамды трансформациялау үдерісіндегі экономика мен саясаттың арақатынасы мәселесі көптеген батыстық транзитологтардың қызығушылығын тудырды. **Пікірталастар «екіжақты өту» – нарықтық экономикаға да, демократияға да өтудің қайшылықты болуы төңірегінде өрбиде. Бірқатар зерттеушілер адамдардың басым бөлігі коммунистік режимнен бас тартқанда идеялық немесе саяси сипаттағы емес, әлеуметтік-экономикалық себептерді басшылыққа алған болатын деп есептейді. Сондықтан, тұрғындардың көпшілігінің өмір деңгейінің төмендеуі, материалдық жағдайының тұрақсыздығы посткоммунистік қоғамдарда саяси жүйе ретінде демократиядан түңілуге әкелді. Бұл түңілу қауіпті, біріншіден, оңшыл және солшыл бағыттағы жүйеге қарсы оппозицияның күрт күшеюі, екіншіден, халықтың жаппай қарсы шығуы мүмкін болғандықтан билік басындағылар тарапынан демократиялық еркіндіктердің шектелуі; үшіншіден, жаңа авторитарлы режимнің билік басына келуімен қауіпті. Бұны болдырмау үшін экономикалық қиындықтар кезеңін жеделдету үшін есепгірету терапиясы әдісін қолдану немесе керісінше, өндірістің құлдырауы ең төменгі деңгейге жеткенге дейін экономикалық реформаларды кейінге қалдыру ұсынылады. Басқа бағыт тіпті бір мезгілде саяси және экономикалық реформаларды жүзеге асырудан бас тартуды ұсынады. Бұны төмендегі сценарийлердің біреуін таңдау арқылы орындауға болады: бірінші – экономикалық реформалар демократизациялаудан бұрын болады; екінші – алдымен кешенді саяси реформалар іске асырылады және олардың институционалды тұрғыда бекуінен кейін ғана нарықтық қайта құрулар басталынады. Бірінші сценарийді жақтаушылар экономикалық реформалар күшті авторитарлық билік тарапынан бірізді, батыл және көпшілік қабылдамайтын әрекеттерді талап етеді деген тұжырымға сүйенеді. Бұндай тұжырым XX ғасырдың 70-ші жылдарындағы саяси жаңғырту**

теориясының консервативті бағытының түсініктеріне сәйкес. Бірақ, бүгінгі таңда ол маңызды ғылыми сынға ұшыраған. Экономиканы авторитарлы әдістермен либерализациялау стратегиясына қарсы негізгі пікірлер төмендегідей: біріншіден, көптеген авторитарлы үкіметтер іс жүзінде экономиканы либерализациялауды жүзеге асыруға қабілетті емес; екіншіден, либерализациялауды жүзеге асыруға қабілетті үкіметтер ең аз дегенде қысқа мерзім ішінде демократияландыруға деген ұмтылыстарынан айрылады.

Еуропа, Латын Америкасы мен Азияның әртүрлі елдерінің тәжірибесін салыстырмалы түрде зерттеу экономикалық жаңғыртудың авторитарлық жолының тиімділігі туралы сұраққа бізмәнді жауап бермейді. Авторитарлы режим кезінде нарықтық қайта құруларды табысты, бірізді жүзеге асыруды, ал, одан кейін сол режимді либерализациялау және демократияландыру мүмкіндігін жокқа шығаруға болмайды. Кейбір беделді ғалымдар коммунистік режимнен бас тартқан, бірақ, маңызды экономикалық табыстарға қол жеткізе алмаған мемлекеттерге қарағанда нарықтық экономиканы құрудың табысты болуын көрсетіп отырған коммунистік Қытайдың ұзақ мерзімді келешекте демократиялық саяси жүйе құру мүмкіндігі мол деп есептейді. Осы тұрғыда экономика саласында басталған құлдырау және нарықтық реформалардың қандай да бір ойластырылған жоспарының болмауы жағдайында коммунистік режимді либерализациялауды бастаған М.Горбачевтің іс-әрекеті жеткілікті деңгейде негізделмеген болып көрінеді. Көптеген батыстық танымал саясаттанушылар мен экономистер саяси қайта құрулар жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға өтудің маңызды шарты болуы керек деп есептейді. Олардың пікірінше, 1991 жылдың күзінде Б.Ельцин және оның жақтаушылары маңызды саяси өзгерістердің уақытын өткізіп алды. Өзінің саяси партиясын құрудың, кеңес конституциясына өзгерістер енгізудің және жаңа парламенттік сайлау өткізудің орнына Ресей мемлекетінің басшылары қажетті саяси және идеологиялық дайындықсыз түбегейлі экономикалық реформаларды жүзеге асыруға кірісті. Транзитология саласындағы әйгілі мамандар Х.Линц пен А.Штепанның ойынша, саяси сипаттағы міндеттерге қарағанда экономикалық өзгерістерге басымдылық беріп, Б.Ельцин үлкен

қателік жасады. Нәтижесінде ол өзінің әрекеттерімен мемлекетті де, демократияны да, экономиканы да әлсіретті. Қазіргі кездегі Ресейдің посткоммунистік кезеңнен кейінгі дамуындағы көптеген дағдарыстар ұзақ мерзімді мақсаттарды емес, жеткілікті саяси тәжірибелері мен білімдері жоқ жас экономистердің қысқа мерзімді жоспарларын басшылыққа алғандықтан туындады.

Транзитология саяси жаңғыртудың бұрынғы тұжырымдамаларына қарағанда демократияландыруды бір бағытты үдеріс деп қарастырмайды. Ол әртүрлі сценарийлерді, соның ішінде пессимистік сипаттағы сценарийлерді де зерделейді. Бүгінгі таңда посткоммунистік мемлекеттердің басым бөлігінің демократиялық болашағын бағалауда пессимизм көбірек болып тұр. Көбінесе демократиялық бағдардан бас тарту қаупін болашақта коммунистік режимді қайта қалпына келтірумен байланыстырмайды. Ұлттық диктатураның орнығуы немесе ұзақ мерзімге авторитарлық сипаттағы элементтері бар саяси режимдердің орын алу мүмкіндігі басымырақ деп таниды. Ф.Шмиттердің пікірінше, поставторитарлы өту кезеңінде тұрған елдердің алдында автократия мен демократия арасындағы таңдаудан басқа да нұсқа бар: автократия мен демократияның элементтерінен тұратын гибридік режимдердің пайда болуы немесе «күшті, бірақ, орнықпаған демократияның» болуы. Коммунизм күйрегеннен кейін, бұрынғы социалистік мемлекеттер әртүрлі бағытта дамыды. Сондықтан, бүгінгі таңда оларды қандай да бір бөлінбеген топ деп қарастыруға болмайды. Саясаттанушы Ч.Гатидің ойынша, тек Орталық Еуропаның бұрынғы коммунистік мемлекеттерінің шағын тобы мен посткеңестік Балтия республикаларының ғана демократиялық қайта құрулар мен экономикалық реформаларды табысты аяқтау мүмкіндіктері бар. Ч.Гати посткоммунистік жағдайда гибридік режимдердің болуы мүмкін деп санайды. Американдық саясаттанушы жоғарыда аталған Шығыс Еуропа мемлекеттерінің тобына кірмегендерді және Ресей, Украина, Белоруссия мен Молдавияны жартылай авторитарлы режимдер орын алған мемлекеттер тобына жатқызады. Бұл елдерде орташа деңгейдегі нарықтық реформалар жүзеге асуда, билік баспасөз еркіндігінің болуын мойындайды, сырт-

тай еркін, ал шындығында өз мақсаттарына сәйкес бұрмаланған сайлаулар өткізеді. Бұл топтағы бірнеше мемлекет үшін транзитологияда қолданылатын «делегативті демократия» ұғымы сай келеді, басқаша айтсақ, билік бір орталықта, мысалы, президенттің қолында шоғырланған демократиялық жүйе сәйкес келеді. Үшінші топқа Закавказье мен Орталық Азияның бұрынғы кеңестік сегіз республикасы кіреді. Ч.Гаги бұл мемлекеттерді «жеңілген» мемлекеттер деп атайды. Өйткені оның ойынша, бұл мемлекеттерде тоталитаризмнің орнын авторитаризм басты, ал келешекте демократиялық жүйе құру және қазіргі заманғы нарықтық экономика қалыптастыру мүмкіндігі жоқ. Бұндай классификация, топтастыру субъективті болу мүмкін екенін атап өту қажет. Мысалы, демократияландыру үдерісінде неғұрлым табысты болған елдердің қатарына Балтия мемлекеттерін жатқызады. Алайда, олар ЕО пен НАТО-ның құрамына кіргеннен кейін де тұрғылықты емес тұрғындардың құқықтары мәселесін шешкен жоқ. Батыстық саясаттанушылар посткеңестік мемлекеттердегі саяси үдерістерді, мысалы, Грузия мен Украинадағы «түсті революцияларды» субъективті түрде бағалайды. Соңғы жылдарда бұл мемлекеттерде адамдардың құқығы мен еркіндіктері саласында, мемлекеттік институттардың әрекет етуінің тиімділігі, саяси өмірдің демократиялық нормаларын ұстануда ешқандай нақты алға басу байқалмаса да, батыстық эксперттер оларды демократияның үлгісі деп атайды. М.Саакашвилидің кезіндегі Грузияның саяси дамуынан ел ішінде авторитарлық үрдістердің орын алғаны және ұлтаралық мәселелерді шешуде агрессивті бағыт орныққаны айқын білінеді. 2008 жылы тамыз айында Оңтүстік Осетияда болған оқиға бұған дәлел. Ал Украина болса, «сарғыш революция» мен «майдан революциясынан» кейін әлеуметтік-мәдени және аймақтық белгілерге сәйкес бөлініп кетті. Бұл әрдайым саяси дағдарыстарға әкелуде.

Транзитологиялық тұжырымдамалардың көпшілігінің ең әлсіз тұсы бағалаудың субъективті болуы – көңіл аударатын мәселе. Әсіресе, бұл ғасырлар тоғысында, Орталық және Шығыс Еуропа елдері мен бұрынғы КСРО-ның республикаларының посткоммунистік дамуының қорытындысын шығаратын

кезде айқын білінді. Көптеген пост-авторитарлық және посттоталитарлық елдердің саяси жүйелеріне «электоралды демократия», «процедуралық демократия» категориялары сәйкес келеді. Бұл категориялар саяси болмыста нормалық идеалдардың жүзеге асу деңгейін көрсетеді. Осыған орай, Қазақстандық саяси жүйе демократия ауқымында өзгеруде және кейін де өзгереді. Алайда, әлемнің неғұрлым дамыған бір де бір елінде демократиялық идеалдың толық жүз пайыз жүзеге асуы болмаса да, ондай идеалға жетуге ұмтылу қажет. Бірақ ондай мақсатқа жету үлкен тарихи мерзімді қажет етеді, сондықтан ол бүгінгі күннің емес, болашақтың міндеті. Соңғы онжылдықтар ішінде Қазақстанның саяси дамуы оның әлеуметтік-экономикалық трансформациясы мәселелерімен тығыз байланысты болды.

Экономика және басқа салалардағы барлық мәселелерді шешу және мемлекет пен қоғамның ішкі және сыртқы қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Қазақстанға жоғары қарқынды, тұрақты экономикалық өсудің ұзақ кезеңі қажет болды. Ал ол үшін сәйкес әлеуметтік-саяси жағдайлар: Қазақстанның одан әрі дамуының ойластырылған стратегиясы мен осы стратегияны жүзеге асыру үшін саяси ерік қажет еді. Бұл жағдайлар Қазақстанда қалыптастырылды. Қазіргі кездегі Қазақстандағы саяси тұрақтылық туралы да айтуға болады. Өйткені, саяси жаңғырту мен транзитология тұрғысынан және жаһандық дағдарыс жағдайында бұл маңызды болып табылады. Бірақ әлеуметтік-экономикалық дамудың бағыты мен жылдамдығы қабылданатын шешімдерге байланысты. Ал, ол шешімдер қоғамда қалыптасқан жағдайларға сәйкес және барабар болуы, сонымен бірге ел мен оның азаматтарының ұлттық-мемлекеттік мүдделеріне сай келуі тиіс.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, транзитология – авторитаризм мен тоталитаризмнен демократияға өтуді саяси дамудың дербес кезеңі ретінде зерттейтін жаңа саяси ілім деген тұжырым жасауға болады. Әлемнің көптеген елдерінің демократияға өту тәжірибесін жинақтау демократия – халық пен оның өкілдеріне басқару функцияларын тікелей жүзеге асыруға мүмкіндік беретін мемлекеттік құрылымның формасы деуге негіз болады.



Гүлзия ПИРӘЛІ,
М. Әуезов атындағы Әдебиет
және өнер институтының бас
ғылыми қызметкері, филология
ғылымдарының докторы

М. БАЙҒҰТТЫҢ ӘДЕБИЕТТЕГІ ӘЛЕМІ

Киесі бар сөз өнеріне деген адалдық болмаған жерде әдебиет туралы әдемі сөз болуы екіталай. Зейнетінен бейнеті көп шығармашылықтың азабы да осы адалдықпен астасып жататыны ақиқат. Қолына қалам алып, «ұлттың ар-ұятына» (М.Әуезов) жауапты жазушы атын иемденген соң шындық, адалдық, тазалық сынды күдіреттерге бас имеске шара жоқ. Мархабат Байғұттың бүгінгі әдебиеттегі әлемі, міне, осынау түсініктерге толықтай жауап береді. Оның шындықпен суарылған шығармалары, бәріміздің бауырымыздай болып кеткен кейіпкерлері — әрқайсымыздың ауылымыздан табылатын ақкөйлек, ақ жүрек аналарымызды, аталарымызды, ауылдас-тарымызды еске түсіреді. Қазақы болмыс, қазақы мінез, қазақы табиғат тек ауылда сақталатынын ескерсек, М. Байғұт шығармаларының шырайын ендіріп тұрған да осы — ауыл тақырыбы. Қазақтың құты мен киесі болған, ұлттың ұлы рухының мекені болған ауыл өмірі оның шығармаларының үзілмеген арқауы. Қазақты қазақ етіп темір қазықтай әлі де болса ұстап отырған, әрбір ұрпағымыздың ішкі рухани қуатын айнымастай берік байлап, енді «үш емес он тіл оқысанда ордалы ойыңнан, қазақы болмысыңнан ешқайда кете алмайсың» деп еркіне жіберетін ауылдан жазушының өзі де өмірбойына алыстаған жоқ. Ол өзінің туған өлкесін өгейсітпеді. «Ақындар ауылда туылып, қалада өледі» деп аласұрып Алматыға да қашқан жоқ. Ол өмірбойы өз кейіпкерлерімен бірге, солардың ортасында өмір сүріп келеді. Бұдан

жазушы ұтпаса ұтылған жоқ. Оның шығармаларындағы шынайылық, міне, осыдан бастау алып, биіктеген, көрік алып кемелденген. Қаламгер қазақы мінез бен ауыл адамдарының образын сомдауды ұлттық мінез-болмысты бейнелеу деп біледі. Өйткені, ауыл мен қазақты ажырата алмасымыз анық.

Жазушыны әдеби ортаға танытқан алғашқы туындыларының бірі — «Интернаттың баласындағы» ауыл көрінісі бәріміздің алтын бесігімізді еске түсіреді: «...Ауылдың шетіне шыққанда кеудесінің әлдебір тұсы тыз-тыз етіп, артынша шоғайна тікен шаншығандай ашып кетті. Сәлден соң қияға шықты бұлар. Қия беттегі андыздар пісіп, тіпті, қарайып үлгеріпті. Жапырақтары қаудыр-қаудыр етеді. Жақсыбайдың жаман тоны секілді...». Қайда сол андыздар, қызыл жиделер, өзі Жақсыбай болып жаман тон киген жаны жайсаң кең пейілді, ақжүректі жандар деп ойлайсыз. Сөйтсек, олардың бәрі Мархабаттың көркем шығармаларында мәңгілік мәтін болып орнығыпты. «Қызыл ала шығ орамалын тартып, «қос бұрым етіп өрген шашынан айранның исі шығатын» Нұрила қыздың 15-келген Ноктабайды интернатқа алып келе жатқанда айтқан ақылы да нанымды, ол бірнеше рет қайталанады. Алайда, әрбір қайталанған сайын жаңа ой, жаңа бейнелер, жаңа суреттер пайда болады. Бұл қайталаулар кейіпкердің ішкі толғанысының толассыз ауысып, эмоциялық сезімдерінің күрделенгенін көрсетеді. Үлкен пішіндік, мағыналық мәнге ие болған ой қайталаулар, мәтіннің семантикалық линиясын ғана ерекшелендіріп қана қоймай, композициялық қызметін де, кейіпкерді мінездеуді де әр алуан мағынада қабылдауға үлес қосады. Оқып көрелік:

— Нокташ, сен енді жас емессің,-деді Нұрила. Үнінде Ноктабай бұрын байқай қоймаған іркіс-тіркіс бірдене бар.

Әлгінде, ауылдың шетіне шыға бергенде кеудесінде пайда болған шымырлау ұлғая түскендей еді.

– Өзіңе-өзің әзір бол, – деді одан әрі Нұрила. Балалықты таста. Біздің еркелейтін кіміміз бар? Сені оқысын деп, адам болсын деп жүрміз...». Міне, осы азғана мәтінде қаншама қасірет бар. Соғыстан кейінгі ауыр тұрмыс, жетім балалар тағдыры, жесір ананың соғысқа кеткен жарының жалғыз тұяғын жетелеп, ел қатарына қоссам деген жанталасы, бауырының болашағы үшін өзін құрбан еткен әпке бейнелері бір кезеңнің шындығын алға тартпай ма? Мұндағы әртүрлі көңіл-күйлер, сәт сайын дамып, күрделеніп отырған Нұриланьң психологиялық сезімдері оның жан дүниесіндегі арпалыстарды да айқындай түседі. Ақиқатын айтқанда, ауыл, қала, өндіріс дегендердің бәрі де сыртқы сұлба, жайдақ тақырып төңірегіндегі жадағай сөздер. Жазушының бір-ақ тақырыбы бар. Ол – адам тағдыры, оның мінез-құлқы, табиғи болмыс-бітімі. Мархабат Байғұттың шығармаларындағы басты назар да осы кейіпкерлер тағдырындағы түрлі түйткілдер, оның даму жолдары, адам ретіндегі қалыптасу кезеңдері. **«Интернаттың баласы»** – Ноктабайдың осы ауылдан алыстап, білімге бет бұрып, интернатқа келген күнінен ректорлыққа жеткенге дейінгі белестеріндегі бүкіл өзгерістер қаламгердің жіті бақылауында болып, суреткерлікпен зерделенеді. Бала Ноктабайдың өсу кезеңдеріндегі психологиялық құбылыстарды, ішкі рухани әлеміндегі арпалыстар мен құпия сезімдер сырын ашу арқылы қаламгер сол кезеңдегі өмірдің шындығын береді. Жазушының адамның мінез-құлқындағы өзгерістер мен сезімдік-эмоционалдық құбылыстарды өзіне тән жылы юмормен, әдемі әзілмен бейнелеуге бейім қасиеті оның өнердегі мұраты да. Міне, шығармадағы шынайылық, өмірді жете тану, сол кезеңнің тұрмыс-тіршілігін, сол кезеңдегі адамдар психологиясын зерек зердемен зерделеу. Ол оқиғаларды қызық сюжет құрам деп шындыққа киянат жасамай бар болмысымен беру Мархабат туындыларына тән қасиет. **Жазушы жоқтан бар жасауға талпынбайды да. Өзі көрген, сезінген, куә болған, өз жүрегінен өткен өмір шындықтарын мүмкіндігінше нанымды беруге ғана тырысады. Сондықтан да, оның кейіпкерлері – уақыт**

жүгін адал арқалаған ауыл адамдары, тумысында арамдығы жоқ, жақсылығы да жамандығы да алақандағыдай айқын ақ, адал, таза жандар. **«Интернаттың баласы»** да соғыстан кейінгі уақыттың шындығы. Сол кезеңдегі адамдар тағдыры. Ел ішінде жүріп, солардың күнделікті өміріне куә қаламгер өз кейіпкерлерінің қуаныш-қайғысымен бірге өмір сүреді. Солармен сөйлеседі, сырласады. Міне, жазушының бақыты да табысы да осы, айналасындағы адамдар тағдырында жатыр. Бүгінгі дәуірдің тыныс-тіршілігін, ондағы адамдар тағдырын, олардың саналарында жүріп жатқан өзгерістерді сезінгісі келген оқырман М. Байғұт шығармаларындағы сезім толқындарына бір сәт көңіл бөліп, сырласқаны жөн.

М. Байғұт шығармашылығына тереңдемеген адам оның туындыларындағы бір-біріне ұқсамайтын, іс-әрекеттері мен мінез-болмыстары қайшы, табиғаты қым-қиғаш ерекшеліктерімен танылатын кейіпкерлер тағдырының сырын ұғына да алмайды. Олар соншалықты қарапайым пенделер бола тұра барлық қайшылықтарымен көрінген күрделі кейіпкерлер. Өз дәуірі туралы ұлт пен ұрпақ алдындағы қаламгерлік парызын терең түсінген М. Байғұт өз заманының көркем тарихы мен адамдар тағдырын шынайы бейнелейді. Жазушы иығына артылған жауапкершілік оны маңайындағы барлық оқиғаға еріксіз араластырып отырады. Өйткені, шын талант қана табиғи құбылыстарды дәл өмірдегідей табиғи жаза білуі арқылы танылса керек. Достоевскийдің өзі айтпай ма, **«мені психолог дейді, мен бар-жоғы реалист қанамын»** деп. Олай болса М. Байғұт шығармашылығының ерекшелігі де өзі білетін тақырыпты қозғап, өзі білетін адамдарды ғана бейнелеуінде болса керек. Кешегі кеңестік кезеңдегі тоталитарлық санадан арылып рухани еркіндікке ие болған тәуелсіздігіміздің алғашқы тұстарында да ол тоқырамай өз жанындағы адамдардың тағдырына үңіліп, олардың ой-саналарындағы жаңа өзгерістерді өзінше өрнектеп, зерттей бастады. 90 жылдардағы жазушы шығармаларындағы кейіпкерлер тағдыры, олардың жаңаша сарапталған мінез-құлықтары мен болмыс-бітімдері бізге бейне бір XX ғасыр басындағы алмағайып кезеңді жедел әрі нанымды бейнеле-

ген Бейімбеттің туындыларын еске түсіреді. Кеше ғана ата-аналарының қолымен салынған мәдениет сарайлары, клуб, кітапханалар, дәрігерлік бөлімшелер, бала бақшалар көрінгеннің қолында, тістегеннің аузында кетіп жатқанын, елдің-тоз-тозы шыққанын көріп, шыбын жаны шырқырады, жаны ауырды, жүрегі езілді. Ал, желтоқсан көтерілісіне қатысқан ұл-қыздардың ата-аналары бастан кешкен жан азаптарына куә болудың өзі қандай ауыр, өзек өртерлік өкініштер еді. Міне, осылардың бәрі жазушы шығармаларына арқау болды. Екі қоғамның алмасып жатқан кезеңдеріндегі адамдар тағдыры, олардың жан әлеміндегі ой мен сезім қайшылықтары ізін суытпай суреткердің зергерлік сүзгісінен өтіп жатты.

Қаламұшын жан-жағында болып жатқан өмір шындықтарына малып отырып, өзіне тән жанкештілікпен еңбек етті. Оның ел алдындағы абыройын, басшылар алдындағы беделін бетке ұстап, өз мұңын шағып келген қарапайым жандардың шерткен шерлері шетінен шығарма болып жазыла берді. Тап сол кездері М.Байғұттың «Қорғансыз жүрек» әңгімелер мен повестер. (А.Жазушы, 1993), «Жоғалған жұрнақ» (Желтоқсанға 20 жыл. әңгіме. Шымкент, «Жебе» 2006), «Дауыстың түсі» (әңгімелер. Шымкент, Жібек жолы. 1993), «Машаттағы махаббат» (Ш.Шымған, 1995), «Әдебиет пәнінің періштесі» повесть (Шымкент: Жібек жолы, 1999), «Ақпандағы мысықтар: әңгімелер мен повесть (Алматы: Қазақпарат, 2000) т.б атты туындылары бірінен соң бірі жарияланып жатты. Бұларда ескіден арыла алмай, жананы жете қабылдай алмай жатқан тұстағы адамдардың рухани дағдарысы асқан байқампаздықпен зерттелді. Міне, Мархабат Байғұттың қазақ әдебиетіне, оның көркем прозасына қосқан өзінің үлесі де табысы да осында жатыр десек артық айтқандық болмас. Оның дарынының даралығы да, суреткерлік шеберлігінің ерекшелігі де төңірегінде болып жатқан, толып жатқан осы бар тақырыптарды суреткерлік ой елегінен өткізіп, көркемдікпен кестелеп өзіне тән жылы юмормен, стильдік тәсілмен тереңдей зерттеп, оқушы зердесіне құя білуінде. Оның көркемдік елегінен ел ішіндегі басбұзарлар да, мемлекет мүлкін талан-таражға салғандар да,

тәуелсіздік әкелген жақсы қасиеттер де, қала берді осы алмағайып кезеңді пайдаланып екі асағандар да қалыс қалған жоқ. Тіпті, егемендікті теріс түсініп, еркін жүріп-тұруды да қаламгер санаторийдің хикаялары арқылы шенеп, санаға сыналап кірген батыстық бей-берекетшілікті де ащы мысқылмен түйреп отырды. Әңгіме жанры жедел әрі шағын болғандықтан да қаламгердің қалауына қолайлы.

М. Байғұт өте сезімтал, аңғарымпаз суреткер. Ол рентген секілді адамның ішкі жан-дүниесіндегі психологиялық сезімдік, эмоцияналды құбылыстарды қалт жібермей бақылап, тап басып бейнелеп отырады. Тіпті, одан «Дауыстың түсін де» жасыра алмайсыз. Сөзіңіз бен қимыл-әрекетіңіздегі елеусіз сәтті де, ішкі дүниендегі астан-кестені шыққан жасырын құпия сырларды да жан тамыршысындай жайып салып отырады. «Дауыстың түсі» деген әңгімесінде оқуды бірге бітірген екі маманның бірдей қызметке келіп, бірі тез өсіп, бірі сол отырған қалпында қалып қойған достар диалогындағы дауыс түстері арқылы олардың ішкі құпия сезімдері, жанарпалыстары ашылады. Адамдар арасындағы бәсекелестік, күншілдіктің ақыры неге апарарын, ол адамның мінезін ғана емес, тағдырын да тығырыққа тірейтін қасіретке әкелетінін нақты әдеби фактілер, кейіпкерлердің өкінішті өмірі арқылы бейнелеп береді. «Алғаш осы қалаға келгенде апта сайын бас қосып, бірге шай ішпесе, бірін-бірі аңсап тұратын еді. Бірге-бірге аралары алыстады... кейін телефон арқылы сөйлесіп тұрып, бір-бірінен ертерек құтылуға тырысатындай болып көрінетін. Оның үнінен ештеңе аңғара алмай дал болатын кейде. Өз даусынан өзі іш жиятын» деген сөздері арқылы Есмаканның таза адал пейілін өзінің көрсоқыр пасықтығы пернелеген Еңсебек Әсіловтің опасыздығын автор осылай әшкерелейді. Шағын жанрдағы шып-шымыр сюжет – екі достың дауыс құбылыстарының құбылуына құрыла отырып, мансап жолында өзгерген мінез-құлқын мінейді. Өз кейіпкерлерінің жан дүниесіндегі өзгерістерді осылай дамыта, күрделендіре отырып бейнелейтін жазушы адамзат табиғатындағы кереғар екіұдай сезімдерді де барынша зерделей біледі. Психолог жазушының суреткерлігі міне осындай ұсақ деталь-

дарды дәмді пайдаланудың нәтижесінде әрбір әрекеттің нанымдылығына қол жеткізеді.

М. Байғұттың жаны өзінің «Нәуіргеіндей» нәзік болғандықтан балаларға арналған шығармалары да бір шоғыр. Атап айтсақ, «Интернаттың баласы», «Таудағы андыз» повестері мен «Қозапая», «Тоғызыншы сынып», «Жоғалған жұрнақ» атты әңгімелері. Алайда, автор үшін жанрдың үлкен-кішілігі қаншалықты маңызды болмаса, кейіпкерлерінің жас шамасы да оны толғандырмайды. Оны толғандыратын бір ғана мәселе – адам тағдыры. Шағын әңгімесіне де романға бергісіз сюжетті, яғни, мінез-құлықты, мың тағдырды сыйдырып жіберсе, балаға да бүкіл адамзатқа тән адами қасиеттерді дарыта алады. Оларды да өз шамасына шақ мұны бар, шері бар, қуанышы мен күлкісі бар кейіпкер ретінде жүрегіңді жаулайтындай табиғилықпен, нанымдылықпен бейнелейді. Сондықтан да, қаламгердің туындылары барлық жастағы оқырмандарға ой салып, жанын қозғайды. Бұдан артық қолына қалам алған қаламгер үшін бақыт, сірә болар ма?

Мархабат Байғұт кейіпкерлерінің аттарының өзі олардың табиғатын танытып, мінез-құлқын айшықтап отырады. Мәселен, «Жалпыдан жырылған жалқы» атты әңгімесіндегі Пақырдиннің көзімен кестеленген жоғары оқу орындарындағы қабылдау комиссиясының мүшелері-шегір көзді сарының Қадалған, сазару жағын жақсы меңгерген жігіттің Сазарған, үнемі сәл күлімсіреп отыратын келіншектің Сәл-Күлім атануы олардың характерін де айна-қатесіз ашады. Оның кейіпкерлері өзгеге ұқсамайтын оқшау іс-әрекеттерімен, тобырдың ішінде жүріп кісікиіктік танытатын тосын тіршіліктерімен оқушы ойында қалады. Осы әңгімедегі «жалпыдан жырылып жүрер жалқы күйде, жабысқы шөптей тырмыса тірлік кешетін» Пақырдиннің тамыр-танысы жоқ, тек жоқтау жанры туралы жақсы шығарма жазған қызға «он-он бес жылда қойылмаған «5» деген бағаны қойып сенсация жасауы соншалықты сенімді. Не шықса да осындай пақырлардан, өзге жұртқа жұмбақ, түсініксіз жандардан шығатыны белгілі емес пе? Алайда, Пақырдиннің парасат пайымы алдамапты: «...Естуінше, ауызша емтиханда

әлгі қыздан ерекше сұралған көрінеді. Тіл жөнінен Тең-Төрайым, әдебиет жөнінен Сазарған екеулеп тергеген тәрізді. Бірақ, «бес» қойылған шығарманың иесі бірде бір сұрақтан мүдірмеген деседі». Міне, осы қыз ғана Пақырдиннің өзгеге түсініксіз табиғатын ашып береді: «– Оқуға түсетін жылы жалғыз ағамнан айрылып едім, – деді әлгі қыз. – Ауылда тракторшы еді. Сенетін ешкімім жоқ еді, ағай... Сөйтсем, сіз секілді адамдар да бар болып шықты ғой, аға...ай...Рақмет, көп рақмет, ағ-ай!» («Алмағайып»: Әңгімелер. Алматы: Жазушы, 2001.-200 бет. 17-б). Алайда арада оншақты жылдар өткенде сол қыздың қан базардың қызуын қыздырып тұрғанын көргенде қызға емес, қоғамға, әділетсіздікке іші ұдай ашыған Пақырдин пақырдың жанарынан жас парлауы да осындай кесек кейіпкерге тән мінез болмыс екендігін еске салады, автор. Мархабаттың мөлдіреген көркем мәтіндері сатираның уытты ащы тілімен әдіптеліп, қоғамдағы осындай олқылықтарды әшкерелейтіні әдепкі дағдыға айналғалы қашан. Алайда, олардан жалған патротизмді емес, осындай елеусіздеу оқиғадан өз дәуірінің барлық қайшылықтарын шеберлік ұстаханасында 100 пайыздық ыстықта қайнатқан шындықты байқаймыз. Ешкімнің алдында бас имегенімен шарасыз сәттері көп болып ары алдында алуан түрлі күй кешіп жан азабына түсетін кейіпкерлер тағдыры да сауатты, кәсіби деңгейде суреттеледі. Шағын жанрдың шын шебері атанған Мархабат Байғұт сөйтіп өз ортасында әділдігімен әпенде атанып, ерсі, қайшы, қым-қиғаш ерекшеліктерімен «Жалпыдан жырылған жалқы» қалпында жүретін Пақырдиндердің жырым-жырым болған жүрегін, жанын, жалынды ойын терең талдап береді. Оймақтай ой арқылы дүйім жұртты дауға қалдырар дәуір дерттеріне дәрі (шипа) іздеген жазушы осындай күрделі табиғаты бар кейіпкерлер галереясын ұзын арқау, кең тұсаулы күрделі жанр-романға сюжеттік желі етіп, желімдетіп, көлемін ұлғайтып беруіне де болар еді. Бірақ жазушының өзі де кейіпкерлері секілді Пақырдиннің біреуі болса не етерсіз.

Суреткер терең толғаныстан гөрі аз сөзге көп мағына сыйғызуды өнеріне серік еткендей. Осы шағын жанрлы шығармаларында шым-шым қайнаған

өмір шындықтары мен кейіпкерлер тағдырындағы тартыстардың себеп-салдары, түйін байланысы терең тамырланып жатады. Жазушының әңгімелері бәрі қосыла келе бүтін бір дәуірдің, қазіргі заманның әртүрлі әрі көкейкесті мәселелерін қозғаған көркемдік тұтастықты танытады. Оның кейіпкерлерінің іс-әрекеттері ішкі рухани қуаттан нәр алады. «Келестен келген келіншектің» де бөгде адамға келіп құпия сырын ашуы, «Әдебиет пәнінің періштесіндегі» Баубектің қалада қалуға мүмкіндігі бола тұра көптің бірі болмай шеттегі ауылға барып ел ішіндегі өз ұрпағымызды тәрбиелеуге деген талпыныстарының, өз мамандығы мен ар-ұяты алдындағы жауапкершілігінің себеп-салдары сыр болып шертілмей, тек іс-әрекеттері, тосын тіршіліктері, ала бөтен болмыс-бітімдері ғана баяндалады. Бұл қасиет бізге Мұхтар Әуезовтің : «Тегі адам құр әрекет етпейді, ол белгілі байлау жасап, соның нәтижесінде мінез көрсетеді. Сол байлаудың жасалуын ішкі бір қажетті сырдан туатын байлау екені бізден жасырын қалады. Ал, оқушыға ең керекті, ең қызық жай сол бүркемеде қалған жасырынның өзі емес пе!» деген даналығын еске түсіреді. Шынында да, Мархабат Байғұт шығармаларындағы кейіпкерлер көп сөйлемейтін, тек ерекше іс-әрекеттерімен, мінез-қылықтарымен бой көрсеткен. Баяндаушы-нарратор да артық сыр ашуға сараң. Жалпы, қазіргі әлемдік әдебиетте болсын, ұлттық сөз өнерінде болсын шағын жанрдың шарықтап өскен кезеңі. Өйткені, бүгінгі уақыттың рухани қажеттілігі бірнеше кітаптарға ұласқан күрделі романдардан гөрі жедел әрі шағын жанрды алғы шепке шығарған. Осы ретте Мархабат Байғұт бүгінгі кезеңнің көркемдік шежіресін шертіп отырып жазатын өз жанрын тапқан және оның шеберлік құпияларын терең менгерген талантты жазушы дей аламыз. Ақиқатын айтар болсақ, автордың өзі жазғанындай: «...мына жалғандағы қоқырсып кеткен пасықтық, толып жатқан тоғышарлық, қат-қабат қатыгездік, әулекі надандық...» өріс алған бүгінгі қоғамның қасіреттері мен өмірдің өкініштері туралы жазса да Мархабаттың мәтіндерін миығыңыздан күліп отырып

қана оқисыз. Суреткердің сатирасы бар, юмору бар, сол күлкімен-ақ күрделі мәселелерді көтеріп, оқырманына түрлі ой салып отырады.

Тынымсыз еңбектің тарланбозы Мархабат Байғұт қазақ әдебиетіндегі өз тақырыбын, өз қаламына тән стильдік өрнегін, ой орамдарын, мәнер-машығын тапқан суреткер. Әсіресе, М.Байғұттың бүгінгі қазақ прозасына оңтүстік өңіріне тән диалект сөздердің дәмін кетірмей енгізуі де сүйсінерлік құбылыс. Ұлы жазушымыз Мұхтар Әуезовтің осы облыстарды аралағанда әрбір жергілікті сөздерді жазып алып, оларды өз очерктері мен шығармаларына шұрайландыра, тыңтілмен өзгеше өрнек дарытып берулері әдеби тіліміздің байлығын қордаландырғанын ескерсек, Мархабаттың да оған қосқан үлесі қомақты. Жазушының осы күнге дейін жарияланған 7 повесть, 100-ден астам әңгімелері бүгінгі қазақ прозасының да жеткен жетістігі.

М.Байғұттың осынау мол әдеби мұраларындағы адамдар тағдыры, кейіпкерлер галереясы, тілдік, стильдік, көркемдік ерекшеліктер туралы әлі де талай еңбектер жазылар. Алайда, ол әңгіме болашақтың еншісінде. Өйткені, Мархабат Байғұт дарынының даралығы неде, ол қазақтың сөз өнеріне нендей жаңалықтар қосты, қандай тақырыптарды алып келді, қандай кейіпкерлерді көпшіліктің көкейінен шығатындай етіп бейнелеп бере алды, ол келешекте уақыт сынынан өте ала ма, жоқ па, Бейімбеттің Мырқымбайларындай, Мархабаттың Ноқтабайлары да мәңгілік бейне болып қала ала ма деген сауалдар төңірегінде толғану бір мақала негізінде ашылатын дүние емес. Мұндай талдаулар кәсіби интеллектуалдық деңгейді талап ететін, әдебиеттану ғылымының өз категориялары арқылы сөйлейтін әдеби көркем сындар мен ғылыми зерттеулерге арқау болатыны анық. Біз мүмкіндігінше талантты жазушы, қайраткер, көрнекті публицист Мархабат Байғұттың қазақ әдебиеті әлеміндегі өзіндік қолтаңбасын айқындауға, стильдік, түрлік ерекшеліктерін танып-талдауға, бүгінгі қалың оқырман қауымының әділ бағасын жеткізуге тырыстық.



Айдын БАЙЫС,
ақын

ЖАСЫН-ҒҰМЫР ҚОС ТАЛАНТ

Әлқисса, жақында мынадай бір сөз оқыдым, *«Жиырма жасында-ақ «сөнген» жандар болады, тек, оларды сексен жасқа жеткенде ғана бірақ жерлейді»* (Некоторые люди «умирают» в двадцать лет при том, что их хоронят в восемьдесят). Бұл әдебиетке қаратылып айтылар болса – өлең өлкесіндегі өлермендерге керемет анықтамаға жарап-ақ тұр! «Сексен жасап сегіз сөз қалдырмаған» деген сөз ғой! Ауырдың үлкені осы болса керек.

Алайда, әңгімеміздің ауаны керісінше, «өзеннің арғы бетіне» ойыспақ.

Қазір, жаз мезгілі. Жаңбырлы маусым. Жаныңды сілкіп алар, үрейлендірген күн күркірі күнара жаңғырады. Сол бір найзағайларды байқасаңыз, олар бірін-бірі қайталамайды, һәм қас-қағым мезетте жарқ етіп ғайып болады. Міне, айтылар сөз – Қазақ поэзиясына саңкылдай келіп, жай отындай жарқылдап өткен қос талант Артығали Ыбыраев пен Танабай Нарманов жайлы болмақ. Мұратымыз – арманда кеткен қос қыршынның жыр-мұрасын қайта жаңғырту. Алдымда 2001 жылы Алматы қаласы, «Ана тілі» баспасынан шыққан «Қосқанат» атты кішкене ғана киіктің асығындай сүйкімді кітап жатыр. Артығали мен Танабайдың кітабы. Ендеше, халымыз жеткенше тереңіне сүңгіп, биігін байқамаққа кітаптың ішіне үңілетік...

Бар-жоғы 25 өлеңі мен бір баллада-сы сақталған Артығали мұрасынан осал өлең таппайсыз. Жырларының ерекшелігі – артық ауыз сөзі жоқ қысқалығында, айтар ойларының қорғасындай салмақтылығында.

Жоқ мұңымды

Не керек жақындатып,

Ақан деген еді ғой атың бақыт.

*Өзің жаққан бір оттың ұшқыны едім,
Лағыл жырды өтейін лапылдаатып* – дейді әуелгі «Ақан серіге» өлеңінде. Бұл арнау өлең емес. Баба рухымен сырласу, серттесу болар дұрысы. Ал, соңғы екі жолы оның өмірлік кредосына айналған-ау деп отырмын. Себебі, ол оны құс тұмсығындай қысқа ғұмырымен дәлелдеп өтті. Келесі жалғыз ғана шумақтан тұратын «Тәкаппар» өлеңін қараңыздар:

*Тәкаппарлық талай жанды матады,
Атса Құдай, ойда жоқта атады.*

*Барлық жұрттан биікпін деп ойлаған,
Барлық жұрттың аяғында жатады.*

Тотияйындай уытты ащы жолдар он сегіз жасар жігіттің емес, көпке куә болған үлкен ақынның көкейінен төгіліп түскендей. Бұл да бір оның байыпты болмысының биік интеллектісін байқатып тұр. Артығалидың пәлсапалылық штрихтарын аңғартатын «Сокпақ соңы», «Кішілер», «Өмір», «Ұмытпа», «Өмір заңы» өлеңдеріне жеке тоқталып өткенді жөн көріп отырмын. «Сокпақ соңы» өлеңін өз естелігінде Байбота Серікбаев толығымен оқуды қалаған екен, біз де сөйтелік:

*Күн нұрын қоймалжың бұлт ала
қашып,*

Жел есті жусан исі араласып.

*Жол үсті қара ноқат – мен келемін,
Қарысқан тыныштықпен*

жағаласып.

Себепсіз қалқып көшкен сағымды әрі

Көтерді қоңыр кештің ағындары.

Байсалды момын өңір баптанады,

Бір сынап көретіндей бағыңды әлі.

Сынасып сабыр-меже, күле жетем,

тақалды таусылуда, міне, мекен,

...Сірә, мен аспан жаққа шығамын-ау,

Сокпақ жол көкжиекке сіңеді екен!

Жұдырықтай жұп-жұмыр үш шумақ қаншама қилы қалтарысқа толы, десенізші! Дала ұлы, табиғат перзентінің алғашқы шумағынан «Ей, тәкаппар дүние!» деп өткен дауылпаз Қасымның өр үні естілгендей болды! Себепсіз қалқып көшкен сағымды

қоңыр кеш ағындарының әрі көтеріп алып кетіп баратқан тірі суретін бере отырып, өзіндік ойын өре келе оқып отырған өзіңізді де шексіздікке жетелеп кетеді. Бұл өлең қайта-қайта үңілуді қалайды. Себебі, мұнда жұмбақ бар. Асылы, жұмбағы бар өлең ұзақ жасайды. Бұл жырдың жазылғанына шамалауымша 40 жылдан асып кетті, алайда ыстығы басылмай, осы өлеңді тудырған сәтіндегі Артығалидың жүрекдүрсілі сезіліп тұрғандай! Шын поэзия еш көнермейді дегеніміз осы.

Табиғаттың тамырын өз тамырым деп танитын ақынның «Балқаш», «Таң сәрі», «Тамшылар», «Сәуір» өлеңдері бір төбе. Маған, әсіресе «Сәуір» өлеңіндегі жаңбыр арқылы дала пейзажын кестелей келе:

*Ауаның лебі ауыса берген,
Даланың иісі қауыша желмен.*

*Бозторғай жерден пыр етіп ұшса,
Жұсанның иісі жарыса ерген,* – деп келетін дала динамикасын сәтті сомдаған шумағы қатты ұнады! Мұны, тура мағынасында, тірі өлең дейді. Атан көтермес азабын бір адамдай біліп, кермегін татып жүрген соң ақындық туралы қалам тербеменгендер аз. Алайда, Мағжан мен Төлегеннен асырып айтқан ешкім жоқ дейміз. Ол рас. Артығалидың да осы тақілеттес өлеңі бар.

*Қамықпа, досым, қамықпа,
Келер күн көктем сыйлайды.*

*Адамдар сияр табытқа,
Ақындар бірақ сыймайды,* – деп аяқталатын өлең. Жүмекенше айтсақ, «ауырлығы табыттай, жеңілдігі көбіктей», балталасаң да бұзылмайтын осы төрт жолдың өзі талай көзі қарақты оқырманның көкейінде әлі сайрап жүр. Талай жас ақынның (менің де) жатқа оқи жөнелер осы өлеңі оның әдебиеттегі паспорты іспеттес. Осы өлеңімен-ақ өзін мойындатып тұр.

Қыршының «Бақыт», «Өмір», «Бір қыз туралы балладасын» толқымай, тебіренбей ат үсті оқу мүмкін емес. Солардың ішінен мен оның «Қаршыға» өлеңіне ерекше тоқталғым келеді. Желсізде желігіп, біресе қайқайып, біресе құлдилап ұшар еркіндіктің еркесіне қарап, «қара жердің бетін көрместей болған қаршығамен» қоса қалықтап кеткісі келетіндей. Аңғарғаным, бұл бір қапаста отырып туған өлеңдей әсер қалдырады. Содан болар, М.Лермонтовтың 1837 жылы жазылған «Узник» өлеңімен сарындас, көксеуі бір көркем дүние болып көрінді.

Я красавицу младую

*Прежде сладко поцелую,
На коня потом вскачу,
В степь, как ветер, улечу,* – деп төгілген

М. Лермонтов жыры мен
*Аспанда, бәлкім, бір бейне болып
қалады,*

*Жүрегін, мүмкін, жұлдызға соғып
жарады?*

*Арманы үшін азапқа түскен осы құс
Саған да ұқсап, маған да ұқсап бара-
ды,* – деп аяқталатын Артығали өлеңінің берілу формалары әртүрлі болғанмен, мұндағы қос ақынның өмірге деген махаббаты, аңсар-үміттің үшқыны, кеңдікке деген құштарлық шын мәнінде олардың рухтас екеніне нандырады. Осылайша, қыршын кеткен қағылез жастың қатарынан қара үзе қалам тербегенін, қуаттылығын қарлығаш өлеңдерінің өзі айғақтап тұр емес пе?!

*Қайран Артығали!..
Қайран Танабай!..*

Танабайдың суретін көрдім де біраз кідірістеп қалдым. Есенғали ақынша айтсақ, «өз мінезі жоқтардың өмірі осы деп» жалғанның жасықтарына миығынан күліп тұрғандай. Қасқая тік қараған отты жанары өңменіңнен өтеді. Бұл да бір асқақ рухтың белгісі ғой!

Ақиқатын айтар болсақ, өлеңдері де дәл сондай! Бар болмысы әр өлеңінен менмұнда лап тұр. Көз сүріндіріп, тіл сындыратын өлең Танабайда атымен жоқ. Жырларының бісімілләсі «Жетім бота» өлеңі екен. Оқи жөнелдім:

*Ай-күн емген анаң қайда,
Далаң қайда, қарағым?
Көңіл байғұс алаңдай ма -
Көкжиекке қарадың.
Мәлдір жасың мәлтек, тегі,
Ертектегі тамшыдай...
Сексеуілдер селт етпеді,
Сексиді қамшыдай.
...Желдеріндей қарашаның
Қара салып, боздадың.
Жанымды езіп болашағың,
Жанып кете жаздадым.
Өлді ме екен Бозінгенің,
Сезінгенім мөл-ау тым.
Әлде адасқан өзің бе едің
Сол күн, бәлкім, сонау түн?
Аруанаң жерісе егер...
Келісе гөр, қайта орал.
Жерімейді жерің сенен,
Жетімдерге айта бар.*

Әдетте мұндай мықты өлеңді түсіндіріп жатудың өзі артық. No comments. Десе де

айталық, теңіздің дәмі тамшысынан, Танабайдың қандай ақын болғанын бағамдай беріңіз! Көңіліңді алай-дүлей қылатын бұл өлеңді тік-тыныш отырып оқи алмайсыз. Тек қазақ ақыны ғана айта алар теңеу-образға толы бұл өлеңнен астар іздесеңіз де кесек ойға кезігесіз. Шерлі дүниеге ақынның бейжай қарай алмайтынына куә боласыз.

Танабай поэзиясының ерекшелігі – адам бойындағы ең бір нәзік сезімдерді табиғаттан екі елі ажырамай, параллелизм арқылы астастырып жырлайтындығында. Қоңыр бояудың қоюлығында. Тілдік қорының қомақты қоржынында. Мәселен, міне-кей:

Күлімдеп аспан күн шыға,

Күзгі маң дала бусанды.

Боз қырауларға тұншыға,

Жуады бетін жусандар.

...Мен болсам күздің қалпына,

Толғанып тұрмын аздау шын.

Аңсауда жаным алқына,

Қаңқылдап ұшқан қаз даусын.

Ұлттық калориттегі осынау өлең ілкіде айтқан сөзіміздің көз жеткізеді емес пе?! Кезінде Танабайдың көзін көрген Исраил Сапарбай: «Ауылда туып-өскен ақынның жаратылыс атаулыға етене жақын екендігін сезінген сайын Танабай өлеңдерінің көзге көне танысындай жылы ұшырай беретіні де табиғи» деп ойымызды тұздықтайды.

Ай ауады, табиғат алмасады,

Ауыл үстін ақ көбік қар басады.

Жаны барлар сосын зой ертең үшін,

Жазасына бүгіннің жармасады, – деп

тағы бір үлкен ойға жетелейді. Жадымызға бірден «қыстың қамын жаз ойла» деген халық тәмсілі оралады. Сондай-ақ, оның «Ымыртта», «Төбелер қан қызарған...», «Ақша бұлттар!..», «Толғаныс», «Анам жайлы», «Ауыл таңы» атты өлеңдері бейнесінде мамыражай тіршілікпен қатар булығып жазған шақтары санаңызға сәуле ұялатады. Осы бір тұстарда ол маған орыстың Ф.Тютчевіне ұқсап кетеді.

Танабайдың тағы бір тосын қыры – оның 13, 16 буынды кең тынысты «Аңсау», «Сандуғашым», «Күйші құдіреті», «Жылғаңмын, далам», «Қызғалдақ-қыздар», «Арманшыл атам», «Май келді» өлеңдерінде. Бұл өлеңдерді оқи отырып Төлеген сарының жазбай танысыз. Айбергенов айдынының ақсамалы есіп тұрады. (Бұл Артығалидан да байқалған болатын). Әр жыл мезгілін өзіндік қызықтары-өзгешеліктері бар деп

қабылдағанымен, Танабайдың поэзиясына көбіне күз бен көктем мезгілдері тән. Жоғарыда аталған өлеңдерінің ішінен, алағанымыз емес, маған «Май келді» өлеңі қатты әсер етті.

Айналаң біткен көкорай, айналаң

біткен көкпеңбек,

Тамырың дала торғындай құлпырып

жатсын деп не едің?

Өзегін жанның өртеген өріктер гүлі

неткен көп,

Өміршең мына бақтарда нұр тұнып

жатсын деп не едің,

Сүмбілдей, уа, сұлу Май – нұрларға толы көктемім? – деп төгіліп кете беретін өлең. Албырт жастың көкейінен ақтарылып туған бұл өлеңнен ақынның сезімталдығын, ішкі елек-цензураның мықтылығын (себебі көріп таңдану-тамсану бар да оны қайта мөлдір қалпында тудыру бар) аңғарасыз. Арнасына сыймай алқынған өзеннің екпінін байқайсыз. Жастық максимализмнің андағайлап тұрғанын танысыз.

Уа, маң далам, жоныңды жсыртқан

жылғаңмын,

Көкірегімде менің шертілмей

жатқан сыр бар мың.

Жылғаңмын, далам, көгертсем деген

көдеңді,

Жылғаңмын, далам, бір талың үшін құрбанмын, – деп азаматтық позициясын да айшықтап береді. Дәл осылай, «жүрегінің түбіне кір жасырмай» қалам ұстап, қанаттана бергенінде акеділ ақын да бұл дүниеден ерте аттанып кете барды. Жазу ғой...

Жазу демекші, қос таланттың жиырманың жотасынан қылаң беріп көтеріле бергенінде қанаттары қыркылып қыршын кеткені – екеуінің де кісі қолынан қаза тапқандары әлі күнге дейін жұмбақ қалпында. Поэзияларындағы романтикалық сарынның ортақтығы секілді, екеуіне де тән ұқсастықтар көп еді. Өзгешелік пен дара қасиеттері де аз емес. Өмірдің де, өлеңнің де азабын көріп, қалыптасып үлгермей кеткен екеудің тағдыры кеуденді баяу тырнай қинап, қаяу боп күрсіндіреді. Мен бұған «Қос қанат» кітабын оқи отырып, өзіндік үн-дауыстарын естігендей болдым да, сөзсіз иландым.

Жасындай жарқ етіп ғайып болған қайран қос қыршын!.. Жарқ ете қалды да, соңына жаңғырық қалдырып кете барды. Ал, ол жаңғырықтың аты – өлең.



Рабат ЖӘНІБЕКҰЛЫ,
Қазақстанның
Құрметті журналисі

ЕЛ СЕНІМІНЕН ШЫҚҚАН АЗАМАТ

Ел ішінде құдайға шүкір, адал еңбегін сіңіріп, атақ-абыройға бөленген абыз ағалар мен ақсақалдарымыз аз емес. Олардың әрқайсысының өз орны, өз жолы бар. «Даланы асқақтағамын деп, асқар тауды аласартудан» аулақпыз.

Бірақ, қайқы төс қазақ өткенменен кеткенді, көп жасағаннан емес, көп көргеннен сұрайды, көш бастағанға төрін ұсынады, сөз бастағанға жол береді. Жақсының өмірін өнеге тұтады, ісін үлгі етеді, өсиетін ғибрат тұтады.

Елде осындай перзенттерімен жеті жұртқа мәшһүр болмақ, халықта осындай ардақтыларымен мәңгі жасайды. Ерлер жасампаз ісі арқылы халқын көтерсе, халқы оларды көтереді. Елдің осындай ырысына, құтына туған жақсылығы айналасындағы жұрттың бәріне бірдей болған ер екеу болса, сол екеудің бірі, бірі емес, бірегейі – Құрманбек Абагов.

Адам ісімен жасайды. Алғанымен емес, бергенімен санатқа кіреді.

Құрманбектің әділдігі, ұлтжандылығы, дәстүр-салтымызға жетіктігі, ана тілімізді қадірлейтін сұңғылалығы, әрбір ісімен айқын көрініп тұрады.

«Басында бұлағы бар өзен, ұзаққа ағады» дейді дана халқымыз. Даралық пен даналық ата-баба рухынан, әке қаны, ана сүтімен дарыған қасиет екенін осы Құрекеннің бойында көрініс беріп тұрғаны бірден байқалады. Ол Созақ ауданының «Құмкент» ауылында көп балалы отбасында дүниеге келді. Ол шаруа – баласы. Әкесі – Абат ауыл шаруашылығын өркендету мақсатында соғыстан бронмен қалған озат механизатор болып адал еңбегімен ел құрметіне бөленген

еңбек адамы. Содан да болар барлық балаларын аянбай еңбек етуге тәрбиеледі.

Құрманбектің бала күнінен спортқа бүйрегі бұрып тұратын. Спорттың қай түрі болмасын аңсары ауып, қай команданың кімді ұтып, кіммен итшығыс болғанын, әсіресе боксшылардың арасынан кімнің айдарынан жел есіп, кімнің тауы шағылғанын, балуандардың белдесулерінен кімнің азу тісі алты қарыс екенін, кімнің оң жамбасқа түсіп, құдай тас төбесінен ұрғанын балалық санасына сіңіріп отыратын.

Әкесі Абат өзінің балуандық өнерімен ел аузына ілінген азамат болатын. Әкесінің өрелі өнегесі Құрманбекке жұғысты болды. Күреске біржолата ден қойып енді батыл айналысуға бел буғанда, оның өмірінде ойламаған жерден басқа спорт саласына бетбұрыс баурап алды.

Құмкенттегі орта мектепке 1962 жылдары Көпжасар Үрмізиев деген азамат дене тәрбиесі пәнінен мұғалім болып келді. Ол кісі келген бойда мектепте волейбол үйірмесін ашып, спорттың бұл түріне Құмбыл балаларды баулуды бастап кеп берді. Өз сыныптастарының қатарынан қалғысы келмеген Құрманбек Абагов әуе допқа біржолата арбалып қалды.

Ұстазы Көпжасар ағайының алға қойған мақсатынан қайтпайтын табандылығы бұны да баурап алды. Мектептің волейбол үйірмесінде жанкешті жаттығулар басталды. Тынымсыз тер төгу өз жемісін берді. 1964 жылы аудан мектептерінің арасында волейболдан өткен жарыста оқушы Құрманбек Абагов тамаша шеберлігімен көзге түсті. Осы жарыстан кейін аудандық спорт басшылары оны құрама командаға мүшелікке тартып, облыстық сындарға аттандырды. Облыстық деңгейде өткен бұл сында Құрманбек турнирдің ең үздік ойыншысы деген атпен ауылға оралды.

Спорттың бұл түрінен күні бүгінге дейін қол үзіп көрген жоқ.

1965 жылы ару қала Алматыдағы ауыл

шаруашылығы институтының агрономия факультетіне оқуға түсті. Ол жылдарда институтта волейбол үйірмесі болмағандықтан, самбо күресіне бет бұрды. Күрестің бұл түрінен бапкер Петр Григоревич Терещенко 1-курс студенті Құрманбектің бойынан күреске деген бейімін байқап, оған үлкен үміт артты. 1966 жылы Түркіменстанның Ашхабад қаласында ауыл шаруашылығы оқу орындары арасында өткен бүкілодақтық жарыста күміс жүлдегер атанып, бапкерінің үмітін ақтады. Күрес әлеміне бірден жасындай жарқырай келген Құрманбек кезекті бір жарыста иығынан қатты жарақат алды. Ұзақ емделгеніне қарамастан сол жарақатынан біржолата арыла алмағандықтан дәрігерлер оған күреспен айналысуына тыным салды.

1971 жылдан бастап, еңбек жолы басталады. Институтты тәмамдап Шардара ауданының «Қазақстан» совхозының агрономы деген жазумен еңбек кітапшасының беті ашылды.

Қандай қызмет атқармасын, қайда жүрмесін Құрманбек Абагов бір сәтте волейболдан қол үзіп көрген емес.

Совхоздың тынымсыз тіршілігінен сәл қолы босай қалса өзі бас болып ауыл жастарының басын қосып, волейбол ойынына жастарды тартып, оларды шеберлікке баулыды. «Қазақстан» волейбол командасы көп ұзамай аудан чемпионы атанды.

1974 жылдың желтоқсан айынан бастап Ішкі істер министрлігі органдарына арнайы жолдамамен қызметке ауыстырылды. Ішкі істер саласындағы еңбек жолы тағы да Шардара ауданында бастау алды.

1982 жылдың қазан айында Оңтүстік Қазақстан облыстық ішкі істер басқармасында төлқұжат бөлімінің аға инспекторы болып қызмет етті.

Ішкі істер саласындағы қызмет бабымен Шардара, Созақ, Алғабас аудандарында жемісті еңбек жолынан өтті.

1993 жылдың ақпан айынан бастап Ордабасы ауданы Ішкі істер басқармасының бастығы болып бекітілді. 1999 жылы Түркістан мен Ордабасы аймақтары бойынша ауданаралық қаржы полициясы бөлімінің бастығы қызметін атқарды.

Міне, Ішкі істер саласындағы ұзақ жылдар бойғы мәнді де, мазмұнды еңбек жолынан өткен полиция полковнигі Құрманбек Абаговтың еліне еткен еңбегі ескеріліп «Ішкі істер саласының үздік қызметкері» атағы берілді.

«Қазақстан Республикасының тәуелсізді-

гіне 10 жылы» медалымен марапатталады.

2002 жылдан бастап, өзі арман еткен Спорт саласына ауысты. Шымкенттегі «Дене сауықтыру комплексі» ұжымының меңгерушісі болып бекітілді.

Бұл қызметінде жүріп, облыстың ардагер спортшыларынан жасақталған «Денсаулық» командасымен «Водоконал» волейболшыларын біріктіріп, облыстық ардагерлер командасын жаттықтырды. 2004 жылы волейбол ардагері Құрманбек Абаговтың тікелей атсалысуымен ардагерлер арасында волейболдан халқымыздың біртуар ұлы Дінмұхамед Қонаев атындағы республикалық турнир қолға алынды.

Бұл турнир жыл сайын Алматы қаласында өткізіліп келе жатыр.

2006 жылдың қараша айынан бастап Шымкент қаласындағы Ләззат Тәжиева атындағы №4 олимпияда ізбасарларын даярлайтын балалар мен жасөспірімдердің кешенді мамандандырылған спорт мектебінің директоры болып бекітілді.

Спорт мектебінің ісін жандандыру, өркендету жолында небір жаңа бастамалар көтеріп, ізгі істерді жүзеге асырды. Еліміздің құрама командасының қатарына спорттың әр түрі бойынша көптеген жас таланттарды дайындап берді.

Ләззат Тәжиева атындағы спорт мектебінің гандбол (қол добы) үйірмесінде жаттығып, Қазақстан Құрамасының ойыншысы атанған Елене Партова мен Марина Пикаловалар еліміздің құрама командасының сапында XV-Азия ойындарының күміс жүлдегері атанса, 2007 жылы Алматыда өткен Азия чемпионатында алтыннан алқа тақты.

2008 жылы Бейжіңде өткен олимпияда ойындарына қатысқан бұл екі қыз күні бүгінге дейін ел намысын қорғап жүр. Осы мектеп қабырғасында шахматтан даярланған халықаралық дәрежедегі гроссмейстер Гүлмира Дәулетова ел мақтанышына айналды.

2009 жылы Құрманбек Абагов өз еркімен директорлық қызметінен бас тартып, орнын «Жас келсе іске» деген қағидаға сүйеніп жас әріптесіне мектеп тізгінін ұстатты.

Өзі біржолата қоғамдық жұмыстармен айналысуға бел буды. Қазір Құрманбек Абагов белбеулі күрестің облыстық Федерациясының Президенті, облыстық волейбол федерациясының вице-президенті.

Күрекен азамат болып атқа мінген кезінен-ақ көпке қамқор, жақсы ісімен елдің мақтауына, халықтың жақтауына ие

болған азамат. «Тектілік тегінде бар» деген қағиданы өзінің өнегелі өмірімен дәлелдеп келеді.

Қ.Абатұлының әділдігі, ұлтжандылығы, дәстүр-салтымызға жетіктілігі, ана тілімізді ерекше қадірлейтін сұңғылалығы әрбір тірлігінен айқын көрініп тұрады.

Тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінде ішкі істер органдарында еңбек етіп жүрген жылдарында халқымыздың, ұлттық мүддесіне сай заңнамаларын, құқықтық реформаларын жаңартудың жаңаша жолға түсуіне үлес қосты. Әлемнің барлық халқы таныған тәуелсіз еліміздің құқық қорғау органдарын түбірімен қайта құру ісіне белсене атсалысты.

Бір емес, екі рет Шымкент қалалық кеңеске депутат болып сайланған жылдарда Құрманбек Абаев, ел өміріне оның болашағына бейжай қарай алмайтын, халық қалаулысы ретінде әрбір депутат ел мәдениетін көтеруге, қастерлеуге, халықтың тұрмысын жақсартуға, белсене атсалысуға шақырудан жалыққан емес.

Өзі жетекшілік ететін белбеулі күрес пен волейбол федерациясының өткен жолына көз салсақ, бір кездегі спортшы ретіндегі бүгінгі таңдағы ардагер аға, ұстаз ретіндегі спорттық жолдары сайрап жатыр.

Волейбол ойыны десе Оңтүстік өңірдің спорт сүйер қауымы Абаевтар әулетіне деген ішкі ілтипатын көрсетіп, олардың жарыс үстіндегі ойындарына қуана қол соғып жатады.

Әулеттің үлкені болғаннан соң ба, кейінгі інілері Қүрекен қарап бой түзеп, оның спорттық жолын өнеге тұтуда.

Бұрын туған інілері Шабдарбек, Рахымбек Айқынбаевтардың ойындарына жаны күйетін болса, енді ұл-қыздары, немерелерінің ойындарына жаны ауыратын болды. Немерелері Нұрлан Абаев, Аян Айқынбаев, Ұлан Шабданбеков, қызы Ақмарал, ұлы Жарастар волейбол спортының нағыз падишаларына айналып, Оңтүстік волейболын өрге сүйреуде, сүйреп те келеді.

Осылардың арасынан Нұрлан Абаевты ерекше атап кетке абзал болар. Ол тікелей Қүрекеннің қол астында әуе доптың барлық қыр-сырына қанықты.

Шебер ойыны оны, Оңтүстіктің Қазығұрт командасының беделді ойыншысына айналдырды.

«Қазығұрт» ел біріншілігінде бірнеше рет чемпиондық тұғырға көтерілді. Сол

табысқа шебер ойыншы – Нұрлан Абаев өлшеусіз үлес қосты.

Құрманбек Абаев бала тәрбиесіне ерекше мән беретін әке, әрі ата.

Бала тәрбиесі жайында, ол кісі өз ойын былай білдіреді:

– Әрине, тәрбие отбасынан өріс алады. «Қарағайға қарап тал өседі, отбасыға қарап бала өседі». «Әкеден ақыл, анадан мейірім алады» – деген халқымызда дана сөз бар.

Ата-ана тәрбиесі – әр азаматтың Отанға, досқа, туыстарға, сүйген жарға деген махаббатының алғашқы темір қазығы.

Әке балаға сыншы. Ол бала бойындағы әрбір жақсы ісіне сүйсініп, теріс әрекетіне күйінеді. Әке тәрбиесі – асауды ауыздықтайтын, тентекті тұзақтайтын, елдікті сақтайтын, ерлікті жақтайтын, шаңырақтың шаттығын шалқытатын ұлы мектеп.

«Бір әкенің берген тәрбиесін жүз мектеп те бере алмайды» деген қағиданың жаны бар.

– Мен сегіз ұл-қыз тәрбиелеп өсірдім. Қазір олардың бәрі өмірден өз орындарын тапты. Әке ретінде олардың бір де біреуінің теріс мінез көрсетіп, мені ұятқа қалдырған сәті болған емес. Мен соған шүкіршілік етемін.

– Ия, Қүрекен Оңтүстіктегі белгілі тұлға ретінде жастар тәрбиесіне ерекше мән беріп қана қоймай, жас құрақтай лаулап өсіп келе жатқан жасөспірімдерге бағыт-бағдар беру жұмысына белсене ат салысуда.

– Бүгінгі жастар біздің жас кезіміздегі тұтастарыма қарағанда әлдеқайда білімді. Белгілі бір мамандық иесі, білікті бірнеше тіл біледі. Әлемнің барлық түкпіріндегі жаңалықтардан хабардар. Соған қарамастан бүгінгі жастарға дүниетаным жетпейді. Әлемнің бар асылын теріп-білуге өрелері жетсе де, оған уақыт таба білмейді.

Жүзден-жүйрік мыңнан тұлпар, ілуде біреу ғана жоқты тапсам, барды білсем дейтіндер әрбір жастың бойында Отанға, Қазақстанға, туған жерге, елге деген шексіз сүйіспеншілік болуға тиіс.

Тәуелсіздіктің қадірін бодан боп жүргенде емес, осындай еркіндікте, теңдікте, дербестікте білген жақсы. Ол үшін ұлттық санаға қозғау салмай болмайды. Ұлттық санаға жетпей ұлт болудың қиын екенін, ұмытпаған жөн – деген сөзін, облыстың жастарымен болған бас қосуларда толғана айтудан жалыққан емес.

Құрманбек Абаевпен тілдесе қалсаңыз, әманда Қазақстанның болашағы, оның

өркендеу жолы бұл кісіні ойландырып, толғандыратынын байқайсыз. Ол жайында баспасөзге берген бір сұхбатында былай депті:

– Жаңа мемлекет құру оңай емес. Тыңнан жол табу қиынның қиыны. Соған қарамастан біздің жас республикамыз қаншама ілгері кетті. Саяси, экономикалық және әлеуметтік жағдайымыз мазмұны жағынан мүлде жаңа арнаға түсіп, мәні мен сипаты сапалық деңгейге көтерілді. Мұның бәрі соншалықты қажыр-қайратты, күш-жігерді, білім мен білкті ең арысы – төзім мен сабырды қажет етеді.

Біздің Елбасымыздың бойынан осындай асыл қасиеттерді көріп, қайран қала отырып ризашылық сезіммен тәубе дейміз.

Нұрсұлтан Әбішұлы егемен елдің туын желбіретіп, Енұранын асқақтатып, Елтанбасын жарқыратып, жаңа мемлекет құру арқылы тарихтың төрінен мәңгілікке орын алды. Біздерді жарқын болашаққа бастар «Нұрлы жолды» айқындап берді. Президентіміздің атқарып келе жатқан орасан зор еңбегі, ел тыныштығын қамтамасыз етудегі тынымсыз бастамасы нәтижесіне бүкіл әлем қуана назар аударуда.

Алдағы қиын да, жауапты кезеңдерді елдің сенімімен, әлем алдында «Мәңгі ел-мәңгі сенім» – деген жаңа айдармен қарсы алып жатсақ одан асқан абырой бола ма?

Еліміздің өркендеуіне бәріміз жұмыла қызмет етейік. Халқымыз «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» – деп босқа айтпаған ғой.

– Ия, бұл көпті көрген, көрген азаматтың көкейінен шыққан азаматтық ұстанымы екенін дәлелдей түседі.

Құрманбек Абадов, елі үшін туған, бүгінде алдияр жас алпыстың биігіне көтерілген ғұмырлы өмірімен, кемелді еңбегімен көпшілік құрметіне бөленген, өз қатарының алды болып, өмір кешкен биік тұлғалы азамат. Бұл кісі «Отан отбасынан басталады» деген қағиданы қатты ұстанған әке, аяулы ата.

Құрекеннің өмірдегі биік асуларды бағындыруына, спорттағы жетістігіне, жан-жары Бексұлу Құдабайқызының қосқан үлесі мол. Студенттік шақта табысқан Түлкібастың ару қызы екеуі өмір жолында талай қиындықтарды, қуаныштарды бастарынан кешті. Өмірлерінің жалғасындай болған сегіз ұл-қызды тәрбиелеп өсірді. Олардан 25 немере сүйіп отыр. Отбасының бақыты деген осы емес пе? Ол жайында өзі былай дейді:

– Бақытты сәттер құдайға шүкір бар. Үйге барғанда Бексұлудың саңқылдаған күлкісін есітіп, соңынан ерген балапандарымен шүйіркелесіп отырып, күрең шәйді ішіп, тырысқан шекең жазылса, мәре-сәре күй кешесің. Бұдан артық қандай бақыт болмақ?

Жұмысың жүріп, қиындықтар шешіліп жатса – бұл да бақыт.

Рас, Құрманбек сияқты ағалар заңғар белеске шығып, әу бастан көздеген мақсаттарына жетіп қана қоймай, сондарынан құлдырандап еретін жас өрімдей талантты өнерпаздарға өмірлік қиянға өрлеудің жолын көрсетіп, бағыт-бағдарлама сілтеулері ең үлкен өнеге.

Зейнеткерлікке шықтым деп қол қусырып қарап отырған жоқ. Құқықтық саладағы терең білімі мен мол тәжірибесін халық қажетіне жұмсау мақсатымен нотариалық кеңсе жүйелерін ашып, халыққа қызмет етумен бірге, жеке кәсіпкерлікті де өркендетіп, іргелі істің бұлағын ашуда.

Үнемі жастарға айтар қағидасы:

– Таза, адал, бақытты ұрпақ бастаған ісімізді алға апарып, көсегемізді көгертіп, көрпемізді ұлғайтарына сенемін, дүниедегі жақсы өзгерістер білімді, ақылды, іскер жастарымыз арқылы ел өміріне толығырақ енсе екен-деу.

Құрманбек Абадов елін, жерін сүйе білетін азамат. Пәлендей іс қуса оны баянды етпей тынбайтын. Ойға берілсе оны қорғасындай салмақты, елдік өреге жеткізбей қоймайтын, сөз сөйлесе ағынан жарылып, ақтарылып айтпай басылмайтын өжет те, қайсар.

«Қазақстан спортына еңбегі сіңген қайраткер» Құрманбек Абадов спорт десе, «ішкен асын жерге қоятын» азамат.

Волейбол спортының нағыз жанашыры, оны өрокендету жолында көшбасшылық танытып, өнегелік көрсете жүріп, ылғи да – Жеңіс бар жерде, жеңіліс болмай тұрмайды, жеңіске бергісіз жеңілістерді де бастан кешу керек. Ең бастысы жеңген екенмін деп аспа, таспа, жеңілдім деп жасыма, жабырқама, – деген қағиданы жастардың есіне үнемі салып отырады.

Ел үшін, еңбек үшін туған елдің назарында жүрген Құрманбек Абадовқа зор денсаулық тілей отырып, жастарды жаңа өмір белесіне бастай беруіне тілектестік білдіреміз.



Сағатбек МЕДЕУБЕКҰЛЫ,
филология ғылымдарының
кандидаты, Қазақ ҰУ-і
журналистика факультетінің деканы

АҚЫН ҰЛЫН АСҚАР ТАУЫ ЖОҚТАЙДЫ...

Мұқатай Жылқайдарұлы жоқшыларының бірі, заңгер-зерттеуші Сайлау Ағыбаев екеуміз екі-үш жылдан бері Абай мұраларының шырақшысы, сыншы, ақын, жазушы, абайтанушы ғалым Төкен Ибрагимовпен хабарласып жүр едік. Телефонмен **«Менде Мұқатайдың хаттары бар, өлендері бар, суреті бар»** деген соң, соларды көруге ынтық көңіл тыным бермей, Семейге әне-міне барамыз деп жүргенде етек-жеңі ел мұрасына толы шекпенін сүйретіп Төкен ақсақалдың өзі келді Алматыға. Азаматтық. Көргендік. Жанашырлық. Мәдениеттілік. Парасаттылық. Ақсақалдық. Осының бәрі кездескен сәттен-ақ Төкен ағаның тұла бойынан нұр болып төгіліп тұрды. **Сарғайған хаттарды қолымызға ұстата берді. Тайға таңба басқандай, бір әрпі бір әрпінен ажырамай, маржандай тізілген қолтаңба көзге оттай басылды. Тоза бастаған конверттер. Ақ-қара түсті фото.** Мен көрген кейінгі Мұқатайдың бейнесін газет арқылы ел де көрген. Ал, енді, оның жас кезіндегі келісті келбетін көз көргендер болмаса, қазіргілер елестете алмайды да. Қолымызға тиген фотода Мұқатай жап-жас. Жанарынан мейірім ұшқын атады. Фотоның сыртына өз қолымен былай деп жазыпты:

Мен емеспін бөтенің,

Аяулы досым, Төкенім.

Достықты жырлап өтемін,

Мақсатқа кеіштей жетемін... 22/VIII-61 жыл. Қолы.

Фотоға қарап отырғанымда есіме өзі айтқан мына бір оқиға түсті:

Кешегі ғасырдың сексенінші жылдарының аяғы бұл. Мұқаң Ұзынбұлақ ауылынан Кегенге бармақ болып жолға шығады. Алматы-Нарынқол күре жолына дейін жаяу келеді (оншақты шақырым!) Көртоғайдың шыға беріс қырындағы жол айырығында көрінген көлікке қол көтеріп тұрады. Ешбірі тоқтамайды. Бір мезеттер болғанда төменнен жоғары өрлеп «Волга» келе жатады. Ол кезде мұндай мәшинені жоғары басшылар ғана мінеді. **«Дәу де болса, мынау аупартком хатшысы болар, ол болса, мені таныр, тоқтар, ала кетер»** деп үміттеніп, қол көтереді. Мәшине жакындағанда таниды, шындығында, сол – аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы. Қуана қайтара қол көтереді ентелей. **Хатшы жалғыз өзі артқы орындықта құлашын арқалыққа жайып жіберіп, қалғып отыр екен. Тізгінші мұны таниды да, тоқтамақ болады. Мұқатай тұра ұмтылады. Тоқтауға ыңғайланып, артқы қызыл-сары шамдарын жағып, сәл кібіртктеген «Волга» кенет дүр сілкініп алға ытқып кетеді. Мұқатай аңтарылып қала береді. Қызығы сол, Мұқатай аупартком хатшысынан бұрын барады аудан орталығы – Кегеніне. Осы оқиғадан соң жолда туған өлеңін аудандық газетке береді де жөніне жүре береді. Екі-үш күн өткен соң мұны милиция қызметкерлері әкелеп-үкелеп жуындырып, киіндіріп, аупартком кеңсесіне алып келеді, бірінші хатшының қабылдауына. Бұрындар қай басшының есігі болса да тайсалмай тұтқасынан шірене тартып кіріп баратын әдетінен жаңылып, табалдырығын көңілсіздеу аттайды. Бұл кірісімен хат-**



шы орнынан атып тұрып, құрақ ұша жөнеледі. «Үй берем» дейді... «Жұмыс берем»... дейді. «Қатын әперем» дейді. «Тек ана пәленді ұрттамасаң болды» дейді. Мынадай ультиматумға Мұқатай аң-таң. «Сый қылсаң, сыпыра қыл» қайда? Мейлі..., осындай аста-төк жақсылықтың тым болмаса бір мысқалын бұрын, анау комсомол басқарып жүрген кезінен бері жасаса, қайда қалыпты? Не дерін білмей әрі-сәрі күй кешіп тұрғанда көзі хатшының алдында жатқан аудандық газетке, газет бетіндегі өзінің өлеңіне түседі. Тақырыбын «БҰЛ КЕГЕНДЕ...» деп, астына «Б»-ға деп өзгертпей беріпті. Мына өлең шықпаса, сол баяғыша жолға тастап жүре беретін «мансаптың құлы», «таққұмар» (Мұқатайдың өз сөзі) пендеге ашынып, орнынан атып тұрып:

*Бұ Кегенде сен қалмайсың, мен қалам,
Болашаққа сен бармайсың, мен*

барам!

*Ақын ұлын түбінде бір жоқтайды,
Аман болса, асқар тауым, кең далам.*

Асфальттарда жүрмесем де «Волга-мен»,

Жалғыз-жаыу қалмаспын-ау жолда мен.

*Келешекке сенен бұрын жетемін,
Желден жүйрік Өлең деген жорғамен.
Місе тұтып, қарға тышқан кеңсеңді,*

Көтересің Ел алдында еңсеңді.

Елің сені балап еді дарынға,

Дарын шіркін түсіп кетті-ау қарынға!

— деп бұрылып шығып кетіпті...

Ақынның айтқаны келді. Мұқатайды асқар тауы да, кең даласы да, сол дала төсіндегі бүкіл қазақ қапияда көз жа-зып қалғалы бері жоқтап келеді. Енді, Мұқатайды тереңірек білу үшін Төкен ақсақал отыз жыл сақтаған хаттарға да көз жүгіртелік...

Айтпақшы, осы хаттарды оқыған оқырмандардың есіне Мұқатай және оған қатысты деректер түсе қалса, арманда кеткен арлы ақынның жоқшысы-«Жас алаш» газетіне немесе әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Журналистика факультеті Баспа ісі және дизайн кафедрасына, 217-кабинетке жіберер деп сенеміз.тел.: 3773338(1348); 87014908990.

Мұқатайдың Төкенге жазған хаттары

Төкен! Қадірлі де, аяулы дос!

Көненің көзі, айнымас, жар дегенде жалғызымның өзі, сұрыпталып, сарқылып шыққан сары алтындай адал досым! Мен бұдан былай саған мұндай көпшік қойып көтерме сөзбен көбікесу хат жазбаймын, ал, бұл жолы бір рет кешір. Орынсыз жалпақтау, жағыну жаныма қас, жақтырмаймын әрі ыңғайсыз. Ал, жансүйер жалғызыңа жаныңда болмағандықтан, хат жазғанда сағыныш арасында сұлу сөздер еріксіз жазылып кетсе, оның несі айып? Ол кез келгенге емес, кезегінде кезегенге ғана, көзегенге ғана еріксіз ақтарылар жан сыры зой.

Мен сенің қадіріңе жетпегеніме кешір. Шын кешір. Мен достықты да кезінде қадірлей білмеймін. Онда менің жолым да басқаша болар еді. Сен сенесің бе? Егер, жақсы дос жанында болса, Мұқағали өлмес еді! Тым болмаса, сол кезде Алма-тыда болмағаныма өкінемін. Мен оған көрші тұрдым. Арамызда бір-ақ үй болды. Мен қайтыс болған белгілі партия қызметкері Ә.Мәлкеевтің үйінде пәтерде тұрдым. Қазір еңбегін, өмірін жаңа бастаған Г.Мәлкеева – пианистка - сол кісінің қызы. Семьясы, балалары түгел жақсы тәрбиеленген.

Көрші тұрып Мұқаңа бас сұқпай-

тынмын. Әйелі ренжитін. Бірде кешкісінде звондасам, дауысы қарлығып, булығып, қиналып: «Мені өлсін демесең, «дәрі» алып тез жет, маған шын жаның ашыса», – деп шегелей айтты. Киініп едім, үй иесі: «Сен кешірек келіп мазаларсың, мен де барамын», – деді. Себебі, атақты Мұқағалиды көргісі келді-ау деймін. Үйге жақын «Самалға» барып екі бөтелке «дәрі» алдым. Есікті өзі ашты. Күтіпті. Труссишаң. «Киін, қасында адам бар», – дедім.

Жас баладай қуанды. Қатты қиналғаны сондай... «Шын жаның ашиды екен» – деп әлденеше айтты. Шешініп, денесін көрсетті. Әр жері печать сияқты көгеріп кеткен. «Дене дәріні қабылдамайды, аллергияға айналды» – деді. Соңғы рет шприцтерін лақтырып тастап Совминнің ауруханасынан халатпен үйіне кетіп қалыпты. Менің қасындағы әйел ақыл айтып келе жатыр еді, Мұқаң тура боқтап тастады. Мен оны ертіп барып өз бөлмесінде төсекте жатқан Мұқаңның әйелі – Лашынмен таныстырдым. «Орының осында, жаны ауырған ашулы ақыннан басқа сөз естіме» – дегендей.

Ол: «Сен мені өлтірмесең ауылға жеткіз. Мұнда өліп қалатын сұрым бар».

Мен: «Ауылға барғанда да ішіп, өзің ғана емес менің де әуремді кетіресің. Ешкімді тыңдамайсың ғой. Өлесің ғой. Қойсаңшы».

Ол: «Асқарларымды, аспандарымды – Хан тәңірін көргенше ішуге рұхсат ет. Әрі қарай тастаймын. Тастаймын. Қымызбен, ауамен емделемін».

Мен: «Уәде ғой. Онда ертемен кетеміз». Келістік. Ол екеуіміз бір жыл бірге, бір мектепте мұғалім болдық. Уәде бермейтін. Айтса, орындайтын. Машинасы бар бір жолдасқа барсақ, ертесі техосмотр екен. Үйге келіп портфель, плащты алдым. «Күтемін, есік ілінбейді», – деген Мұқаң. Түнімен әңгімелестік. Таңертең әйеліне айтып, Мұқаңды жылылау киіндіріп, «бізді шығарып сал» деп үлкен баласын тұрғызып алдым. Автовокзалға кеттік. Лашын: «Екеуіңнің басың қосылды, автовокзалдан қайтасыңдар», – деді. Автовокзалда Мұқаңның басын жазу, жола-

шарымен 2 вино алдым. Баласы да бірге ішті. Оған, «сен бізге жолда оқитын бүгінгі газеттерді түгел ал», – дедім. Әкелді. «Л. Жас» жарты бет Мұқаңның өлеңдерін басыпты.. «Енді мынаны жү», – деді. Жуылды. Таныстар, студенттер қаптап кетті. Дастархан бөтелкеге толды. Мен әйтеуір болмай билет алып, Мұқаң екеуіміз кешігіп Кегеннің автобусына іліндік. Қаладан шыға берісте контролер т.б. Мұқаңды автобустан түсіріп тастады. Мен де қалдым. «Осында отыра тұр. Мен мына пост. ГАИ-ден Талғарға звондайын, ағай пре-нарсуд, мына милиция Талғарға қарайды – қазір бұларға звондаса болды, кез-келген көлікпен ауылға тартамыз» – дедім. Звондап, айналып келсем Мұқаң жоқ. Бір сағат жоңышқа, шалғын, бақты шарлады, ұйықтап қалды ма деп. Табылмады. Қалаға қайттым. Бұдан кейін 76 ж. июньдегі сайлауда және мен бір рет литфондыдан ақша алғанда бірге болды. Әнуар Әлімжановқа жағдайды айтып едім, құптады, «дұрыс», – деді. – Ішкізбе, литфондыға ертіп кел, екеуіңе ақша бергізейін, елге барғаны, демалғаны жөн» – деді. Бірақ, басымыз қосылмады, Мұқаң қолыма түспеді. Сол ел дегеніміз Алматыға тиіп тұрса да арман болып, көкейімді жеген құрт болып, өкініш болып қала берді. Әлі күнге жанымды жейді. Жақсы дос Мұқаңды елге әкетсе, ақсақалдарды сыйлайды, түзеліп, оңалып кетер еді. Өлгеннен соң өкінгенсіп, жоқтап, топтап оған өлең жазатын болдық. Егер, оны көзі тірісінде қадірлесе де ол ашынбас еді, ашынбаса тарта ішер еді – өмірі үзілмес еді. Ал, енді, тындырып алып, оны Абайдың қатарына қойдыңдар. «Жарық жұлдыз», «XX-ғасырдың гажайып ақыны» – Ә.Тәжібаев. «Лениншіл жас». Біздің сынның соқырлығы, сын емес сойыл, қолшоқпар екеніне Мұқаң тағдыры куә. Тіпті, өлген соң Мұқаңа әлі күнге өз бағасын бермеген сынға да, сыншыға да мен өлердей наразымын. Өспейтін елдің өлекшіндері осылай болады. Ал, сен сыншысың. Ертең 21-ғасырдың аяғына таман біздің қазақтың қаниасы ана тілін ұмытады?.. Қазірдің өзіңде 20-30% қазақша басылымдарды тіл білмегендіктен оқымайды. Сонда бізге өлең

жазып не керек? Кімге арнап жазамыз? Оқушым қайда менің ертеңгі?.. Осыған жауап берші.

Төкен! Әңгіме достықтан туындап отыр. Әдейі жазып отырмын. Достықты қадірлейікші, сен маған ренжімеші. Мұқағалиды бүгін Алматы емес Москва да жоқтай бастапты. Курганцевтің қалай аударып жатқанын білмеймін, ал, «Реквиемге» – Москва композиторы музыка жазып, Мұқаңды жоқтап, ол жайлы өкінішпен пікір айтуы жақсы нышанның басы, бастамасы сияқты маған. Газеттен оқыдым. Ал, өзіміздің белгілі ақын Молдағалиев:

«Айран ішкен шал тірі жүр,

Арақ ішкен сен өлдің, өкінемін, жылаймын» – деп былжырайды.

Жалпы, Тұманбайдың ақындығына дау жоқ. Үйкүшіктігіне ыза боламын. Аясы тар, ауладан шықпас үйкүшік, ұсақ. Өтежанды жазыпсың. «Лениншіл жастан» оқыдым. Көлемді, әділ баға. Кезінде шықты. Мұндайда қолұшын беріп қорғау да керек. Бірақ, біржақты болмау керек. Әшімбаев (Сағат. Ред.) сөлай еткен. Өтежан (Нұрғалиев. ред.) өте шебер, суреткер лирик. Сирек талант. Таласым жоқ. Бірақ, «Өткір қырғыш қазанның түбін теседі». Жалпы опат, қаралы кезең болса да сол жылдардың өзінен қуаныш, жылт еткен сәулелі сәттер табуға болады. Өмірдің терістерін қуа бермей, күнгейіне де үңіліп көңіл бөлесің. Өмір тек қайғымен, қара бояумен жасалмайды. Өтежан асқынып барады, осыны кезінде ескерту, тежеу керек, соны ескерт. Шындығында талас жоқ. Келесі кітаптарында соны ескерсін. Жауларына керегін оның өзі жасап беріп отыр.

Ал, Төкеш! Саған айтарым – қазір тек диссертация жайлы ойла, ертең трибунадан соның төңірегінде қойылар сұрақтарыңды ойла. Таяп тұрғанда басқа жұмысты доғара тұр. Расписанияң маған ұнамайды, бір уақыт тынығу керек. Қарауыңда қаниша научный сотрудник бар? Мұны сұрап отырған себебім, мен саған 80-жылдың жазында барамын. Ақсұат, Алтай жағын көрсек, өзім болған Шұбартау, Абай аудандарына 2-3 күн болса да бір соғу керек. Онан әрі мен сенің сағынышыңды басып, Ертіспен төмен ағып, Сібірге түсіп кетсем, әкпем

Айман (сен білетін, КазПи-де оқыған) сол жақта тұрмыста, көрмегеніме 15 жылдай болды. Ол ауылға мен жоқта келіп кетеді, кездесе алмай жаман сағынын жүрмін.

Сол Ертіспен аққан бойда аманшылық болса теңізге, мұхитқа шығып кетсем. Қандай тамаша болар еді! Сенің де күткенің сол емес пе, аяулы досым! Шыда, келер жыл біздікі. Мен осы жылмен қызметті аяқтаймын. Өкіметке де біраз еңбегім сіңді. Егер, өзім күткен құпияның есігін аша қалсам әрі қарай қызмет істемей-ақ тек бірыңғай жазумен айналысамын. Ал, аша алмасам, жазуды тастап Алатаудың етегінде Өтежан айтқандай «Сексендегі семіз балуан» атанар тіршілікке көшемін. Әйел алып, оны еркелетіп, балаларымды ойнатып, шаруашылықпен өмір кешемін. Сен сияқты оқымыстыларға жеміс, ет-сүт керек. Шыным да, сырым да осы.

Мен саған бірде-бір қуаныш әкеліп, жаныңды жадырата алмадым. Тек мұң сыйлады. 20 жылдай мерзімде 2-ақ рет кездестік. Сонда мені неге ұмытпайсың? Неге жек көріп кетпедің? Қолды неге бір-ақ сілтемедің? Мені неге жақсы көресің? Осының себебін айтышы. Өтінемін. Ал, досым, мен өзгерген адаммын. Қазір мұңлымын. Қуаныштың ізі де жоқ. Баяғы ақжарқын, тапқыр, әзілқой, адал жанды, өмірге ынтық Мұқатайға өзім де зармын. Ал, саған кездесерге дейін сол Мұқатайды мен де іздестіріп көремін. Қолыңа баяғы Мұқатайдың өзі болмаса да көзін апарып табыстауға тырысамын.

Қал-жай амандықтарыңды хатыңнан естіп қуанып қалдым. Жауапты кешіктіргеніңе саналуан ойға кетіп, жаман жүдедім. Себебі, «ренжіген екен» дедім.

Ал, енді, өкпе-өтінішті тыңда. Хат жазғанда неге менің өткен хаттағы аманаттарымды ауызға алмайсың? Жоқ, мен еріккеннен жазды деп не едің? Төкен, өкпелеме, маған «Өмірдастан» өте керек. Қайта сұрап отырғаным сондықтан. Мұқағалимен Есіл бойында сырласайын, мұңдасайын, қалайда осы таңдамалыны тез жібер. Ал, өзіңе айтарым – кітаптың шыққан бойда 1-данасын маған жібер. Келесі кітабың (М.Т- жайлы «Телқоңыр») бітпесе мына

Еске алу

жайды (Мұқағали жайлы) қатты ескер:

1. Роберт Бернстің өлеңдеріндегі, Мұқағалидағы қайталауларды салыстыра оқып көр;

2. Венгер халық поэзиясы – XVIII-XIX ғ бізге өте ұқсас, әсіресе қайталау, қайырма;

3. Халық жыры. Тойдағы айтыстар – бұған Мұқағалиның «Қарасаздың шыбығын...» – айқын дәлел. Ғасырлар бойы халық, бүкіл бір ұлт жасаған поэзияны Мұқағалиның қандай биікке көтергенін жаңа қырларын, сырларын, мүмкіндіктерін ашқанына, жаңартқанына көңіл бөл. Мұқағали Абайдан кем емес – тең емес. Аудармаларына, әсіресе, Данте «Б. Комедиясына», Шекспирдің сонеттеріне ғана көңіл бөл.

4. Мұқағали баспасөз айтқандай, 20 емес, 15 жылдай ғана жазды. Алғашқы өлеңдерінен бастап білемін. «Ильичтен» бастап нақты, біржола кірісті. Сол кезде мен оқуға кетіп, ол менің орныма газетке қызметке орналасқан. Ол жайлы мен аз да болса білемін. Оқуға, ізденуге өте құштар, әлем классиктерінен қоймай оқитын, прозаға дейін. Саған Бернске, Венгер халық жырларындағы т.б. поэзиядағы қайталауларға көңіл бөл деп отырғаным сол. Көп оқыған, ізденген, шебер аудармашы ақын қазақтың халық жырларындағы қайталаулармен шектелуі мүмкін емес, ескерсін дегенім. Ал, Мұқағалидағы қайталау тек жай қайталау емес, үстеме толықтырғыш мағына беретін, сол арқылы өлеңнің интонациясы ғана емес бүкіл динамикасына, мағынасына күш беріп, әрлеп көркейтетін қайталау. Әсіресе, қайталанар сөз екінші тіркеске қосылғанда басқа жаңа мағынамен құлпырып кетеді. Оның поэтикасында осыны ескер. Менікі пікір ғой. Сынды бір белеске шығар да таста, тастай алмайсың ғой. Ойлан. Прозаға сәттілік тілеймін! Поэзияға өзің біл. Түбі поэзия саған қол емес, газет, журналдардағы өлеңдеріңді оқыдым. Бұл онсыз да аз уақытыңды жейді, ысырапқорлық дер едім. Мен жазуды мүлдем, еріксіз доғарғанмын. Өзімде бір құдірет барын білемін, соны ашу керек. Өткен мартта (78ж.) Алматыда күнде ертемен Алатауға қарай көңіл, ой сүйреп, сілкініс, елегізу сияқты, ынта нышан

беріп еді. Жаздай жетелеп мойын жар бермеді. Солай бір, өмірге құлай, жылай берілсем бәлкім басталып кетер еді. Ол үшін орта, уақыт керек. Мына тірлік мойын бұрғызбайды. Оқуға берілдім. Оқыған сайын шикілігімді аша беремін, тағы оқу керегін сеземін. Бірақ, қашанғы оқушы, шәкірт болып өтерсің. Мұны доғарып, ендігі жерде соңғы сілкініске дайындалу керек. Егер, ол мүмкін болса. Менің хаттарымды жауып таста, жауап жазба. Өтініштерімді ескергейсің, соған жауап бергейсің.

Өзің директор болсаң, саған кеңседе де жазып, кеште біраз қыдыруға болады ғой, таза ауада.

Сен Алматыға қашан барасың? Мен үйдің адресін жазайын, сен менің бауырыммен таныс. Талғарда преднарсуд. «Алматыға, облсудқа ауысады» деген сөз бар еді, хат алыспаған соң білмеймін. Сен ол кісіні танысың. Нүкен де біледі. Менің 20-дағы кешімде бәріміз тойлап жатқанда Свердловскіден военный формамен әйелімен (корейнка) келіп, мен «мұндай жеңге керек емес, әйеліңді ерт те кет» деген соң шығып кеткен. Енді есіңе түсті. Сол әйелін ауылға апармай Алматыдан қайырды. Қазіргі жеңгем Қостанайлық врач-терапевт. Ағай жақсы адам, мені айтып әдейілеп барып таныс, сыйлауға, сөйлесуге сыпайы адам. Қалған әңгіме өзі-ақ жалғасады. Түбінде сен де Алматылық болсаң ғой. Қала сыртынан жақсы жерге үй саламыз. Жарайды, тағы ертегім басталып барады. Менің туыстарымның біразы қалада. Бәрі де жақсы жандар. Ішіндегі үміт еткен данасы да, асыр салған баласы да, лауламаған шаласы да, көбінің азасы да – өзім.

Төкен, темекі тартасың ба? Араққа жазғыңды білемін. Мен де арақ ішпеймін. Темекіні тастай алмай жүрмін. Ең зияны осы көрінеді.

Енді өзіңе жауап. Мен айттым ғой, «С.Т.»-на («Семей таңы»ред.) бір рет бастырасың ба? Маған бұл қажет. Және келер май-июнь айларынан бастап айына 15-20 өлең жіберіп тұрамын, егер де машинкаға үш дана етіп бастырып, ноябрь-декабрьде өзіме қайта салуға келіссең. Мен Алматыда январьға келісіп, тиісті адамның қолына тапсырып

қояр едім. Оған жай бар. Қайтсем де бұзып-жарып кіруге тырысамын ғой. Ең бастысы алғашқы өлеңнен бастап маған әділ қазы өзің боласың. Достыққа тартпайсың. Жасырмайсың. Міне, осыған жауап алысымен мен саған алғашқы топтаманы жібере бастаймын.

Алматыға барғанда байқап жүргейсің. Бөтен ортаға түсіп кетіп, кейін шыға алмай жүрме. Топ-топ болып ішу, стол басында жазушылар асханасындағы шүйіркелесуді жаным жақтырмайды. Ішкілік араласқан жерде әңгіме әділдіктен ауытқиды. Біздің жазушылардың жасауласып, оңбай жүргендері осы. Араларынан Өтежанды бірде-бір рет көрмедім. Сонан да шығар, бәрінікін бір-ақ ішеді. Және де бәрін бірақ тойғызады. Сондықтан, оның осы өміріне разымын. Бар-жоғы 2-ақ рет көрдім. Бірде Одақта, екіншіде көшеде, аз амандықпен тайдық. Онымен де кейін табысармыз. Ол иттің жастықтағы мінезін аңсаймын, құдай біледі. Сен оған мен айтқанды ескертсең-ай. Енді біраз күнгейге жайылсын, өзіне де жақсы, өзеге де қуаныш, жасуларына да жауап, құм құяды. Дәл осылай тарта берсе, ертең оны ақтап ала алмайтын дәрежеге жетеді. Шындықтың да шегі бар. Енді саған не айтсам екен. Ақыр жаздым айды аспанға бірақ шығарайын. Маған әйел болса да үйлену керек. Өзіме тұщылық жаны ғана ашық, жарқын бір адам табылса екен деймін. Бұл да есте. Сейітпен (Қасқабасов. Ред.) таныссың ба? Таныспасаң мен таныстырайын, кластас жақсы жолдас. Қазір академияда академик-секретарь гуманитарных наук. Жатсынбайды. Бірден шүйіркелесіп кетесің. Білмесең маған жаз, мен таныстырамын. Ол да ішуге жоқ, адал, тамаша жігіт. Бастысы – менің бауырыммен танысуды ұмытпа. Менімен дос болған соң сөзсіз олармен болашақта араласуға тиіссің. Мен сені Алматыдағы, ауылдағы туыстарыммен түгел таныстырамын. Ауылды аралатамын. Тұгалы өзің көрмеген табиғат сұлулығына сұқтандырамын. Рас айтамын. Енді тек тағдырым денге саулық беріп, осы бір қалған азкүндік тірліктегі ойларды іске асырсақ екен. Маған мінезді күштеп өзгерту керек екен. Салмақтылықтан ақын болмайды екен. Елгезек,

бала мінезбен, сергек жүрген адам ғана ұдайы ақындықта болады екен. Данышпан болсаң да столға байланбай, күлмей, елмен жұғыспай ақындық жоқ екен.

Ал, қымбатты, қадірлі досым! Шығамын деген соң шығатын шығармын әдебиеттің бір бұрышынан, мәселе қалай шығуда? Енді өзіңе, Нүкетайға, балаларға денсаулық бақытты өмір тілеймін. Нүкеңе сәлем айт, хатты оқыт, жүнжімей сергек жүрсін, ауырмасын. Ол да мені сағына ма екен-ай, сұрашы, ал мен сені ғана емес Нүкенді де сағынамын, құдай біледі сол арқылы Азгісті, Мәрияны бәрін-бәрін сағынамын. Өмір сүю құштарлықта, іңкәрлікте, ақындықтың да бір қайнары, бастауы осындай сүйіспеншілікте шығар. Өткен хатпен бір-ақ жауап күтемін. Әдемі сөз қажетсіз, сүйкей бер, Төкеш. Сау бол! Мұқатың.

Қымбатты Төкен!

7-күнгі хатыңды алып, қуанып қалдым. Авиа дұрыс көрінеді. Мөрі 8-апрель (Семейден) 13-апрельде қолға тиді. Аласала жауап жазып отырмын. Жағдай бірқалыпты. Қар жаңа еріп жатыр.

Өзің Алматыға қашан барасың? Бұл – бір, Екінші, осы хатты алысыңмен «Өмірдастан» мен «Өмір-өзенді» салып жібер Асыға күтем. Күтемін!

Асқармен (Сүлейменов. Ред.) сәлемнен басқа жайым жоқ. Ол да өзін дұрыс көретін жігіт, сырт байқауым солай. Бірақ, еңбектеріне қарап, білімділігін бағалаймын.

Ал Зейнолла (Серікқалиев. Ред.) жайлы сөз бөлек. Бұл мен білетін таза да тамаша жігіт. Мен онымен алғаш 9-10 кл. жүргенде танысқанмын. Онда ол КазГУ-де студент еді. Адамгершілігі мен әдебиетке адалдығын, білімін, бәрін-бәрін сүйемін, сыйлаймын. Оның сыннан неге қашқанын да іштей топшылаймын... Жазса, қара қылды қақ жарар әділ төреміз де сол болар еді.

«... Мұқатай, бізді сөйлестірмеді, сені тыңдайды ғой, Мұқағалиды ертіп кетші»- деді, Одақта Зейнолла 4-5 жігітпен отыр екен. «Ақша болмай тұр, ертіп-ақ кетер едім» – деп едім, қолыма ұстата берді. Әркімді мазалап жүрген

Мұқанды ертіп мен шығып кеттім. Кетіп бара жатқанда Зейнолланың «Рахметін!» – естіп қалдым... Жалпы Зекең достыққа таптырмас баладай адал жанды мен сүйетін азамат, ел сүйетін азамат! Әттең, сыннан шеттегеніне өкінемін. Ең соңғы рет Илияс Есенберлиннің романына жазған сынын газеттен оқып, аса разы болып едім.

Ал, Төке, өлең жайлы тұп-тура осылай жазарыңды білгемін. Бәлкім бұдан да ірі, маған ренжір деп едім. Сен өлеңді ақындықтан жазбайсың. Сенің жаның нәзік, ақынжанды жаратылыстансың, мен мұны 1-курстан-ақ білемін. Сондықтан, сен ақын боламын деп емес, өзі келіп қалғанда бақсылығың ұстап, сүйкеп тастайсың. Ал, ақын болу ойында да жоқ. Сондықтан, бөгет болмас, түрте жүр. Диссертация тақырыбы не?

Сен мен үшін уақыт бөлердей көп өлең менде жоқ. Осы хаттың ізімен екінші конвертте 15-тей өлең саламын. Алдымен оқып, ойланып-толғанып сол өлеңдерге пікір білдір. Хатты сонда бірақ жаз. Онан әрі мен көрейін, пікіріңе қарап. Бір ойдан, тек осыны қоя тұрып, алдағы жазар өлеңдермен ғана шықсам деп те ойлаймын. Екіншіден, «іштен туған шұбар жылан» – дегендей, мынадай қолда барларын да көз қимайды. Қысқасы, сенің пікіріңді күтемін.

Ал, мен мақтаныш емес, алда бұдан жақсы жазатыныма сенемін. Кешігіп қалған соң кейбірін өндеп, алғашқысын осы өлеңдермен беріп те жіберсем деген ойға қалай қарайсың?

Ал, маған бір рет посылка салсаңдар болды, әрі қарай қажет емес. Нүкен бір жолға ренжімесін. Бондероль салмағы бір кг. кез келген уақытта алдыра береді, бұған шек қоймайды. Посылкаға не керегін қосымшадан қара.

Өзіңнен сонымен өтініш мынау:

«Өмірдастан», «Өмірөзен» алысыңмен қағазға орап, почтаға сала сал.

Алматыға қашан барасың?

Маған «Жалын» баспасының адресі керек. Онда поэзия жағын кім басқарады?

Маған оқуға өте қажет-ау деген кітапты өзің ойлай жүр. Әсіресе өлең.

Әубәкірің кім? Өлеңі – өлең! Ашып жазшы. Басқа не айтамын. Мен басылардан жұмыстан босатуды өтініп, ешнәрсе өндіре алмай жүрмін. Тек жазуға кірісsem осы жазда-ақ біраз іс тындырар едім. Әлде де құлақтарын қажай беремін.

Төкен, мына хатты ашпай почтаға сала сал. Әлгі мен айтқан әйел осы, «кейін бір айналып келемін» деп ем оған. 1 маймен құттықтау ғой. Мына жердің адресімен білсе, «бұл құрыған екен, тағы да түсінікті» дер. Осы адреспен хат барсын. Ол қайыра хат жазбайды. Тек жалпылама құттықтау сияқты. Жолаушы жүргенде, оған да бір соғып, тағы да алдынан бір өтермін. Басқа не айтайын. Амандықтарына тілектес Мұқатай. 14 апрель.

Қымбатты Төкен, Нүкен!

Қалдарың жақсы, үй-іштерің аман-есен, денсаулықтарың мықты болуына өмірде өлгенше тілектес-ниеттес Мұқатайларың.

Мен сендерді қатты сағындым. Қамыққанда жалғызсырағанда тек жан түсінер Төкенді аңсаймын. Ескі достар көп болғанымен, еске түсері – жалғыз Төкен. Жасандылықсыз, ағынан жарылып сырласар асыл досым, сені аңсаймын. «Қазақ әдебиеті», «Қазақстан әйелдері» (басылымдарынан) өлеңдерінді, «Жұлдыздан» Ролланга (жазғаныңды) оқыдым. Толық адресің жоқ. Хат жаза алмай аласұрып жүргенде «Қазақстан әйелдерінен» музейде екендігіңді білдім. Журналдың өзі маған тимейді, кездейсоқ посылкамен 2-3 журнал келіп еді, ішінен сенің мақалаң шықты.

Төкен, хат қолыңа тисе, индекс, толық адрес жібер. Тез, күтемін. Толық хатты сонда жазамын. Аман саулығыңа тілектеспін, бейкүнә албырт бозбалалы-ғымның ортақ досы. Жазшы. Семейде екеніңді естігенмін, бірақ «басқаша қызмет деп естиміз» деп еді.

Нүкеннің, балалардың денсаулығы жақсы ма? Нүкен семіріп, есіктен қырың-

*дай кіреді деп естіп едім, рас па? Онда
тамаша болған екен.*

Мен бірде ауру, бірде сау жүріп жатқан жай бар. Жазуды доғарғамын. Өзіңнің өлеңдерің ұнамады. Сындарыңа қызығамын. Күтемін. Сенен жақсы сынышы шығады, оған құдай да, адам да қуә. Неге жазбайсың? Өлеңді ренжіме, «жазбай-ақ қой» деп айтпаймын, тәуекел десең, дәл бүгін дайын сынышысың. Бірақ, Ролланга (Сейсенбаев. Ред.) жазғандай рецензияң қанағатсыз. Көлемді батыл, жауапты дүние жақсы ғой. Ол қолыңнан келеді. Неден қорқасың, білмеймін? Жарайды, Төкетай, мына қағазды жырты. Адресіңі жазып ал. Тез хат жаз, мен де жазаймын.

Амандықтарыңа тілектес

Мұқатай.

*474581 Тургайская обл Есильский р-н
Красногорск ул. 154/9
Жылкайдарову М.*

Қадірлі дос! Қадірлі Төкен!

Қал қалай, бауырым? Үй-іштерің тегіс амандықта болуларыңа көптен-көп, мың мәртебе тілектесің – Мұқатай.

Төке, мен хабарласпай кеткенімді айтпасам да түсініп отырған шығарсың.

Бұрынғыдан айырмасы сол – Семейден келісімен болды, өлім аузынан қалдым. Тістің жартысы жоқ, бет-ауызға тағы да өзгерістер кірді... Аяқты 7-8 рет кескілеп, аман қалды. Жылдан астам травматология, хирургияда жатым. Сол ауруханадан пижамымен үйге келгенімде, милиция алып кетіп, «строгий режим» Жамбылдан бір-ақ шықтым. Жылға жақын онда, жылға жуық мұндамын (Қостанай обл., Рудный. Ред.). Келер жылы босаймын, жазға қарай. Бәрі сол, ең басындағы бір аварияның шатағы.

Ал, енді, сен мені кешір. Ренжітіңді айтпасаң да білемін. Тек кеше гөр, досым! Кешіре аласың ғой. Сенің жүрегің маған мәлім.

Ал, енді ренжімей хат жазшы.

Мына дүниені Әбділдаға (Тәжібаев.

Ред.) жібергелі отырып, кілт бұрылыс жасадым. Себебін тағы да сезіп отырсың ғой. Сенімен ендігі жерде тек іспен қатысу, сөйлесу керек болды. Ең бастысы – осындай бір дүниесіз, сенсең, саған хат жазуға да батылым бармады.

Жағдайым жаман емес. Қартайып кеттім. Тән, жан жарасы қатар қажытты. Әбекеннен күтер төрелікті өзіңе сілтедім. Шалды қажар енді жөнсіз шығар. Азулы да білімді өз досым – әділ қазым барда басқаға жүгінбей-ақ қойдым. Жаны қылдан нәзік Төкен берсін бағасын.

Сенен өтінішім, көңілге, достыққа қарамай әділін айт. Ал, бауырым, маған деген өкпенді өлеңім жазсын, Нүкенге дауыстап оқып бер, қалған жайды есіте жатарсың. Үй-ішіне тегіс сәлем!

Бетіңнен сүйдім. Мына адресіңі дереу көшіріп ал: 459120 Құстанай обл. Рудный, УК 161-7, отр.: 5. Асыға хат күтуші Сәлеммен Мұқатай. 29/XI-82 ж.

Төкен!

Осы хатыңды авиамен салшы, арада қаниша жүрер екен, байқайын. Сонан кейін маған бір посылка салуға, бір бондероль салуға қалай қарайсың? Нүкенге айтшы, бұл өзіме қажеттен емес, менен басқа жігіттердің бәрі посылка алады, дәм таттырады, солардан ұялып жүрмін. Мен тек өзіңнен, Зәбира деген бір қыздан ғана хат аламын. Басқа туыстарым да қайда екенімді білмейді. Егер салатын болсаңдар, өзіңнен хат алған соң жауабын беремін. Осы салқындау кезде дұрыс болар еді. Саған шұбартаулық бір жігіт бара қалса, байқа. Үйге апарма, аты Болат. Мұнда бірге болған, Есілде билетін алып зорға шығарып салдым. Ішсе нашар екен. Әбден кетерінде бірақ біліп қалғаным. Үйдің адресін бергемін жоқ, музейге бара қалса, «Мұқаңды ұмыттым, нашар жігіт екен» деп шығарып саларсың. Жай жақсы еді, ішсе 100 % бұрылыс жасайды екен. «Семейлік қой» деп сен жайлы айтып, «жолың түссе музейден жолығарсың» деп едім...



Тұрсын ҒАБИТОВ,
философия
ғылымдарының докторы,
мәдениеттану
профессоры

«Өнер – мәдениеттің айнасы» деп, бекер айтылмаған. Ол мәдениеттің жаны, оның өзіндік танымының түрі. Сұлулық заңы бойынша адамның дүниені игеру барысында әдеби мәтіндерге, мүсінге, сәулет туындыларына, суреттерге, әуенге, биге және тағы сол сияқтыларға негізделген өнер түрлері қалыптасады. Әсемдік, әдемілік, сұлулық сынды бірдеңгейлік ұғымдар мазмұнына негізделген өнер туындысы үшін адам мен қоғамның еркіндік туралы түсінігінің мәні зор. Өнерді көп ойшылдар өз ләззаты, өз рахаты өзінде, ешнәрсеге тәуелсіз, «мақсатсыз» мақсат көздегіштік деп анықтайды. Бірақ, бұл сипаттамалардан өнерді беталды, тізгіңсіз әрекет деп түсінуге болмайды. Бұл тұста таза өнер мен кәсіп-өнерді ажырата білген абзал. Мысалы, неміс философы И. Кант таза өнер мен кәсіп-өнерді ажыратып қарастырды да, **біріншісін** – еркіндік өнері, **екіншісін** – табыс үшін жасалатын өнер дейді. Кант бұл жерде еркін өнер деп адамның өзінің рухани болмысынан шыққан бейнелі шешімдермен байланысты өнерді айтып отыр (Кант И. Критика способности суждения // Кант И. Сочинения: в 6 т. – М.: Мысль, 1966. – Т. 5. – 337-341 бб.). Ал, табыс үшін, сауда-саттық мақсатында жасалған өнер өзіне емес, өзгеге ұнау үшін, сатып алушы талғамына, сұранысына ыңғайластырып жасалынады. М. Әуезов «Мәдениет һәм ұлт» деген мақаласында, «сымбатты өнер болмаған елде мағыналы тіршілік жоқ. Қандай қауым, қандай тапты алсақ та қаны мен жанының суретін өнер айнасына түсірмей отыра алмайды. Өнерден қуат алмаса, тіршілік шырағы өшеді» (Әуезов М. Мәдениет һәм ұлт // Әуезов

ҚАЗАҚ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНІҢ МӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Ғизаттула
ХАЛИДУЛЛИН,**
техника
ғылымының
докторы,
профессор



М. Таңдамалы. – Алматы: Қазақ энцикл., 1997. – 332-334 бб).

Адам баласы есін білгелі бері өнермен бірге өзін-өзі жетілдіріп, мәдени игіліктерін жасап келеді. Бізге белгісіз, бұлыңғыр ондаған мың жыл бұрын да өнердің бастапқы белгілері байқала бастаған. Атап айтсақ, тас дәуірінің алғашқы кезеңдерінің өзінде-ақ адамдар өнердің алғашқы нышандарын тудырып, ары қарай жетілдіріп, одан әрі дамытып отырған. Заттың әлемдік-тарихи практикасының негізінде, адамдардың еңбек әрекеті үдерісінде адамзат рухының байлығы қалыптасты, адамның эстетикалық сезімдері, оның әуезді құлағы, форма сұлулығын көретін көзі, сұлулықпен шабыттану қабілеттері дамыды. Өнер – мәдениеттің маңызды салаларының бірі. Сондықтан болар, «өнер мәдениеттің айнасы» деген қанатты сөздің қалыптасқандығы. **Таңбалы тастағы «Аң стиліндегі» кескіндер мен тағы адамдардың ырым-билерінен бастап, Рафаэль мен Микеланджелонның мәңгілік туындыларымен жалғасқан, халықтың шығармашылық рухынан туған талай сұлу дүниелерсіз, өнер әлемінсіз қандай мәдениеттің болсын рухын сезіне алмайсыз. Шынында да, өнер мәдениеттің алтын қазынасы, адамның ұлылығын білдіретін ғажап көріністердің бірі – оның әсемдікке, сұлулыққа ұмтылуы. Сұлулық, әсемдік адамды ерекше бір жан ләззатына бөлейтін сезім тудырар қасиет. Соның нәтижесінде, өнер көңіл-күйді, сезімді білдіреді, соларға тікелей байланысты. Өнер адамды иманды болуға, жан**

дүниесімен біртұтас нұрлануға бастайды. Оның басты мақсаты – қандай да бір жетілу, кемелдену үлгісін, мұратын беру, әрі сол адамды талпындыру, құштар ету. Ұлтымыздың біртуар азаматтарының бірі А. Байтұрсынұлының «Әдебиеттанушы» атты еңбегінде «Өнер түрлі-түрлі болады. Тіршілік үшін жұмсалатын тірнек өнері, көркемшілік үшін көрнек өнері болады», – деп көрнек өнерін төмендегідей 5 түрге жіктегені белгілі: сәулет өнері (архитектура), сымбат өнері (скульптура), кескін өнері (живопись), әуез өнері (музыка), сөз өнері (әдебиет). Иә, бұл өнер түрлерінің қайсысының болмасын, адамның ішкі жан-дүниесін тәрбиелеудегі орны ерекше. Өнер – ол бізді әсемдік әлеміне жетелейтін ғаламат күш.

Өнер адамзат өмір қамының ең ертедегі формаларының бірі болып табылады. Алайда өмірдің дәстүрлі түсінігі қайта қарастыруды қажет етеді. Өйткені, өнер еңбектің, моральдың, діннің қызмет етуін қамтамасыз ететін әрекет түрлерінен жоғары тұрады. Сондықтан да, ең алдымен, өнердің негізін білдіретінін ұғынып алу қажет. Философиялық әдебиетте «өнер» термині қазіргі түсінікте екі – кең және тар мағыналарда қолданылатыны айтылады (Философия / құраст.: Ғабитов Т.Х. – Алматы: Раритет, 2006. – 352 б.). Кең мағынасында, өнер адам баласының жасампаздығын білдіреді де, тар мағынасында «өнер» деп көркем шығармашылық процесін және оның нәтижелерін (бейнелеу, поэзия, әуен, би және т.с.с.) айтуға болады. Осы соңғы, екінші, тар мағынасында біз ары қарай «өнер» сөзін пайдаланамыз. Сазгер табиғат картинасын естіп қабылдайды, ал, суретші сол картинаны дыбыспен емес, көз жанарымен қабылдайды, формалар сұлулығынан, желілер, жарық пен көлеңке ойынынан ләззәт алады. Тек бір зат – адамға жақын табиғат өмірін суретші де, музыкант та бірдей қабылдағанымен, ол өнердің әрқалай бөлек түрлерінде әр түрлі қырларынан бейнелейді. Бірақ, нәтижесінде тек сол шындық қана бейнеленеді, қабылданады.

Өнердің дамуы үшін оның әрқайсысы өз ерекшеліктеріне қарай бөлінуімен қатар, әрқайсысы өз қайталанбастығымен дараланатын музалардың өзара әрекеті де маңызды ықпал етеді. Өнер түрлерінің бірігуге, қосылуға жақындығына қарамастан, олар осы

өздерінің айрықша ерекшеліктерін сақтай отырып, адамзаттың көркемдік мәдениетіне, әлемдік эстетикалық игілікке жаңа, өзгеше үлестерін қосып отырады. Өнердің пайда болуын Г. Мидтің түсіндіруінше, адамдар өрмекшіден – тоқуды, тігуді, қарлығаштан – үй тұрғызуды, әнші құстардан – аққу мен бұлбұлдан – ән айтуды үйренді (*Мид М. Ишарадан – рәмізге // Әлемдік әлеуметтану антологиясы. – Алматы: Қазақстан, 2006. – Т. 4. – 124-138 бб.*).

Көркем шығармашылықтың ең ежелгі және бүгінгі күні де дамып отырған түрлерінің бірі – қолданбалы өнер (қолөнер). Ол сұлулық заңдарына сәйкес жасалған тұрмыс жабдықтарында іске асады. Бұл тек пайдалы заттар ғана емес, оның қолданылуын білдіретін көркемдік бейнесі бар әдемі заттар болып та есептеледі. Қолданбалы өнер өзінің табиғаты жағынан ұлтжанды, ол халықтың әдет-ғұрпынан, салт-дәстүрінен, наным-сенімдерінен туындап, оның өндірістік әрекетіне, тұрмысына жақын болады. Қолданбалы өнер туындылары өзінің қайталанбас индивидуалдылығымен ерекше көзге түседі. Бұл оны жаратушы – суретшінің, қолөнершінің бүкіл тұлғасы мен талантын сақтап қалатын уникалды туындылар. Жаңа заманда өндірістің дамуы заводтық тәсіл енуіне орай туындаған жаратушы индивидуалдылығы белгісін өшіре бастады. Бірақ, өнеркәсіпке суретшінің келуімен дизайн дамуы басталды. Кескіндеу өнердің ежелгі түрлерінің біріне жатады. Қазіргі түсінігінде ол жазудың бір түрі ретінде қарастырылады. Өзінің не істегенін жазуға талпыну, графикалық түрде көрсетуге ұмтылу адамға әуел бастан-ақ тән. Алғашқы қауымдық адамның жартасқа салған суреттері осыны дәлелдейді. Кескіндеу өнерін өз ерекшелігінде ұғыну үшін, біз оның ең маңызды элементі түсті назарға алуымыз керек. Ол түсті жазу немесе жазу мен түстің синтезі болып табылады. Кескіндеудің толық анықтамасын алу үшін түс пен жазуға сызық желілерін қосуымыз керек: кескіндеме-сызық – желілі түсті жазу. Осылайша жазу, түс және сызу жинақталып, кескіндеу өнерінің мәнін құрайды. Түсті, суретті, коммуникацияны, бояуды пайдалана отырып, кескіндеме табиғаттың, адамның өмірі мен әлеуметтік үдерістері туралы кең көзқарасты білдіріп, шындықтың колоритті байлығын,

кеңістілігі мен материалдығын бейнелейді. Материалдар (түс пен сызық желісі) мен белгілі бір бояушы пигменттерді таңдаудан бастап, оларды қолдану техникасының және өзара байланыстырушыларының (май, желім, балауыз және т.б.) жиынтығы кескіндеменің әр түрлілігін айқындайды: майлы кескіндеме, сылақтағы кескін және т.б. Көрерменге терең эмоциялық әсерін тигізетін кескіндеме жанрлары (тарихи, тұрмыстық, пейзаж, портрет, натюр-морт) мен түрлері (монументальды-декоративті, қондырғылы кескіндеме немесе картина, икона жазуы, панорама және диаграмма) адамдардың рухани мәдениеті, дүниетанымы қалыптасуына ықпал етті. Жалпы, мәдениеттің бір бөлігі болатын көшпелілердің көне бейнелеу өнері тарихы да біздің дәуірімізге дейінгі бірінші мыңжылдықта басталып, сол дәуірдің V-VI ғасырларында өте жоғары деңгейге жетеді. Жалпы, Орта Азия, Қазақстан бейнелеу өнері сонау неолит және қола дәуірінен басталады. Атап айтсақ, Жасыбай және Ұлытау тастарына ойып салған өшпес суреттер осыған дәлел бола алады. Көне дәуір көшпелілерінің графикалық бейнелеу үлгісінде әсіресе жан-жануарлар дүниесі мейлінше мүсінделген. Сақ-скиф бейнелеу өнерінің «Аң стилі» сияқты озық формалары да сол кезде пайда болған. Табиғатпен тығыз байланыста өмір сүрген көшпелі халықтардың өнер туындыларын жасауға қолданған материалдары – алтын, қола, мыс, ағаш, тас және мал өнімдері – тері, киіз, жүн болған көрінеді. Көшпелілер мәдениеті мен өнері өзінің құндылығымен жарты әлемге мәшһүр болды. Сақ-скифтер қолынан туындаған өнердің ықпалы ежелгі шығысқа да, батысқа да үлкен әсер етті. Әсіресе «Аң бейнелі» әдіспен әсемделіп сомдалған нәзік те нақышты дүниелері басқа елдердің құрметпен қарауына мойын ұсындырды. Көшпенділердің «Аң бейнесі» стилінің шығу төркіні әріде жатыр, бұл өнер өзінің бастауын «Бұғы тастар» бедерлеме суретінен алады. «Бұғы тастар» қорымының Қазақстанда пайда болуы б.з.д. II және I мыңжылдықтардың арасы, дәлірек айтқанда қола мен темір дәуірлерінде. Қорымның тасқа қашалған аң бейнелері кейінгі дәуірдегі скифтік «Аң стилінің» дамуына үлкен серпіліс тудырғанын көрсетеді. Ертедегі көшпелілер заманында ежелгі

тайпалардың мифологиялық сюжеттері мен аңыз әңгімелерінің негізінде жасалған көп пішінді композициялар пайда болған. Орта ғасырлардағы жартасқа сурет салу өнері бұрынғы қалыптасқан дәстүрде дамыды. Бұл заманда суреттерді көне петроглифтердің үстіне салу да жиі кездеседі. Көне заман суретшілерінің ашық аспан астында галереялар жасауы таң қаларлық жағдай. Қазақстанның тасқа салынған гравюралары, ата-бабаларымыздың бізге қалдырған ұлы мұрасы – көне заман жайында дерек беретін даусыз жәдігер. Ертедегі суретшілердің туындыларынан жабайы аңдардың бейнелерін – құлан, елік, арқар, марал, ертедегі бұқа-тур, барыс, қасқыр, жабайы жылқы бейнелерін кездестіреміз. Жануарлар жанды қимыл үстінде көрсетілген. Ертедегі шеберлер қос өркешті түйенің тәкәппар келбетін, тұлпарлардың сымдай сымбатын, бұғы мен маралдың әсемдігін, барыстың серіппеше атылуға әзір тұлғасын көрсете алған. Әсіресе, аңшылық көріністері, жан-жануарлардың арпалысы, батырлардың жыртқыштармен жекпе-жектері бейнеленген гравюралар өте қызықты. Жартастағы суреттерден ертедегі малшылардың темір қорытушылардың, көшпелі керуеншілердің өмірінен деректер беретін сызбаларды да көруге болады. Түйелі керуендер мен салт аттылар топтары белгіленген петроглифтердің сюжеттері қазақтардың Желмая жайлы көне аңызымен үндеседі (Ұлытау, Бұланты, Білеуті, Абыралы және басқалары). Күш-қуат пен биліктің айнасындай көрінген, тайпаның дінін де, жері мен жайылымын да жебеуші рухындай болған бөрі тотемі – түркі-монғолдардың күшті тотемі. Бөрі залалды кезендердегі адамдардың қорғаушысы, қамқоршысы ретінде көрсеткен аңыз әңгімелер түркі тайпаларында сақтар, ғұндар, ежелгі үйсіндер замандарынан бері кең тараған. Қолындағы ұзын найзасының ұшына бөрінің басы бекітілген атты жауынгер бейнеленген петроглифтер көне түркі дәуірінің тарихи құжаты мәніне ие болады. Бұл дәстүрдің тууы ғұн дәуірінен бастау алады.

Еуразия көшпелілері дүниетанымындағы тарихи тұлғалар жөніндегі мифтер мен космогониялық әлем олардың тәңірлік діни идеологиясында қалыптасқан. Тәңірлік негізі адам баласының үнемі туу, өлу үрдістерінің үздіксіз жүріп жататындығымен байланыстырылады. Ежелгі адамдар көкті

күдіретті санап, тәңірге табынған. Ай, күн, жұлдыз олардың табыну нысандарына айналған. Өнер туындыларына қатысты айтсақ, көшпелілер космогониялық таңбаны өздерін қоршаған заттардың бәріне бейнелеген. Күн дүниеде тіршілік үшін ең маңызды рөл атқарады. Күнге табыну көне түріктер мен қыпшақтарда жалғасын тауып, олар жасаған, ата-анаға, кемеңгер адамдарға арналған тас мүсіндерінде айқын суреттелген. Тас мүсіндерді қалыптасқан тәртібі бойынша шығып келе жатқан күнге қаратып қойған. Яғни, Күн бейнесі көшпелі өмір салтына негізделген халықтардың ғасырлар бойы қолданған рәміздік белгісіне айналған. Ежелгі көшпелілердің мифтік, космогониялық, тотемдік, анимистік, шамандық ұғымдардың болмысын олардың рухани өрісіндегі көріністерінен байқауға болады. Әлем, кеңістік, уақыт – ежелгі адамдардың ұғымында шексіз дүние. Оларды түсіну ерекшелігі дәстүрлі шығармалардың пластикалық және пішіндік сипатынан көрініс табатыны да сол. Ежелгі адамдар қоршаған ортаның табиғи тылсым күштерінен өздерін тотем табу арқылы қорғауға тырысқан. Академик Ә. Марғұланнның пікірінше, қасқыр сақ, түркі-монғол тайпаларының негізгі тотемі болып табылған. Ал, көне түркі тайпалары шығу тегін көкбөрімен байланыстырып, оның құрметіне «көкпар», яғни, «көкбөрі» сайыстарын өткізетін болған. Бұл дәстүр түркі-монғол тайпаларында күні бүгінге дейін сақталған. Мәселен, қазақ халқының өмірінен кең орын алған «көкпар тарту» деген ұлттық ойынын айтуымызға болады. Сол сияқты тотемдер қатарына аққу мен бұқа, бұғы да енеді. Бұқа ежелгі адамдар түсінігінде күш пен билікті білдіретін еді. Арбаның дөңгелегі күн шеңберін бейнелегендіктен, қолдан жасалған доңғалақтар да киелі саналатын.

XI-XIII ғасырлардағы сымбаттар орындалуы жағынан көп жетілгенін аңғартады. Бұлардан кәрі, жас, еркек, әйелді айыруға болады. Тіпті, олардың бет-ажарын тірі күндегіге жақындата бейнелеуге деген ұмтылыс байқалады. Бұлардың қатарында ілуде бір ұшырасатын үш мүйізді тәжісі бар нағыз көркем тұлғалар қашаушы шеберлігіне тәнті етеді. Енді бір тұлғалар қару-жарақпен емес, дөңгелек ыдысты кеудесіне қос қолдап ұстап тұрады. Ше-

берлер тас мүсіндерді тізерлеген күйінде, отырған күйінде, т.б. көріністе жасай беретін болған. Тас қашау өнерін көне скиф-ғұн заманына ерте орта ғасырларға жеткізгелі көшпелі тайпалардың бірі - қыпшақтар болды. Бұл туралы: «командар өлген адам үстіне төбешік үйеді де, оның басына шығысқа қаратып, кіндікке таман ұстатып, статуя қояды» деп жазады, сонымен қатар ғұн құрамында болған бұғралар, шүршіт жылнамалары со (сорқы) тайпасынан тарататын түрік-ашына руы, көне үйсін жұртының орнында отырған «Он оқ бодын – он тайпа елі» – дулат пен нушибилер (ойсыл билер), түркештер, халаштар, арғұ-түргештер, шігілдер (шегенлі), қырғыздар, оғыздар, бақанлы-балталы (Мохе, согэ) наймандар, қаңлылар, т.б. тас мүсіндеушілерді қашы, бәдізшілер деп атаған.

Түркілер тас қашаумен бірге, өлген адамның басына сәулетті де айбарлы күмбез тұрғызу дәстүрін де берік ұстанған халық. Мұндай келісті күмбез ескерткіштерге Айша бибі, Бабаша хатун, Қарахан мазарлары, Кеңгір, Сарысу өзендер алабындағы Жұбан-ана, Қайып-ата, Мәулімберді зираттары, Домбауыл, Алашахан, Аяққамыр кешендері жатады. Бұлар VIII-XIII ғасырларда тұрғызылған. Бұл құрылыстарды ызғардан, қардан, жаңбыр суынан ұзақ сақтау мақсатында оған күйдірілген кірпіш, тас, қиыршық-тас, құм, сазбалшық, т.б. материалдар қолданылған.

Бейнелеу өнерінің «жаңа түрлері» классикалық объекттерге және киіз үй, дала, жайлау, тұлпар, халық мерекесі және басқа этнографиялық сәттерге қызығушылық танытты. Жеке құбылыс арқылы тұрақты болмыс категорияларының тиімділігін көрсететін сезімге толы бояу түсі мен пластиканың негізінде қазақ даласының өзіне ғана тән табиғи көрінісін бейнелеген Ш. Сариев және Ә. Садыханов секілді суретшілер 60 жылдардың соңы мен 70 жылдардың ортасында ресми сын жағынан байқалған көзқарастарға қарамастан, замана талабын рухани сезімдік деңгейде көрсетуде өз келбетін сақтап қалды. Бұл суретшілерді ұлттық өнерге жақындатып тұрған стильдік ерекше бейнелеуші құрал-тәсілдерге екпінділік жасай отырып, ұлттық болмыс мүмкіндіктерін ашуға, оған тереңірек бойлауға олардың құлшыныс білдіруін байқаймыз. Бұл құбылысты біз халықтық мұра, дәстүрлі

өнер негізінде пайда болған ішкі интуиция серпілісі деп айтуымызға болады. Оны белгілі өнер зерттеушісі А. Каменский кезінде «ішкі естелік» деп атағанға жақын. Егер, мұндай шығарманың формальды сыртқы мүмкіндіктеріне тоқталсақ, ұлттық сипат композиция монументтілігінен, оның біртұтастылығынан, тепе-теңдігі мен жинақтылығынан, бояу түстеріндегі айшықтылық пен декоративтілігінен көрінеді. Ұлтты өлтірмейтін – оның өзіндік қасиеті, төлтума мәдениеті, салт-дәстүрі, өнері. Оны жоғары бағалай білген халықтың дәрежесі жоғары болмақ. Мәдениетіміздің, бір қырынан алғанда таныс, ал сонымен қатар үнемі болжалуы мүмкін емес жағдайы – күрделі араласулар мен өзара әсерлердің, бастан кешірген қиысулар мен түйісулердің, сонымен қатар көркемөнер мен мүсін өнері түрінде көрініс беретін ұлттық сезіміміздің нәтижесі. Мүмкін соның нәтижесі болар, 90-шы жылдардағы қазақ өнерінің жалпы ауқымын көру үшін, сонымен қатар сол өнердің көркемсуреттік процестерге әсерін А. Қастеев пен А. Исмаиловтардың шығармашылығындағы алғашқы қадамдармен бірге келіп, ары қарай Х. Наурызбаев, М. Кенбаев, С. Мәмбеев, К. Телжанов, Г. Исмаилова, С. Айтбаев, Т. Тоғысбаев және басқа да көптеген суретшілердің өнерінде жалғаса отырып, қазақ сурет өнеріне енген рухани басымдықтар стильдік көріністердің аса бай қырларының ішінде бола отырып-ақ сирек кездесетін тұрақтылыққа ие болды.

Сәндік живописьтің, ұлттық сипатын өрнектеп шешу қазақ колөнерінің күре тамырымен ұштасып жатыр. Шынайы сурет салуға бейімделудің өзі тарихи дамудан тұрады. Көшпелі халқымыздың ежелден келе жатқан анималистік өрнектерін көркем шығарма орындауда сабақтастыруы тегін нәрсе емес. Сондықтан болар, суретші Ө. Рыстанұлының өзіне тән жеке дара қолтаңбасы бар екендігі бәрімізге аян. Суретшінің атын асқақтатқан ең құнды көркем туындылары «Бүркітші», «Қош», «Биші қыздар» деп аталады. Әрдайым суретшінің көркем туындылары байыптап қарауды қажет етеді. Өйткені, кез келген көркем туындыны көрермен жете қабылдауы мүмкін. Оның басты себебі, өрнектің құпия кілтін тауып көркем шығармада композиция құрып, басу үндестігімен әуен тудыруында жатыр. Мысалы «Екеу» атты көркем туын-

ды да жұлдыздар тәрізді адамға әсерлі ой туғызады. Жарты ай мен жұлдыз тәрізді геометриялық дененің сұлбасында бейнеленген көрініс тас қараңғыдан жол тапқан **үкідей** болып үн катады. Мұнда «Аң стилінің» жаңғырығы анық байқалады. Ал, «Елес» атты көркем шығармада көркем түстей шым шытырық терең философиялық ойдан туындаған әр алуан адамның келбеттік тұлғасынан тұратын пішінде ортақ көзқарастың болмауы суретшінің ішкі жан сезімімен сипатталған. «Ырыл» атты көркем туындының басты идеясында адам арасындағы күншілдік, көре алмаушылық, іштарлық айқын көрінеді. Өмірге айдай иттігін жасайтын заңды құбылыс екендігін көркем шығарма мазмұны арқылы бедерленген. Суретші Ө. Рыстанұлының кез келген көркем туындысы, шығармалары терең ойлылығымен көркем шеберлігімен көрерменге ұнайды. «Дүбір» атты картина көрінісінде желдей ескен **ақ боз бие екі құлынын** ертіп шауып барады. Зымырап өтіп бара жатқан өмір мен уақыт еске салса, артындағы асқар таулар биік белестердің барлығын аңғартады. Алдында тұрған балбал тас өткен ата-бабалардың мұрасындай көзге ыстық көрінеді. «Ұлым менің» атты көркем шығармада **ақ боз аттың** үстінде домбыра үнімен әндеткен баланың әуені шартарапқа жайылып, күн шапағатына бөленеді.

Соңғы онжылдықтарда Қазақстанда тамаша жетістіктерге жеткен бейнелі өнерінің түрі – гобелен. Л. Қалымова және Б. Зәуірбекова гобелендерінде монументтілік пен камерлі шешім өзара жақын үндестігін табады. Б. Зәуірбекованың шығармашылығынан ұлттық мінез, ұлттық салт-дәстүрлер үрдісін танып, тарихымыздың тереңінен халқымыздың көне мәдениетін көріп, ғасырлар жаңғырығын естуге болады. «Әуен», «Көктем», «Жер Ана», «Композиция» туындылары көңілге көктемгі Күн шуағын сыйласа, **«Бақыт құсы»** әйел жанының гармониясын, нәзіктігін жырлайды. Ал, «Қазақстан», «Астана» гобелендері болса, бүгінгі өркениетке ұмтылған егемен еліміздің болмысын, көрінісін, шат-шадыман тұрмысын, өсіп-өркендеуін көрсетеді. «Муза», «Ғасырлар үні» т.б. бірқатар туындылары ғасырлар белесінен бүгінгі желі тарта орындалған түнгі аспандағы **Құс жолы** сияқты. Осы гобелендері арқылы ол қазақтың дамыған мәдениеті, тарихы

болғанын айтып жеткізуге тырысады.

Көксерек галереясы (Қанат Ибрагимов, Ербосын Мелдібеков, Жазира Жанабаева, Жанат Елубаева және т.б.) өзінің көркемдік тәжірибесінде көне ғасырлар қойнауына енген дала тұрғындарының тұрмыстық, пұтқа табыну жораларымен, ежелгі «Аң стилінен» туындаған бейнелерімен байланысты. Оларда ежелгі көшпелілердің динамикалық өмірі біздің мәдениетіміздің түп-тамыры ретінде көрінеді. Галерея суретшілерінің құрбандық шалу, шамандық әрекет сияқты көне тотемдік тәжірибесі, біздің көзқарасымызша, кез-келген өнердің біздің мәдениетіміздегі негізін табуға тіпті өндіруге бағытталған, оларда суретшіні тәуелділік тәжірибесіне бағындыратын бейсаналық импульсі табылады. Өнерді көрсетудегі статикалыққа «Көксерек» тірі динамиканы, ежелгі «Аң стилінен» туындаған өнерді қарсы қояды, бірақ, оны сананың үзіліссіз саны деңгейінде қарастырады. Осында құрбандық жануардың денесі, ым, мимика, сөз, айқай - барлығы инспирация, алғашқы логикалық кеңістік тудыру үшін қажетті, бұл жерде көптеген қарама-қарсы көңіл-күй, қайғыдан бастап, шексіз қуаныш пен танданысқа дейін бар. Өнер бұл жерде өмірдің адвокаты емес, перманентті адасудағы өмірдің өзі болып көрінеді. Бұндай кейіпте Көксеректердің жасаған шамандық рәсімінің элементтері, егерденәтижесінде өмірлік драмаға толтырылатын өткір функционалды бағыттылықты ескермесек, біршама нақтылыққа ие. Көз алдымызға оның барлық қарама-қарсылығында шындық байқалады. Бұл қарама-қарсылықтардың шекті формаға дейінгі потенциалдануы жүреді. Осы магиялық әрекеттердің айтуынша, өнер де енеді бос және өлі форманың статусына ие болғысы келмесе, бақылаушыны өткір де қатал күшімен баурап алуға мәжбүр. Ол өзінің туындау және жоғалудың шексіз ойынында кез-келген форма үшін ашық болуы тиіс.

«New Kasachische Kunst» акциясында бұл ойын **құрбандық жануарының** денесіне қатысты өзгереді. Қойды өлтіру мезеті туындайды. Суретші-шаман әлдебір сакральды формуланы келтірген соң, құрбандықтың өмірімен байланысы, шаман тарапынан көрсетілетін белгі бір манипуляция арқылы үзіледі. Нәтижесінде өлімнің қатыстылығын білдіретін эсер туындап, ыдысты толтыратын таза қан пайда болады. Кейін шаман

бір бөлігі беті мен киіміне төгілетіндей етіп қанды ішеді. Осындай кейіпте жеткілікті брутальды формада бұл тәсіл сол жақтағы сахнадағы бейнені көрсететін, сол өмірдің құқығын қалыптастырады. «Евразиялық утопия» аймағындағы «Азия Арт» галереясында «Суретші терісі» жәрменкесі ұйымдастырылған болатын. Онда әртүрлі түрдегі салалы тері, киім, гипотетикалық шаманның құралдары мен заттары көрсетілуі, сонымен қатар оның тәніне, тактильді тәжірибесіне байланысты суретшінің шексіз мутациялық бейнесі көрсетілген болатын. «Суретші терісі» – бұл әрбір мезгілді салалаушы. «Азия Арттың» әл салалы теріден жасалған бұйымдарына барлық дәстүрлі өнер қатысты.

Өнер жым-жырт мұражай құшағынан сытылып шығып бүгінгі өмірге қауышуда, қазіргі қазақстандық қала интерьерінен өзіне лайық орын алуға ұмтылуда. Бұл енді ғасырлар беделінде аты белгісіз күйінде кеткен шеберлер сомдаған низами ою өнері емес, суреткердің жеке етене сыры, дүниетанымы, оның этникалық мәдениетті қалыпқа келтіру ісіндегі жеке үлесі. Қазіргі шеберлердің бірі ағаш ою, темір қию немесе зергерлік бұйымдар жасау сияқты байырғы қолөнер түрлерін жандандырып жатса (Д. Шокпарұлы), бірі дәстүрлі кілемшілер, ши тоқушылар, киіз басушылар іске жаратқан материал мен техниканы пайдаланып қайталанбас өнер туындыларын сомдап жатыр (Б. Зәуірбекова, С. Бөлтiрiкова). Бұл жердегі шеберлік, тек байырғы материал мен техниканы ғана емес, сондай-ақ дәстүрлі өнердің жекелеген элементтерін пайдаланудан да көрінеді. Алайда, аталмыш элементтер қайталанбас дара түйсік сүзгісінен өткізіледі. Бұрынғы қолданбалы мәнінен ажыратып алынған ою-өрнек элементтері қазіргі заманға сай сезім мен экспрессияға молыққан. Оңтүстік Қазақстандық шеберлер Жәңгір Үмбетов пен Амангүл Ихановалар әшекей жабдықтарын ғана дайындап қоймайды, сондай-ақ олар «құшкөн» деп аталатын жаңа қолданбалы өнер түрінің негізін қалады. Теріні өңдеуден бастап, бояп пішкенге дейінгі аралықтағы барлық технологиялық процесті көктей өткен авторлар қазіргі адамның бойында өшіп қалған, теріні сезіну, оның пластикасы мен қисапсыз бедерін көру, тосын символдық теңеулер табу қабілетін қайтадан оятады.

Олар өздерінің композицияларын аса нәзік көркемдік түйсікке сүйене отырып жасайды. Нәтижесінде адамды ойлануға, көргеніне шомуға, іштей етене тілдесуге шақыратын бірегей өнер туындылары пайда болады. Бір көрген нәрсесінен мыңдаған мағына шығара алатын, жанымен тіл қатыса алатын бұндай қабілет – қазақтың бір басының ғана сипаты. Бұл өнер – қазақтың, сілтідей тұнған тыныштықта ғана бар көркімен, қисапсыз сырмен танылатын күйді тыңдауына ұқсас құбылыс. Бұл асқақ, текті өнердің сырын әлем әлі тануға тиіс.

XX ғасырдағы қазақ мәдениетінің басты тәжірибесі жаңалыққа сергектігі мен ашықтығы деу орынды. Мұның айқын бір көрінісі – республикада Contemporary art, яғни, Қазіргі заман өнерінің тез арада әрі табиғи түрде пайда болуы. Алғашқы кезде бұл бағыттың жақтаушылары Қазақстан үшін ең маңызды және қажетті тек Contemporary art деуге басқан. Бірақ, Қазақстанның бүгінгі өнері тек осы бағытпен шектелмейтінін, ол әр алуан және әр түрлі стильдік бағыттардан және әр түрлі шығармашылық ерекшеліктерден тұратынын өзі көрсетіп отыр. Дәстүрлі халықтық шығармашылық өзінің түрін өзгертенімен қазіргі кездегі жастардың көркемдік ізденістерінде ерекше сапаға еніп отыр. Дәстүрлі әдістер өзгерістерге ұшырады, жаңа сипаттағы бұйымдар пайда болды.

Қазіргі кезеңде Қазақстан көркем өнер туынгерлерінің әр буыны жалпы дүниежүзі өнері мен мәдениетіне өзінің баға жетпес жарқын үлестерін қосуда. Осы шеберлердің, оның ерекшеліктері мен үлгілерін көрерменге таныту, насихаттау мақсатында «Ою» галереясы зор үлес қосуда. 1990 жылдардан бастап, көшпелілер мәдениетіне деген қызығушылықтың жаңа толқыны қайта келеді және тіптен күшейе түседі. Бір топ кескіндемешілердің интеллектуалды ізденістері ежелгі тарих элементтері мен артефактілерін және барлық тіршілік иелеріне тән онтологиялық өлшемді дәстүрлі мәдениетті зерттеу деңгейіне дейін көтерілді. Олар: А. Дүзелханов, Ж. Қайранбаев, М. Қаспақ, Д. Қасымов және т.б. суретшілер болатын. Оларды дәстүрлі мәдениеттің та-

мырларынан, қайнар көздерінен келетін тақырыптар мен бейнелер толқытатын, кейде кейбір жұмыстар өзінің сюжеті және түсінуі бойынша жалпылаудың, түсінудің және типтеудің философиялық деңгейіне жақындай түсті. Олардың шығармаларына іштегі тереңдік және ойдың кеңдігі, мазмұндық және түрлік нақтылық сипатты болды. Д. Қасымов өнерді шынайы пән ретінде қабылдап, фольклорлық мифологиялардан шығармашылық қуат алады. Автор туралы айтуға мәжбүр еткен алғашқы көркем полотно болып «Тан» картинасы танылды. Ерекше орын алған монументальды «Күлтегі» полотносында суретші ұлы бабаларымыздың біртұтас субстанциональды кейпін бере білген.

Қазақ суретшілерінің көбіне тән күнделікті өмірді салттау – түр жасаушы қасиет және кәдуілгілік пен сакралдылықтың, уақытшылық пен мәңгіліктің арасындағы параллель жүргізуге тырысу ретінде көрініс береді. Өмірді жүйелі, әмбебапты түйсінуге деген сана астары деңгейіндегі қажеттік – ішкі мәдени код ретінде байқалады.

Ө. Жұбаниязовтың, Б. Ақанаевтың, Қ. Әжібековтың, И. Заузенг жұмыстары экспрессивті, Н. Қилыбаевтың бейнелері декоративті көмкерілген және поэтикалық кейіпте, А. Қазғұловтың пейзаждары терең және тылсым, М. Нұрғожиннің жұмыстарынан нәзік лиризм және жылылық сезіледі. Т. Ысқақов Ұлы Даланы жырлайды, Ш. Ноғайбаевтың графикалық парактары юмор мен мысқылға толы. Е. Оспановтың графикасы тартымдылығы сактардың «Аң стилі» экспрессиясы мен ежелгі түркілердің тас мүсіндерінің статистикасының диалектикалық бірлігінде жатыр. Кең мағыналы «реализм» ұғымының шексіз кеңістігінде еркін қалықтап жүрген Қазақстан өнерінің әр түрлілігін айқын танытатын осы ерекшеліктер 3-ші мыңжылдықтың басындағы Қазақстанның бейнелеу өнерінің шарықтауы туралы сенімімізді қуаттайды. Бүгінгі таңда Қазақстан өнері бірегей өркениетті ғарыш ретіндегі қазақ мәдениетінің сақталуы мен дамуындағы ұлы жасампаз рөлді атқарады және әлемдік мәдени кеңістікке ену жолын салады.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАЗАҚ МУЗЫКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ТАРИХИ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІСІ

Отандық зерттеушілердің музыкалық білім беру тарихына деген қызығушылық еліміздің тәуелсіздік алғанынан кейін ерекше арта түсті. Музыка саласындағы ұлттық дәстүрді зерттеудің маңыздылығын түсіну, этномузыкалық бағыттардың жандануы осының айқын көрінісі. Халық шығармашылығының ажырамас бөлігі боп табылатын музыкалық фольклорды немесе фольк-музыканы зерттейтін *музыкалық этнография* сияқты арнайы пәндер бар. Ағылшын және франкотілді ғылымдарда «этномузыкалогия», немістілді ғылыми дәстүрде «музыкалық фольклористика» немесе «музыкалық этнология» деген атаумен белгілі бұл сала бүгінгі таңда қарқынды дамуда. Ғалымдардың ішінде алғашқылардың бірі болып халық музыкасын теориялық тұрғыда сипаттаған белгілі неміс ғалымы И.Г. Гердер (1744-1803) еді. Ол табиғат пен халық музыкасының арасында тікелей байланыс барын ашып көрсетті. Қалалық эсерге ұшырамаған табиғи музыка экологиялық тұрғыда адам психикасына жағымды эсер етеді деп саналады. Көбіне оны жазбаша дәстүрге негізделген кәсіби музыкаға қарама-қарсы қойып келді. Алайда, ауызша түрдегі халық музыкасының кәсібилік деңгейі академиялық, кәсіби музыкадан бір мысқал кем түспесе де еуроцентристік түсініктегі музыкатанушылар үшін төмен бағаланды. Егер, кеңес заманындағы тарихи және тарихи-психологиялық зерттеулерге не жазылған оқулықтарға назар аударсақ, қазақтарда Қазан төңкерісіне дейін еш өнер мен мәдениет, білім мен ғылым саласы мүлде болмағандай түсінікте қаласын. Ал, егемендік жағдайда білім мен ғылым тарихын зерттеу ұлтымыздың сан ғасырлық рухани мұрасының бар екенін дәлелдеп, оны ғылыми айналымға қосуға мүмкіндік береді. **Соңғы жылдары отандық тарихты ұлттық мүдде тұрғысынан қайта салмақтау қолға алынып жатыр. Осы бағытта мемлекет тарапынан арнайы «Мәдени мұра» бағдарламасы да қабылданды.**

Музыкалық білім беру тарихы жалпы ғылым тарихының бір бөлігі бола отыра осы саладағы зерттеу тәжірибелеріне сүйенеді. Қазір ғылымда пәнаралық тұрғыдан келу

қалыпты құбылысқа айналуға. Сондай-ақ, музыкалық білім беру жалпы мәдениеттің ажырамас бір бөлігі болғандықтан, оны мәдениет аясынан тыс жеке қарастыра алмаймыз. Бүгінгі таңда ғылым тарихшылары мен әдіснамашылары қазақ музыкалық білім беруінің даму тарихын мәдениеттер жүйесінде зерттеуді негіздеуде. **Сонымен, өз кезінде жөндеп дұрыс бағаланбаған және терең әрі арнайы зерттеу пәніне айналмаған деректер мен ой-пікірлер, бағыт-бағдарларды іздеп табу, бұлардың ғылыми құндылығын анықтау – тарихи-психологиялық зерттеулердің маңызды бір функциясы, нақтылап айтсақ, бағалау функциясы болып табылады. Бұдан басқа, оның аналитикалық (деректерді, білімдерді қорыту және жүйелеу), психологиялық танымның даму заңдылықтарын (ғылым дамуының ішкі логикасы мен әлеуметтік-мәдени факторларынан туындайтын) анықтайтын болжамдық функциялары бары белгілі. Зерттеушілер тарихты баяндауда елеулі функциялар қатарына идеологиялық, аксиологиялық, әлеуметтік, сондай-ақ, өзге ғылымдардағы білімдерді ғылыми ассимиляциялау мен білім беру және тәрбие функцияларын жатқызады. Қазіргі ғылым үшін тарихи-психологиялық зерттеулердің нақ осы функциялары практикалық жағынан құнды және теориялық көкейкестілігі жағынан мәнді боп табылады.**

Музыкалық-педагогикалық ғылымда музыкалық білім беру тарихын зерттеуде екі түрлі тәсілдер қалыптасқан. Жалпы, музыкалық білім беруінің зерттеу аймағында негізгі көңіл педагогикалық және әлеуметтік мәдени шеңберде музыкалық білім берудің әдістерін мақсатын, мазмұнын, міндеттерін қарастыруға көңіл бөліне бастады. Ғылыми әдебиеттерді талдау көрсеткендей, арнайы музыкалық білім беру тарихын зерттеуге бағытталған ғалымдар айрықша музыкатанушылық әдіс-тәсілдерді басшылыққа алды. Өткізілетін зерттеулерінің мақсатына, міндетіне мазмұнына, нәтижесіне белгілі бір аспектінің үстемдік етуі бақалды. Сондықтан, бұл музыкалық білім беру аймағында тарихи-педагогикалық даму процесі жайлы тұтас қабылдаудың қалыптасуын қиындатады.

Осындай жағдайдың қиындығының бір себебі, көптеген зерттеулер өзіндік ерекшеленген бағытты немесе қандай да бір болмасын, бір немесе бірнеше музыкалық мекемелердің іс-әрекетін зерттеуге арналған. Сондықтан, музыкалық білім беру калыптасуы мен дамуындағы тарихи-психологиялық процесс нақты-тарихи кезеңде едәуір аз зерттелген. **Сонымен, көптеген жылдар бойы музыкалық білім берудің әртүрлі салаларында тарихи-психологиялық мол материалдар жиналды. Дегенмен, бүгінге дейін жоғарыда айтылған үш бағыттың байланысын ескеретін, біртұтас тәсілге көзқарасы бойынша мақсатты түрде оқыту, сонымен қатар жалпы және кәсіби бағытталған музыкалық білім беру мәселесі қойылмаған. Нәтижесінде, бізде бүгінгі таңда музыкалық білім беру тарихы жеткіліксіз өңделген әрі бір-бірімен байланысы жоқ салалар болып тұр. Өйткені, олар әр-біреуі бір-бірімен байланысы жоқтығымен сипатталып және әр-түрлі зерттеу позицияларында қарастырылады. Біздің ойымызша, музыкалық білім беру аймағында тарихи-психологиялық процесінің қалыптасу логикасы мен дамуы тиесілі зерттелмеген.**

Біздің пікіріміз бойынша, тарихи-психологиялық зерттеулерде музыкалық білім беру оның үш басты бағыттарын құратын органикалық бірлікті көрсететін сан қырлы құбылыс боп табылады. **Олар: халықтық, діни, заманауи бағыт. Солардың әрқайсысынан екі негізгі іске асыру деңгейі, жалпы және кәсіби бағытталған музыкалық білім беру ретінде қарастырылса ғана өзгертіледі деп есептейміз. Дегенмен, зерттеушілердің басты назары нақты-тарихи кезеңде, негізгі структуралық элементтерінің байланыс сипатын көрсетуге бағытталады. Бұл тәсілдің маңыздылығы, аталмыш тәсілдің көмегімен жоғарыда айтылған әрбір бағыттарда көрсетілген музыкалық білім берудің ерекшелігін ескере отырып, музыкалық білім берудің даму және қалыптасу процесіне объективті және жан-жақты сипаттама бере аламыз. Мұндай бағдар, бағыттың мазмұны жағынан ғана емес оның иерархиялық бағыну сипаттамаларынан үлкен өзгерістерді көруге мүмкіндік береді.**

Бұл өзгерістерді айқындап талдау, ғылыми-негізделген кезеңдеу музыкалық білім беру дамуы мен қалыптасуының тарихи-психологиялық процесінің модельдік базасы болуына, сонымен қатар, жо-

ғары оқу орнының жүйесінде болашақ музыкалық білім берудегі отандық музыка тарихының мұғалімдерімен зерттелген оқу құралдарын жүйелеп, негіздеуге мүмкіндік береді. Бүгінгі күнде музыкалық білім беру аймағында тарихи-психологиялық процесінің спецификаларына жауап беретін және музыкалық білім беруде жаңа теориялар мен практикаларға тарихи-психологиялық зерттеу әдістерін өңдеу қажеттігі айқын білінеді. Егерде, музыкалық халық шығармашылығының тарихына мән берсек, біз қазақ өнерінің майталмандарының орындаушылық шеберлік жанрында халық әні мен аспаптық шығармашылықтарының логикалық даму жолдарын көре аламыз. Ақын-әншілер кішігірім әншілік жанрында суырып салма ақындар мен шабытталған саңлақтардан құралады.

Қазақтың ауызша музыкалық-поэтикалық дәстүрлерінің елеулісі суырып салма, импровизациялық жарыс өнері – айтыс болып келеді. Айтыстың негізінде, ақындық шеберлігінің қосымша саласы ретінде «шығармашылық турнир», «импровизациялық жекпе-жек» тақырыптарында ақындық жарыстар жатады. Айтыс тақырыптары кең ауқымды және жан-жақты, көп жоспарлы. Ол, ереже мен эстетикалық және адамгершілік болмыстық көзқарастарын сақтап қалған, халықтың өмірімен тұрмыс тіршілігімен және қоғамдық әлеуметтік құрылымымен тығыз байланыста болады. В.Радлов, Ш.Уалиханов және т.б. көптеген фольклор зерттеушілері қазақ халық шығармашылығының бай мазмұнды, импровизациялық өнердің өзіндік ерекшелігі тарихи жағдайлармен байланысты екендігін атап өткен. Ш.Уалиханов айтысты қазақ ауызша поэзияның белгілі бір түрі ретінде және бұл жанр патриархалдық рулық тұрмысымен байланыста екенін сипаттап жазған. Айтыс өнер сайысы типі ретінде қалыптасу процесі ежелгі импровизациялық сипаттағы әдет-ғұрып әндерінен бастап, өзіндік музыкалық-поэтикалық жанр ретінде ерекшеленуіне дейін бірнеше эволюциялық кезеңдер қатарынан өтті. **Бұл жанрдың өркендеу шағы XIX-XX ғасырларда жырау – эпикалық поэмаларды, жыр-эпосты жырлап айтушы; жыршы – эпосты, ірі эпикалық шығармаларды шығарып орындаушы; ақын импровизаторлар; әнші импровизатор-композитор сал-серілер; әнші, күйшілер, сонымен қатар аспаптық мәдениет өкілдері музыкант-күйшілер ауызша кәсіби халық дәстүрінің дамуымен байқалады.**

Ғылыми әдебиеттерді талдау барысы В.Н. Шацкая, Н.Н. Добровольская, К.С. Грищенко, Т.Л. Беркман, Б.В. Асафьев, Н.Л. Гродзенская, О.А. Апраксина, А.К. Белобородова, Д.Б. Кабалевский, И.П. Пономарьков, И.В. Нестьев, К.П. Португалов, Е.Я. Гембицкая, Л.Г. Дмитриева, П.В. Халабузарь, А.Н. Сохор, Л.А. Баренбойм және т.б. зиялы педагог, музыкатанушылар советтік заманында музыкалық тәрбие беру мен білім беруінің теориялық және әдістемелік мәселелерін өңдеумен айналысқандығын көрсетті. Қазақстандағы кәсіби музыкатану мен музыкалық білім беруінің даму мәселелері А.К. Жұбанов, Б.Г. Ерзакович, Б.Г. Ғизатов, М.М. Ахметова, Б.Р. Қазыханова, П.В. Аравин, Л.А. Хамиди, Н.С. Кетегенова, Г.Л. Арикайнен, И.Ж. Жақанов, А. Мұхамбетова, С.Елеманова т.б. еңбектерінде зерттелген. Еліміздегі оқушылардың музыкалық тәрбие мен білім беруінің қалыптасуы мен дамуына П.М. Момынов, С.А. Ұзақбаева, Г.М. Аубакирова, А.А. Сметова, А. Мұқашева зерттеулері арналған.

Қазақ халқының сан ғасырлық бай музыкалық мұрасын, музыкалық мәдениетін зерттеу ісі кеңестік дәуірде С.Сейфуллин, М.Әуезов, Ә.Марғұлан, С.Камалов, Р.Бердібаев, т.б. ғалымдар елеулі үлес қосса; қазақ музыка мәдениетін арнайы жинап зерттеген ғалымдар: А.В.Затаевич, А.Э.Бимбоэс, Б.Г. Ерзакович, т.б.; музыканың тарихын Қ. Жұбанов, А. Жұбанов, Б. Құндакбаев, А.Сейдімбек, Ү. Бекенов, П.Момынов, М.Х. Балтабаев, С.А. Ұзақбаева, А.А. Қалыбекова, Р. Р. Жәрдемәлиева, Ш.Б.Құлманова, М. Х. Мұхтаров, т.б. болды. Олар еңбектерінде қазақтың халық музыкасы мен дәстүрлі көркем мәдениетін оқушылар мен студенттерге музыкалық-эстетикалық тәрбие беруге тиімді пайдаланудың жолдарын қарастырып, педагогикалық мүмкіндіктерін анықтады. Қазақ музыкасы жайындағы мәліметтер бірқатар Ресей ғалымдарының (А.А.Левшин, А.Е. Алекторов, М.В. Готовицкий, Р.А. Пфенинг, С.Г. Рыбаков, А.И. Ивановский) еңбектерінен де көрініс тапты. Қазақстандағы педагогикалық және психологиялық ойлардың даму тарихына 1950-1970 ж.ж. өз үлестерін қосқан ғалымдар: Т. Тәжібаев, Қ.Б. Бержанов, Ә.І. Сембаев, Т. Ақшолақов, Т.М. Храпченко, Қ.Қ.Құнантаева, т.б. болса, ал XX ғ. 70-90 ж.ж. Қ.Б. Жарықбаев, С. Қалиев, С. Ұзақбаева, Қ.Б. Сейталиев, Э. Шыныбекова, И.Р. Халитова, Г.И.Төретаевалар, XXI ғасырдың басында А.Т.Мірәлиева, З.Ш. Шакеримова, А.Б.Мукашева, Ж.С.Сейітнұр және т.б. болды.

Музыкалық білім беру мен тәрбиеде теориялық және методикалық мәселелерін зерделеп әзірлеумен В.Н. Шацкая, Н.Н. Добровольская, К.С. Грищенко, Т.Л. Беркман, Б.В.Асафьев, О.А.Апраксина, А.К. Белобородова, Д.Б.Кабалевский, И.П. Понамарьков, К.П. Португалов, Е.Я. Гембицкая, Л.Г. Дмитриева, П.В. Халабузарь, А.Н. Сохор, Л.А. Боренбойм және т.б педагогтар мен музыкатанушылар айналысқан. Қазақстанның кәсіби білім беру мен өнертану мәселелері А.К. Жұбанов, Б.Г.Ерзакович, Б.Г. Ғизатов, М.М. Ахметова, Б.Р.Қазыханова, П.В. Аравин, Л.А. Хамиди, Н.С. Кетегенова, Г.Л. Арикайнен, И.Н. Жақанов, А. Мұхамбетова, С. Еламанова еңбектерінде зерттелген.

Қазақтың дәстүрлі көркем мәдениеті арқылы студент жастарға музыкалық-эстетикалық тәрбие берудің жолдары бірқатар ғалымдардың еңбектерінде арнайы зерттелді. Мәселен: қазақ халық аспаптық музыкасы арқылы бастауыш сынып оқушыларына музыкалық-эстетикалық тәрбие беруді Т. Қышқашбаев, Б.Жүсіпов, ал, бастауыш сынып оқушыларының қазақ халық аспаптық музыкасына қызығушылығын қалыптастыруды М.Оразалиева, оқушы жастарға эпостық батырлар жыры арқылы музыкалық-эстетикалық тәрбие беруді Б. Сүлейменова, айтыс өнері арқылы эстетикалық тәрбие беруді Ұ.Асанова, өнер сабақтастығы арқылы оқушылардың дүниетанымын қалыптастыру мәселесі М. Нағымова, т.б. еңбектерінен көрініс тапты. Қазақстандағы музыкалық білім беру мен өнертану мәселелері Б.Г. Ғизатов, М.М. Ахметова, Б.Р. Қазыханова, П.В. Аравин, Л.А. Хамиди, Н.С. Кетегенова, М.Х. Балтабаев, А. Райымбергенов, Г.Л. Арикайнен, И.Ж. Жақанов, С.А. Еламанова, т.б. еңбектерінде терең талдауға алынды.

Жоғарыда айтылған барлық зерттеулер Қазақстандағы музыкалық білім беруінің дамуы мен қалыптасу мәселелерін зерттеуіне үлкен үлес қосқан. Бірақ, әдебиет көздері мен ғылыми еңбектердегі талдау бүгінгі күнде Қазақстанда музыкалық білім беруінің дамуы мен қалыптасуының көптеген мәселелері жеткілікті зерттелмегенін көрсетеді.

Көптеген ғасырлар бойы көшпелі өмір салтының әсерінен, қазақ халқында тұрмыстық мәдениеті, ерекше музыкалық жанры және қазақ музыкаларына тән музыкалық тілінің мәнерлі құралдары қалыптасты. Сол уақыттары музыкаға оқыту өзгеше болды. Арнайы музыкалық білім беру мекемелері болмаса да ол ауызша түрде бір ұрпақтан келесі ұрпаққа үзілмей беріліп отырды.

Адамдардың ноталық сауаты болмаса да, музыка өнерін жақсы меңгере алды. Мысалы, домбыра мен қобызда ойнап үйреткен кезде жаттығулар мен көрнекілік әдісті қолданған. Оқытушы оқушыға үйреткенде аспапты қалай ұстау керектігін, домбырада оң қолымен ритмикалық суретті ойнап, сол қолымен әуенін теріп ойнап көрсеткен. Кішігірім музыкалық шығарманың үзінді әуенін ойнап көрсеткен соң оқушы өзі қайталап ойнайды немесе синхронды түрде бірге аспапта ойнайды. Жүйелі және бірізді жаттығулар ритм мен есту қабілетін дамытып, сонымен қатар осы аспапты еркін түрде игеруге көмектескен. Осылардың бәрі көріп сақтап қалу мен есту қабілетін дамытуға, белгілі бір білім көлемін меңгеруге және кәсібилікті дамытуға алып келеді. Қазақ даласында музыкалық-ақындық өнерді дамытқан кәсіби қайраткерлер көп болды. Олар, жыршылар, жыраулар, әншілер, күйшілер, аспаптық орындаушы-композиторлар және т.б. Қоғамдық және рухани өмірді дамытуда жыршылар, жыраулар үлкен рөл ойнаған. Жыршылар халықпен тығыз байланыста болғандықтан, жырларында халқының өмірі, жағдайы, армандары көрсетілгенін атап өту керек. Солардың ішінде Қазтуған жырау, Асан-қайғы, Шалкиіз жырау, Бұқар жырау және т.б. атақты болған.

Қазақстанның күйші-композиторлары, ақындары Құрманғазы Сағырбаев, Тәттімбет, Біржан сал Қожағұлов, Жаяу Мұса Байжанов, Дина Нұрпейісова, Жамбыл Жабаев, Ерғали Есжанов, Ықылас және т.б. домбырашыдан домбырашыға, әншіден әншіге беріліп келген халқына өлмейтін күйлері мен әндерін қалдырып кеткен. Көптеген музыканттардың қызметі кәсіби сипатта болған, сонымен қатар ән айту өнері мен аспапта шебер ойнап ақындық импровизациямен үйлестірген музыкантты халық мойындап, бас иген, яғни музыкант ән айтып қана қоймай, әншілігімен қатар ақындығы бірге жүруі тиіс болған [9, 11]. Қазақтың ән өнерімен қатар аспаптық музыка да кең өріс алған. Домбырашы-

лар мен қобызшылардың орындауындағы күйлерді тыңдаушылар үлкен ықылас, сүйіспеншілікпен тыңдаған. Қазақ халқында ежелгі шығармалардың авторы, бірінші қобыз аспабын жасап шығарып, сол аспапта күй орындаушы Қорқыт ата болып саналады. Оның күйлерінде сақталып қалған музыка, бүгінгі күнде қазақ халқының музыкалық өнерінің жәдігері.

Өз халқының ғана емес, сонымен қатар, көршілес жатқан республика халқының үлкен қызығушылығын оятқан халық композиторлардың шығармашылығы музыкалық мәдениетінің ары қарай дамуына себепкер болды. Дегенмен арнайы музыкадан оқу бағдарламасы болмаған, соған қарамастан көптеген музыка энтузиаст оқытушы-насихаттаушылар халық музыкасының көмегімен оқушыларға музыкалық тәрбие беруде белгілі бір табысқа жеткен. Қазақ халқының музыкалық мәдениеті халықаралық деңгейде үлкен құрметке ие болғанын атап өтуіміз керек. Зерттеуші А.В.Затаевич пен әнші Ә.Қашаубаев шетел тыңдаушыларына қазақ әндері мен күйлерінің әдемілігін бірінші жеткізе алды. Мысалы, Ә.Қашаубаев Париж қаласында өткен бүкіл әлемдік көрмеде этнографиялық концертке қатысып, «Ағаш аяқ», «Дударай», «Қараторғай», «Қызыл бидай» т.б. әндерін орындаған. Франция баспасөз беттерінде қазақ әншісінің орындауы жоғары бағаларға ие болды.

Заманауи фольклористикада халық музыкасын аймақтық топтастыруға қатысты әзірге ортақ көзқарас жоқ. Ағылшын тіліндегі «world music» термині қазіргі батыс музыкасына жатпайтын, оның мәдени ықпалынан тыс күллі музыканы қамтиды. Біздер оны «этникалық музыка» деп атап жүрміз. Міне, біздің ғылыми ізденісіміз осы бағытты арнайы зерттеуді көздейді.

Алтынай АДЕНОВА,
Құрманғазы атындағы ҚҰК
магистранты

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

Мукашева А.Б. Развитие музыкального образования учащихся в Казахстане (1980–1996 гг.): дис. канд. пед. наук. - Алматы, 2002 – 177 с.

Музыкалық педагогикадағы халықтық салт-дәстүрлер оқу әдістемелік құрал / құрастырушылар Ажіғалиева У.А., Балажанова Қ.М. – Павлодар, 2007. – 59 б.

Байұлов Ғ.Б. Автореферат 1930-1950 ж.ж. Қазақстандағы музыкалық-мәдени мұраның ЖОО-да оқу-тәрбие үдерісінде пайдаланылуы, 2012ж – 20 б.

ДОМБЫРА АСПАБЫНЫҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ АРТ ИНДУСТРИЯДАҒЫ ДАМУ ДЕҢГЕЙІ

Әр ел, әр ұлт өз дәстүрімен ерекшеленеді. Ата дәстүрін ұмыт қалдырмай берік ұстана білген халық көш басында жүретіні айдан анық. Дәстүрсіздік рухсыздыққа апаратыны айтпасада белгілі. Қазақтың дәстүрін сөзге тиек еткенде әрине қазақтың дәстүрлі өнері ойға оралатыны айқын жәйт. Он саусағынан өнер тамған күйшілеріміз, көмейіне бұлбұл ұялаған дүлдүл әншілеріміз, белгілі бір оқиғаны баяндап танды таңға ұластырған бір тума жыршыларымыз, ауыл-аймақтағы думан тойлардың сәнін аша түскен салсерілеріміз т.б осы сияқты дәстүрлі өнердің аса дарынды тұлғалары көпшіліктің арасында көп болған-ақ. Аталған дәстүрлі өнеріміз атадан-балаға, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, жалғасын тауып отырған. Бағзы заманнан бергі келе жатқан бұл өнеріміз бүгінгі таңның арайлы күнінде де жалғасын тауып отырғандығы көңіл қуантарлық.

Қазақ халқы өнер десе ішкен асын жерге қоятын халық. Ата-бабамыз музыкалық өнерге аса мән беріп, ден қоя білген. Қазақ музыкасының тарихында ән-күйі тұңғыш өз атымен аталып, авторлығын біздің заманымызға дейін толық сақталған әсем саз, нақты шындықты бастаушы Қорқыт күйшінің болғаны белгілі. Бізге жеткен халық ән-күйлерінің қай-қайсысын алсақта Қорқыттан кейінгі дүниеге келген туындылар. Тіпті, ел арасында аңызға айналған «Ақсақ құлан» күйінің өзі де монғол шапқыншылығы, Шыңғыс хан шапқыншылығына шыққаны белгілі. Сондай-ақ, желмаяға мініп жаһанды кезген Асанқайғыда «Ел айрылған» деген атты күй тартыпты.

Халқымыздың тұрмыс-тіршілігіне байланысты өнеріміз ғасырлар бойы тек қана жеке орындаушылық формада дамыды. Ол әр дәуірдің мәдениетінде дарынды тұлғалардың дүниеге келуіне мүмкіндік тудырды. Аты аңызға айналған Кетбұға, Асанқайғы, Қарт Науай сияқты оның ең тандаулы есімдері біздің заманымызға жетті. Одан соң бертін келе Құрманғазы, Тәттімбет, Дәулеткерей, Дина, әншілеріміз Ақан сері, Біржан сал, Жаяу Мұса, Мұхит, Кенен сияқты алты алашқа аттары мәлім болған біртума дарындыларымыздың қазақ дәстүрлі ән және аспаптық өнеріне сіңірген

еңбектері ұшан-теңіз. Қазақ даласы ежелден ән мен күйге толы. Қазақ музыкасына оның әуендік көркемділігімен, тақырыптық ерекшеліктеріне қанық болған академик Б.В.Асафев «Қазақтардың суырып салма әні мен аспаптық шығармашылығы бұл ең алдымен мағыналы әсем саз, нақты өмір шындығы» деген болатын.

Қазақ қоғамында домбыра, қобыз, сыбызғы және дауылпаз сияқты аспаптар кең қолданыста болды. Аспаптық музыка тарихында XX ғасырдың 60-жылдарында елеулі өзгеріс болды. Яғни, аспаптарды этно-музыка танушы, профессор Болат Сарыбаев бүге-шігесіне дейін зерделеп музыкалық аспаптардың классификациялық жүйесін құрды. Осы уақытқа дейін санаулы ғана аспаптар қолданыста болса, ендігі таңда жоғалып құрып кеткен көне аспаптарды қайта тауып, ғылыми тұрғыда анықтап музыкалық аспаптарды қазақ қоғамына қайта қосты. Бұл аспаптану ғылымы саласында аса ірі, бұрын-соңды болмаған жаңалық еді. Жазушы Жарқын Шәкәрім: «Музыкалық аспаптарды жіктеу кестесі ғалым өмірінің зерттеу нысанасы. Қазақтың пайдаланудан қалған ұмытылған музыкалық аспаптарын жаңғыртқандағы еңбегінің жемісі және бүгінгі ұрпаққа қалдырған мұрасы деп те негіздеуге болады» – деп, [1,14] өз еңбегінде ойын осылай тұжырымдайды.

Б.Сарыбаев кестесінде аспаптарды 5 топқа бөлді:

1) Үрлеп тартылатындар тобына – сыбызғы, қурай, ысқырғыш, саз сырнай, үскірік, тастауық, қамыс сырнай, қос сырнай, қауырсын сырнай, мүйіз сырнай, ұран, бұғышақ, керней;

2) Ішекті тобына – жетіген, шертер, домбыра, қыл қобыз;

3) Мембраналы тобына – даңғыра кепшік, дабыл, дудыға, дауылпаз шындауыл;

4) Сым тілшелі топқа – шаңқобыз;

5) Сілкіп ойналатындарға – асатаяқ, шын, сылдырмақты қамшы және қоңырау аспаптарын жатқызды [2, 58]. Осылайша XX ғасырдың 2 ширегінде қазақ аспаптандыру саласында ерекше бір дүмпу болды. Сол Б.Сарыбаев құрған кестенің құрылымы мен құрылысы әлі күнге дейін өзгерген жоқ. Тіпті, өзгертудіде қажет еткен емес. Міне, Б.Сарыбаев жасаған еңбегінің

ғылыми, теориялық тұрғысынан алғандағы сапаптылығының мәні осыдан көрініп-ақ тұр. Б.Сарыбаев кестесінің қазақтың музыкалық аспаптарының жіктелуіндегі ішекті тобының шертіп ойналатын аспаптар қатарындағы ерекше көзге түсетіні – домбыра аспабы.

Бүгінгі таңда қазақты нағыз қазақ етіп жүрген домбыра аспабының қай уақытта, қай кезеңде біздің тұрмыс-салт, өнерімізге енгендігіне ой тастап, көз жүгіртіп көрелік. Әрине, тарихи аңызбен нақты зерттеу тұжырымдамаларын салыстыра зерттеу көкейдегі ойды, пішімді нақтылай түсуіне көмектеседі. Домбыра аспабының қалай пайда болғаны жайлы аңыз әңгімелер аса мол. А.Сейдімбек «Күй шежіре» [3] еңбегінде домбыра аңыздарына ерекше назар аударған. Соның бірі Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданынан Арғынбек Қилыбаев ақсақалдың баяндауындағы «Қос ішек» күйінің аңызы. Ертеде биік таудың қиясын тұрақ еткен, бұғы-маралды аулап азық етіп күнін көрген бір аңшы жігіт болады. Бірде жолы болып, биік таудың қиын қиясынан теңбіл марал атып алады да, маралды етекке түсіру үшін ішек қарынын ақтармалап тастайды. Содан, арада айлар өткенде, аңшы жігіт аң атуға ұрымтал тұс еді ғой деп, баяғы теңбіл маралды атқан жерге соқса құлағына бір ызындаған дауыс естіледі. Барлап қараса, өткенде атқан маралдың ішегін қарғақұзғын іліп ұшқан болу керек, қарағайдың бұтағына қос тін болып керіліп қалғанын көреді. Ызындаған дыбыстың сол ішектен шығып тұрғанын аңғарады. Қарағайдың бұтақтарына керіле кепкен ішекті сәл ғана жел тербесе ызындап, жанға жайлы дыбыс шығарады. Бірде үілдеп, бірде сарнап, енді бірде сыңсып жылағандай болып, аңшы жігітті алуан түрлі күйге түсіреді. Сол жерде аңшы жігіт қой мына қос ішекке тіл бітейін деп тұр екен, бір амал жасайын деп, ішекті үйге алып келеді де, бір аспап жасап, соған қос ішекті тағады. Содан тартып көрсе шынында да қос ішекке тіл біткендей сұңқылдап қоя береді. Бұл үн жігіттің ғана жанын жадыратып қоймайды, тыңдаған жанның бәрін ұйытады. Осылайша домбыра көптің сүйіп тыңдайтын аспабына айналады [3,192].

Аңызда домбыра жайлы осылай десе, осыдан XV ғасыр бұрын яғни V-VI ғасырларда жасалған «Моңғол Алтай жотасының бір сілемі Жарғалант Қайырхан тауының бір үңгірінде сақталып бізге жеткен кәрі домбыра шанағының сыртқы

бетіне бұғының, бұланнның суреттері ойылып салынған екен. Онымен қоса домбыраның басы бұғының, бұланнның басы. Сонда бұл кездейсоқтық па, әлде шындық па? Аңызда не айтса мына кәрі домбыра бітім тұрпатымен соны дәлелдейді. Бірін-бірі толықтырып, бірін-бірі дәлелдеп аңызда айтылған әңгіменің ақиқатын айғақтап тұрғандай» – деп [4], Қаржаубай Сартқожаұлы пайымды пікір білдіреді.

Әлемнің көптеген еліне тараған ысып орындалатын қобыздың өзін б.з.д. X ғасырдан бері қолданыста деген тұжырым айтылады. Ал, домбыра қобыздан да әріректе пайда болғандығын V ғасырда жасалынған Алтай тауынан жас жігіттің мәйітінің жанынан табылған қара домбыра тарихи дәлме-дәл мысал. Домбыраның формасы Қазақстан аумағында әр өңірлерде әр қалай болған. Мысалы, Батыс Қазақстандық үлгісі (12-16перне), Орталық және Шығыс Қазақстан үлгісі (12-16перне), Оңтүстік және Жетісу өңірінің (7-9 перне) үлгілері болды. XX ғасырдың басында Қазақстан Ресейдің құрамында болған кезде еліміздің арман қуып, білім іздеген жастарының дені Москва, Ленинград қалаларының оқу орындарында оқыды. Елімізге кәсіби білімімен оралған түлектер музыка саласында да тың өзгерістер әкелді. Сондай азаматтардың бірі академик Ахмет Жұбанов. Ол қазақ музыка саласындағы кәсіби маман атанған қазақ ғалымдарының бірі. А.Жұбанов Ленинград консерваториясында білім алып жүргенінде орыс халық аспаптары оркестрімен танысып, шығармашылығына қызығады. Жан-жақты байыған, күрделі шығармаларды оңай орындай алатын сол оркестр кейін А. Жұбановтың қазақ халық аспаптар оркестрін құруына түрткі болды. Ұлттық оркестрдің құрылуы негізінде айтарлықтай өзгерістер орнады. Ұлттық аспаптарды бір жүйеге келтіру керек болды. Аспапты шеберханадағы көптеген ізденіс, зерттеу жұмыстарының нәтижесінде бұрынғы қойдың ішегімен тартылып келген домбыра енді желкіге ауыстырылды. Күй ноталық жүйеге түсіп, домбыра құлақ күйі «соль-ре» нотасына келді. Тенор домбырада перне саны 18-ден 22-ге дейін жеткізілді. Форма жағынан Батыс Қазақстандық үлгісі таңдалынды. Сонымен қатар, жүйелік өлшемдер орнатылды. Қазақ аспаптарының Еуропа өлшеміне сәйкестендірілуі, диапазондарының кеңеюі сияқты өзгерістер осы кезеңге тән. Қазақтың қара домбырасы XX ғасырдың 30-шы жылдары кезінде кәсіби тұрғыда жетіліп дамыды.

Домбыра жасаудағы айтулы шеберлер жайлы сөз қозғағанда ең алғаш А. Жұбановпен бірге эксперименталды көптеген ізденістер барысында домбыраға реконструкция жасаған Эмануэль Иосифович Романенко шеберден бастаймыз. Ол дыбыс тербелісін физика, математикалық тұрғыда өлшеп, перне санын 19-ға жеткізіп дамыттырды. Ол қазақтың халық аспаптары оркестрі үшін домбыра мен қобыздың түрлері: пикколо, прима, альт, тенор, бас жасап шығарды. Ал, қазіргі таңда домбыра аспабын жасаушы шеберлер осы кезеңнің бағыты бойынша жасауда. Домбыра жасауда өзіндік қолтаңбасын қалыптастырған қазіргі заманның айтулы шеберлері дегенде: Жолаушы Тұрдығұлов, Жақсылық Оспанов, Мұса Әділов, Сұлтан Мұсаев, Нарбек Оханов, Айтмұхамбет Тежекенов, Азат Өзенбаев, Ердос Рақымбеков т.б сынды қол өнер шеберлерін айта аламыз.

Домбыра өткен ғасырдың 30-шы жылдары халық аспаптары оркестрінің құрылуының нәтижесі барысында жаңашыл өзгерістер еніп дамыған болса, ал 90-шы жылдарының ортасына таман күйді, әуенді компьютермен әрлеу домбыраға тың тыныс берді. Яғни, ДЭККО жанры. Түсініктірек айтар болсақ домбыра мен эстраданы ұштастырып, күйді компьютерде орындау дегенді білдіреді. Оны жасаған сазгер, күйші Жасарал Еңсепов еді [5,74]. Жаңа жанр жаңалығы қазақ елін, тіпті, шетелдіктерді де таң қалдырды. Домбыра аспабы жаһандану заманының жаңа сатысына қадам басты. Бұл күндері ДЭККО жанрында: «Ұлытау», «Арт Дала», «Белес», «Думан» топтары, Асылбек Еңсепов, Айгүл Үлкенбаева, Олжас Сүлейменов, Мұрагер Сауранбаев, Нұржан Тәжікенов т.б орындаушыларды атауға болады.

XX ғасырдың 90-шы жылдарының жаңалығы деп ДЭККО жанры саналынған болса, ал, қазір XX ғасыр жаңалығы электро домбырада. Электро домбыраның ішегі сымнан жасалынған болсада ұлттық колориттен тым алыстай қойған жоқ. Оны осы аспапты жасаған «Алдаспан» этно-рок тобының жетекшісі Н.Тойшы былай дейді: «...соль-ре күйінде аспаптың дыбысы өте

жіңішкеріп кетті. Сондықтан, кішкене түсірдік. Бұл электро домбыра қазақтың байырғы нағыз домбырасының күйіне жақын келеді ғой деп ойлаймын» [6,37]. Қалай десекте, бұл артиндустриядағы ерекше жаңалық. Аталған жаңалық бойынша қолына домбыра ұстаған жас күйшілерге жаппай электронды домбыраны қолданып тартындар деген ой емес. Бұл қазақ күйін, қазақ домбырасын әлем тыңдармандарына жаңашыл бағытта жеткізудің бірегей жолы деп түсінуіміз керек. Электронды домбыра аспабы арнайы дыбыс күшейткіш құрылғымен дыбыс күші күшейіп, үлкен аудиторияларға концерттер беруге жарамды. Бұл аспап шетелдік аспаптармен тере-зе теңестіріп, орын алмастыра алады.

Қазіргі таңда қазақ қоғамы, экономикасы қалай қарыштап дамыса ұлттық мәдени өнерімізде де сондай дамушылық айқын көрінеді. Домбыра аспабы А.Жұбановтардың тұсында өзгеріске ұшыраса, онымен қоса фортепианоның сүйемелдеуімен шетел шығармаларын орындау және эстрада бағытында орындау сияқты қырлары, электро домбыра ұлттық аспаптың даму сатылық деңгейін аңғартады.

Қалай десекте уақыт ағымына сай кез келген дүние заманға лайықталып, түрленіп тұратыны рас. Ал, домбыра болса қаншама өзгеріске ұшырап дамығанымен өзіне тән қоныр бояуын, түрлі ерекшеліктерін жоғалтпағаны абзал. Домбыра қазақ халқының жан серігі, жан сезімі. Домбыра көшпелі елдің көне шежіресі, қазыналы қарияның көкірек күйі. Ол халықтың тарихи тағдырымен тамырлас. Қаншама қиындықтарда тар жол, тайғақ кешу замандарында қазаққа сүйеніш бола білген киелі аспабымыз. Саусағың ішегіне тиіп кетсе сөйлей жөнелетін құнды жәдігер домбырамыздың ғұмыры мәңгі болмақ.

Алтынай ДЖУМАГАЛИЕВА,
Т.Жүргенов атындағы ҚазҰӨА
докторанты
Ерасыл ҚАУМБАЕВ,
Құрманғазы атындағы ҚҰК
магистранты

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ж. Шәкәрім. «Көне дүние күмбірі». Алматы 2013ж.
2. Б.Сарыбаев. «Қазақтың музыкалық аспаптары». Алматы 1981ж.
3. А.Сейдімбек «Күй шежіре» Алматы 1997ж.
4. Қ.Сартқожа ұлы «Ерте орта ғасырдан жеткен ата домбыра» мақаласы
5. Ж.Еңсепов «Домбыра» журналы Алматы 2007ж. наурыз айының №1саны.
6. Б.Абишева. Темір үзер қылыштың аты болар «Алдаспан». «Новая музыкальная газета» № 2 2011ж.

СОДЕРЖАНИЕ

Мустафа ШОКАЙ. По поводу национального государства в России.

Уалихан КАЛИЖАНОВ. Как закалялась сталь.

Сагымбай КОЗЫБАЕВ, Алмагуль КУР-МАНБАЕВА. Доверие народа к Президенту.

Нурмахан ОРАЗБЕК. Не надо держать обиду на прошлое.

Дина ИММАНБАЕВА. Нынешний казахский нигилизм

Жарас СЕИТНУР. Остались ли пассионары у казахов?

Умбетхан САРСЕМБИН. Что перестройка дала казахам?

Курмангали АШАНУЛЫ. Как преодолеть временные трудности?

Абдрашит БАКИРУЛЫ. Должны быть созданы условия для тех, кто вернулся в родной край.

Маржан САБЕТ. Чем болеть от еды....

Бейбит ИСХАН. Звучание и писание иноязычных названий должны быть адаптированы к национальной системе идентификации.

Раушанбек АБСАТТАРОВ. Человечество XXI века: поиск новой модели духовной культуры учителей.

Гулзия ПРАЛИЕВА. Мир Мархабата Байгута в литературе

Сагатбек МЕДЕУБЕКУЛЫ. Родной край тоскует по своему поэту.

Рабат ЖАНИБЕККУЛЫ. Человек, который оправдал доверие народа.

А. АДЕНОВА. Исторические и психологические аспекты казахского музыкального образования в Казахстане.

Алтынай ДЖУМАГАЛИЕВА, Ерасыл КАУМБАЕВ. История возникновения инструмента Домбыра и этап его развития в арт индустрии.

Содержание журнала на русском и английском языках.

CONTENT

Mustafa SHOKAI. With regard to national state in Russia.

Ualikhan KALIZHANOV. How the Steel Was Tempered.

Sagymbai KOZIBAYEV, Almagul KURMANBAYEVA. People's trust in the President.

Nurmakhan ORAZBEK. There is no use crying over spilt milk.

Dina IMAMBAYEVA. Present-day Kazakh nihilism.

Zharas SEITNUR. Are passionars left among Kazakhs?

Umbetkhan SARSEMBIN. What did the restructuring give to Kazakhs?

Kurmangali Ashanuly. How to overcome the temporary difficulties?

Abdrashit BAKIRULY. Living conditions should be created for those who returned to their homeland.

Marzhan SABET. Than to be sick from food....

Beibit ISKHAN. Sounding and spelling of foreign words should be adapted to the national identification system.

Raushanbek ABSATTAROV. Humanity of the XXI century: search for a new model of teachers' spiritual culture.

Gulziya PRALIEVA. Markhabat Baigut's world in literature.

Sagatbek MEDEUBEKULY. Native land yearns for its poet.

Pabat ZHANIBEKOV. Person, who justified the confidence of people.

A. ADENOVA. Historical and psychological aspects of Kazakh music education in Kazakhstan.

Altynai DZHUMAGALIYEVA, Yerasyr KAUMBAYEV. Origin of the instrument "Dombura" and its development stage in the art industry.

Table of contents of the magazine in Russian and English languages.

Редакцияның мекен-жайы: 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй, 6-қабат.

Байланыс телефоны: 394-42-63. Факс: 8 (7272) 394-37-62. электронды адрес: akikat1921@mail.ru
www.akikatkaz.kz

Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2006 жылғы 4 маусымда № 7347-Ж куәлігі берілген. Журнал айына 1 рет шығады.

Басуға 25. 06. 2015 ж. қол қойылды. Көлемі 70х108 1/16. Қағазы газеттік. Офсеттік басылым. Есептік б. т. – 9.6. Таралымы Тапсырыс ?

Журнал редакцияның компьютерлік орталығында теріліп-беттеліп, «Дәуір» ЖШС-нің Республикалық полиграфиялық баспа комплексінде басылып шықты. Мекен-жайы: Алматы қаласы, Гагарин даңғылы 93 а. Тел: 394-39-27, 394-39-24.

КОМПЬЮТЕРЛІК ОРТАЛЫҚ: Техникалық редактор – Гүлжан ОРАЗБАҚҚЫЗЫ, Корректор – Айгүл МАҚАТАЕВА, Компьютер операторы – Эльмира ЕРҒАЗИНА.

КЕЗЕКШІ РЕДАКТОР – Қыдыралы ҚОЙТАЙ.

Мұқабаның бірінші бетінде:

Жекелеген авторлардың журналда жарияланған мақалаларындағы пікір-ұсыныстары редакцияның түбегейлі көзқарасын білдірмейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, кері қайтармайды.

Журнал материалдары басқа басылымдарда көшіріліп басылса, «Ақиқатқа» сілтеме жасау міндетті.